Гематит I – является одним из ранних минералов. Дисперсный гематит отмечается в виде точечных включений в более крупных зернах кварца, а местами сгущаясь образует хлопьевидные агрегаты более или менее изометричной формы. Размер выделений – тысячные и десятитысячные доли миллиметра. Форма зерен округлая, иногда тонкочешуйчатая.

Гематит II – также широко распространен в гематит-магнетитовых и гематитовых рудах месторождений. Характерным является соотношение количества и магнетита и гематита: содержание магнетита от единичных зерен отмеченных в ассоциации с гематитом I разновидности здесь возрастает до первых десятков процента. Вместе с ним отмечается

более раскристаллизованный кварц, тонкочешуйчатый серицит, хлорит. Форма зерен пластинчатая, (рисунок – 1), размер их колеблется от 0,001x0,02 до 0,05x0,1 мм. Кристаллы гематита гипидиоморфные и идиоморфные. Часто они расположены субпараллельно и ориентированы вдоль полосчатости.

Гематит III – отличается от предыдущего большим размером пластинок. Довольно крупные пластинчатые агрегаты гематита образует решетчатое строение. В межзерновое пространство гематита заполнены чаще кварцем.




Рисунок 1 - Гематит II разновидности. Аншлиф, ув. 100

Пирротин - это минерал, сульфид железа. Участки пирротинизированных пород составляет около 70%. Минерал образует причудливые зигзаги, мелкие складки в виде слоеного пирога (рисунок – 2). Зерна его пластинчатые, червеобразные с размерами до 1,2x10 мм.

Пироксмангит  $Mn, Fe(SiO_3)$  – силикат марганца и железа довольно редко встречающиеся в месторождения СНГ. Минерал обнаружен в процессе геолого-петрографического изучения Кумдыкольского марганцево-железородного месторождения, среди кремнисто-терригенных образований [3].

Пироксмангит образуют прожилки и линзочки в аргилито-кварцевой толще. Мощность их от нескольких мм до 8-10 см (рисунок – 3). Минерал чаще ассоциирует с родонитом, спессартином и кальцитом. Цвет его кристаллически-зернистых агрегатов бледно-розовый, розовый. Под микроскопом удлиненно-призматические пластинчатые зерна пироксмангита обладают совершенной спайностью по (001). В шлифе он бесцветен, двупреломление от серого до желтого. Удельный вес пироксмангита, определен методом гидростатического взвешивания, равен 3,68.



Рисунок 2 - Выделение пирротина в кварцевой массе



Рисунок 3 - Выделение пироксмангита (светлое) среди кварцевой массы

### Заклучение

Таким образом, руды Кумдыкольского месторождения являются комплексными. Наряду с железом выявлены промышленно интересные содержания марганца и меди. В рудовмещающей толще также отмечено повышенное содержание цинка.

### Литература

1. Борукаев Р. А. Допалеозой и нижний палеозой северо-востока Центрального Казахстана (Сары Арка). - М.: Госгеолтехиздат, 1955
2. Жунусов А. А. «Маргенцово-железисто-кремнистая формация Казахстана». Труд Всесоюз.: Совещания Львов, 1986
3. Жунусов А.А., Панкратова Н. Л., Полякова Т.П., Тасов Б.М. Пироксомангит из Кумдыкольского месторождения (Ерейментау-Ниязский антиклинорий)., Изв. АН КазССР, серия геол. №1. 1987

**Y.N. Aday, A.A. Zhunusov**

#### **Mineralogical features of the ore composition of the Kumdykol deposit**

**Abstract.** In recent years, because of a detailed study of the iron ore manifestations of Central Kazakhstan, an independent Yereymentau iron ore zone has been identified. The largest iron ore deposit here is the Kumdykol deposit, which is confined to the terrigenous-silicon layers of the Akdym series of the Cambrian-Lower ordovician age. This article presents mineralogical studies of the ores of the Kumdykol deposit.

**Keywords:** formation, iron-manganese ores, quartzite, sulfides, tectonic disturbances.

**Е.Н. Адай, А.А. Жунусов**

#### **Құмдықөл кеуорнының кендерінің минералогиялық ерекшеліктері**

**Андатпа.** Соңғы жылдары Орталық Қазақстанның темір кендерін нақты зерттеулердің нәтижесінде Ерейментау темір кен аумағы анықталды. Ерейментау темір кен аумағында ең үлкен темір кен объектісі Құмдықөл кер орны болып табылады. Бұл кен орны кембрий-төменгі ордовик жасындағы акдым сериясының терригенді-кремний қабаттарымен ұштасқан. Бұл мақалада Құмдықөл кен орнының минерологиялық зерттеуі келтірілген.

**Түйін сөздер:** кен қабаттары, темір-марганец кендері, кварцит, сульфидтер, тектоникалық бұзылыстар.

УДК 553.46

**А.Ж. Алпысбай**

*Ғылыми жетекші – М.Н. Коккузова, техникалық ғылымдар магистрі, тьютор  
Satbayev University, Қазақстан, г. Алматы  
[alpysbai.a1608@mail.ru](mailto:alpysbai.a1608@mail.ru)*


### **КЕМПІРСАЙ МАССИВІНІҢ ПЕТРОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИНЕРАЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Кемпірсай массиві Қазақстан аумағындағы жоғары сапалы хромит кендерінің жалғыз көзі болып табылады. Мақалада массивтің геологиялық құрылысының және оны түзуші таужыныстардың қысқаша сипаттамасы берілген. Петрогендік және рудалық минералдарға жүргізілген зерттеулердің нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** Кемпірсай массиві, дуниттер, хромит, гарцбургиттер, серпентиндену, таужыныстар.

Кемпірсай ультранегізді массиві Кемпірсай антиклинорийі шегінде, Орталық Орал мегаантиклинорийін - Мұғалжардың негізгі хромитті құрылымдық-құрылыстық аймағын - Батыс-Мұғалжар мегасинклинийінен бөлетін негізгі орал жарылымы аймағында орналасқан. Оның Негізгі рудалы алаңы болып табылатын оңтүстік-шығыс бөлігі хромиттің ерекше құрамына ие, онда хромиттің барлық өндірістік қорлары шоғырланған. Массив солтүстікте ені 1 км, оңтүстік бөлігінде 50 км-ге дейін меридиан бағытта 80 км-ге созылған. Массивтің ауданы геофизикалық мәліметтер бойынша 1200 км<sup>2</sup> құрайды. Кемпірсай массиві ауданында барлығы 160-тан астам кен орындары, рудабілінімдері және хромитті минералдану нүктелері анықталған [1, 2].

Кемпірсай ультранегізді массиві Оңтүстік Оралдағы, оның эрозиялық қимада шығу алаңы 900 км<sup>2</sup> астам. Эрозиялық кескінде Кемпірсай массиві солтүстік, солтүстік-батыс – оңтүстік, оңтүстік-шығыс бағытта созылып, солтүстігінде тарылып, оңтүстігіне қарай кеңейеді. Оның пішінінің ерекшеліктерін зерттеу, негізінен геофизикалық әдістер арқылы 1940-60 жылдары жүргізілген. Магниттік және гравиметрлік өрістердің интерпретациясына сәйкес, массивтің сыйыстырушы таужыныстармен жапсарласқандығы анықталған, және олар біртұтас денені құрайды. Гипербазиттер әлсіз магнит өрісімен сипатталады, бұл олардағы ілмекті  $\alpha$  лизардиттің пайда болуымен төмен температуралы серпентиндену басым болуымен байланысты. Массив солтүстік және орталық бөліктерінде геофизикалық деректер бойынша 800-1000 м қалыңдықты құрайды, жапсарлар негізінен батысқа қарай бағытталған [3].



Сурет 1 - Кемпірсай массиві геологиялық құрылысының сұлбасы [3]

1 - суреттің шартты белгілері: 1 - дифференциалданбаған қатарлардың базальттары (S-D<sub>1</sub>, D<sub>2</sub>), флишоидтар мен олиостромдар (D<sub>3</sub>-C<sub>1</sub>), 2-жанартаутектік таужыныстар, базальт андезит риодациттік қатар, граувакты, фтанитті және карбонатты формациялар (Pz<sub>1-2</sub>), 3 - фтанит пен кремнийлі сазды түзілімдердің жыныстық бөлімдері енген дифференциалданбаған жанартаутектік таужыныстары және базальт - андезит - риодацит

қатары ( $Pz_{1-2}$ ), 4 - фтанигтік линзалары бар толейиттік базальттардың жастық лавалары ( $O_2$ ), 5 - жанартаутектік таужыныстары базальт андезитті риодацит қатары, көміртекті-силицитті және граувактық түзілімдер ( $V, Pz_{1-2}$ ), 6 - шандашин формациясындағы диабазалардың параллельді дайқалары мен габброидтардың кешені, 7 - амфиболиттер, 8 - кокпекті массивінің габброидтары, 9 - басым лерцолиттер, 10 - бағынышты жолақ тәрізді дунит денелері бар гарцбургит, 11 - дунит гарцбургитті жолақты кешен, 12 - дунит гарцбургитті кешен дунит басым, 13 - тақталған серпентиниттер.

Массив түзуші таужыныстардың минералдық және таужыныстардың пішіндік ерекшеліктеріне байланысты негізгі екі топқа біріктірілген:



1. перидотиттер – лерцолиттер, амфиболды перидотиттер, порфирлі гарцбургиттер, жолақты гарцбургиттер, верлиттер; дуниттер, энстатитті дуниттер; сульфидті дуниттер, оливиниттер; сосюриттенген және амфиболиттенген форелленштейндер (троктолиттер) және пироксенді габбро; хромитті дуниттер, әртүрлі құрамды хромитті рудалар. Жоғарыда аталған таужыныстардың бастапқы минералдық құрамы сақталмай, серпентиниттер толық түзілгенге дейін әр-түрлі дәрежеде өзгеріске ұшыраған.

2. ультранегізді магманың дайқалық таужыныстары (желілік) – бронзититтер, актинолититтер, горнблендиттер, сульфокұрамды диопсидиттер және вебстерититтер; габбролық дайқалық жыныстар – габбро-диабаздар, оливинді нориттер, сондай-ақ шартты түрде осы топқа кіретін плагиоклазиттер. Массивтің негізгі массасы гарцбургиттерден тұрады. Басқа барлық түрлестері, соның ішінде дуниттер де қосалқы мөлшерде кездеседі.

Кемпірсай массивін құрайтын гарцбургиттер, лерцолиттер, верлиттер және ультрабазиттердің басқа түрлері - толық кристалды болып келеді. Массив түзуші негізгі таужыныстардың түсі қара-жасыл, қошқыл-қаралау түсті болады. Жер бетіне шыққан кезде олар әдетте біршама ашық түске ауысып, ашық қоңыр немесе қоңыр-сары түске ие болады. Серпентиндену дәрежесіне қарамастан, осы таужыныстарының моруға ұшыраған беттерінде пироксен түйірлерінің, хромшпинелидтердің және басқа минералдардың таралу ерекшеліктері мен пішіні жақсы байқалады (сур. 2) [4].

Дунит бойынша дамыған серпентиннен реликті оливин түйірлерінен және кеннен тұрады, таужынысқа ілмекті құрылымға (сур. 2а). Серпентин талшықты (хризотил) және пластина (бастит) түрде кездеседі. Хризотил серпентинделген оливин түйірлерімен, көбінесе қара кенді минералмен толтырылған тор түзеді. Пластиналы серпентин өте сирек кездеседі, ортопироксен бойынша дамиды. Серпентин түссіз немесе әлсіз қоңыр түсті, ал интерференция түстері сары немесе сұр.


Перидотит бойынша серпентин (хризотил) оливин, пироксен және кен минералынан тұрады, құрылымы ілмекті болып келеді(сур.2б). Серпентин жұқа талшықты-торлы және әр түрлі бұрыштармен қиылысатын жолақтар түрінде дамыған, интерференция түстері ашық сұр және сұр. Оливин торлар ішінде ұсақ изометриялық немесе бұрыс пішінді түйірлерді түзеді, интерференция түстері жоғары. Оливиннен басқа, торлар қара кен минералымен толтырылған. Ромбылық пироксен салыстырмалы ірі (0,5 мм-ге дейін), жарықшақталған пластина түйірлі түрінде аз мөлшерде байқалады.



Сурет 2 - Дунит бойынша дамыған серпентин, ұсақ түйірлі реликті оливин (а), перидотит бойынша дамыған серпентин реликті минералдар пироксен, оливин (б), ұлғ. 4

Таужыныс құрамындағы рудалы минерал - хромиттің түсі кара-сұрдан қараға дейін, құрылымы нодулярлы, бітімі шомбал, негізінен орташа жарықшақтанған. Петрогендік минералдардың басым бөлігі орташа және сирек сеппелі кенмен алмастырылатын тұтас және тығыз сеппелі кеннен тұрады. Макроскопиялық тұрғыдан қарағанда хром кені тығыз сеппелі кенде қара түсті, ал сирек және нашар сеппелі кенде жасыл-сұр түсті болып келеді. Хром кенінің минералдық құрамы қарапайым. Таужыныс рудалы хромшпинелидтерден және оливиннен тұрады, негізінен серпентин оливин бойынша дамиды (сур. 3) [1].

Руда түзетін негізгі минерал - хромшпинелид, темір минералдары - магнетит пен гидрооксидтердің аз мөлшері бар. Сонымен қатар, аз мөлшерде руда құрамында хром, сульфидтер кездеседі.




Сурет 3 – Аншлиф №6, хромшпинелид (кара түсті), серпентин (жасыл түсті) арқауында (а), ұлғ. 40, хромшпинелид түйірінің (Crsp) шекарасында, пириттің (Py) кристал түйірлері (б), ұлғ. 100.

Кемпірсай кенді массивінен алынған руданың құрамы хромшпинелидтер (магнезиохромит) (21%) мен оливин бойынша пайда болған серпентиннен тұрады (30%). Негізгі рудалық минерал – хромшпинелид (магнезиохромит) (сур. 2). Микроскоптық талдау барысында пириттің қиғаш кескіндегі түйірлері кездеседі (сур.3 б), өлшемі - 0,02 мм дейін.

Рентгендікдифрактометрлік талдау нәтижесі бойынша таужыныстың құрамында хромшпинелидтен бөлек лизардит (17,8%), және басқа да силикат минералдары (серпентин тобының минералдары) кездеседі (сур. 4).

#### Жартылай сандық рентгендік фазаның талдау нәтижелері

Минерал атауы	Формуласы	Концентрация, %
Магнезиохромит, Fe-бай	$(Mg,Fe)(Cr,Al)_2O_4$	51.0
лизардит	$Mg_3(Si_2O_5(OH)_4)$	17.3
тремолит	$(Ca, Na, Fe)_2Mg_5Si_8O_{22}(OH)_2$	17.1
талък	$Mg_3(OH)_2Si_4O_{10}$	12.0
хлорит	$(Mg,Fe)_5Al(Si_3Al)O_{10}(OH)_8$	2.6



Сурет 4 – диффрактограмма сұлбасы.

Қорытындылай келсек, массивті құраушы негізгі таужыныстар – дуниттер, перидотиттер, дайкалық таужыныстар. Бастапқы рудатүзуші минерал хромшпинелид болып табылады. Хромшпинелидтердің түйірлері жарықшақтанған. Руда емес бастапқы минералдар оливиннің реликттері, ромбылық пироксен, сирек клинопироксен таралған. Бейруда заттың негізгі массасын серпентин тобының туынды минералдары (хризотил, бастит), сондай-ақ лизардит, тремолит, тальк, хлорит, т.б құрайды.

#### Әдебиет

1. «Қазақ ССР-інің 40 жылдығы - Молодежное» хром кенорнының тау-кендік бөлу шегінде Дүберсай хром кенінің кенбілінімінің оңтүстік бөлігінде игерімдік барлауын жүргізуге арналған геологиялық тапсырма».
2. Едилбаев И.Б., Возрождение (1995-2005), Алматы 2004, 276 с.
3. Д.Е. Савельев, В.И. Сначев, Е.Н. Савельева, Е.А. Бажин, Электронный источник. Геология, Петрогеохимия и хромитоносность габбро-гипербазитовых массивов Южного Урала., Уфа-2008. <https://www.geokniga.org/bookfiles/geokniga-geologiya-petrogeohimiya-i-hromitonosnost-gabbro-giperbazitovyh-massivov-yuzhn.pdf>
4. В.И. Гриненко, О.И. Поляков, М.И. Гасик, П.С. Петлюх, В.Н. Шашкин, В.М. Выходцев, Г.А. Елпышев, К.А. Амиралин. Справочник Хром Казахстана. Москва «Металлургия» 2001
5. П.Н. Бабин, А.А. Бирюкова, Г.А. Нечистых, Г.В. Конеченко, Н.К. Кулманова. Огнеупоры из сырья Кемпирсайского региона, -Алма-Ата: «ҒЫЛЫМ» 1990. Часть -1. -147 с.
6. Ә.Б. Байбатша, А.Т. Бекботаев., А.А. Жүнәсов, Ф.Қабиев, Н.Сейітов, М.Серікбаев., Геологиялық терминологиялық сөздік., Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы 2004.-450б.

**А.Ж. Алпысбай, М.Н. Коккузова**

#### Особенности петрогенных и рудных минералов Кемпирсайского массива.

**Аннотация.** Кемпирсайский массив является источником высококачественных хромитовых руд на территории Казахстана. В статье дается краткое описание геологического строения массива, приведены результаты исследований петрогенных и рудных минералов.

**Ключевые слова:** Кемпирсайский массив, дуниты, хромит, гарцбургиты, серпентинизация, горные породы.

**A.Zh. Alpysbai, M.N. Kokkuzova**

**Features of the petrogenic and ore minerals of the Kempirsay massif.**

**Abstract.** Kempirsay massif is a source of high quality chromite ores in Kazakhstan. The article provides a brief description of the geological structure of the massif, the results of studies of petrogenic and ore minerals.

**Keywords:** Kempirsay massif, dunites, chromites, harzburgites, serpentinization, rocks.

УДК 553.495

**Б. С. Айхожаев, М.Н. Коккузова**

*Научный руководитель - А.Б. Байсалова, лектор кафедры ГСПиРМПИ, доктор PhD,  
Satbayev University, Казахстан, г. Алматы*

*[b.aikhozhayev@stud.satbayev.university](mailto:b.aikhozhayev@stud.satbayev.university), [m.kokkuzova@satbayev.university](mailto:m.kokkuzova@satbayev.university),  
[a.baialova@satbayev.university](mailto:a.baialova@satbayev.university)*

## **ЗАРЕЧНОЕ КЕНОРНЫНДАҒЫ УРАНДЫ КЕНДЕНУДІҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

***Аңдатпа.** Заречное кенорнындағы селен-уранды кендену қабатты тотығу белдемінің сыналану аймағымен бақыланады. Сондықтан кен шоғырлану жағдайы, кен денелерінің морфологиясы және олардың созылу мөлшерлері қабатты тотығу белдемінің сыналану аймағының даму ерекшеліктерімен анықталады. Өз кезегінде бұл ерекшеліктер кен сыйыстырушы түзілімдер қиманың құрылысы мен литологиялық құрамымен анықталады. Заречное уран кенорнындағы кендер уранның мөлшері бойынша кедей және орташаға жатады. Ал гранулометриялық құрамы бойынша олар ұсақ түйірлі, сирек құрамында аз мөлшерде өте ұсақ түйірлі алевролитті және сазды қоспалары бар орта түйірлі құмдарға жатады.*

***Түйін сөздер:** сыналану, уран, сутірек, өнімді қабат, кенорын.*

Инфильтрациялық типті басқа да кенорындар сияқты Заречное кенорнында селен-уранды кендену барлық жағдайда қабаттық тотығу белдемінің сыналану аймағымен бақыланады. Сондықтан, кенденудің шоғырлану жағдайы, кен қабаттарының морфологиясы және олардың сызықтық мөлшерлерімен, қабаттық тотығу белдемінің сыналануы және даму сипатымен айқындалады. Өз кезегінде бұл сипат кен сыйыстырушы түзілімдер қимасының литологиялық құрамы мен құрылысы бойынша анықталады.

Сантон, кампан және маастрих кен сыйыстырушы түзілімдердің қимасы көпшілік жағдайда кесекті фациялық белдемнің суүсті-атыраулық және суасты – атыраулық құмды шөгінділерінен түзілген. Кен сыйыстырушы қабат алаң аумағында қызыл түсті жайылмалық және көлдік алевролиттермен астасады. Сантон түзілімдерінде қиманың жоғарғы сұр түсті бөлігі кен сыйыстырушы болып табылады, оның қалыңдығы 30 м-ге жуық, созылуы бойынша тұрақты. Кампан қимасының жалпы қалыңдығы 60-80 м, ол трансгрессивті шөгіндену режимінің тұрақсыз-үзілмелі жағдайында біргелкі түзілуімен сипатталады. Осы жерде біргелкі түзілімдердің екі түрі айқын карталанады, олардың әрқайсының қалыңдығы 15-35 м құрайды. Біркелкі түзілімдер суүсті-атыраулық және суасты – атыраулық құмды шөгінділерден басталып, жайылмалық немесе ауыспалы суасты – атыраулық тұнба белдемінің алевролиттері және сазымен аяқталады.

Кампанның төменгі және жоғарғы түзілімдері екі біргелкі түзілімшелерге бөлінген.

Маастрих қимасына біргелкі түзілімдер тән емес. Тек оның төменгі бөлігінде қалыңдығы 15-20 метрлік бір ғана біргелкі түзілім бөлінеді, оның жабыны сазды-карбонатты цементпен цементтелген, аз қалыңдықты құмтаспен шектеледі.

Осыған орай жоғарғы сантон, кампанның екі біргелкі түзілімдері мен маастрихтің төменгі бөлігінің кен сыйыстырушы қабаттары сулы-құмды қабаттар мен оларды бөліп тұрған сутіректермен кезектесе орналасқан. Бұл сутіректер көбіне сазды-алевролит құрамды (сирек құмтасты), олар кенорын аумағында біргелкі таралмаған. Олардың қалыңдығы 0-ден бірнеше

метрге дейін, сирек 15-20 метрге жетеді. Кенорын аумағындағы қалың, әрі тұрақты сутірек қабат кампанның жоғарғы біргелкі түзілімдерінде қалыптасқан.

Сутірек қабаттары жоқ аймақтар «терезе» пішіндес ұзыншақ, созылу бағыты солтүстік-шығыс бағытта, яғни атырау жағдайында шөгіндену мен шайылуға сәйкес келеді. Осы «терезелердің» созылу бағыты бойынша ұзындығы жүздеген метрден 1-2 км-ге дейін, ал ені бірнеше жүз метрді құрайды.

Кенорынның солтүстік бөлігіндегі кенді қабаттар солтүстік - батыс бағытта созылып жатыр. Кенорынның оңтүстік бөлігіндегі кенді қабаттардың созылу бағыты солтүстік-шығыс, яғни ол «терезелердің» ұзын осьтерімен сәйкес келеді.

Өнімді қабаттардың аумағында шектеуші сутіректері жоқ бөліктері ауданның 10-15% құрайды.

Кенорынның жекелеген бөліктерінде кампан түзілімдері екі біргелкі түзілімшеге бөлінеді, осыған байланысты біргелкі түзілімнің орталық бөлігінде жақсы қалыптасқан сутірек карталанады. Мұндай жағдайда қабаттық тотығу белдемінің сыналануы әрбір біргелкі түзілімшеде оқшауланған түрде жүреді, уранды кендену екі деңгейде де жеке кен денесі ретінде шектеліп қалыптасады.

Осыған орай өнімді қимадағы біргелкі түзілімдердің жеке сулы қабат ретінде бөлінуі шартты түрде болады. Бірақ кен сыйыстырушы қиманың литологиялық құрылысындағы құмды қабаттардағы аз қалыңдықты, линзаланған сутірек қабатшалары қиманың анизотропты сүзбелену қасиетін тік және көлденең бағытта жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. Бұл біргелкі түзілімдер аумағында қабат суларының шоғырлануы және олардың әрқайсында дербес қабаттық тотығу белдемінің қалыптасуына себеп болды. Осыған байланысты кампан-маастрих қимасындағы құмды түзілімдердің өткізгіштігі төменнен-жоғары қарай азаяды. Бұл қарастырылып отырған қиманың тотығу белдеміндегі біргелкі түзілімдердің сатылы сыналануына себеп болады, оның ұзындығы бірнеше жүз метрден, бірнеше километрге дейін жетеді.

Әрбір біргелкі түзілімдердің қимасындағы тотығу белдемінің сыналануы әрқанша бір ғана қарапайым жайылма емес, ол бір-бірімен қатарласа орналасқан бірнеше сатылы күрделі жайылма түрінде жүреді.

Осындай даму жағдайында құмның толық тотығу белдемі мен уранды және селенді кенденуді бақылайтын тотықпаған түзілімдердің арасындағы біргелкі түзілімдер қимасындағы тотығу белдемі мен оның сыналануы айтарлықтай үлкен мөлшерде болады. Оның кенорындағы ені бірнеше жүз метрден 2-3 километрге дейін, ал кенорынның оңтүстік бөлігінде 5 километрге дейін жетеді.

Уранды кендену әрқашан сұр түсті таужыныстар мен қабаттық тотығу белдемінің қосылған жерінде шоғырлануына байланысты кенді қабаттардың пішіні қимада осы белдемнің сыналану сипатына байланыста анықталады.

Сирек жағдайда ғана, жеткілікті үлкен қалыңдық пен құм қабатының тұрақтылығына байланысты тотығу белдемі бір ғана «тілмен» сыналанады да, кенді қабат тотығу белдемінің астыңғы және жоғарғы белдемдерінде қанат пішіндес элементтері бөлініп жай орама тәрізді болады.

Көпшілік жағдайда кен қабаттарының пішіні күрделенеді және олар қанаттары бар екі еселенген, үш еселенген орамалар түрінде болады.

Жалпы кен шоғырлары қимада өткізгіш таужыныс қабаттары түрінде болады, олардағы пайдалы компоненттің концентрациясы қабаттың барлық қалыңдығына тарап немесе кенді қабаттар мен кенсіз қабаттар түрінде кезектесе орналасады. Кенді қабаттар (орамалардың қанаттары) көбіне үзіле және бір-бірінен алшақтау орналасады.

Кен шоғырларының геологиялық ерекшелігі ол орама, линза және қабат тәрізді біріккен кен денелерінің бір геохимиялық белдемдік элементіне тиесілі болуы және ол кен

сыйстырушы қабат аумағында жекеленген гидродинамикалық деңгейде біріккен кен тұзуші процестермен бақыланады.

Уранды кендену жоғары мөлшерде қалпына келтіру кеңістігі бар сұр түсті таужыныстарда шоғырланған. Селеннің тұнуы қалпына келтіру қабілеті төмен жағдайда жүреді. Сондықтан селенді кендену уранды кенденуге қарағанда тотыққан таужыныстардың бір жағына қарай ығысқан, ал оның біраз бөлігі тотығу белдемінде шоғырланады, яғни селенді кендену қимада уран кенді орама қанаттарының ортасында екеуінің қосылатын бөлігіне жақын орналасады.

Сұлбада әрбір деңгейдегі қабаттық тотығу белдемдерін күрделендіретін тілдері мен табандарының сыналану шекаралары толығымен тотығу белдемнің шекарасын қайталайды. Қабаттық тотығу белдемнің сыналану аймағы жағдайдың өзгеруімен тығыз байланысты. Сондықтан сұлбадағы жекелеген тілдердің сыналану шекаралары толық тотығу шекараларына қарағанда күрделі және олар ені бірнеше жүз метр, ал ұзындығы 1-1,5 км болатын ұсақ кен шоғырларымен күрделенген.

Тотығу белдемнің осылай сыналану сипатына байланысты кен шоғырлары қабаттық тотығу белдемнің сыналану шекарасын бойлай таспа пішіндес ұзыннан созыла орналасады.

Тотығу белдемнің сыналану шекарасын бойлай орналасқан уранды кендену үзіліссіз сипатқа ие. Сирек жағдайда ғана арасында өнеркәсіптік мәні жоқ қабаттар кездеседі.

Кондиция талаптарына сай, кенденуі біркелкілігімен сипатталатын кенді белдемдер кендену дамыған аймақтың шеткі жақтарында уранның мөлшері 0,01% жоғары және созылу бағыты қабаттық тотығу белдемнің бойымен созыла орналасқан. Кенді белдемнің ені жүздеген метрден аспайды.

Кенді белдем аумағындағы созыла орналасқан кенденудің өнімділігі салыстырмалы түрде тұрақты, ал созылу бағытына көлденең бағытта кендену өзгермелі.

Заречное кенорнында жете барлау барысында төрт сулы қабатта уранның 9 кен шоғыры анықталып шектелген.

Кенорнындағы кен шоғырларының морфологиясы қарапайым: сұр түсті тотыққан таужыныстарының шекарасымен бақыланатын иректелген таспа пішіндес, олардың ұзындығы 500 метрден (4 кен шоғыры) 15 километрге дейін (8 кен шоғыры), ені 50 метрден 1200 метрге дейін жетеді.

Кен шоғырларының шығыс бөлігі морфологиялық тұрғыдан қарағанда құрлысының күрделі болуымен және бір текті еместігімен ерекшеленеді. Кенорынның бұл бөлігіндегі өнімді кен қабаттары (3-7) орталары кенсіз қабатшалармен бөлінген қабаттар пішіндес кен денелерінен тұрады.

Жалпы алғанда Заречное кенорнындағы уранды кенденудің морфологиясы кейінгі онжылдықтарда ЖШ әдісімен тиімді өндіріліп келе жатқан Сырдария, Шу-Сарысу және Қызылқұм провинцияларындағы кенорындарға ұқсас.

### **Әдебиет**

1. Отчёт о результатах детальной разведки участка «Центральный» месторождения «Мынкудук» с подсчётом запасов урана (Том I-II), - 789 с.

2. Отчет о результатах работ «Разработка методики определения степени проработанности рудовмещающих пород и оценки качества выщелачивания урана при ПСВ» (Книга 1-2), стр 377.

3. Язиков В.Г., Рогов Е.И., Забазнов В.Л., Рогов А.Е. Геотехнология металлов. – Алматы: ТОО «Fortess», 2005. -394 с

4. Калабин А.И. Добыча полезного ископаемого выщелачиванием и другими геотехнологическими методами. – М.: Атомиздат, 1981. -145 с

5. Инструкция по применению Классификации запасов к гидrogenным месторождениям урана (Дополнение к Инструкции по применению классификации запасов к месторождениям радиоактивных руд), ГКЗ РК, Астана, 2008, -296 с.
6. Мамилев В.А. Добыча урана методом подземного выщелачивания. М.: Атомиздат, 1980, - 240 с.
7. Глазунов И.С, Определение рациональных сеток рабочих скважин на участках ПВ по трехрядной системе. М.: ЦНИИ Атоминформ, 1974
8. Новик-Качан В.П., Губкин Н.В., Десятников Д.Т. и др. Добыча металлов способом выщелачивания. М.: Цветметинформация, 1970.
9. Бровин К.Г., Грабовников В.А., Шумилин М.В., Язиков В.Г. Прогноз, поиски, разведка и промышленная оценка месторождений урана для отработки подземным выщелачиванием. Алматы «Гылым», 1997.

**Айхожаев Б. С., Коккузова М.Н., Байсалова А.О.**

#### **Геологические особенности уранового оруденения на месторождении Заречное**

**Аннотация.** Месторождение Заречное расположено на территории Отрарского района Туркестанской области. Месторождение входит в группу месторождений Карактауского урановорудного района Сырдарьинской урановорудной провинции, основной структурной единицей которой является Сырдарьинская депрессия – один из элементов Каратауского артезианского бассейна. Месторождение эксплуатируется методом ПВ.

**Ключевые слова:** выклинивание, уран, водоупор, продуктивный пласт, месторождения.

**Aikhozhaev B.S., Kokkuzova M.N., Baisalova A.O.**

#### **Geological features of uranium mineralization at the Zarechnoye deposit**

**Abstract.** The Zarechnoye deposit is located on the territory of the Otrarsky district of the Turkestan region. The deposit is part of the group of deposits of the Karaktau uranium ore district of the Syrdarya uranium ore province, the main structural unit of which is the Syrdarya depression – one of the elements of the Karatau artesian basin. The field is operated by the PV method.

**Keywords:** to contain, wedge, uranium, aquiclude, productive layer, deposits.

УДК 553.065

**М.Қ. Әйткен**

*Научный руководитель – Е.В. Пономарева, старший преподаватель, PhD доктор  
Карагандинский технический университет, Казахстан, г. Караганда  
[Aitken.m@inbox.ru](mailto:Aitken.m@inbox.ru)*

### **ГЕНЕТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ЛОКАЛИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗОРУДНЫХ И МАРГАНЦЕВЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ АТАСУЙСКОГО РАЙОНА**

**Аннотация.** На основе имеющихся литературных данных и собственных исследований в статье рассмотрены основные закономерности образования железорудных и марганцевых месторождений на примере Атасуйского рудного района. Рассматриваемая территория находится в 200-250 км от Караганды и является основной сырьевой базой Темиртауского металлургического комбината. Для месторождений Атасуйского района характерно совместное нахождение железных и марганцевых руд, это является металлогенической особенностью данного района, что в природе встречается крайне редко. Атасуйский рудный район относится к стратиформному типу и связан парагенетически с глубоководными кремнисто-карбонатными отложениями фаменского яруса верхнего девона. Также приведены основные критерии прогнозирования и поисков железорудных и марганцевых месторождений в Атасуйском рудном районе.

**Ключевые слова.** железо, марганец, железомарганцевые оруденения, Атасуйский район.

Железомарганцевые оруденения представляют собой твердые округлые образования темно-коричневого или черного цвета, обычно находящиеся в поверхностном слое донных осадков. В большинстве случаев железомарганцевые оруденения залегают на поверхности осадка и по форме

варьируют от округлых и сфероидальных до уплощенных (иногда пластинчатых), с бугристой или ровной поверхностью и тонкослоистой текстурой на изломе.

Крупные железомарганцевые оруденения в Республике Казахстан сосредоточены в Центральном Казахстане и представлены группами месторождений: Атасуйский, Жездинский и Ушкатынский. Важно отметить, что большая часть железомарганцевых залежей в объеме 500 млн. тонн сосредоточены в Атасуйском регионе, которые в настоящее время полностью не вовлечены в ферросплавное производство из-за отсутствия эффективной технологии разделения железосодержащих минералов от марганцевых. Совместное залегание железо- и марганцевосодержащих оруденений в Атасуйском регионе не позволяет проводить селективное извлечение данных элементов, поэтому низкие сорта железомарганцевых концентратов, выход которых составляет до 30%, складываются на отвалах.

Вопросам геохимии железа и марганца, особенностям размещения железорудных и марганцевых месторождений, составу железомарганцевых руд и условиям их формирования посвящено много научных публикаций [1-3]. Однако несмотря на весь накопленный фактический материал и научный потенциал знаний в области геологии железо-марганцевых месторождений, остаются нерешенными многие вопросы железо- и марганцевосодержащего рудогенеза. В основном, это касается исследования генетических особенностей формирования и состава подобных оруденений Атасуйского района.

Актуальность статьи состоит в исследовании геодинамических условий и уточнения особенностей образования железомарганцевых оруденений. Полученные результаты существенно дополняют представления о генезисе железомарганцевых месторождений Атасуйского типа, а также могут быть использованы для оценки поисков и прогнозирования железомарганцевых руд. В случае промышленного освоения территории особую актуальность приобретают вопросы дополнительного расширения сырьевой базы на изучаемой территории на основе полученных результатов.

В настоящей статье на основе имеющихся литературных данных и собственных исследований проведено изучение генетических условий формирования железорудных и марганцевых оруденений в Атасуйском районе как для оценки запасов железа и марганца, так и для разработки технологии добычи и переработки руд с целью организации промышленной добычи железо-марганцевой руды, что позволит обеспечить мощность металлургических предприятий Карагандинского региона. Важно отметить, что современная технология отработки крупного месторождения немыслима без всестороннего исследования минералого-петрографических, технологических и геохимических свойств руд.

Атасуйский рудный район находится в северной части Жезказганской области Республики Казахстан, которая занимает площадь в пределах 7245 кв. км. В основном, в Атасуйском районе присутствуют комплексные гидротермально-осадочные и гидротермально-метасоматические стратиформные месторождения свинцово-цинковых и железомарганцевых руд Атасуйского генетического типа (рисунок 1). Следует отметить, что все месторождения Атасуйского типа находятся в морских карбонатных отложениях фаменского яруса. Атасуйский рудный район находится в пределах дугообразной области поздних каледонид Центрального Казахстана в пограничной зоне с расположенной восточнее герцинской Джунгаро-Балхашской складчатой системой. Как результат, такое расположение определяет, вхождение его в состав девонского вулканического пояса, рассматриваемого в качестве образования орогенного этапа каледонид, и принадлежность к области позднепалеозойской тектономагматической активизации, синхронной орогенному этапу развития герцинской системы. Рассматриваемые рифтогенные структуры Центрального Казахстана, в том числе Атасуйского региона, сформировались на континентальной коре досреднедевонского возраста в очень короткий отрезок времени – с верхов живецкого века до ранней визы включительно (менее чем за 40 млн. лет).

Становление железо-марганцевого оруденения в месторождении Атасуйского типа происходило в три этапа:

1) Первый – седиментационный гидротермально-осадочный. Здесь происходит формирование седиментных железных и марганцевых, а также менее насыщенных свинцово-цинковых и баритовых руд;

2) Второй – гидротермально-метасоматический. За счет ремобилизации, регенерации и перераспределения рудных компонентов первого этапа и привноса бария стали образоваться постседиментационные гидротермально-метасоматические руды свинца, цинка, бария.

3) Третий – гидротермально-жильный. В данном этапе формируются мелкие линзовидные скопления, жилы и линзы свинцовых, медных и медно-баритовые руды.

В связи с происходившими тектономагматическими процессами в нижнем-среднем девоне на территории Атасуйского района произошло локальное увеличение мощности базальтового слоя земной коры и это привело к активации вулканической деятельности. В свою очередь, активация вулканических процессов в верхнем фамене определило на некоторых участках интенсивное прогибание морского дна впадины и накопление железосодержащих оруденений в Атасуйском районе в наиболее прогнутых частях. Комплексные стратиформные руды железа и других металлов находятся в глубоководных кремнисто-глинисто-карбонатных и углеродисто-карбонатно-кремнистых породах, в некоторых случаях в рифтогенных известняках и сосредоточены в узлах сочленения рифтогенных и поперечных трансформных разломах. Важно отметить, что оруденения атасуйского типа имеют комплексный характер, поэтому в них помимо железа присутствуют различные полиметаллические компоненты, к примеру, марганец, бариты, свинец, цинк и т.д.



Рисунок 1 – Схематическая геологическая карта Атасуйского рудного района [Рожнов и др., 1980] [4].

1 – нижний карбон (C1) – известняки, аргиллиты, песчаники; 2 – фаменский ярус (D3fm) – известняки, глинисто-кремнисто-карбонатные породы с пластами железомарганцевых руд, туфы, туффиты; 3 – дайринская

свита (D3dr) – красноцветные конгломераты, алевролиты, песчаники, линзы трахидацитовых порфиров; 4 – терригенно-вулканогенные отложения нижнего-среднего девона (D1–2); 5 – метаморфизованные вулканогенно-терригенные отложения нижнего палеозоя (Pz1); 6 – средне-позднекаменноугольные граниты; 7 – гранитоиды среднего-позднего девона; 8 – субвулканические тела кварцевых порфиров; 9 – дайки диабазовых порфиров; 10 – габбро-диабазы; 11 – геологические границы (а) и разрывные нарушения (б); 12 – месторождения и рудопроявления: 1 – Ушкатын\_I, 2 – Ушкатын\_III, 3 – Карсадыр, 4 – Северный Жайрем, 5 – Восточный Жайрем, 6 – Западный Жайрем, 7 – Дальнезападный Жайрем, 8 – Веерный, 10 – гора Жомарт, 12 – Жомарт, 14 – Дамидовский, 15 – Аккудук, 17 – Таскудук, 18 – Северный Бестау, 19 – Бестау, 21 – Дальнезападный Каражал, 22 – Западный Каражал, 23 – Восточный Каражал, 24 – Южный Каражал, 30 – Бастюбе (9, 11, 13, 16, 20, 26 – участки поисковых работ: Баир\_переезд, руч. Безмянный, Когалыжар, Караоба, Бектау, Карашоки).

Процесс рудоотложения Атасуйском районе происходил синхронно с осадконакоплением, причем значительная часть рудных залежей находится на стыке мелководных фаций с более глубоководным, что характеризует приуроченность оруденения к морфолого-тектоническим уступам морского дна, следовательно, и морфолого-тектоническом контроле оруденения. В работе [1] отмечается, что рудообразование в Атасуйском районе происходило благодаря региональным глубинным разломам и разломам с оперяющим характером, которым принадлежит основная роль в механизме выноса и накопления рудных компонентов в условиях глубоководных бассейнов. Это связано с тем, что гидростатическое давление столба воды значительно превышает давление гидротермальных растворов, поднимающихся по глубинным разломам. И рудоносные растворы проникают лишь в отдельные оперяющие трещины, где критическое давление поднимающихся растворов преобладает над давлением водного покрова.

К основным критериям прогнозирования и поисков железомарганцевых месторождений в Атасуйском рудном районе относятся:

- прибортовые участки синклинальных структур, сложенных карбонатными образованиями девано-карбона, осложненные брахиструктурами, фиксируемые гравиметрией, магниторазведкой и сейсморазведкой;

- узлы сопряжения разнонаправленных тектонических нарушений, контролируемые гравимагнитными аномалиями и вторичными ореолами рассеянных черных и цветных металлов;

- линейно вытянутые локальные положительные гравитационные аномалии, связанные с маркирующим горизонтом узловато-слоистых красноцветных известняков верхнего фамена;

- локальные, линейно вытянутые и изомерные магнитные аномалии в верхнефаменских терригенно-карбонатных образованиях и др. [1]

Таким образом, основным условием образования железомарганцевых оруденений атасуйского типа можно назвать диагенетическое перераспределение железа и марганца в донных осадках, которые приводят к вторичному концентрированию этих элементов в виде прослоев, корок и конкреций. Не исключено участие также гидротермальных процессов в формировании элементных составляющих оруденений, к примеру, на территории распространены континентальные железомарганцевые рудопроявления, содержащие дополнительно другие полиметаллы, а также морские карбонатные руды. Главной задачей дальнейших геологических исследований в Атасуйском рудном районе является наращивание сырьевой базы черной и цветной металлургии путем поисков и разведки месторождений Атасуйского типа. Необходимо продолжать поиски не только железорудных месторождений, но и других полиметаллических руд. Также следует продолжить поиски молибдена и вольфрама в интрузивных зонах гранитных массивов, золота в гидротермально-метасоматически измененных гранитоидах девона и осадочных породах нижнего палеозоя, месторождений подземных вод и строительных материалов.

### **Литература**

1. Акылбеков С.А. Марганец Казахстана // Известия НАН РК. Серия геологическая. – 2006. – № 1. – С. 42-53.
2. Каюпова М.М. Минералогия железных и марганцевых руд Западного Атасу (Центральный Казахстан). – А: Наука. – 1974. – 232 с.
3. Любецкий В.Н., Любецкая Л.Д., Шабалина Л.В. Глубинное строение и этапы формирования промышленных стратиформных полиметаллических руд Атасуйского и Рудно-Атасуйского рудных районов // Известия НАН РК. Серия геологическая. – 2009. – № 5. – С. 24-36.

4. Кулешов В.Н. Месторождения марганца. Сообщение 1. Генетические модели марганцевого рудогенеза // Литология и полезные ископаемые. – 2011. – № 5. – С. 527-550.

**M.K. Aitken, E.V. Ponomareva**

**Genetic conditions for localization of iron ore and manganese deposits of the Atasu district**

**Abstract.** Based on the available literature data and our own research, the article discusses the main regularities of the formation of iron ore and manganese deposits on the example of the Atasu ore region. The territory under consideration is located 200-250 km from Karaganda and is the main raw material base of the Temirtau Metallurgical Plant. The deposits of the Atasu region are characterized by the joint occurrence of iron and manganese ores; this is a metallogenic feature of this region, which is extremely rare in nature. The Atasu ore region belongs to the stratiform type and is associated paragenetically with deep-water siliceous-carbonate deposits of the Famennian stage of the Upper Devonian. The main criteria for forecasting and prospecting for iron ore and manganese deposits in the Atasu ore region are also presented.

**Keywords:** iron, manganese, ferromanganese mineralization, Atasu district.

**М.Қ. Әйткен, Е.В. Пономарева**

**Атасу ауданының темір рудасы мен марганец кен орындарын оқшаулаудың генетикалық шарттары**

**Аңдатпа.** Қолда бар әдеби деректер мен өз зерттеулерімізге сүйене отырып, мақалада Атасу кенді аймағының мысалында темір рудасы мен марганец кен орындарының пайда болуының негізгі заңдылықтары талқыланады. Қарастырылып отырған аумақ Қарағандыдан 200-250 км қашықтықта орналасқан және Теміртау металлургия зауытының негізгі шикізат базасы болып табылады. Атасу аймағының кен орындары темір және марганец кендерінің бірлесіп пайда болуымен сипатталады, бұл табиғатта өте сирек кездесетін бұл аймақтың металлогендік ерекшелігі. Атасу рудасы аймағы стратиформ типіне жатады және парагенетикалық тұрғыдан жоғарғы девонның фамендік кезеңіндегі терең сулы кремний-карбонат кен орындарымен байланысты. Атасу рудасы аймағында темір кені мен марганец кен орындарын болжау мен іздеудің негізгі критерийлері де келтірілген.

**Түйін сөздер:** темір, марганец, темір-марганецті кендену, Атасу ауданы.

УДК 553.07

**А.Д. Әнеш**

*Ғылыми жетекші – Т. К. Шайыяхмет, тьютор, техника ғылымдарының магистрі  
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қаласы  
[anesh.aziza@bk.ru](mailto:anesh.aziza@bk.ru)*

**КЕН ШОҒЫРЛАРЫН ӨНДІРУ КЕЗІНДЕГІ МОЙЫНҚҰМ КЕНОРНЫНЫҢ  
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН НЕГІЗГЕ АЛУ**

**Аңдатпа.** Автор мақалада кенорын алаңы ауқымындағы тектоникалық жарылымдар, аймақтық горизонттарды құрайтын таужыныстардың орналасу ерекшеліктері, кен денелерінің құрылымдық жағдайлары және өзге де осындай құрылымдық геологиялық ерекшеліктерді толығымен білу арқылы ғана кен шоғырларын рационалды өндіруге қол жеткізуге болатыны жайлы мәліметтер келтірген.

**Түйін сөздер:** геологиялық құрылыс, формація, фація, горизонт, кенорын, линзалар.

Мойынқұм кенорны Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында орналасқан. Учаскенің ауданы – Мойынқұм құмды массивінен тұрады, абсолютті биіктіктері солтүстік бағытта 192 м-ден, оңтүстіктен 374 м-ге дейінгі бөлігінде орналасқан, жалпы массивтің осьтік бөлігін құмды шөлдер алып жатыр. Құмды массив солтүстік-батысқа қарай ені 60-80 км-ден бірнеше жүздеген километр болып келетін жолақ түрінде созылып жатыр. Қарастырылып отырған аумақта массив таяз болып келеді, негізінен аумақтың басым бөлігі - өсімдіктер сирек кездесетін, алювиалды-эолдық кезеңге жататын құмды массивтен тұрады. Солтүстік бөлігінде құмды массив биіктіктері 200-220 м болып келетін Шу өзенінің алювиалды жазығымен шектеседі.

Климаты күрт континенталды, қысы суық, қары аз (ауаның ең төменгі температурасы -30С дейін) және жазы ыстық (+40С дейін) құрғақ шұғыл континенталды. Атмосфералық жауын-шашын негізінен Б. Қаратау жотасының таулы бөлігіне түседі. Құмды массив аумағында жауын-шашын мөлшері жылына 120-190 мм-ден аспайды. Жауын-шашынның максималды мөлшері (85% дейін) қыс-көктем кезеңіне келеді. 10 см-ге дейін қар жамылғысы желтоқсан-қаңтар айларында жауып, наурыз айында ериді. Жылыту маусымы 150 күнге созылады. Құмды топырақтың беті жазғы уақытта 60 градусқа дейін қызады; қысқы уақытта қату тереңдігі-75 см-ге дейін барады.

Кенорын ауданының геологиялық құрылысына төменгі (қатпарлы каледондық іргетас), ортаңғы (аралық жартылай платформалық) және жоғарғы (мезозой-кайнозойлық жамылғы) үш құрылымдық қабаттың түзілуінен қалыптасқан.

*Палеозой жыныстары* қызыл карбонатты саздар, алевриттердің қабаттары мен линзалы көп түйірлі құмдардан тұратын қиыршық тасты шөгінділерден тұрады. Таужыныстары 600-ден 700 м-ге дейінгі тереңдікте жатыр, қалыңдығы 0-ден 90 м-ге дейін болады.

*Палеоценнің кайнозойлық шөгінділері.* Тау жыныстары Қанжуған горизонтының шөгінділерімен кездеседі (P<sub>1</sub>кп), олар өз кезеңінде екі ішкі горизонтқа бөлінеді:

- *төменгі бөлігі* саз және сазды жыныстар аралығындағы кварц-дала шпаты, ұсақ және орташа түйіршікті құмдардан тұрады;

- *жоғарғы бөлігі* теңіздік-дельталық теңіз фацияларынан тұрады.

Шөгінділердің қимасы түрлі-түсті саздар мен әр түрлі құмдардың ауысуымен, яғни кезектесіп өзгеруімен сипатталады. Тік қимада Қанжуған горизонтының орналасу тереңдігі 470-520 м. Жалпы горизонт қалыңдығы 50-60 м.

*Төменгі және орта неоцен.* Тау жыныстары палеоценнің шөгінділерімен сәйкес келмейді және Қызылчинск горизонтымен (P<sub>1</sub>кз) бейнеленген. Ол қалыңдығы 15 - 20 м болатын сулы саз. Негізінен, сұр түсті ұсақ түйіршікті кварц-дала шпатты құмдар, көміртек қалдықтары (қалыңдығы 0,8 м және ұзындығы бірнеше ондаған метр), микроорганизмдердің қалдықтары бар саздар мен қоңыр-қызыл түспен кездесетін жасыл теңіз балдырынан тұратын саздармен сипатталады.

*Уюк горизонты (P<sub>1</sub>ик)* - Мойынқұм кен орнының негізгі кен сыйымды горизонты болып табылады. Ол терең емес теңіз фацияларымен кездеседі. Стратиграфиялық тұрғыдан ол екі бөлікке бөлінеді: төменгі бөлігі - құмды және жоғарғысы - алевритті - сазды болып келеді.

Горизонттың *жоғарғы сазды бөлігі* (қалыңдығы 13 – 50 м) саздардан, алевриттерден және ұсақ және орташа түйірлі құмдардан тұрады. Бұл шөгінділер теңіз жағалауы мен лагуна зоналарының тұрып қалған (батпақты) фацияларына жатады, бұған өсімдік қалдықтары мен тірі организмдердің қалдығының болуы дәлел бола алады.

*Төменгі бөлігі* қалыңдығы 1 м болып келетін көміртекті саздардан тұрады, олар жергілікті қоңыр көмірге айналады.

Уюк горизонты Қызылчинск горизонтының шөгінділерімен сәйкес келмейді. Онда тұщы су балықтары мен микропланктон қалдықтары көп. Массив горизонтының құмдарының негізгі бөлігі террогендік материалдың палео-ағындармен қатар таралуы кезінде шөгеді. Терригендік материалдың таралуы екі бағытта жүреді: солтүстік батыста субмеридионалды және 2-шісі палео-ағындар бағытында. Уюк горизонтының жалпы тереңдігі 420-470 м, қалыңдығы 30-45 м.

*Икан горизонты (P<sub>1</sub>ик)* Уюк горизонтының шөгінділерімен сәйкес келмейді және орта эоцендік трансгрессияның екі сатысына сәйкес келетін 2 бөлікке бөлінеді: төменгі және жоғарғы. Төменгі бөлік пен жоғарғы қабатты, қалыңдығы 0,5 тен 5 м-ге дейін болып келетін массивті сазды құмдар бөледі. Төменгі қабат жақсы сұрыпталған ұсақ және орташа түйіршікті құмдардан тұрады, ал жоғарғы бөлік нашар сұрыпталған біркелкі емес түйіршікті құмдардан, көмір қосындыларымен алевритті-сазды құрамды линзалардан тұрады. Жалпы

алғанда, құмдар 380-410 м тереңдікте жатқан Икан горизонтының шамамен 60 %-ін құрайды. Икан горизонтының қалыңдығы 30-40 м.

*Жоғарғы эоценнің жыныстары* Интымак P32 горизонтымен ұсынылған, олар төменгі шөгінділерге бұрыштық сәйкес келмейді. Бұл түзілімдердің негізін кварцты қиыршық тастар және фосфоритті сазды құмдар, микроорганизм қалдықтары құрайды.

Горизонттың *жоғарғы бөлігінде* сұр-жасыл және сұр түсті жапырақты теңіз балдырларының, сондай-ақ, сазды және саздықұмдардың су өткізбейтін шөгінділері бар. Бүкіл горизонт эоценнің түзілуімен қабаттасады.

Кейінгі эоцен шөгінділері кен түзілу процесін аяқтайды. Горизонттың пайда болу тереңдігі 360 -380 м, қалыңдығы 30 м.


*Кайнозойлық неоген және миоцен-плиоцен шөгінділері.* Кейінгі неогеннің альпілік кезеңнің шөгінділері 270-ден 370 м-ге дейінгі тереңдіктегі барлық ұңғымаларда кездеседі, олар төменгі горизонттарда сәйкес келмейді, қызыл-қоңыр түсімен ерекшеленеді және олар 2ге бөлінеді:

- Миоценнің шөгінділері ( $N_1$ ) - қоңыр-қызыл түсті, массивті, кесекті болып келетін, әртүрлі дәнді құмдармен алмасып тұратын саздар. Кен орнының ең төмен түскен бөлігіндегі бұл шөгінділердің жалпы қалыңдығы 180-200 м, ал көтерілген жақтарында - 0-ден 90 м-ге дейін;

- Плиоцен шөгінділері ( $N_1$ ) – сазды құмдармен және әртүрлі түйіршіктермен алмасып тұратын ашық сары және қоңыр-қызыл саздардан тұрады. Шөгінділердің қалыңдығы 230-дан 275 м-ге дейін өзгереді.

*Төрттік кезең шөгінділері* жазық аудандарда кеңінен дамыған және қазіргі өзен аңғарларын, құрғақ арналарды, тұзды бассейндерді толтырады. Мойынқұм құмды массивін құрайды, яғни әртүрлі генезисімен континентальды формациялар кешені арқылы қалыптасқан. Төртқұдық учаскесінде аллювиальды-эолдық құмдардың қалыңдығы солтүстік бөлігінде 30 м-ден оңтүстігінде 75 м-ге дейін жетеді.

*Тектоника.* Жалпы Мойынқұм кенорны Созақ ойпатының шығыс шеткі бөлігінде орналасқан және оңтүстігінде Созақпен, ал солтүстігінде Жуантөба ойысымен шектелген. Осы формациялардың негізінде кварц-қиыршықтас кездесетін сазды құмдардың қабаты орналасқан. Бұл формациялар арасында субмеридиональды бағытта календондық кезеңге жататын рудалық жолақтың бойында, палеозой іргетасының төбесінде флексура түрінде көрінетін Ожирай-Гобин құрылымдық аймағы орналасқан. Флексура көптеген күмбезді (брахиантиклинальды) көтерілістермен сипатталады. Созақ ойпатының оңтүстік платформалық жамылғы бөлінісінде тік кемер түрінде көрсетілген. Төртқұдық учаскесі орналасқан Солтүстік платформасы оңтүстік-батысқа қарай 1-2 градусық бұрышпен еңкіштеу келген және Солтүстік-Талас беткейіне қарай ойысады.



Сурет 1 – Кенорынның геологиялық ерекшеліктерін ескере отырып салынған минералданған кен денелерінің 3D моделі

Қанжуған-Мойынқұм кен орындарының тобы Шу-Сарысу уран бассейнінде маңызды орын алады және Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында орналасқан. Мойынқұм кенорын игеруді КАТКО БК (№1 Южный учаскесінің солтүстік бөлігі) және ТГХК (№1 Южный учаскесінің оңтүстік бөлігі) жүзеге асыруда.

Геологиялық, құрылымдық және тектоникалық ерекшеліктері бойынша кенорны шартты түрде үш аймаққа бөлінеді: Оңтүстік, Орталық және Төртқұдық. Мойынқұм кенорынын қамтитын ролл түріндегі кен денелері палеогеннің құмды шөгінділерінің сулы горизонттарымен және барлық жерде дамыған уран кенденуінің аймақтық тотығу зонасымен кеңістіктік байланысқа ие. Мойынқұм уран кенорнының кен денелеріне тән белгілер:

- жергілікті және аймақтық шығу тегінің ерекшеліктерімен шектелген тектоникалық блоктарға орайластыру;
- белгілі бір литологиялық айырмашылықтарға ие кендерді стратиграфиялық бойынша орналастыру;
- кен денесінің күрделі морфологиясы;
- тотығу-тотықсыздану шекарасында кен орындарының түзілуі;
- кенді горизонттардың гранулометриялық құрамының өзгеруі;
- сулы қабаттардың химиялық құрамы және олардың гидрогеологиялық параметрлері.

Кен орнының геологиялық ерекшеліктері жайлы материалдарды зерттеп, жүйелеп, жинақтағаннан кейін қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды қолдана отырып минералданған кен денелерінің 3D-моделі салынды (сурет 1), ал осы модель өз кезегінде өндіріс аймағындағы кен өндіруді жоспарлаудың негізі болып табылады. Жоғарыда келтірілген геологиялық ерекшеліктерді ескере отырып кенорын ауданы уран қоры бойынша орташа объектілер қатарына жатқызылатынын және кенорын жерасты сілтілендіру әдісімен өндіруге қолайлы екенін айтуға болады.

#### Әдебиет

1. Байбатша А.Б. Геология месторождений полезных ископаемых. Учебник. – Алматы: КазНТУ, 2008. – 368 с.

Измерение углов выполнялись по трехштативной системе. Погрешность центрирования теодолита и визирных сигналов должна быть не более  $\pm 1$  мм. Сеть триангуляции на поверхности шахтного поля уравниваются от общего к частному или от сложных сетей к простым. Горизонтальные углы в полигонометрических ходах первого разряда измерялись теодолитом Т5К способом без замыкания горизонта при числе направлений более двух.

После передачи координат отвесов в ствол, сеть внутри шахты пролагается полигонометрическими ходами 2-го разряда с количеством сторон не более трех. Измерения производятся теодолитом NICON AN-98404, с 30-секундной погрешностью.

Сеть триангуляции на поверхности шахтного поля уравниваются от общего к частному или от сложных сетей к простым. В местах примыкания ходов к исходным пунктам примычные углы измеряются относительно двух исходных направлений. Угловые невязки в ходах не должны превышать для полигонометрии 1-го разряда  $\sqrt{n_y}$ , где  $n_y$  – число измеренных углов, включая примычные.

Высотное обоснование данной шахты берет свое начало от пунктов нивелирных ходов 2 класса, на которые опираются нивелирные ходы 4 классов. Данные нивелирные ходы создавались методом геометрического нивелирования.

Допустимая невязка нивелирования 4 класса:

$$f_B = \pm 20_{мм} \sqrt{n} \quad (1)$$

где n-число пунктов в полигонометрическом ходе

Допустимая невязка в полигоне между пунктами Горная и Донская 31,6 мм; между пунктами Вышка и Горная 28,3 мм. Нивелирование производилось нивелиром НС4 с самоустанавливающейся линией визирования, рейки – шашечные, двусторонние 3-метровые с сантиметровыми делениями.

Из-за ведения горных работ пункт триангуляционной сети Центральная была потеряна, а пункт Западная деформировалась.

В настоящее время основой для развития горных работ и привязки к пунктам ГГС выполняют полигонометрические ходы 1-го разряда. Схема расположения пунктов ГГС приведена в рисунке 1.



Рисунок 1 - Схема расположения пунктов ГГС и полигонометрический ход

Высоты пунктов для съемки земной поверхности и для выполнения других маркшейдерских работ определяют путем проложения нивелирных сетей 3 и 4 классов и сетей технического нивелирования, развиваемых в дополнение к существующим сетям нивелирования 1,2 и 3 классов.

При съемках земной поверхности с сечением рельефа через 2 и 5 метров в качестве высотой основы разрешается использовать пункты, высоты которых определены тригонометрическим нивелированием. При выполнении съемки земной поверхности в масштабе 1:5000 и крупнее на участках площадью более 50 км<sup>2</sup>, высотное обоснование разрешается создавать проложением только нивелирной сети 4 класса с длиной ходов примерно 3 км между расположенными рядом узловыми точками.

На участках, площадь которых превышает 50 км<sup>2</sup>, прокладывают нивелирные сети 3 и 4 классов, а на участках площадью более 2500 км<sup>2</sup> должны быть проложены нивелирные сети 2 класса. Привязка нивелирных сетей 3 и 4 классов к реперам нивелирной сети высших классов обязательна.

В дополнение к постоянным реперам по ходу нивелирования следует определять высоты устойчивых предметов местности (головки рельсов, валуны, забитые в стены штыри, столбы пни и т.д.).

Техническое нивелирование предназначено для определения высот пунктов аналитических и полигонометрических сетей 2-го разряда и точек объектов маркшейдерских съемок (устьев скважин, шурфов, обнажений горных пород и т.д.), для планировки площадок и определения объемов земляных работ, для составления различных профилей и для определения высот пунктов съёмочных сетей.

Исходными данными для технического нивелирования являются высоты реперов и пунктов государственной нивелирной сети. Техническое нивелирование выполняют в виде одиночных ходов между исходными пунктами или в виде систем ходов с узловыми точками. Системы нивелирных ходов уравнивают по классам по способу наименьших квадратов. Веса нивелирных ходов принимают равными величинами, обратно пропорциональным длине ходов, или величинам, обратно пропорциональным количеству штативов в ходах. Высоты пунктов нивелирования вычисляют до миллиметров.

Маркшейдерские сети в подземных горных выработках по их значению и точности определения положения пунктов систематизируют на подземные маркшейдерские опорные сети, съёмочные сети и разряда I и II съёмочные работы (съёмка подробностей).

Подземные маркшейдерские опорные сети прокладывают по капитальным горным выработкам. Исходными служат минимум три пункта, закрепленные в околоствольных выработках, координаты которых определены ориентирно-соединительными съемками относительно пунктов аналитической сети I разряда (сети триангуляции) или полигонометрии I разряда на земной поверхности. Определение пунктов маркшейдерских опорных сетей производят методом полигонометрии, в которой углы измеряют теодолитом с погрешностью  $m_{\beta} < \pm 20''$ , длины сторон – не ниже 1:3000 длины измеряемой линии. Полигоны с длиной более 2 км разделяют на секции, в каждой секции число углов не должно превышать 20.

**Выводы.** В целом, маркшейдерское обеспечение горных работ на рудниках является ответственной задачей. Маркшейдерские съёмочные сети являются основой для съёмки горных выработок и состоят из теодолитных ходов, прокладываемых для съёмки подготовительных выработок, и угломерных ходов, предназначенных для съёмки очистных забоев и нарезных выработок в очистных блоках. В свою очередь, они опираются на государственную геодезическую сеть (ГГС). Теодолитные ходы опираются на пункты опорной сети, угломерные – на пункты теодолитных и полигонометрических ходов.

## Литература

1. Технический проект шахты «Десятилетие Независимости Казахстана», «КАЗГИПРОЦВЕТМЕТ» Усть-Каменогорск, 1978г.

2. Маркшейдерия, Певзнер М.Е., Попов В.Н., «МГГУ», Москва, 2003г.

3. Маркшейдерские работы при строительстве и реконструкции шахт, Асаченков Л.М., «НЕДРА», Москва, 1987г. // Электронная версия на сайте: <https://www.geokniga.org/bookfiles/geokniga-asachenkov-lm-marksheyderskie-raboty-pri-stroitelstve-i-rekonstrukcii-shaht-m.pdf>

4. Маркшейдерское дело часть 1, Ушаков И.Н., «НЕДРА», Москва, 1970г.

5. Маркшейдерское дело часть 2, Ушаков И.Н., «НЕДРА», Москва, 1970г.

К.Б. Амиралинова

«Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасындағы тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыздандыру

**Андатпа.** Қазақстан Республикасындағы Ақтөбе облысының, Хромтау қаласында орналасқан әлемдегі ірі хромит кен орнында, маркшейдерлік қамтамасыз ету және өңдеу мәселелері қаралды. «Алмаз Жемчужина» өрісі «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығымен» бір негізгі және екі желдеткіш оқпанмен ашылады. Ал кен

орнында игеру қабатты әдістермен жүргізіледі. Шахтаның маркшейдерлік-геодезиялық негіздемесінің тірек және түсіру желілері туралы қысқаша мәліметтер келтіріледі.

**Түйін сөздер:** тау-кен кәсіпорны, шахта, полигонометриялық жүріс, маркшейдерлік негіздеу, мемлекеттік геодезиялық торап.

**К.В. Amiralinova**

### **Markshading support of mining works of the mines "10 years of independence of Kazakhstan"**

**Abstract.** The article deals with the survey support of mining operations of one of the largest chromite deposits in the world, located in the Republic of Kazakhstan, Aktobe region, Khromtau. The Almaz-Zhemchuzhina Deposit of the «10th anniversary of Independence of Kazakhstan» mine was opened with one main and two ventilation shafts. And the development of the field is carried out in a floor-by-floor way. Brief information about the reference and survey networks of the mine surveying and geodetic justification is provided.

**Keywords:** mining industry, mine, polygonometric course, mine survey, points of the GGS.

ӘОЖ 528.48

**Б.Т. Анетов**

*Ғылыми жетекшісі - Солтабаева С.Т. техн.ғылым.кандидаты*

*Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*

[Berik.anetov@mail.ru](mailto:Berik.anetov@mail.ru)


### **МЕТРОПОЛИТЕННІҢ ТЕМІР ЖОЛ ТРАССАСЫН ТӨСЕУДІҢ ДӘЛДІГІН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Аңдатпа.** Мақалада метрополитеннің темір жолдарын төсеудің дәлдігін маркшейдерлік қамтамасыз ету қарастырылған. Метрополитен желісінде, ең алдымен, теміржолды төсеу кезіндегі маркшейдерлік жұмыстар, тоннельдердегі теміржол төсемдері және жол реперлері туралы ақпарат ұсынылған. Сондай-ақ, теміржол құрылысында қолданылатын заманауи геодезиялық аспаптар жайлы, оның қазіргі заманғы Trimble GEDO маркшейдерлік құралы туралы мәліметтер келтірілген.

**Түйін сөздер:** метрополитен, теміржол, маркшейдерлік қамтамасыз ету, жол реперлері, геодезиялық аспаптар, электрондық тахеометрлер.

**Кіріспе.** Қазақтың қасиетті топырағы ХХ-ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы биік шыңға ұқсайды. Ол Баянауылдан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлға. Қ.И.Сәтбаев аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының шоқ жұлдызы, ойшыл ғұламасы, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өте шебер ұйымдастыру қабілетінің арқасында Қазақстанда ғылым мен индустриялық дамудың көшбасшысы болған жан. Сондықтан, Сәтбаев атындағы университеттің түлегі бола тұра және де әлі күнге дейін осы ордада білімізді шыңдап жүрген біздер үшін, жылда өткізілетін дәстүрлі «Сәтбаев оқуларына» қатысу үлкен мәртебе деп білеміз.

**Негізгі мазмұны.** Туннель жүргізілгеннен кейін метрополитеннің ажырамас бөлігі болып табылатын теміржол трассасын төсеу және жабдықты орнату басталады. Теміржол жолдарын төсеу жұмыстары төсеу жоспары мен жол профилінде және жолдың геометриялық сызбасында келтірілген жобалық мәліметтерге сәйкес жүзеге асырылады. Тоннельдердегі теміржол төсемі (1-сурет) үш бөліктен тұрады: төменгі (1) және жоғарғы жол құрылымы (2) және байланыс рельсі (3).




Сурет 1 - Туннельдегі темір жол төсемі

Жолдың ішкі құрылымы туннель төсеніші салынғаннан кейін тұрғызылған бетон негізінен тұрады. Жолдың жоғарғы бөлігі оларға орнатылған жол рельстері бар бетон шпалдардан тұрады.

Рельстер шпалдарға бекітілген арнайы типтегі болат аралық қабатқа салынады. Шуға қарсы шпалдар мен болат аралықтардың арасына, ағаш аралық қабаттар, рельстін астына резеңке немесе полихлорвинил аралық қойылады. Суды ағызу үшін жол бетонының беті 0,03 көлбеулікпен орнатылады. Суды ағызу жолдың осі бойында орналасқан дренажды ойық бойымен жүзеге асырылады.

*Жол реперлері.* Темір жолды төсеу үшін бастапқы негіз - жол реперлері болып табылады. Рельстерді жобалық жағдайға орнату метрополитендерді салу кезінде ең маңызды жұмыс түрлерінің бірі болып табылады, сондықтан жол реперлерінің жоспарлы және биіктік жағдайы жобалық сызбаларда көрсетілген.

Жол репері бұл стаканға бұралған сфералық басы бар болт (2-сурет).



Сурет 2 - Жол репері

Болттың басында диаметрі 1,52 мм саңылау бар, ол оның орталығы болып табылады. Болттың сфералық басының астында квадрат қимасы бар, ол гайка кілті мен көтеру позициясының реттеуге арналған. Туннельді қаптаманың әр түріне арналған және қалыпты орналастыру мен жол реперлерін бетондау үшін стандартты сызбалар әзірленген.

Жолдық реперлер поездың жүру бағытының оң жағынан, трассаның тік бөліктерінде 20 м-ден кейін, ал трассаның бұрылу учаскелерінде немесе вертикалькисықтарда 5 м-ден кейін орнатылады. Реперлерді салу, орналастыру және олардың нақты жағдайын анықтау полигонометриялық белгілерден көмегімен жүргізіледі. Егер реперлерді жобалық жағдайға орнатуға тубингтердің қырлары немесе басқа да заттар кедергі келтірсе, реперлерді трасса осі бойымен 3 см немесе одан артық жылжытуға жол беріледі.

Трассаның қисық сызықты учаскелерінде реперлер арасындағы қашықтық  $\Delta S$  шамасына ұлғайтылады (1), өйткені жобалық сызбаларда олардың орналасуы, бөлу осі.

2-сурет бойымен көрсетіледі, ал нақты орнату қисықтың сыртқы жағынан жүргізіледі.

$$\Delta S = \frac{D}{R} S \quad (1)$$

Мұндағы S —реперлер арасындағы жобалық арақашықтық;

D — жол осінен бастап реперлерге дейінгі арақашықтық;

R —қисықтың радиусы.

Жол реперлерін орнатып, бетондағаннан кейін олардың нақты жоспарланған жағдайы анықталады және жобалық биіктігі түпкілікті орнатылады. Ол үшін әр репердің жобалық белгілері, олардың нақты пикет мәндеріне сәйкес есептеледі. Содан кейін нивелирлік рейкалар әр реперге кезекпен орнатып, нивелирдің көмегімен жақын полигонометриялық белгінің биіктік белгісіне қатысты болттарды айналдыру арқылы оларды жобалық жағдайға орналастыруға қол жеткізіледі.

Бақылау үшін реперлердің белгілері басқа полигонометриялық белгіден тексеріледі, оң нәтиже болған жағдайда болттардың бұрандаларын дайындалып, бетон құйылады. Жол реперлерінің нақты белгілерінің жобадан ауытқуы  $\pm 2$  мм-ден аспауы тиіс.

Trimble GEDO жол өлшеу жүйесі - бұл теміржол жолдарының геометриялық параметрлерін өлшеу және жол бойындағы инфрақұрылымды геодезиялық түсіру үшін қолданылатын әмбебап жылжымалы платформа. Бұл құрылғының көмегімен рельс шпалдарының, үйінді, байланыс желілерінің және басқа инфрақұрылым элементтерінің үш өлшемді модельдерін құру үшін бүкіл өлшеу кешенін жасалынады.

Платформа әртүрлі мәселелерді шешу үшін геодезиялық жабдықтардың көптеген түрлерімен үйлесімді. Мысалы, лазерлік сканер мен GNSS қабылдағышты орнатқан кезде гео байланысы бар

нүктелер бұлтын аласыз. Болашақта бұл деректерді теміржол желісі меннфрақұрылымның жай-күйін бағалау, теміржол желілері объектілерінің модельдерін құру үшін пайдалануға болады.

Trimble GEDO жол өлшеу жүйесінің өлшеу жабдығымен үйлесімділігінің арқасында пайдаланушы жол геометриясы туралы деректердің толық жиынтығын (жолтабан, сыртқы рельстің көтерілуі, абсолюттік орналасу, іргелес объектілер) алады. Trimble GEDO жол өлшеу жүйесінің сипаттамалары келесі кестеде келтірілген

Таблица 1 - Жүйенің метрологиялық және техникалық сипаттамалары

Сипаттаманың атауы	Сипаттаманың мәні
Өлшенетін номиналды мәндер жолтабан ені, мм	1000; 1067; 1435; 1520; 1600; 1668; 1676
Жолтабан енін өлшеу диапазоны номиналды мәнге қатысты, мм	от -20 до +60
Сыртқы рельстің қисықтағы көтерілуін өлшеу диапазоны, мм	±265
Жолтабан енін өлшеудің рұқсат етілген абсолютті қателігінің шектері, мм	±0,3
Қисықтардағы сыртқы рельстің көтерілуін өлшеудің рұқсат етілген абсолютті қателігінің шектері, мм	±0,5
Тұрақты ток көзінен қуат кернеуі, В: - сыртқы тұрақты ток қуат көзі (Li-Ion аккумулятор, сыйымдылығы: 5,0 Асағ)	11,1
Жұмыс температурасының диапазоны, °С	от -20 до +60
Жалпы өлшемдері (ұзындығы-ені-биіктігі), мм,	1720x880x275
Масса, кг,	17

Көлік жағдайын толық бақылау. Платформа және оған қосылған өлшеу жабдығы мамандандырылған Gedo бағдарламалық жасақтамасының (Gedo Vorsys, GEDO Track, GEDO Rec) басқаруымен жұмыс істейді. Оның көмегімен өлшемдер жүргізу, желінің барлық геометриялық параметрлерін түзету, қазіргі стандарттардан ауытқуларды анықтау, сонымен қатар автоматты түрде түзететін машинаның тапсырмасын орындауға болады. Бұл теміржол трассасын жұмыс күйінде ұстау процесін едәуір жеңілдетеді және диагностика құнын төмендетеді.

Gedo Office бағдарламалық жасақтамасы алынған деректерді талдауға, өңдеуге, объектіде бұрын алынған деректерді салыстыруға, алынған нәтижелер туралы есеп жасауға мүмкіндік береді.

Платформаны қолдана отырып, көрші рельстер арасындағы қашықтықты өлшеуге, бір рельстің екіншісінен асып кетуін анықтауға болады. Қажетті параметрлерді алу үшін құрылғы инклинометрмен, құрылымның үш доңғалағының біріне қосылған одометрмен, сондай-ақ рельстердің біріне қатысты өлшеу зондымен байланыс сенсорымен жабдықталған.

Корытынды. Метрополитен салу барысында орындалатын маркшейдерлік жұмыстардың маңыздысының бірі рельс жолдарын салу болып табылады. Рельс жолдарын салған кезде ең бірінші оның планы, профилі, жолтабан ені, иілу өлшеніледі. Көлбеулердің өзіндік стандарттары және өзіндік рұқсат етілген шамалары болады. Рельсті қойған кезде өзінің жобалық белгілері болады олардың қателіктері ±2 мм. – ге рұқсат етіледі. Қателік ±2 мм – ден асқан жағдайда, қайта жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тоннельдегі барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін түпкілікті орындаушы түсірілім жүргізеді. Бірінші поезды іске қосар алдында габариттерді соңғы тексеру жүргізіледі және пайдалануға берілетін барлық трассада құрамды өткізуге рұқсат беретін акт жасалады, одан кейін барып қолданысқа рұқсат беріледі.

#### Әдебиет

1. Афанасьев В. Г., Алексеев А. О., Соколов Е. Н. Геодезия и маркшейдерия при строительстве тоннелей и метрополитенов. – Москва: Недра, 1965.-300 б.
2. Сученко В.Н. Маркшейдерское обеспечение строительства тоннелей и метрополитенов // Москва, 2008.- 125-126 б.
3. Описание типа средства измерений GEDO Trimble.
5. Qijin Chen., Xiaoji NiuA. Railway Track Geometry Measuring Trolley System Based on Aided INS
6. <https://ivanovo.rusgeocom.ru/products/mobilnyj-lazernyj-skanner-trimble-gedo>

**Б.Т. Анетов**

**Маркшейдерское обеспечение точности прокладки железнодорожных путей метрополитена**

**Аннотация.** В статье рассматривается маркшейдерское обеспечение точности прокладки железнодорожных путей метрополитена. На линии метрополитена представлена, прежде всего, информация о маркшейдерских работах при укладке железнодорожного пути, железнодорожных полотнах в тоннелях и путевых реперах. А также, приведены сведения о современном маркшейдерском приборе Trimble GEDO, используемой при строительстве железнодорожных путей.

**Ключевые слова:** железнодорожные пути, маркшейдерское обеспечение, путевые реперы, геодезические приборы, электронные тахеометры.

**Anetov B.T.**

**Mine surveying ensuring the accuracy of laying subway tracks**

**Abstract.** The article deals with mine surveying ensuring the accuracy of laying subway railways. The metro line provides, first of all, information about mine surveying during the laying of railway tracks, railway tracks in tunnels and track benchmarks. It also provides information about the modern Trimble GEDO surveying device used in the construction of railways.

**Keywords:** railway tracks, mine surveying, track benchmarks, geodetic instruments, electronic tacheometers.

УДК 528.7

**Г.Ф. Ахмеджанова**

*Научный руководитель – А. Кенесбаева, Satbayev University, Казахстан, г. Алматы*  
[guzal510@gmail.com](mailto:guzal510@gmail.com)

**АНАЛИЗ ИЗМЕНЕНИЯ РУСЛА РЕКИ СЫРДАРЬЯ ПО ДАННЫМ ДИСТАНЦИОННОГО ЗОНДИРОВАНИЯ ЗЕМЛИ**

**Аннотация.** Данная работа посвящена исследованию характера изменения русла реки Сырдарья, по данным космической съемки со спутников Landsat-7 и Landsat-8. Приведены результаты обработки и анализа данных дистанционного зондирования рассматриваемого водного объекта.

**Ключевые слова:** Дистанционное зондирование Земли, водные объекты, космические снимки, QGIS, вегетационный индекс, русло реки, Сырдарья.

Сырдарья является самой длинной рекой Средней Азии, которая образуется слиянием двух рек - Нарын и Карадарья. Обе реки берут своё начало на территории Киргизии, а соединяются они уже в Узбекистане.

Длина Сырдарьи от места слияния Нарына и Карадарьи составляет 2212 километров, а если считать от истоков Нарына, то 3019 километров (рис.1). Площадь бассейна составляет 219 тысяч квадратных километров.



Рисунок 1 – Расположение реки Сырдарья


С каждым годом площадь реки становится гораздо меньше по сравнению с предыдущим. Одна из причин данного процесса, забор воды на хозяйственные нужды. Следует отметить, что это привело к снижению нынешнего объёма стока в устье более чем в 10 раз. Другая причина обмеления реки в строительстве целого каскада ГЭС на реке Нарын в Кыргызстане. На Карадарье грубым способом добываются песок и щебень, что наносит огромный ущерб экологии. Если не изменить текущее

положение дел, река будет стремительно уменьшаться в размерах и неизбежно приведет к экологической проблеме.

Данные исследования выполнены с целью определения количественных характеристик изменения русла реки и оценки вероятного будущего данного водоема.

Анализ изменения береговой линии реки Сырдарья произведен с использованием снимков со спутников Landsat-7 (2000 г., 2005 г., 2010 г), Landsat-8 (2015 г., 2020 г.). Так как снимки за 2005 и 2010 гг., имеют черные полосы, первым шагом необходимо было их удалить. Для этого в ПО QGIS была использована функция для анализа растра «Заполнение пустот».

На следующем этапе была произведена предобработка космических снимков с использованием модуля SCP. В предобработку космических снимков входит атмосферная коррекция, то есть коррекция за влияние атмосферы, которая определяет расположение диапазонов съемки за счет окон прозрачности, и увеличение разрешения необходимых каналов. На рисунке 2 показано комбинирование каналов (Lansat-8). Комбинация каналов 7, 6, 4 (рис. 2а) дает изображение близкое к естественным цветам, выделена береговая линия и подчеркнуты водные объекты. При комбинировании каналов 5, 4, 3 (рис. 2б) получен снимок с искусственными цветами, с четко выраженной береговой линией.



Комбинации различных спектральных каналов: слева 7, 6, 4; справа 5, 4, 3  
Рисунок 2 – Визуализация мультиспектральных снимков реки Сырдарья

Далее растры были обрезаны до интересующего участка. Затем, с использованием инструмента «Калькулятор растров» произведен расчет нормализованного дифференцированного вегетационного индекса (NDVI) по следующей формуле:

$$NDVI = (NIR - RED) / (NIR + RED), \quad (1)$$

где NIR – отражение в ближней инфракрасной области спектра, RED - отражение в красной области спектра.

Следующим шагом были выделены водные объекты, также с использованием инструмента «Калькулятор растров».

Таблица 1. Значение NDVI для различных объектов

Тип объекта	Отражение в красной области спектра	Отражение в инфракрасной области спектра	Значение NDVI
Густая растительность	0.1	0.5	0.7
Разряженная растительность	0.1	0.3	0.5
Открытая почва	0.25	0.3	0.025
Облака	0.25	0.25	0
Снег и лед	0.375	0.35	-0.05
Вода	0.02	0.01	-0.25
Искусст. материалы	0.3	0.1	-0.5

Для выделения воды в калькуляторе растров была введена следующая формула:

$$NDVI > 0 \quad (2)$$

Далее произведено преобразование растра в вектор. По полученным из вектора данным, произведен анализ изменения русла реки Сырдарья (рис.3).



Рисунок 3 – Водные объекты, выделенные с помощью NDVI

Результаты анализа приведены в таблице 2, где представлены изменения ширины реки Сырдарья на выбранных участках по с 2000 по 2020 годы, с периодом 5 лет.

Таблица 2. Измерение ширины реки Сырдарья (м)

№ участка \ Год	2000 г.	2005 г.	2010 г.	2015 г.	2020 г.
1	120	90	90	90	30
2	180	210	180	120	120
3	120	120	210	150	120
4	180	150	120	120	120
5	90	90	90	90	120

На полученной диаграмме показана динамика изменения ширины реки Сырдарья на разных участках. На первом участке ширина реки уменьшалась постепенно, в итоге за 20 лет сократилась на 90 метров. На втором участке реки видно, что ширина в 2005 году увеличилась на 30 метров. Однако, в 2020 уменьшилась на 90 метров. На третьем участке в 2010 году река стала шире на 90 метров, но к 2020 году ширина реки стала прежней. На участке номер 4 река за 20 лет река уменьшилась в ширине на 60 метров. Однако, на пятом участке ширина реки увеличилась на 30 метров. Опираясь на полученные данные, хочу отметить, что река Сырдарья за 20 лет сократилась в ширине. Причиной этому может служить то, что воды Сырдарьи в значительной мере разбираются на хозяйственные нужды.

Таблица 3. Площадь реки (км<sup>2</sup>)

Год	2000	2005	2010	2015	2020
Площадь реки	17,7606	18,1555	17,0127	14,6536	15,1789

Опираясь на данные в таблице 3, можно заметить, что за 20 лет площадь реки уменьшилась на 2,5817 км<sup>2</sup>, что составляет 14,54% от первоначального значения. В период с 2000 по 2005 годы, площадь, занимаемая рекой, увеличилась на 0,3949 км<sup>2</sup>. Однако, спустя 5 лет площадь реки уменьшилась до 17,0127 км<sup>2</sup>. В 2015 году значение площади уменьшилось на 2,3591 км<sup>2</sup>.




Рисунок 5 – Динамика изменения русла реки Сырдарья

За 20 лет проанализированный участок реки Сырдарья сократился в площади на 14,54%, что говорит о наличии экологической проблемы. С такой скоростью через 118 лет и 4 месяца данный участок реки полностью высохнет. Чтобы избежать подобного негативного последствия необходимо принять меры по сохранению полноводного потока реки Сырдарья. В частности, рекомендуется

найти более экологичные способы орошения рисовых полей и добывать песок и щебень на Карадарье более щадящим и экологически безопасным методом.

### Литература

1. QGIS: Руководство пользователя. [https://docs.qgis.org/3.16/ru/docs/training\\_manual](https://docs.qgis.org/3.16/ru/docs/training_manual)
2. Дубинин М. Вегетационные индексы. <https://gis-lab.info/qa/vi.html>
3. Катаев М.Ю., Бекеров А.А. Методика обнаружения водных объектов по многоспектральным спутниковым измерениям. <https://journal.tusur.ru/storage/97950/22-Катаев-Бекеров.pdf?1516335216>
4. Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Д., Турсунов А.А. Арало-Сырдарьинский бассейн (гидроэкологические проблемы, вопросы вододеления). Алматы, 2001.

Г.Ф. Ахмеджанова

### Жерді қашықтықтан зондтау деректері бойынша Сырдария өзені арнасындағы өзгерістерді талдау

**Аңдатпа.** Бұл жұмыс Landsat-7 және Landsat-8 ғарыштық суреттерін пайдалана отырып, Сырдария өзені ағысының өзгеру сипатын зерттеуге арналған. Қарастырылып отырған су нысанын қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу және талдау нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** Жерді қашықтықтан зондтау, су объектілері, жерсеріктік суреттер, QGIS, өзен ені, өсімдіктер индексі.

G.F. Akhmedzhanova

### Analysis of changes in the channel of the Syrdarya river according to remote sensing data

**Abstract.** This work is devoted to the study of the nature of changes in the course of the Syrdarya River from satellite images of Landsat-7 and Landsat-8. The results of processing and analysis of remote sensing data of the water body under consideration are presented.

**Keywords:** Remote sensing, water bodies, satellite images, QGIS, river width, vegetation index.

ӘОЖ 622.271

А. Әлібек

Ғылыми жетекшісі – Шампикова А. лектор Satbayev University,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
[alibek.almat@mail.ru](mailto:alibek.almat@mail.ru)

### БОЗШАКӨЛ ҚАРЬЕРІНДЕГІ БҰРҒЫЛАУ-ЖАРУ ЖҰМЫСТАРЫН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Аңдатпа.** Мақала «KAZ Minerals» компаниясы қарасты Бозшакөл мыс кен орнының геологиясы және ашық тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы баяндалған. Сонымен қатар, қарьердегі бұрғылау-аттыру жұмыстарын жобалау және жүргізу кезіндегі маркшейдерлік жұмыстар қарастырылған

**Түйін сөздер:** Бозшакөл қарьері, тау-кен жұмыстары, бұрғылау, жарылыс, жобалау, маркшейдерлік қамтамасыз ету.

**Кіріспе.** Биылғы жылығы дәстүрлі «Сәтбаев оқулары» аясында Қазақстан ғылымының төрағасы Қ.И.Сәтбаевпен бірге үзенгілес, қазақ жері қайнауындағы ұлан-ғасыр кен байлықтарымызды ашуда ерінбей еңбек еткен, Ақжан Машанов, Рамазан Борукаев сынды тау-кен инженерлер-геолог ғалымдардың өмір жолдарымен танысудамыз, еңбектерін зерделеп, осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардарамыз. Биыл КазПТИдың (қазіргі Satbayev University), біздердің ойымыздың өрісті, келешектегі еңбегіміздің жемісті болатынына сенімдіміз маркшейдерлік іс кафедрасын 30 жылдан астам басқарып, мындаған тау-кен инженерлері мен ғылыми қызметкерлерді даярлауға үлес қосқан А.Машановтың туғанының 115 жылдығы аталып өтілмекші және де Бозшакөл тақырыбына орай, осы кен орнын зерттеудегі орасан зор еңбек Рамазан Асланбекұлы Борукаевты да еске алмақшымыз. Ол Ленинград тау-кен институтын бітіргеннен кейін (1931 ж.), өмірін

Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп Қазақстан геологиясына арнаған. Осындай атаулы конференцияға қатысу, Satbayev University студенттері біздер үшін зор мақтаныш.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** Бүгінде Қазақстан республикасы өзінің аумағы мен ұшан – теңіз табиғи байлығы жағынан ірі экономикалық аймақ болып отыр. Еліміздің жер қойнауында Менделеевтің химиялық кестесінде көрсетілген 110 элементтің 99 анықталып отыр. Оның 70 элементі барланып, бүгінде 60 пайдаға асуда. Дүниежүзі ғалымдарының бағалауы бойынша табиғи ресурстары қорынан әлемде алтыншы орында тұр. Ғалымдар Қазақстанның барланған жер қойнауындағы қорын шамамен АҚШ-тың 10 триллион долларына бағалап отыр. Қазақстан – мұнай, газ, титан, магний, қалайы, уран, алтын және басқа түсті металдар қоры жағынан дүние жүзіндегі ең бай ел болып саналады. Вольфрам қорынан әлемде бірінші орында, хром мен фосфорит рудаларынан – екінші, ал қорғасын мен молибденнен – төртінші, жалпы темір рудалары қорынан (16,6 миллиард тонна) Бразилия, Австралия, Канада, АҚШ, Индия, Ресей мен Ураинадан кейін алтыншы орында тұрмыз.

Міне осындай байлығымыз туралы Қазақ ғылымының төрағасы, КССРО Ғылым академиясының академигі, әмбебап білім иесі Қ.И.Сәтбаев «Біздің Республикамыз өзінің ұлан –ғайыр шалқарында табиғи қазыналарды тығып сақтауда. Қазақстанның болашақ байлығы қазбасында, оны орынды пайдалану халықтың материалдық игілігі мен мәдени деңгейін, экономикасы мен әлеуметтік дамуын белгілейді» деген болатын. Осындай теңдесі жоқ , ең ірі мыс кен орындарының бірі Бозшакөл. Ол Қазақстанның солтүстігінде Павлодар облысында, Екібастұз қаласына жақын жерде орналасқан мыс кен орны (1-сурет).

Бозшакөл -«KAZ Minerals» компаниясына қарасты және СНГ елдері бойынша өндіру көлемі жағынан да, ауқымы жағынан да ірі тау-кен жобасы болып табылады. Кеніш пен байыту фабрикасын пайдалану мерзімі 40 жылдан асады. Мыстан басқа алтын және молибден шығарылады. Кен орнында күтілетін өндіріс көлемі жоба іске қосылғаннан кейінгі алғашқы 10 жыл ішінде катод эквивалентіндегі 100 мың тонна мысты құрайды



Сурет 1 - Бозшакөл кен орны инфрақұрылымы

1930 жылдың көктемінде Бозшакөл кен орнында барлау жұмыстары басталып.1931 жылы Бозшакөл кентінің құрылысы басталды.1932 жылдың және 1933 жылдың қарашасына дейін Бозшакөлде барлау жұмыстары жалғасты.Жалпы Бозшакөл кен орны 1857 жылы ашылған.

Бұл екі карьерден тұратын ашық типтегі кеніш, кен орнын игеру нөлден басталады. Жоба энергетикалық, көліктік және жобаға қажетті басқа инфрақұрылымға жақын орналасқан. Кенішті байыту фабрикасы және кенді балшықтан тазарту зауыты (каолин зауыты) қолдайды (2-сурет).



Сурет 2 - Бозшакөл карьері

Бозшакөл кен орнындағы кеніш пен байыту фабрикасының пайдалану мерзімі 40 жылдан асады. Кен орнында күтілетін өндіріс көлемі жоба іске қосылғаннан кейінгі алғашқы 10 жыл ішінде катод

эквивалентіндегі 100 мың тонна мысты құрайды. Өңдеуші кәсіпорындардың өнімділігі: байыту фабрикасы (құрылыс жалғасуда) — жылына 25 млн тонна кен, кенді балшықтан жуу зауыты (құрылыс жалғасуда) — жылына 5 млн тонна кен.

Жобаны іске қосу 2015 жылдың төртінші тоқсанында, ал алдын — ала өндірудің басталуы 2015 жылдың екінші жартысында жоспарланған болатын. Өндіріс 2016 жылдың ақпан айында басталды. Кеніштегі өндіріс көлемін есептік қуатқа дейін арттыру 2017 жылдың екінші жартысында аяқталды.

Осы жобаның сульфидті кенді өңдейтін негізгі фабрикасында коммерциялық мыс концентратын өндіру 2016 жылдың ақпан айында бастап іске қосылған.

Міне осындай алып карьердегі тау-кен мамандарының басты жұмысы – ол бұрғылап-жару жұмыстары(БЖЖ).

Карьердегі бұрғылау-жарылыс процесі көп еңбек сіңіріруді және қауіпсіздік ережелерін қатал сақтауды талап ететін жұмыстар қатарына жатады (3-сурет) Оның барлық кезеңдері (далалық және камеральдық жұмыстары) маркшейдерлік қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұрғылап-жару жобасын жүзеге асыру - барлық қатысушылардан (геологтар, маркшейдерлер, бұрғылаушылар және жарушылар) дәл ұйымдасқан және бір-бірімен байланысып жұмыс істеулеріне тікелей байланысты.

Карьерлердегі бұрғылап-жару жұмыстарын (БЖЖ) ұйымдастыру төмендегі ретпен орындалады:

1. Жарылыс жобасын жасау үшін қажетті мәліметтерді даярлау(БЖЖ жүргізілетін блокта геологиялық-маркшейдерлік түсірімдер жүргізу және оның негізінде тау жыныстарының, кеннің сипаттамаларын көрсететін блоктың планын жасау).

2. Жобадағы барлық ұңғымаларды қопарылыс алаңының бетіне көшіру және орындарын белгілеу.

3. Ұңғымалардың тереңдігін анықтау, олардың жоба тереңдігінен артық үңгілену шамасын есептеу, ұңғымалар арасының, олардың қатарларының ара қашықтықтарын және қопарғыш заттардың (ҚЗ) көлемін анықтау.

4. Жарылыс ұңғымалары бұрғыланғаннан кейін маркшейдерлік түсірім нәтижесінде қопарылатын блоктың орындалу планы мен қимасын жасау.

5. Бұрғыланған ұңғымалардың тереңдігін анықтап, олардың жобаға сәйкестігін тексеру.

6. Жарылыстан кейін қайтадан маркшейдерлік түсірім жүргізу, қопарылған тау-кен жыныстары қоспасының көлемін анықтау, жарылыстың нәтижесін шығару.

Бүгінде маркшейдердің атқаратын осындай ауқымды жұмыстары жеңілденіп, карьердегі БЖЖ маркшейдерлік қамтамасыз ету компьютерлік жолға қойылған. Бұрғылау-жару процесіндегі жұмыстарды автоматты түрде есептеу және модельдеудің жетекші фирмалар жасаған бірнеше бағдарламалары (Datamine, Ұлыбритания; Techbase, АҚШ; Gemcom, Канада; ВИОГЕМ, Ресей және т.б.) бар және олар Қазақстан кәсіпорындарында кеңінен қолданылуда.


Бұл бағдарламалар БЖЖ-ға қажетті жоғарыда айтылған құжаттардың барлық түрлерін құрастыруға және редакциялауға, мәліметтер қорын жинақтауға сонымен қатар маркшейдерлік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Мұндағы геологиялық, маркшейдерлік, бұрғылау-жару мәліметтері блокты сканерлеу суреттерінен және электронды тахеометрмен жүргізілген түсірімнің нәтижелерін компьютерде өңдеуден алынады (3-сурет).



Сурет 3 - бұрғылау-жару жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз етудің блок-схемасы

БЖЖ-ын компьютерлік жобалау мен маркшейдерлік қамтамасыз етудің жалпы схемасында екі кезең көрсетілген: бұрғылаудың және блокты жарудың жобаларын карьерде автоматты режимде жүзеге асыру. Мұндағы жобалау технологиясы компьютерде, ешқандай қағазсыз жүргізіледі. Монитордағы ұңғымаларды орналастыру (5,а-сурет) мен қопарылатын блокты модельдеудің (5,б-

сурет) бейнелерін экранда курсор арқылы редакциялауға, масштабын өгертуге, жекелеген бөліктерін түзетуге болады.



Сурет 4 - Қопарылатын блоқты жобалау а-ұңғымаларды орналастыру; б- блоктың 3D моделі

**Қортынды.** Жаппай жарылыстан кейін қайтадан маркшейдерлік түсірім жүргізіледі, қопарылған блоктың қимасы жасалынады және қопарылған жыныстары қоспасының көлемі, қопсу коэффициенті және т.б. анықталады, сонымен қатар, БЖЖ нәтижесі бойынша есеп беріледі.

#### Әдебиет

1. Нұрпейісова М.Б. Жер қойнауын игерудің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі (монография) - Алматы: КазҰТЗУ, 2016.- 436 б.
2. Нұрпейісова М.Б. Маркшейдерлік іс (оқулық).-Алматы: Дәуір, 2015.-400б.
3. Нұрпейісова М.Б. Рысбеков К.Б. Маркшейдерлік және геодезиялық аспаптар (оқулық). –Астана: Фолиант, 2013.- 258 б.

#### А. Әлібек

##### Маркшейдерское обеспечение буровзрывных работ на Бозшакольском карьере

**Аннотация.** В статье изложена геология медного месторождения Бозшаколь при компании» KAZ Minerals " и современное состояние открытых горных работ. Кроме того, предусмотрены маркшейдерские работы при проектировании и проведении буровзрывных работ в карьере.

**Ключевые слова:** Бозшакольский карьер, горные выработки, бурение, взрыв, проектирование, маркшейдерское обеспечение.

#### A. Alibek

##### Surveying support for drilling and blasting operations at the Bozshakol quarry

**Abstract.** The article describes the geology of the Bozshakol copper deposit under the KAZ Minerals company and the current state of open-pit mining. In addition, surveying works are provided for the design and implementation of drilling and blasting operations in the quarry.

**Keywords:** Bozshakol quarry, mining, drilling, explosion, design, surveying support.

ӘОЖ 504.064.47

**Е.Е. Бегимжанова**

*Ғылыми жетекші- Жақыпбек Ы. қауымдастырылған профессор  
Satbayev University, Алматы қ., Қазақстан  
[20089527@mail.ru](mailto:20089527@mail.ru)*

#### ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

**Андапта.** Мақалада жалпы қалдықтар, оның ішінде қалалық қатты тұрмыстық қалдықтардың түрлері және олардың түзілуіне байланысты жіктелуі туралы мәлімет берілген. Сонымен қатар, олардың қауіптілігі және олардың сақталу, тасымалдану жағдайына сипаттама келтірілген. Қатты тұрмыстық қалдықтардың қауіптілік дәжесіне байланысты жасалынған

классификациясы арқылы олардың келтірер зардабына талдау жасап, сәйкес басқару шараларын жүргізуге мүмкіндік беріледі

**Түйін сөздер:** қалдықтар, түрлері, қатты тұрмыстық қалдықтар, жіктеме, екінші реттік өнім.

Қалдықтар-кейінгі ретте қолдану, өңдеу немесе жою үшін арнайы орындарда орналастырылған шикізаттың, материалдардың, сапасыз және қосалқы өнімдердің қалдықтары, яғни қолданылған және өзінің бастапқы сапасын жоғалтқан дайын өнім. Қалдықтардың ішіне қолданыс, өндіріс және тұрмыстық қалдықтар кіреді.

Қалдықтар келесі түрде жіктелінеді (1-кесте):

Кесте 1 - Қалдықтардың жіктемесі

<b>Агрегаттық жағдайына қарай</b>		
<b>Қатты</b>	<b>Сұйық</b>	<b>Газ</b>
Ұнтақ, құйма, қатқан қоспа түріндегі қалдықтар. Оларға: күйінді, күл, шаң және күйе түйірлері, пласмасса және резеңке қоқыстары, кенді байытудан кейінгі, минералды металдан жасалынған және органикалық ыдырайтын заттар кіреді.	Толықтай сұйық фазадағы, суда еритін тұздар, сілтілер, қышқылдардан тұратын қалдықтар. Олар қозғалмалы келеді. Өндірістік ағынды сулар, өңделген органикалық еріткіштер және улы сұйықтар жатады.	Өндірістік пеш, кептіргіш және үрлелемелі кондырғылар, химиялық процесстердің газ түріндегі шығарындысы. Оған әртүрлі түтіндер, иісі бар газдар, органикалық заттардың парлары, буауалы қоспалар кіреді.
<b>Химиялық құрамы бойынша</b>		
<b>Органикалық</b>	<b>Бейорганикалық</b>	
Ауыл шаруашылығында өндірілген немесе табиғи материалдардан жасалынған табиғи сипаттағы өнімдер жатқызылады. Мысалы, жеміс-жидектер, көкөністер, ет және сүт өнімдері, жануарлар мен адамның тіршілік әрекеті негізінде қалыптасқан өнімдер және т.б.	Адамның қолынан жасалған бұйымдар, құралдар және құрылғылардың негізінде қалыптасады. Мысалы, пластмассалар, шыны қалдықтары, пластик қалта, пенопласт және т.б.	
<b>Генезисі бойынша</b>		
<b>Тұрмыстық қалдықтар</b>	<b>Өндірістік қалдықтар</b>	
Тұтынушылық қасиетін жоғалтқан бұйымдар мен товарлар. Мысалы, былғары, резеңке, газет, журнал және т.б.	Өндірісте қолданылған материалдар мен шикізаттардың қалдықтары. Мысалы, қара және түсті металлдардың сынығы, бояу, ерітінді, мата және т.б.	
<b>Қолдану мүмкіндігі бойынша</b>		
<b>Екінші реттік материалдық қорлар</b>	<b>Қалдықтар</b>	
Пайдалы өнім алу үшін шикізат ретінде қолдануылуы мүмкін өндіріс және қолданыс қалдықтарының жиынтығы.	Экономикалық дамудың қазіргі сатысында өңделуі орынсыз болып табылатын, алдын-ала залалсыздандыратын және қажет болған жағдайда арнайы мақсаттағы полигондарда көмелетін заттар жатқызылады.	

Тұрмыстық қалдықтар адамдардың тіршілік әрекетінің нәтижесінде қалыптасады. Қатты тұрмыстық қалдықтарға картон, газет, орауыш немесе тұтыну қағаздары, әртүрлі ыдыстар (ағаш, шыны, металдан жасалынған), қолданыстан шыққан немесе қолданушылық қасиетін жоғалтқан ағаштан, металдан, былғарыдан, шыныдан, пластмассадан, тоқымадан немесе басқа материалдан жасалынған заттар және бұйымдар, сынған немесе ескірген тұрмыстық құралдар, сонымен қатар, ауылшарушылық және коммуналдық тағам қалдықтары жатады [1]. Қатты тұрмыстық қалдықтардың классификациясы алуан түрлі. Мысалы, адамның іс-әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан қалдықтардың барлық түрлерін екі үлкен топқа жіктеуге болады: өндіріс және қолданыс қалдықтары.

Өндіріс қалдықтары-технологиялық үрдістің нәтижесінде қалыптасқан және толықтай немесе жартылай өндірістік қасиетін жоғалтқан шикізат, материалдар, жартылай дайын өнімдер және дайын өнімдердің қалдықтары (1-сурет) [2].



Сурет 1 - Өндірістік қалдықтар жіктемесі

Қолданыс қалдықтары-кейінгі қолданысқа жарамсыз әртүрлі бұйымдар, құрамдас материалдар мен бөлшектер. Өз кезегінде қалдықтардың бұл түрі өндірістік қолданыс және тұрмыстық қалдықтар болып бөлінеді (2-сурет).



Сурет 2 - Қолданыс қалдықтары

Өндірістік қолданыс қалдықтары-қолданыстан шыққан жабдықтар, металл сынығы, әртүрлі материалдан жасалынған техникалық мақсаттағы бұйымдар.

Жанама өнімдердің қатарына өндірістік, екінші реттік шикізат көздері жатқызылады. Жанама өнімдер шикізатты физико-химиялық өңдеу барысында, өндірістің негізгі өнімдерімен қатар қалыптасады.

Пайдалы өнім үшін шикізат ретінде қолданылатын техногендік және антропогендік қалдықтардың жиынтығы екінші реттік материалдық қорлар деп аталады. Оларды қолдану мүмкіндігіне қарай нақты және потенциалды қорлар деп жіктейді. Нақтыға өңдеу үшін арналған тиімді әдістері бар, сонымен қатар, өткізу нарығымен қамтамасыз етілген екінші реттік материалдық қорлар; потенциалдыға біріншісіне кірмейтін барлық қорлар жатқызылады. Потенциалды екінші реттік материалдық көздерге қазіргі уақытта жеткілікті дәрежеде қолданылмайтын және өндіріс үшін арналған материалдық қорлар да кіреді [3].

Қауіпті тұрмыстық қалдықтарға батареялар, аккумуляторлар, электр құралы, лактар, бояулар, опа-далап, тыңайтқыштар, улы химикаттар, тұрмыстық химия, медициналық қалдықтар, сынабы бар термометрлер, барометр, тонометр, шамдар кіреді.

Қалдықтардың бұл түрлері (улы химикаттар, лактар, желім, опа-далап, жемірілуге қарсы құралдар, тұрмыстық химия) канализациялық ағындар арқылы су қоймаларына немесе үйінділерден шайылып жер асты суларына түсетін жағдайда қоршаған ортаға қауіп төндіреді. Батареялар мен сынабы бар құралдар корпусы зақымдалғанша қауіпсіз: құралдардың шыны корпусы қоқыс үйінділеріне жетпестен бұрын сынады, ал жемірілу процесі батареялардың корпусын белгілі-бір уақыттан кейін желінуіне алып келеді. Кейін, сынап, қорғасын, сілті, мырыш атмосфералық ауаның, жерасты және жерүсті суларының екінші реттік ластануының көзіне айналады [4]. Өндірістік қалдықтарды қауіптілік дәрежесіне қарай төрт классқа жіктейді (2-кесте)[5]:

Кесте 2 - Өндірістік қалдықтардың қауіптілік дәрежесіне қарай жіктелуі

1-класс – өте қауіпті	2-класс – қауіптілігі жоғары	3-класс – қауіптілігі орташа	4-класс – қауіптілігі аз
1-қауіптілік классының қалдықтары	2-қауіптілік классының өндіріс	3-қауіптілік классының өндіріс	4-қауіптілік классының өндіріс

ыдыста (болат бөшекелер, контейнерлер) сақталады. Толуына қарай қалдықтар салынған ыдысты болат қаппен жабады, қажет болған кезде электрлі газбен дәнекерлейді және қауіпті қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтары бар қаптаманы таңбалауды қамтамасыз етеді.	қалдықтары агрегаттық күйіне сәйкес полиэтилен қаптарда, пакеттерде, бөшекелерде және зиянды заттардың (ингредиенттердің) таралуына кедергі болатын ыдыстардың басқа да түрлерінде сақталады.	қалдықтары жайылтпай сақтауды қамтамасыз ететін, тиеу-түсіру және көлік жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін және зиянды заттардың таралуын болдырмайтын ыдыста сақталады.	қалдықтары өнеркәсіптік алаңда конус тәрізді үйінді түрінде ашық күйінде сақталады, сол жақтан олар автотиегішпен автокөлікке тиеледі және кәдеге жарату немесе көму орындарына жеткізіледі.
---	---	--	--

Қорыта келгенде, қалдықтарды қолдану, өңдеу және жоюды басқару үшін олардың жіктелу ерекшеліктерін білудің маңыздылығы жоғары. Мәселен, қалдықтарды өңдеудегі бастапқы кезеңдердің бірі-сұрыптау үрдісінің өзі қалдықтардың түрлеріне қатысты сауаттылықты талап етеді. Сондықтан, қоршаған ортаны қорғаудағы алғашқы қадамдардың бірі халықтың арасында қалдықтар және олардың түрлеріне қатысты көбірек мағлұматтармен хабарландыру керек. Себебі, ғылым мен техниканың заманауи даму жағдайына қарамастан алуан-түрлі өнімдерді қалдықсыз алуды және қолдануды қамтамасыз етілмеуде. Ол тек қана технологиялық тізбектердің қатары және тиімділігі жоғары салалар және өндірістік бірлестіктердің негізінде қол жетімді.

#### Әдебиет

1. Естемесов З. А., Бекбасаров Ш. Ш., Твердые отходы и использование их в производстве строительных материалов. Алматы: ЦЕЛСИМ, 2009.-190 с. Табл. 47, ил. 56, библиография 170.
2. Гринин, А. С. Промышленные и бытовые отходы: хранение, утилизация, переработка / А. С. Гринин, В. Н. Новиков. – Москва : Фаир-пресс, 2002. – 336 с.
3. Шубов, Л. Я. Технология твердых бытовых отходов [Текст] : учебник / Л. Я. Шубов, М. В. Ставровский, А. В. Олейник. –Москва : Альфа-М : ИНФРА-М, 2011. – 400 с.
4. Сбор и переработка твердых коммунальных отходов: монография/Л. И. Соколов, С. М. Кибардина, С. Фламме, П. Хазенкамп. 2 изд. испр. и доп., -М.: Инфра-Инженерия, 2017, - 176 с.
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017242>

**Е.Е. Бегимжанова**

#### Классификация твердых отходов

**Аннотация.** В статье приведены сведения об отходах, в том числе о видах городских твердых бытовых отходов и их классификации в зависимости от образования. Кроме того, дана характеристика их опасности и условий их хранения, транспортировки. С помощью классификации твердых бытовых отходов, разработанной в зависимости от степени опасности, можно провести анализ их последствий и провести соответствующие управленческие мероприятия.

**Ключевые слова:** отходы, виды, твердые бытовые отходы, классификация, вторичная продукция.

**E.E. Begimzhanova**

#### Classification of solid waste

**Abstract.** The article provides information about waste, including the types of municipal solid waste and their classification depending on the formation. In addition, the characteristics of their danger and the conditions of their storage and transportation are given. It is possible to analyze their consequences and carry out appropriate management measures with the help of the classification of municipal solid waste, developed depending on the degree of hazard.

**Key words:** waste, types, solid household waste, classification, secondary products.

**А.Д. Бектас**

*Ғылыми жетекші - Жақыпбек Б. қауымдастырылған профессор  
Satbayev University, Алматы қ., Қазақстан  
[assylzat0608@mail.ru](mailto:assylzat0608@mail.ru)*

## **ЖЕЛІЛІК ОБЪЕКТІЛЕР МОНИТОРИНГІН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада ел экономикасына тікелей әсер ететін желілік нысандарға геодезиялық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мәселелерін жүзеге асыру қарастырылады. Желілік инженерлік құрылыстарды қалыптастыру барысында және оны қолдану аясында жүргізілетін геодезиялық өлшеу жұмыстары өте маңызды болып табылады. Яғни, желілік нысандардың қауіпсіздігі адам өміріне тікелей байланысты. Бұл міндетті іске асыру мақсатында арнайы мониторинг жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда, сызықтық нысандарға мониторинг жұмыстарын нақты әрі дәлме-дәл жүргізуді геодезиялық қамтамасыз етуге арналған әдістер қатары кең тарамаған. Мониторингті жүргізуге тікелей байланысты геодезиялық өлшеу жұмыстарының нәтижелері – желілік нысандар үшін негіз болып табылады.

**Түйін сөздер:** мониторинг, геодезиялық өлшеулер, желілік нысандар, инженерлік құрылыс.


Қазақстан экономикасының дамуы көп жағдайда желілік ұзындықтағы түрлі коммуникациялық құрылыстардың – теміржол және автомобиль жолдарының, магистральдық құбырлардың, электр желілерінің, коммуникациялардың және т.б. құрылысы мен техникалық жай-күйіне байланысты болады. Осы желілік объектілердің әрқайсысы жобалаудан бастап пайдалануға дейінгі барлық кезеңдерде геодезиялық қамтамасыз ету маңызды болып саналады. Жер учаскелері және оларда орналасқан желілік объектілер күрделі табиғи-техникалық жүйелер ретінде қарастырылады. Сызықтық объектілерді салғаннан кейін жер мен қоршаған орта бұзылады, бұл өз кезегінде сызықтық объектілердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсер етеді. Сондықтан мұндай табиғи-техникалық жүйелерді бақылау, кешенді мониторингтеу жүйелі шешілуі тиіс маңызды ғылыми-техникалық және экономикалық міндет болып саналады.

Қазақстан Республикасының жер заңнамасы елдегі және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгерістері ескеріле отырып, үнемі дамып, жетілдіріліп, толықтырылып отырады. Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің желілік объектілеріне автомобиль және теміржолдар, әртүрлі құбыржолдар, электр беру желілері (ЭБЖ) және байланыс желілері, шекаралар мен қоршаулар жатқызылған [1]. Осы аталған желілік объектілердің шөгуді мен деформацияға ұшырамауын геодезиялық өлшеулер мен қамтамасыз етуге дәстүрлі геодезиялық, аэроғарыштық және картографиялық негізде ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және сақтау мақсатында заманауи апспаптар мен бағдарламалар қолданылады.

Қазақстан Республикасының қала құрылысы кодексі желілік объектілерді инженерлік-техникалық қамтамасыз ету, электр беру және байланыс желілері, құбыр, автомобиль мен теміржолдар, көпірлер, туннельдер, метро құрылыстары, фуникулярлар және т. б. кіреді. Сызықтық объектілердің барлық түрлері олардың жер бетімен салыстырмалы түрде қысқа (500 м-ге дейін) және ұзын (1000 км-ге дейін) учаскелерінде орналасуымен сипатталады.

Желілік инженерлік құрылыстарға іргелес объектілерді қауіпсіз, апатсыз пайдалануды қамтамасыз ету үшін объектілердің бөлінген белдеулеріне қосымша күзет аймақтары белгіленеді.

Сызықтық нысандардың (1-сурет) орналасуы барысында оларға әртүрлі геодинамикалық, геоэкологиялық, техногендік және т.б. табиғи-климаттық факторлар әсер етеді. Яғни, олар жер үсті және жер астында орналасқан инженерлік құрылыстар кешендерін қамтиды.



Сурет 1 - Сызықтық нысандар

Сызықтық нысандарды жобалау барысында жасалған картографиялық мәліметтер және құрылыс аяқталғаннан кейінгі атқарушы түсірімдер мониторингті жүргізу барысында қажет болатын ең негізгі ақпараттар болып табылады [2].

Толық және сапалы инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізу үшін арнайы ұңғымаларды бұрғылау міндетті кезең болып табылады (1-кесте). Олардың саны келесі жағдайларға байланысты:

- құрылатын құрылыстың мақсаты;
- оның ұзындығы (бұрғылау белгіленген қадам бойынша жүзеге асырылады);
- аумақтың ерекшеліктерін анықтаудың қажетті дәлдігі;
- бұрылыстар саны;
- жергілікті жердің геологиясы;
- құру кезеңдері және т. б.

Кесте 1 - Ұңғыманың тереңдігіне объектінің мақсаты мен қажетті тереңдігі.

Объект және оның мақсаты	Ұңғыманың сипаттамалары	
	нақты тереңдік	топырақтың қатуына қатысты тереңдік
Автомобильдік жолдар	3 м-ге дейін	қалыпты жағдайдан 2 м төмен
Электр беру желілері	3-7 м	
Құбыр (магистраль)	1-2 м (құбыр салынған тереңдіктен төмен)	қалыпты жағдайдан 2 м төмен
Кабельдік байланыс желісі	1-2 м (кабель салынған тереңдіктен төмен)	қалыпты жағдайдан 1-2 м төмен
Жер асты коллекторы	2 м (коллектор салынған тереңдіктен төмен)	
Газ құбыры, жылу желісі және т. б.	1-2 м (объект салынған тереңдіктен төмен)	қалыпты жағдайдан 1-2 м төмен

9. Малиновская Л.В., Перевалов С.Н. Сорбционно-биологическая рекультивация химически загрязненных почв при разработке нефтегазовых месторождений //Международный научно-исследовательский журнал. №10. (52). Часть 4. Екатеринбург. 2016. -С.19-24. DOI: 10.18454/IRJ.2016.52.163. <https://research-journal.org/wp-content/uploads/2011/10.pdf>.
10. Margarita Ignatyeva, Vera Yurak, Natalia Pustokhina. Recultivation of Post-Mining Disturbed Land: Review of Content and Comparative Law and Feasibility Study. Doi: 10.3390/resources9060073. <http://mdpi.com/2079-9276/9/6/73>.
11. Matt Andersen, Roger Coupal, Bridgette White. Reclamation Costs and Regulation of Oil and Gas Development with Application to Wyoming. Western Economics Forum, Spring 2009. pp 40-48. DOI: 10.22004/ag.econ.92846. <https://ageconsearch.umn.edu/record/92846/files/0801005.pdf>.
12. Holly Krutka. Learning From Positive Outcomes on Land Reclamation. Cornerston. The official journal of the world coal industry. 2015. Volume 3. Issue 4. pp 4-9. [https://www.worldcoal.org/files/C\\_](https://www.worldcoal.org/files/C_)

**Т. Қалыбеков, М.Н. Сандибеков, Қ. Б. Рысбеков, Ы. Жақыпбек**

**Мұнай-газ кен-орындарын игеру барысында бұзылған жерлерді қалпына келтіру мәселесін зерттеу**  
**Аңдатпа.** Мақалада игерілген аудандардың сапасын және қалпына келтіру жылдамдығын арттыру үшін рекультивацияның техникалық және биологиялық кезеңдерін бірге орындау мақсатында мұнай-газ кен орындарын игеру барысында бұзылған жерлерді қалпына келтіру жағдайы зерттелген.

**Түйін сөздер:** қалпына келтіру, бұзылу, мұнай-газ кен орны, қоршаған орта, игеру.

T. Kalybekov, M.N. Sandibekov, K.B. Rysbekov, Y. Zhakypbek

**Studying the problem of disturbed land recovery in the development of oil and gas fields**

**Abstract.** The article studies the state of restoration of disturbed lands during the development of oil and gas fields in order to jointly carry out the technical and biological stages of reclamation to improve the quality and accelerate the restoration of worked-out areas.

**Keywords:** reclamation, disturbance, oil and gas field, environment, development.

УДК 550.3

**Х.М. Касымканова<sup>1</sup>, С.А., Истекова<sup>2</sup>, Г.К. Джангулова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы.

<sup>2</sup>Сатпаев университет, г. Алматы

[hkasymkanova@gmail.com](mailto:hkasymkanova@gmail.com), [gulnarzan@gmail.com](mailto:gulnarzan@gmail.com)

**ТРЕХМЕРНАЯ СЕЙСМОРАЗВЕДКА ДЛЯ МОДЕЛИРОВАНИЯ РУДНЫХ ЗАЛЕЖЕЙ  
В СЛОЖНЫХ ГОРНО-ГЕОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ КАЗАХСТАНА**

***Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы о возможности применения сейсморазведочных работ при решении задач рудной геологии в сложных горно-геологических условиях Казахстана. Представлено обоснование и дана характеристика геолого-геофизических условий для проведения опытных 3D сейсморазведочных работ на месторождениях Жиландинской группы медистых песчаников, расположенных в Карагандинской области Центрального Казахстана. Обозначены направления и технология процесса моделирования рудных горизонтов и прослеживания их в пространстве по результатам комплексной интерпретации трёхмерной сейсморазведки и геолого-геофизических данных, которые позволят значительно увеличить коэффициент достоверности прогнозирования рудных залежей.*

***Ключевые слова:** сейсморазведка, рудные месторождения, структурные элементы, моделирование, рудное тело.*

Сейсморазведка – наиболее богатый по возможностям и наиболее информативный геофизический метод – долгое время казался непозволительной роскошью при поисках и разведке рудных месторождений. Успехи сейсмического метода в поисках и разведке месторождений нефти и газа, а также трудности изучения глубокозалегающих и скрытых рудных залежей другими геофизическими методами, пониженная стоимость по сравнению с бурением, коренным образом изменили за последние годы ее место в комплексе методов рудной геофизики и показали необходимость разработки специальной технологии применения 3D сейсморазведки на всех этапах поисков и разведки твердых полезных ископаемых [1-3].

Сейсмический метод начал применяться для исследования структурно-тектонических особенностей строения складчатых районов, морфологии и условий залегания рудоносных интрузий, изучения структуры рудных полей и месторождений на необходимую для целей геологической разведки глубину. Он позволяет обнаруживать и прослеживать на глубину тектонические нарушения, зачастую играющие важную роль при образовании рудных месторождений. С помощью сейсморазведки могут быть уточнены контуры рудоносных интрузий, определено положение их апикальных частей, прослежены контактные боковые поверхности и нижние кромки. Это повышает эффективность поисков контактово-метасоматических, скарновых, штокверковых и других месторождений.

Возрастающее применение сейсморазведки на различных мировых рудных месторождениях показывает, что она, наконец, становится признанной и традиционной в горнодобывающем секторе. Это открывает новые возможности для геофизиков, но также ставит дополнительные задачи для решения новых проблем, особенно, в связи с возникновением проблемы поисков глубоко залегающих рудных объектов, возросшей трудоемкостью и стоимостью буровых и горных работ. Сегодня объектами исследования

рудной сейсморазведки являются разнообразные геологические структуры, складчатые структурные элементы, интрузивные образования, разрывные нарушения, подземные пустоты и т.п. [4-6].

Появление современных средств регистрации, приема и возбуждения упругих колебаний для проведения 3D сейсморазведки, широких возможностей обрабатывающих и интерпретационных комплексов, обеспечивают получение материалов высокого качества и, тем самым, создают условия для повышения эффективности сейсморазведки при решении геологических задач на рудных месторождениях [7,8].

Сегодня возникла необходимость определить возможность использования высокоплотностной широкоазимутальной 3D сейсморазведки как для структурного картирования рудоперспективных площадей, так и детального изучения глубокозалегающих рудоносных комплексов [9,10]. Применение высокоразрешающей 3D сейсморазведки на различных рудных объектах Казахстана открывает новые перспективы для специалистов-геофизиков и ставит актуальные задачи для решения проблем, возникающих при изучении рудных районов на больших глубинах в сложных горно – геологических условиях.

Учитывая высокие перспективы применения современной 3D сейсморазведки при освоении рудных месторождений, группой ученых Казахстанского головного института по проектированию предприятий цветной металлургии ТОО НИИ «Казгипроцветмет» подготовлен научно-исследовательский проект «Трёхмерная сейсморазведка для моделирования рудных залежей в сложных горно-геологических условиях Казахстана», который в настоящее время реализуется в рамках грантового финансирования проектов коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности «Фонда Науки» РК в период 2018-2021 гг. Технология будет апробирована и внедрена на существующих месторождениях компании ТОО Корпорации «Казахмыс» в Жезказганском рудном районе. Согласован план мероприятий совместной деятельности ТОО «Корпорации Казахмыс» и ТОО «Казгипроцветмет» по выполнению данного проекта. В рамках реализации гранта подписаны договора с сервисными компаниями о выполнении полевых сейсморазведочных работ (рисунок 1)



Рисунок 1- Согласование плана мероприятий совместной деятельности

Исследования проводятся с целью внедрения и коммерциализации технологии моделирования геологически сложнопостроенных рудных месторождений по результатам проведения детальной 3D-сейсморазведки. На основе комплексной интерпретации результатов трёхмерной сейсморазведки и геолого-геофизических данных на месторождениях медистых песчаников Центрального Казахстана выявление рудоконтролирующих горизонтов и прослеживание их в пространстве, построение модели рудных залежей для последующего эффективного освоения и эксплуатации месторождений.

На основе проведения опытных 3D сейсморазведочных работ будут уточнены геологическое строение обозначенных для исследования участков до глубины 0.8-1 км, с проведением структурного картирования рудоперспективных площадей и детально изучены

глубокозалегающие рудоносные комплексов. Все это способствует проследить по площади пласты медистых песчаников, выделить и оконтурить залежи меди.

Основные направления исследовательских работ содержит три основных этапа, и будут разработаны рекомендации по методике комплексной интерпретации результатов 3D сейсморазведки и геолого-геофизических данных для моделирования геолого-структурной обстановки и выявления рудных тел на месторождениях различных генетических типов (таблица 1).

Таблица 1 - Основные направления исследовательских работ

Направление исследований	Полевые 3D сейсморазведочные работы
	Создание базы данных и моделирование рудных горизонтов
	Разработка ТЭО об экономической целесообразности внедрения и применения технологии

1 этап. Опытные 3D сейсморазведочные работы на локальных разведанных участках Жиландинской группы месторождений Жезказганского рудного района, расположенных в Улытауском районе Карагандинской области.

2 этап. Создание базы данных на основе обобщения, анализа и подготовки всей имеющейся геологической и геофизической информации по опытным участкам и обрамляющей их территорий, включая результаты бурения, исследования керна, геофизических исследований скважин, результатов детальных полевых геофизических исследований и др. Моделирование волнового поля. Построение сейсмогеологических разрезов. Выявление границ пространственного размещения рудовмещающих пород по результатам сейсмических исследований. Комплексное геолого-геофизическое моделирование. Выделение и оконтуривание продуктивных интервалов. Моделирование пластов, рудных залежей.

3 этап. По результатам выполненных исследований формирование основных элементов разрабатываемой технологии 3D сейсморазведки рудных залежей в РК:

- методика полевых 3D сейсморазведочных работ на стратиформных меднорудных объектах Жезказганского района с обоснованием оптимального комплекса работ и технических средств и экономическими показателями;

- методика комплексной обработки и интерпретации 3D сейсморазведочных данных на стратиформных меднорудных объектах Жезказганского района;

- построение объёмных сейсмогеологических моделей объектов исследований, в виде кубов трехмерных данных – гридов  $x, y, z, f$ .

- анализ потребительского рынка технологии среди горно-рудных компаний, разработка концепции, стратегии и проектирование методов продвижения продукции на потребительском рынке.

Резюмируя вышесказанное можно утверждать, что эффективность технологии позволит «Корпорации Казахмыс», геологоразведочным компаниям Казахстана и ЕАЭС, в том числе предприятиям ГМК, при проведении геологоразведочных и поисковых работ:

- снизить себестоимость и уменьшить сроки проведения работ по выявлению новых рудных объектов;

- пополнить объёмы минерально-сырьевой базы РК.

Созданная технология будет предложена потенциальным покупателям: производственным, сервисным и научно-исследовательским организациям горнодобывающей отрасли Казахстана, для оценки запасов и как цифровая основа для создания проекта разработки рудных залежей.

## Литература

1 Сейсморазведка. Справочник геофизика. Под ред. В.П.Номоконова. М., Недра,1990г.

- 2 Бондарев В.И. СЕЙСМОРАЗВЕДКА // Современные проблемы науки и образования. – 2009. – № 1
- 3 В.В. Романов. Инженерная сейсмороазведка: -2015.-393 с
- 4 Бондарев В.И. Сейсмороазведка: Учебник для вузов. Екатеринбург: Изд-во УГГУ, 2007. - 690 с.
- 5 Ashton, C.P., Bacon, B., Mann, A., Moldoveanu, N., Déplante, C., Dickilreson, Sinclair, T. and Redekop, G. 1994. 3D Seismic Survey Design. Oilfield Review 6, 19–32
- 6 Бондарев В.И. Основы сейсмороазведки. - Екатеринбург: УЕТА, 2000. -235 с.
- 7 Бондарев В.И. Основы обработки и интерпретации данных сейсмороазведки / В.И.Бондарев, С.М.Крылатков. – Екатеринбург: УГГГА, 2001. – 193 с.
- 8 Воскресенский Ю.Н. Полевая геофизика: Учеб. для вузов. / Ю.Н. Воскресенский. – М.: ООО «Издательский дом «Недра», 2010. – 479 с.
- 9 Истекова С.А., Ан Е.А. К вопросу о применении высокоразрешающей 3D сейсмороазведки на рудных месторождениях Казахстана // Труды Сатпаевских чтений Т1. – 2019. – С54-58.
- 10 Хилтерман Ф.Дж. Интерпретация амплитуд в сейсмороазведке / Ф.Дж. Хилтерман. – Пермь: ГЕРС, 2010. – 256 с.

<sup>1</sup>Касымканова Х.М., <sup>2</sup>Истекова С.А., <sup>1</sup>Джангулова Г.К.

**Қазақстанның күрделі тау-кен-геологиялық жағдайындағы кен орындарын модельдеуге арналған үшөлшемді сейсмикалық зерттеу**

**Аңдатпа.** Мақалада сейсмикалық зерттеулерді Қазақстанның күрделі тау-кен-геологиялық жағдайында кен геологиясының мәселелерін шешуде қолдану мүмкіндігі туралы мәселелер қарастырылған. Орталық Қазақстанның Қарағанды облысында орналасқан Жыланды кеншоғырларында 3D сейсмикалық жұмыстар жүргізу үшін геологиялық-геофизикалық жағдайлардың сипаттамалары келтірілген. Кенді болжаудың сенімділік коэффициентін едәуір арттыратын үш өлшемді сейсмикалық барлауды және геологиялық-геофизикалық деректерді кешенді түсіндіру нәтижелері негізінде кен горизонттарын модельдеу және оларды кеңістікте іздеу процесінің бағыттары мен технологиясы көрсетілген.

**Түйін сөздер:** сейсмикалық барлау, кен орындары, құрылымдық элементтер, модельдеу, кен шоғыры.

**H.M. Kasymkanova<sup>1</sup>, S.A., Istekova<sup>2</sup>, G.K. Dzhangulova<sup>1</sup>**

**Three-dimensional seismic survey for modeling ore deposits in complex mining and geological conditions**

**Kazakhstan**

**Abstract.** The article discusses the issues of the possibility of using seismic surveys when solving problems of ore geology in the difficult mining and geological conditions of Kazakhstan. The substantiation is presented and the characteristics of geological and geophysical conditions for conducting experimental 3D seismic works on the deposits of the Zhilandy group of cuprous sandstones located in the Karaganda region of Central Kazakhstan are given. The directions and technology of the process of modeling ore horizons and tracing them in space based on the results of a comprehensive interpretation of three-dimensional seismic exploration and geological and geophysical data, which will significantly increase the reliability coefficient of forecasting ore deposits, are indicated.

**Keywords:** seismic exploration, ore deposits, structural elements, modeling, ore body.

УДК 528.48

**А.Т. Кобеннова**

*Ғылыми жетекшісі –Айтказинова Ш.К., Сәтбаев Университеті, қ. Алматы, Қазақстан*  
[aizhankt@icloud.com](mailto:aizhankt@icloud.com)

**АЭРОКОСМОСТЫҚ ТҮСІРІСТЕР БОЙЫНША ТОПОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАЛАРДЫ ЖАҢАРТУ**

**Аңдатпа.** Уақыт өткен сайын жергілікті жер өзгеріске ұшырайды: жаңа елді-мекендер салынады, елді-мекендер аумағы үлкейеді, жаңа жолдар және екпе ағаштар пайда болады, жер бедері және гидрография өзгеріске ұшырайды.

Жергілікті жердегі өзгерістер нәтижесінде карта мазмұны ескіреді. Мұндай картаны қолдану қиын, тіпті мүмкін де емес. Осындай жағдайлар болмас үшін топографиялық карталарды аэроғарыштық түсірістер көмегімен үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және табиғат қорғау мәселелерін шешеді.

*Сондай-ақ, еліміздің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, арнайы топографиялық карталар үздіксіз жаңартылып отырады.*

**Түйін сөздер:** қала, аумақ, топографиялық карта, жаңарту, аэрокосмостық түсірістер, картография.

Картаның ескіру процесі әртүрлі аудандар үшін біркелкі емес. Адамдар жер бедерін қаншалықты көбірек игерсе, жер бедері соншалықты тез өзгеріске ұшырайды. Тиісінше, мұндай аймақтың картасының ескіруі тезірек болады. Керісінше, нашар дамыған және аз қоныстанған аудандарда ондаған жылдар бойы айтарлықтай өзгерістер болмауы мүмкін. Мұндай аудандардың карталары баяу ескіреді. Тәжірибе көрсеткендей, елдің өндірістік күші мен қорғанысын дамыту үшін ең маңызды карталарды 6-10 жылдан кейін, ал басқа аудандардың карталарын 10-15 жылдан кейін жаңарту керек.

Осы мерзімділігіне қарамастан, жергілікті жерді түсіріс жүргізілген сәтінен бастап мынадай елеулі өзгерістер болған кезде карталарды жаңартады:

- магистральдық және айналма темір жолдар мен тас жолдар желісіндегі өзгерістер;
- елді мекендердегі ірі өзгерістердің, сондай-ақ елді мекендерден тыс орналасқан жаңа ірі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының пайда болуы кезінде;
- ірі гидротехникалық, ирригациялық және мелиорациялық құрылыстар салудан туындаған гидрографиядағы өзгерістер кезінде;
- карта бойынша жергілікті жерде бағдарлауды қиындататын өсімдік жамылғысында ірі өзгерістер болған кезде.

Алайда, жергілікті жердегі өзгерістер ғана карталардың жаңартылуын қажет етпейді. Геодезиялық координаталардың жаңа жүйесіне көшу, елді мекендердің атауларының өзгерілуі, географиялық атаулардың транскрипциялық әдістемесінің өзгеруі, жаңа шартты белгілердің енгізілуі – осының бәрі де карталардың жаңартылуына себеп болып табылады. Топографиялық карталар олардың мазмұнын жердің қазіргі жағдайына және қабылданған координаттар мен биіктіктер жүйесінде және қолданыстағы шартты белгілерге сәйкестендіріп карталарды қайта басып шығару мақсатында жаңартылады.

Жаңартылған картаның мазмұны, дәлдігі және ресімделуі топографиялық жұмыстар жөніндегі нұсқаулармен және осы масштабтағы картаға қойылған барлық талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

Түсірістер бойынша карталарды жаңарту келесі негізгі процестерді қамтиды - аэрофототүсірілім, дайындық жұмыстары, суреттерді камералдық дешифрлеу және картаны түзету, жаңартылған картаны далалық зерттеу жұмыстары.

Жердегі өзгерістер туралы пайдаланылатын ақпарат түріне байланысты карталарды жаңартудың үш әдісі қарастырылады:


- түсірістер бойынша, ол далалық зерттеумен немесе зерттеусіз жүзеге асады;
- қазіргі топографиялық карталар бойынша, әдетте, жаңартылатын картаның масштабынан үлкенірек масштабты карта болған жағдайда;
- жергілікті жерде аспаптық мензурлық түсіру тәсілдерімен.

Негізгі әдіс - түсірістер бойынша карталарды жаңарту әдісі. Ол әр түрлі масштабтағы карталарды жаңарту үшін қолданылады, яғни 1 : 10 000-нан 1 : 100 000-ға дейін, ол елдің ауылшаруашылығы мен қорғаныс карталары үшін пайдаланылады.

Масштабы 1 : 100 000-нан аз карталар үлкен масштабтағы карталар бойынша жаңартылады немесе қайта сызылады. Карталарды жаңартудың бұл әдісі картографияда қолданылады.

Карталарды жаңарту жөніндегі жұмыстардың технологиясы мен ұйымдастырылуын жаңартылатын картаның жоспарлы-биіктік негізін, жергілікті жердің сипатын және карта жасалған уақыттан бастап онда болған өзгерістерді, сондай-ақ карталарды жаңарту кезінде пайдаланылуы тиіс аэротүсірілім және басқа да материалдарды зерделеп, талдағаннан кейін белгілейді.

Топографиялық карталарды жаңарту кезінде орындалатын жұмыс кезеңдерін қарастырайық. Ең маңызды кезең – дайындық жұмыстары. Дайындық жұмыстары: карталарды жаңарту үшін қажетті материалдарды жинау мен жүйелеуді және оларды пайдалану дәрежесі мен тәртібін айқындауды; жаңартылатын картаның дәлдігін тексеруді және жергілікті жерде болған өзгерістердің саны мен сипатын айқындауды; карталарды жаңартудың техникалық жобасын әзірлеуді; карталарды жаңарту үшін негіздерді дайындауды қамтиды. Қажетті материалдарды жинап, карталарды жаңарту қажеттілігін анықтағаннан кейін жергілікті жерге аэрофототүсірілім жүргізіледі (1 сурет).




Сурет 1 –WorldView-1аэрокосмостық түсіріс фрагменті

Аэротүсірілім – түсірілім жүргізілген учаскелерде объективті кеңістіктік деректерді алу, зерделеу және ұсыну мақсатында ұшу аппаратына орнатылған аэрофотоаппараттың көмегімен жер бедерін фотосуретке түсіру процесі. Аэрофототүсірілім картаны жаңарту бойынша камералдық жұмыстар басталғанға дейін кемінде бір жыл бұрын жүргізіледі. Дала жұмыстарын қысқарту мақсатында жекелеген жағдайларда негізгі және қосалқы аэрофотоаппараттармен жергілікті жерді бір мезгілде екі масштабта суретке түсіруді орындайды. Бұл ретте негізгі аэрофотоаппарат гиостабилизациялайтын қондырғымен және радиовысотомермен жабдықталады.

Негізгі аэрофотоаппаратпен алынған суреттер фотограмметриялық желілерді құру және картаны түзету үшін, ал көмекші аэрофотоаппаратпен алынған суреттер жердің контурлары мен объектілерін сенімді түрде дешифрлеу үшін қолданылады.

Жергілікті жердің аэрофототүсірілімін алғаннан кейін түсірістерді камералдық дешифрлеу және картаны түзету жүргізіледі. Дешифрлеу кезінде картадағы контур кескінінің толықтығы мен дұрыстығын және олардың өзара орналасуын тексеріледі, сонымен қатар объектілердің сипаттамалары анықталады (2 сурет).



Сурет 2 – Картадағы объектілерді дешифрлеу және векторлау процесі

Түсірістердегі объектілерді дешифрлеу және векторлау, әдетте, мынадай негізгі объектілерден басталады: барлық жаңа елді мекендер, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ елді мекендерді жоспарлау мен салудағы өзгерістер; жаңадан салынған және салынып жатқан темір, автомобиль жолдары, жақсартылған жолдар, жолдардағы үймелер мен ойықтар және жол желісіндегі басқа да өзгерістер дешифрленеді; жаңадан салынған және салынып жатқан бөгеттер, каналдар және басқа да гидротехникалық құрылыстар, сондай – ақ солармен байланысты жергілікті жердегі өзгерістер – су қоймаларының, көпірлердің және т.б. пайда болуы; өсімдіктер контурларының өзгерістері; жергілікті жер бедеріндегі өзгерістер - жартастардың, шөгінділердің, карьерлердің, жыралар мен шұңқырлардың жаңа кескіні қарастырылады.

Топографиялық карталарды жасау және жаңарту процесі аэроғарыштық суреттердің деректерін өңдеуді және векторлық картаны тікелей құрастыруды (немесе жаңартуды) қамтиды. Деректерді өңдеу далалық және камералдық жағдайларда жүргізіледі. Сандықтау Easy Trace бағдарламасында жүзеге асырылады және атрибуттау MapInfo бағдарламасында немесе басқа ГАЗ қосымшаларында жүзеге асырылады. Картадағы барлық объектілердің дерекқоры енгізіледі. Барлық жұмыстардың нәтижесінде біз жаңартылған топографиялық картаны аламыз (3 сурет).



Сурет 3 – Жаңартылған топографиялық картаның фрагменті

### Әдебиет

1. Картография, Берлянт А.М., Москва: Аспект Пресс, 2001.
2. Основные положения по созданию и обновлению топографических карт масштабов 1:10 000, 1:25 000, 1:50 000, ГКИНП (ГНТА)-08-003-07, Астана, 2007 г.
3. Топография, Курошев Г.Д. Москва: Академия, 2011 г.

**А.Т. Кобенова**

#### Обновление топографических карт по аэрокосмической съемке

**Аннотация.** С течением времени на местности происходят изменения: строятся новые населенные пункты, растут территории, появляются новые дороги и лесонасаждения, изменяются рельеф и гидрография.

В результате изменений на местности карта постепенно стареет. Пользоваться такой картой затруднительно, а иногда и невозможно. Связи с этим следует постоянно обновлять топографические карты при помощи аэрокосмических снимков. Это решает социально-экономические и природоохранные интересы Казахстана. Также обновление специальных топографических карт для обеспечения обороны и безопасности государства должно осуществляться систематически.

**Ключевые слова:** город, территория, топографические карты, обновление, аэрокосмические снимки, картография.

**A.T. Kobenova**

#### Aerospace survey topographic maps update

**Abstract.** Over time, changes occur in the area: new settlements are built, territories grow, new roads and plantations appear, relief and hydrography change.

As a result of changes in the terrain, the map gradually ages. Using such a card is difficult, and sometimes impossible. In this regard, topographic maps should be constantly updated with the help of aerospace images. This solves the socio-economic and environmental interests of Kazakhstan. Also, the update of special topographic maps to ensure the defense and security of the state should be carried out systematically.

**Keywords:** city, territory, topographic maps, update, aerospace images, cartography.

ӘОЖ 622.832

**Қ. Кушанов**

*Ғылыми жетекшісі – Нұрпейісова М.Б., т.ғ.д.  
Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан  
E-mail: [kamariddin.kushanov@mail.ru](mailto:kamariddin.kushanov@mail.ru)*


**ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ А. Ж. МАШАНОВ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАЛҒАСТЫРУ**

**Аңдатпа.** Мақалада Ақжал кенорнының геологиялық-тектоникалық жағдайы, тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктері жайлы мәлімет келтірілген. Массивтегі тау жыныстарының жарықшақтылығын зерттеуде ұлы ғалым Ақжан Машановтың әдістемесіне көңіл аударылған және қазіргі кездегі замануи аспаптармен зерттеудің нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** кенорны, тау жыныстары, құрылымдық ерекшелікт ер, жарықшақтылық, тау-кен компасы, лазерлік сканер.

**Кіріспе.** Қазақ халқының ұлы ғұламаларының бірі Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың туғанына биыл 115 жыл. Осы датаға байланысты өткізіліп отырған конференцияның мақсаты, біріншіден, ғалымның өмір жолын насихаттау, екіншіден осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар болу.

А.Машанов жер қойнауын, Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп, қажымай-талмай зерттеген ғалым. Оның мамандығы тау-кен инженері-геолог болғанымен, ғылыми жұмысы маркшейдер мамандығына жақын болды және ол ұзақ жыл уақыт ҚазПТИ дың (қазіргі ҚазҰТЗУ) «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасын басқарды.




Сурет 1 - Ұлы геолог ғалымдарымыздың тау жыныстарын зерделеп отырған сәттері

А.Ж.Машанов тек маркшейдер, геолог қана емес, ол кристаллография, минерология, стратиграфияның негізін қалаушылардың бірі. А.Машановтың «Кристаллография, минерология және петрография» атты оқулығы кезінде студенттердің ғана емес, табиғат сырын білгісі келген жандардың қолдарынан түспейтін кітабы болған. Оның «Жер құпиялары», «Жерде тіршілік қалай пайда болған?», «Жер сілкінісі», «Жерқойнауына саяхат», «Таулар қалай түзілген» сияқты ғылыми-көпшілік кітаптары табиғат құпиялары мен жер қойнауы жайлы оқырмандарға көп мәлімет берді.

Міне осы саладағы күрделі ғылыми еңбектерінің бірі – ол тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу болған. Себебі кенді ашу, қазу және карьер беткейлерінің орнықтылығы осы қасиеттерге тікелей байланысты.

Сол себепке байланысты Ақжал кенорны тау жыныстарының тектоникасы, құрылымдық ерекшеліктері зерделенді. Ақжал тау жыныстарының құрамына диориттер, диабазды-кварцитті диориттер, порфириттер, граносиенит-порфирлер кіреді.

Кен орнында пликвативті бұзылыстармен қатар, тектоникалық жарылымдар өте жиі кездеседі. Олар өздерінің өлшемдерімен, амплитудалық ығысуларымен және жарықшақтарының жиілігімен ерекшеленеді (2-сурет) және құрылымына қарай үш түрге бөлінген (3-сурет).



Сурет 2 - Ақжал кенорнының геологиялық-тектоникалық картасы



Сурет 3 - Ақжал кен орнындағы сілемнің құрылымдық ерекшеліктері:  
а-вертикаль жарылымдар; ә- диагональ бұзылыстар; б-ұсақ жрықшақтар

Карьер беткейлерінің орнықтылығына кенорнындағы тау жыныстары құрылымының үш түрінің ішінде ең күшті әсер ететіні – ұсақ жарықшақтар. Осы ұсақ жарықшақтарды зерделеу мәселесіне А.Ж.Машанов ерекше көңіл аударған және көптеген мақалалар мен монографияла жазған. Карьерлерде тау жыныстары жарықшақтарын зерделеудің бұрыннан келе жатқан дәстүрлі әдісі – ол жарықшақтардың өлшемдерін (арақашықтықтары) қарапайым рулеткамен, созылым азимуты мен құлама бұрыштары – тау-кен компасымен өлшеу болатын. Далалық жағдайда тау жыныстары жарықшақтарын түсірімдеу үшін, ең алдымен тас бетінің кедір-бұдырын тегістеп, топырағын тазалап, горизонталь бағытта ұсталған тау-кен компасты тау жынысының бетіне жанастырады (4,а және ә-суреттері), өлшеу нәтижелері арнайы журналға жазылады (кесте).



Сурет 4 - Карьерде массивтің жарықшақтылығын түсіру

Тау жыныстарының жарықшақтарын зерделеудің осы әдістемесі еліміздің көптеген карьерлері мен кеніштерінде апробациядан сүрінбей өтсе де, бұл әдістің бір кемшілігі – ол массивтің құрылымдық ерекшеліктерін түсіру (өлшеу) тек қиябеттің төменгі жақтарында жүргізілетіндігі, яғни кемердің төменгі қабағынан 3 м-ден жоғары өлшеулер жүргізе алмайтындығымыз. Бұл деген тау жыныстары массивінің құрылымын сенімді түрде зерделеп, есепке дұрыс ала-алмайтындығымызды көрсетеді

Кесте 1 - Жарықшақтардың жатыс элементтерін түсіру журналы

Нүкт е-лер	Түсірім орындары	Тау жыныстары	Жарықшақтардың жатыс элементтері		І ш.м жердегі жарқшақт. жілігі
			А	δ	
1	№28 – маркшейд.нүкте	Порфириттер	260°	70°	8-10
2	№28 –нүктеден 5 м жерде	Порфириты	200°	75°	15
3	Көлік штрегі	Сланцы	240°	76°	10


Дәстүрлі қолданылып жүрген аспаптық бақылаулардың біршама кемшіліктері бар. Біріншіден, олар таужыныстары массивінде жүріп жатқан нақтылы геомеханикалық үдерістерді дәл бейнелеп көрсете алмайды. Екіншіден, оларды жүргізу өте көп еңбек сіңіруді қажет ететіндіктен, жер бетінің деформациялануы туралы деректерді қажетті мезгілде алуға мүмкіндік болмайды. Осы айтылған кемшіліктерді лазерлік сканерді қолдану арқылы жоюға болады (4.б-сурет).

Карьердегі белгілі нүктелердің әр мезілде түсірімделген скандары бір-бірімен салыстырылады да, оның негізінде жыныстар массивінде жүріп жатқан деформациялық процестердің динамикасы туралы қорытынды шығарылады. Әрі қарай «MaptekI-SiteStudio» бағдарламасы бойынша компьютерде нүктелер бұлттарына фотобейнені салып өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Мұндағы бағдарлама – мәгінді басқа тілге аудару әдісі сыпатты (5, а-сурет), яғни карьер беткейінің көлемдік электронды түрін бассаңыз, компьютердің оң жағында (5,ә-сурет) жарықшақтардың жатыс элементтері, ажырау бұзылыстарының параметрлері және жарықшақтар арқылы пайда болған, құрылымдық блоктардың өлшемдері пайда болады.



а- карьер кемері қиябетіндегі жарықшақтар; ә- жарықшақтардың жатыс элементтері  
Сурет 5 - Тау жыныстары жарықшақтарының жатыс элементтерін анықтау

Карьер қиябеттерін лазерлік сканерлеуде алынған электрондық деректердің көлемі камералдық жағдайдағы барлық құрылымдық элемент-терді: жарықшақтарды, бұзылыстарды, литологиялық айырымдардың шекараларын, деформацияларды және т.б. алуға, сандық түрде массивтің моделін құруға және оны геомеханикалық есептерге енгізуге мүмкіндік туғызады. Лазерлік сканирлеу нәтижелерін өңдеудің «MaptekI-SiteStudio» бағдарламасының компьютердегі жұмыс терезесі 6--суретте бейнеленген.



Сурет 6 - «MaptekI-SiteStudio» бағдарламасының жұмыс терезесі

Тау жыныстары блоктарының өлшемдері жарықшақтар арасындағы нүктелер координаттарының айырымы арқылы, ал жарықшақтар элементтері: созылым азимуты мен құлама бұрышы жарықшақтар беттерін құру нәтижесінде анықталады.

**Қортынды.** Ақжал кен орнында жүргізілген осы жұмыстардың бір ерекшелігі – тау жыныстары құрылымдық блоктарының өлшемдері мен жарықшақтарын жатыс элементтерін анықтауда орындаушының карьер беткейінен (300м -800м қашықтықта) тұрып, тау-кен компасымен түсіруге болмайтын жерлерді жоғары шапшаңдықпен бірнеше минуттар ішінде түсіре алатындығы. Тау жыныстары құрылымдық ерекшеліктерін дағдылы тау-кен компасымен және лазерлік сканермен түсіргендегі нәтижелерін салыстырғандағы айырмашылығы 3-4% болғаны, шектен аспағандығы.

#### **Әдебиет**

1. Машанов А.Ж. Механика массива горных пород.- Алма – Ата: Наука, 1961. -210 с.
2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. - Алматы: ҚазҰТУ, 2000. -124 б.
3. Нұрпейісова М.Б. Машановтың ғылыми мектебі.- Алматы: Искандер, 2016.- 182 б.
4. Қазақстан Маркшейдериясы: бүгінгі күні және болашағы//А.Ж.Машановтың туғанының 105 жылдық мерейтойына арналған Халықар.ғылыми-тәжр.конференцияның еңбектері.-Алматы: ҚазҰТУ, 2006.-434 б.

#### **Қ. Кушанов**

##### **Продолжение методики А.Ж.Машанова по изучению структурных особенностей массива горных пород**

**Аннотация.** В статье приведены сведения о геолого-тектонических и структурных особенностях горных пород месторождения Ақжал. Особое внимание обращено к методике по изучению трещиноватости горных пород великого ученого Ақжана Машанова и приведены результаты исследования структуры современными приборами.

**Ключевые слова:** месторождение, горные породы, структурные особенности, трещиноватость, горный компас, лазерный сканер.

#### **К. Kushanov**

##### **Continuation of A.Zh. Mashanov's methodology for studying the structural features of the rock massif**

**Abstract.** The article provides information on the geological-тектоническ and structural features of the rocks of the Akzhal deposit. Particular attention is paid to the methodology for studying rock fractures by the great scientist Akzhan Mashanov and the results of studying the structure with modern devices are presented.

**Keywords:** deposit, rocks, structural features, fracturing, mountain compass, laser scanner.

УДК 622.

#### **С.Қабикенов магистрант**

*Научный руководитель, ассоц.профессор Жакыпбек Ы.*

*Казахский национальный исследовательский технический университет имени*

*К.И. Сатпаева, Республика Казахстан, г.Алматы*

*[siko\\_best\\_s@mail.ru](mailto:siko_best_s@mail.ru)*

#### **МЕТОДЫ СЪЕМКИ ПОДЗЕМНЫХ ПУСТОТ**

**Аннотация.** Съёмка подземных пустот и камер является важной маркшейдерской задачей. В статье предложена классификация методов решения данной задачи применительно к маркшейдерской съёмке камер при разработке мощных рудных залежей. Рассмотрены методы съёмки: тахеометрический, фотограмметрический, локационный и лазерные системы сканирования. Изложена сущность последнего способа, приводится краткое описание прибора, методики измерения, дается сравнительная характеристика.

**Ключевые слова:** разработка месторождения, подземные пустоты, камеры, горные выработки, маркшейдерские съёмки, методы, способы.

**Введение.** Участие в конференции «Сатпаевские чтения» для нас является почитание и выражение нашей дани уважения великому сынуказахского народа, великому ученому. Огромна роль в становлении и развитии науки Казахстана К.И. Сатпаева.

Каныш Имантаевич Сатпаев - первый академик Казахстана и Средней Азии. С раннего детства у Каныша проявился интерес к науке. Сначала он закончил Семипалатинскую учительскую семинарию, а затем он поступил Томский технологический институт. В 1946 году на первой сессии Академии наук Республики Казахстан К.И.Сатпаев говорил «Мы живем и работаем в такой богатой и обширной стране, как Казахстан, где находится огромное количество еще не тронутых сокровищ, которые ждут приложения творческих сил и знаний ученых». К.И. Сатпаев, ощущая себя частью целого, считал себя ответственным за все, что происходит вокруг. Для нас, нынешних почитателей Сатпаева, нового поколения учеников и последователей, эти слова являются программой и руководством к действию.

**Основное содержание.** В результате разработки месторождений в массиве горных пород образуются полости (камеры, пустоты). С точки зрения маркшейдерской съемки образовавшиеся пустоты условно разделяются на доступные и недоступные. К недоступным относятся такие пустоты, к стенкам которых невозможен, непосредственный доступ наблюдателя или этот доступ сопряжен с большой опасностью, хотя в отдельных случаях при этом возможно нахождение исполнителя в камере. Все остальные пустоты относятся к категории доступных. В этой статье мы остановимся на вопросах, связанных со съемками недоступных пустот.

Выбор метода съемки недоступных пустот осуществляют, исходя из наличия доступа к снимаемой пустоте, его характеристики, а также цели и назначения съемки. Несмотря на то, что за последние годы создано много новых оптических приборов и постоянно совершенствуется методика съемки горных пустот, все же из-за сложности условий (недоступность, запыленность, загазованность и увлажненность) выполнение съемок подобного рода затруднено. Поэтому в настоящее время ведутся работы по созданию новых методов, автоматизированных способов съемки, с помощью которых можно будет определить форму, объем и пространственное положение подземных недоступных пустот.

В практике разработки рудных месторождений применяются следующие методы съемки очистного пространства: тахеометрический, оптические дальномеры, фотограмметрический и лазерный.

**Тахеометрический метод** основан на применении инструментов и способов съемки, дающих возможность определить полярные координаты съемочных точек недоступных пустот (рис.1). В этом случае с одной из точек при помощи прожектора или фары с отражателем направляется световое пятно (зайчик) на характерные места кровли, почвы и стенок камеры 6, 7, 8, 9, которые одновременно засекаются обеими теодолитами и измеряются углы  $\beta$ ,  $\gamma$  (рис.1).




Рис.1- Съемка камеры двумя теодолитами

При использовании цифровых тахеометров (т.е. приборов позволяющих преобразовывать данные съёмки в цифровой вид и сохранять их в виде файлов, а в

дальнейшем импортировать их в память персонального компьютера) возможно автоматизировать камеральную обработку. Недостатками данного метода являются небезопасность, связанная с работой в непосредственной близости с устьем полости, а также малая точность определения геометрической формы и размеров, обусловленная ограниченной видимостью обнаженной поверхности камеры из подходной выработки.

**Фотограмметрический метод** основан на применении инструментов и способов съемки, использующих принцип фотографирования недоступных пространств, освещаемых специальными осветителями, светового пятна, движущегося по стенкам очистного пространства или следов лазерного излучения(рис.2). Для съемки подземных камер и пустот при разработке рудных месторождений применяются следующие фотограмметрические методы: короткобазисная, стереофотосъемка, съемка подготавливаемых короткобазисной стереосъемки тельных и очистных выработок большой площади сечения с помощью светопрофиля, дистанционная фотостереосъемка горизонтальных сечений





Рис.2- Схема съемка подземных пустот методом фотограмметрии:  
*а- короткобазисная съемка; б- установка прибора для фотографирования камеры*

Преимуществами фотограмметрического метода является наиболее полное отображение поверхности полости на фотоснимке, возможность определения пространственного расположения геологических элементов по обнажению (нарушений, прослоек пустых пород, границ рудного тела, выклинивания и пр.). Недостатки: большой объём камеральных работ, необходимость съёмки с нескольких сторон для исключения мёртвых зон, т.е. поверхностей пустот, не вошедших в зону фотоснимка.

**Звуколокационный метод съемки** наиболее эффективен по сравнению с



рассмотренными выше способами. С помощью звуколокации в воздушной среде может производиться съемка следующих объектов: 1) недоступных пустот (камер); 2) вертикальных горных выработок (рудоспусков, стволов шахт, шурфов); 3) горизонтальных и наклонных горных выработок; 4) недоступных складов горного сырья и готовой продукции(нефти, асбеста, цемента).

Ленинградским горным институтом было создано импульсный звуколокатор «Луч» для съемки камер. Звуколокатор (рис.3) состоит из двух основных частей: скважинного прибора 1 и приборной наземной станции-2, соединенных кабелем 3 через лебедку 4.

Локационный метод съёмки является наиболее удобным и полноценным. Преимуществами данного метода являются безопасность проведения работ, высокая точность и детальность определения геометрических элементов (формы, размера и пространственного расположения) полости, полная автоматизация как полевых, так и камеральных работ. Недостатком метода является определённая трудоёмкость при установке оборудования.

Рис.3-Схема звуколокационной съёмки

**Метод лазерного сканирования.** В настоящее время практически во всех отраслях применяются новые технологии для выполнения топографо-геодезических работ. При постоянном стремлении к повышению производительности и сокращению штата маркшейдерского отдела, требования к скорости и качеству, а также безопасному ведению измерительных работ возрастают.



Одним из реальных примеров внедрения лазерного сканирования является опыт работы на рудниках Казахстана сканером CMS MINEi (GeoSight, Канада) при съёмке подземных выработок. Система MINEi (рис.4)– это надёжная, быстрая, беспроводная система, позволяющая проанализировать пустоты по вертикали или под уклоном. Система обеспечивает безопасность горняков и увеличение производительности горных работ.


Для съёмки пустот на Малевском руднике используется специальное оборудование CMS Wireless изготовленное фирмой Optech. Данное оборудование по своему качеству относится к приборам локационного метода съёмки (рис.5).

Принцип работы CMS основан на использовании лазерного сканирующего дальномера, который вводится в полость и вращается в ней, обеспечивая непрерывный сбор данных. После каждого вращения производится возврат в исходное положение.

При этом угол её наклона увеличивается на величину, задаваемую оператором (шаг визирования). Затем сканирующая головка снова совершает полный оборот при новом угле возвышения, собирая данные о точках поверхности.

**Выводы.** Методика дистанционного изучения подземных полостей является оперативной, обеспечивает получение точных геометрических характеристик объекта и параметров ориентации относительно внешнего пространства. Она позволяет уменьшить (или избежать вообще) пребывание персонала в подземной полости, а также позволяет получить итоговую документацию объекта в форматах, пригодных для детального изучения формы и конструкции, выполнения обмеров, визуальной оценки внутреннего состояния.

Рис.4- Сканер MINEi



## Литература

1. Борщ-Компониец В.И. Маркшейдерское дело. М.: Недра, 1990. - 300 с.
2. Овчаренко А. В. Сканирование подземных пустот и полостей 3D-сканированием // Вопросы теории и практики геологической интерпретации геофизических полей ГИ УрО РАН, ПГНИУ, Пермь, 2015. С. 161-163.
3. Нурпеисова М.Б., Солтабаева С.Т., Кожаев Ж.Т. Инновационные методы съемки подземных полостей // Горный журнал Казахстана, №7, 2017.
4. Середович В.А., Комиссаров А.В. Наземное лазерное сканирование: Монография / - Новосибирск: СГГА, 2009. - 261 с.

**С. Қабикенов**

### **Жерасты қуыстарын түсірудің әдістері**

**Аңдатпа.** Жерасты қуыстарын және камераларды түсіру – маркшейдердің маңызды міндеті. Мақалада қалың кен денелерін игеру кезінде маркшейдерлік камераларға қатысты осы мәселені шешу әдістерінің жіктемесі ұсынылған. Бос қуыстарды түсірудің: тахеометриялық, фотограмметриялық, локациялық және лазерлік сканерлеу жүйелері қарастыылған. Соңғы әдістің мәні баяндалады, құрылғының қысқаша сипаттамасы, өлшеу техникасы және салыстырмалы сипаттамасы келтірілген.

**Түйінді сөздер:** кен орнын игеру, жер асты қуыстары, камералар, жерасты қазбалары, маркшейдерлік жұмыстар, әдістер, әдістер.

**S. Kabikenov**

### **Underground Void Survey Methods**

**Annotation.** Studying underground voids and chambers is an important mining surveying problem. The article offers a classification of methods to solve these problems with reference to mine surveying of chambers in development of large ore deposits. The two most promising surveying methods are studied: the tachometric, the photogrammetric and the laser scanning systems. The essence of these techniques is explained, brief descriptions and comparison characteristics of the devices as well as the.

**Keywords:** field development, underground cavities, cameras, mine workings, mine surveying, methods, methods.

УДК 622.528.

**А. Қылаңова**

*Ғылыми жетекшісі – Нұрпейісова М.Б., т.ғ.д. Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*  
[asel.kylanova@bk.ru](mailto:asel.kylanova@bk.ru)

## **АЛМАТЫМЕТРОПОЛИТЕН АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫН БАҚЫЛАУ**

**Аңдатпа.** Мақалада «Алматыметрополитен» аймағындағы жер беті ғимараттары мен жер асты құрылдарының деформацияларын бақылауда, инженерлік құрылыстардың техникалық жағдайына баға беруде жүргізілетін геодезиялық жұмыстардың дәлдігін жоғарылатуда замануи аспаптарын жан-жақты қолдану қарастырылған және бақылау нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** метрополитен, деформациялар, ғимараттар мен құрылыстар, GPS-технологиялар, электронды тахеометрлер, цифрлы нивелирлер.

**Кіріспе.** Сәірдің 12 жұлдызы - ғылым күні және есіміне ие болып отырған ҚазҰТЗУ нің Қ.И.Сәтбаевтың туған күнінде өткілітін дәстүрлі Халықаралық Сәтбаев оқуларыларына қатысып отырмыз. Сонымен қатар, осы конференция аясында Сәтбаевпен бірге қажымай-талмай жер қойнауын зерттеген Ақжан әл-Машанидің туғанының 115 жылдығы атап өтілуде. Осындай атаулы ғалымдардың өмір жолдарына арналған конференцияға қатынасу, еңбектерін насихаттау, осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар болу біз үшін зор мәртебе.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** Алматы қаласы – әлемнің ең қарқынды дамып жатқан мегаполистерінің бірі. Қала құрылысының бірегей жобалары қарқынды орындалып, дәйекті түрде ауқымды әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі транспорттың жер асты түрлерінің ішіндегі ең үздігі метрополитен. Алматы қаласында халық жоғары тығыздығына қарамастан қоғамдық транспорт желісі жеткіліксіз дамыған. Жолдарда ұзақ уақытқа созылған

кептелістер жиі болып тұрады, әлбетте ол ауаның газбен бүлінуіне алып келеді. Бұл қала экологиясының нашарлауының бірден бір себебі. Сондықтан, Алматы қаласының метрополитені көптеген мәселелердің шешімі болып табылады. Оның желісін жобалау 1983 жылы басталды. Қазіргі уақытта метрополитеннің құрылысы бітіп, пайдалануға бір желісі жіберілген.

Алматы қаласы метрополитеннің бірінші кезегі Кіші Алматы, Есентай және Үлкен алматы өзендерінің өзен аралығының шығу конусының еңіс жазықтығы шекарасында орналасқан. Беттің солтүстікке ылдильғы  $5^{\circ}$ - $7^{\circ}$ , батысқа  $2^{\circ}$ - $3^{\circ}$ . Бірінші кезеңнің бағыты солтүстіктен оңтүстікке қарай Райымбек даңғылынан Фурманов көшесіне дейін және шығыстан батысқа қарай Абай даңғылы бойымен жүріп жатыр (1- сурет).



Сурет 1 - Алматы қаласы метрополитенінің схемасы

Бұл желінің құрылыс ұзындығы 8,3 км, депоға дейінгі тармақсыз. 2011 жылғы мәліметтер бойынша станциялар саны – 7: Райымбек, Жібек Жолы, Алмалы, Абай, Байқоңыр, Әуезов а. драмтеатр, Алатау. Осыған байланысты, жер бетінің және онда орналасқан ғимараттардың деформациясын бақылау кезіндегі геодезиялық жұмыстар метро салуда кеңінен қолданылады.

Метрополитенді апатсыз пайдалану үшін, соның аймағындағы жер беті деформациясының дамуының үздіксіз және жоғары дәлдікті геодезиялық бақылаулары қажет. Мәселен, 2,а-суретте Жібек жолы стансасының және жер бетінде орналасқан ғимараттардың (2,б-сурет орнықтылығын қамтамасыз ету үшін геодезистер өте жоғары дәлдікпен өлшеу жұмыстарын ақаруға міндетті.



Сурет 2 - а-Жібек жолы стансасы; б-жер бетіндегі ғимараттар

Осыған байланысты, жер бетінің және онда орналасқан ғимараттардың деформациясын бақылау кезіндегі геодезиялық жұмыстар метро салуда кеңінен қолданылады. Метрополитенді апатсыз пайдалану үшін, соның аймағындағы жер беті деформациясының дамуының үздіксіз және жоғары дәлдікті геодезиялық бақылаулары қажет. Бақылау жұмыстары ғимараттардың ірге тастына қабырғалық (3-сурет) және жерасты құрылыстарының төбесіне арнайы реперлер орнатылып, оларды жүйелі түрде аспатық қадағалап отырудан тұрады. Жер беті деформациясын бақылау жұмыстарына жаңа әдістер мен амалдарды енгізу, өлшемдер нәтижелерін өңдеудің жаңа әдістемесімен бірге жүру керек. Тек мәселенің кешенді шешімі ғана барынша көп тиімділікке жетуге мүмкіндік береді және қазіргі талаптарға сай болады.




Сурет 3 - Қабырғалық репер

Метрополитендегі жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен трасса бойында бағыт беру, жер бетіндегі нивелирлеу болып табылады. Осы аталған жұмысты бұрын жәй техникалық теодолитпен және нивелирмен жүргізген болса, осы күнгі дамыған заманның талабы бойынша, қазіргі заманғы аспапты пайдалану маңызды болып отыр.

Бүгінгі таңда геодезияда жер серіктік жүйе кеңінен қолданылуда. Соған байланысты, қазіргі кезде геодезия ғылымы мен өндірісі үлкен жетістіктерге жетуде. Ғылым мен техниканың дамуы көптеген дәлдігі мен өнімділігі жоғары тахеометр, GPS секілді геодезиялық өлшеу аспаптарының түр-түрін жасап өмірге енгізіп отыр.

GPS қабылдағыштармен бірге болатын программалардың көмегімен, өлшеу нәтижелерін өңдеп, алынған геодезиялық жүйелерді теңестіруге болады. GPS көмегімен геодезиялық жұмысты жүргізуде еңбек өнімі жоғарылайды (4-сурет).



Сурет 4 - а) Штативке орнатылған базалық станция: 1 – антенна; 2 – трегер; 3 – радиомодем; 4 – контроллер; 5- қабылдағыш (GPS1230); ә) қадаға орнатылған далалық ровер: 1- антенна; 2- контроллер; 3- қабылдағыш; 4 – радиомодем; 5 – қада.

Нүкте координатасын анықтау кезінде басқа жалпы қолданылатын геодезиялық аспаптарға қарағанда GPS пен сантиметрлік дәлдік деңгейі алынады. GPS-пен геодезиялық жұмысты тәулік бойы істеуге болады, сонымен қатар нүктелер арасы көрінбеген жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

GPS қабылдағыштармен бірге болатын программалардың көмегімен, өлшеу нәтижелерін өңдеп, алынған геодезиялық жүйелерді теңестіруге және пункт координаталарын келесі түсірістерге есептеуге болады. GPS көмегімен геодезиялық жұмысты жүргізуде еңбек өнімі жоғарылайды.

Метрополитендегі аспаптық бақылауларды Leica Geosystems фирмасының роботталған электронды тахеометрлерімен жүргізу де қолға алынды және ол жерасты нысанының үш өлшемдік моделін алуға мүмкіндік береді(5-сурет).




Сурет 5 - Роботталған электронды тахеометрлер:  
а- штативте орнатылған тахеомет; б- қазба төбесіне іліп қойған тахеометр

Қазіргі заманғы геодезиялық аспаптарды жоғарғы геодезия талатпына сай және технологиялардың өнімді деп айтса болады. Оның құрамына соңғы жетілдірілген электроника, оптика, т.б. ғылымдардың жетістіктері кіреді.

Ал қазіргі қолданылып - отырған электронды тахеометриялық LEICA (Швейцария), NIKON, SOKKIA TOPCON (Жапония), TRIMBLEPRECISION (АҚШ), YOM3 (Ресей) аспап жасаушы компаниялары жатады. Заманға сай геодезиялық аспаптарын жылдан жылға жаңартуда. Солардың ішінде Trimble 3600 DR TCU, 5600 DR TCU және Trimble S6, Trimble M3 аспаптарының жаңа технологияларын айтуға болады.

Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы Алматы метрополитен аймағындағы жербеті және жерасты құрылыстарының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында бақылау жұмыстарын заманауи аспаптады қолданып жүргізеді. Геодезиялық бақылаулар Leica фирмасының TS110, TS120 электронды тахеометрлері арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде геодезиялық тораптың барлық пункттерінің пландық координаталары және реперлердің биіктік белгілері анықталады (6-сурет).



- 2) составление детального технического задания и разработка программы мониторинга;
- 3) установки реперов, создание геодезической основы;
- 4) установка деформационных марок. Проведение первого цикла геодезических исследований;
- 5) проведение периодического мониторинга: периодических наблюдений, контроля стабильности и сохранности геодезической основы.
- 6) формирование кратких технических заключений (промежуточной отчетности).
- 7) составление итогового отчета по результатам всех исследований.
- 8) разработка рекомендаций по предупреждению разрушений.

Координатно-временной основой мониторинга являются исходные реперы и деформационные марки. Положение исходных реперов принято считать стабильным в пределах строго обоснованного допуска. Они используются в качестве исходной основы, относительно которой определяют перемещения деформационных знаков.[4]

Деформационные марки устанавливают на зданиях и сооружениях. В каждом цикле измерений определяются их положения с помощью высокоточных геодезических приборов: тахеометров и нивелиров.

Результаты работ

По завершении работ составляется технический отчет, включающий в себя:

- характеристику объекта, методику проведения геодезических работ (полевых и камеральных), перечень используемого оборудования и точность измерений;
- общие ведомости деформационных характеристик (включают в себя вычисленные значения по всем циклам наблюдений и результаты оценки точности измерений);
- итоговое значение деформаций (по каждой отдельно взятой точке наблюдения). Вычисляется на основе показателей, полученных в ходе измерений первого и последнего циклов исследований.
- анализ результатов, сопоставление с предельно допустимыми и расчетными значениями.
- выводы и рекомендации.
- схема расположения деформационных марок. На нее наносятся пронумерованные контрольные точки с указанием суммарных и текущих значений деформационных характеристик по каждой из них.

Также отчет может содержать: чертежи объекта с линиями равных деформаций, графики деформаций и эпюры распределения осадок по периметру объекта (если это было предварительно указано в техническом задании).

## Литература

1. Пискунов М.Е. Методика геодезических наблюдений за деформациями сооружений. М.: Недра, 1980.
2. <http://leica.geometer-center.ru/msystems/monitoring>
3. Методика геодезического мониторинга технического состояния высотных и уникальных зданий и сооружений. МДС 13-22.2009/000 «ТЕКТОПЛАН». — М.: ОАО «ЦПП», 2010. - 76 с..
4. Руководство по наблюдениям за деформациями оснований и фундаментов зданий и сооружений. М.: Стройиздат, 1975.

## М. А. Сайлыгараева

### Биік және ерекше ғимараттар мен құрылыстардың деформациялық процестерін геодезиялық бақылаудың негізгі кезеңдері

Аңдатпа. Мақалада геодезиялық әдістерді қолдана отырып, биік ғимараттар мен құрылыстардың деформациялық процестерін бақылау, геодезиялық бақылаудың мақсаттары, бақылаудың негізгі кезеңдері,

бақылау кезінде анықталған деформациялардың координаталық-уақыттық негіздері және түрлері сияқты ұғымдар көрсетілген. орындалған жұмыс нәтижелері және есеп беру формалары.

**Түйін сөздер:** геодезиялық бақылау, деформация процестері, көп қабатты ғимараттар, ерекше ғимараттар, қоныстану, шөгу, көтерілу, ауысым, шиыршық

**М.А. Saylygaraeva**

### **The main stages of geodetic monitoring of deformation processes of high-rise and unique buildings and structures**

**Abstract.** The article highlights such concepts as monitoring the deformation processes of high-rise buildings and structures using geodetic methods, the goals of geodetic monitoring, the main stages of monitoring, the coordinate-time base and types of deformations determined during monitoring, as well as the results of the work performed and the forms of reports.

**Keywords:** geodetic monitoring, deformation processes, high-rise buildings, unique buildings, settlement, subsidence, rise, shift, roll

ӘОЖ 622.271.3

**Б. Сақанов**

*Ғылыми жетекшісі - ассоц. профессор Сандибеков М.Н.*

*Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*

[bekarys.sakanov@mail.ru](mailto:bekarys.sakanov@mail.ru)

### **САЯҚ КАРЬЕРІНДЕГІ БҰЗЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ РЕУЛЬТИВАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**


**Андамна.** Мақалада Саяқ мыс кен орнының географиялық орны, геологиялық- жағдайы және тау-кен жұмыстары жайлы мәлімет келтірілген. Саяқ кен алқабының Орталық Қазақстан аумағының дамуындағы алар орнына көңіл аударылған. Карьерлердегі тау-кен жұмыстарының әсерінен бұзылған жерлерді қалпына келтіруге, яғни рекультивациялық жұмыстарды маркшейдерлік қамтамасыз ету туралы мәлімет берілген.

**Түйін сөздер:** кенорны, геология, тау жыныстары, тау-кен жұмыстары, бұзылған жерлер, рекультивация, маркшейдерлік жұмыстар.

**Кіріспе.** Қазақ халқының ұлы ғұлама ғалымдары Қ.И.Сәтбаев пен А.Ж.Машанов қажымайталмай жер қойнауын зерттеген жандар. Жылда сәуірдің 12жұлдызында сәттегі дәстүрлі Халықаралық Сәтбаев оқуларылары, біріншіден Қаныш Имантайұлының туған күні, екіншіден Қазақстандағы ғылым күніне арналған. Биылғы жылы осы атаулы конференция аясында ҚазПТИ (қазіргі ҚазҰТЗУ) дың «Маркшейдерия» кафедрасын 30 жыл басқарған және әл-Фараби мұраларын зерттеуден әлемге әйгілі болған Ақжан әл-Машанидің туғанының 115 жылдығы атап өтілуде. Осындай атаулы ғалымдардың өмір жолдарына арналған конференцияға қатынасу, еңбектерін насихаттау, осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар болу біз үшін зор мақтаныш.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** Саяқ кен орны Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына жатады. Саяқ мыс кені кен орны - Балқаш кен-металлургия комбинатының шикізат базасы. Бұл рудалық алқап бірнеше мыс-молибденді минералды шоғырлардан түзілген, олар: Саяқ аймағындағы ірі кен орындары Саяқ – 1,2,3,4, Тастау және Молдыбай.


және т.б. (1-сурет). Саяқ-1 карьерінің өлшемдері 1300–780 м, ал тереңдігі - 1 карьер 255–кұрайды.



Сурет 1 - Саяқ рудалық алқабының географиялық орны және ғарыштық суреті

Саяқ кен орнын 1930 жылдары атақты геолог Н.Наковник ашқан, оның жалпы көлемі мыңнан аса квадрат километр. 1950 жылы Қазгеологиялық басқармасы Саяқ геологиялық барлау партиясын ұйымдастырып, сол ауданда ауқымды геологиялық түсіру жұмыстары басталды. 1971 жылдың 6 желтоқсанында жаңа кенішті комбинатпен темір жол байланыстырды. 1997 жылы Саяқ кенішінің «Саяқ - 3» участкесінде жер асты өңдеу басталды.

Негізгі өнеркәсіптік маңызы мыс; екінші реттік-молибден, кобальт, висмут, селен, теллур, магнетит түріндегі темір. Тау жыныстарын құрайтын минералдардың ішінде ең көп тарағандары-халькопирит, магнетит, борнит, пирротин, арсенопирит, кобальтин; пирит, молибденит, сфалерит, галенит,марказит, т мельниковит-пирит, сирек кездесетін алтын, электрум, калаверит, петцит, силванит және висмут минералдары.



Сурет 2 - Саяқ және Молдыбай кен орындарының геологиялық картасының схемасы

Саяқ мыс кені кен орны - Балқаш кен-металлургия комбинатының шикізат базасы. Саяқ-1 карьерінің өлшемдері 1300–780 м, ал тереңдігі - 1 карьер 255– құрайды. Саяқ-1 карьерінің солтүстік және оңтүстік жақтарының көлбеу бұрыштары 30,5 ° және 32 ° -ке тең, батысы - 43 °, ал шығысы - 45 ° ... Орындықтардың беткейлері 60 ° -тан 75 ° -қа дейін өзгереді.

Осындай бір кенді алқапты бірнеше карьерлер іске Бұзылған жерлерді рекультивациялауды маркшейдерлік қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 121-ші бабына сәйкес пайдалы қазындыны өндіру және өңдеу жұмыстары кезінде кәсіпорындар өздеріне белгіленген жерлерді тиімді пайдалануға және қорғауға қажетті шараларды қамтамасыз етуі керек.

Бүгінгі таңда еліміздің барлық жерінің 66% әр түрлі дағдарысқа ұшыраған. Тау-кен өнеркәсібі бұзған жерлердің құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының уақытында орындалмауы - ашық карьерлердің ауыл шаруашылығына тигізетін экологиялық-экономикалық зиянын бағалауда қабылданған біркелкі әдістеменің жоқтығы және оған көңіл аударылмауынан деп түсіндіруге болады.

Кен орнын ашық әдіспен игеру кезіндегі кемшіліктерге жердің бұзылуы жатады. Пайдалы қазындыны қазғандағы бұзылған жерлерге жасыл жамылғысынан айырылған, тау-кен қандылықтары үйінділенген және бастапқы құнарлылығын жоғалтқан жерлер жатады. Жер кодексіне сәйкес тау-кен кәсіпорындары тау-кен жұмыстары барысында барлық бұзылған жерлерді рекультивациялау жобаларына сәйкестендіріп пайдалануға ыңғайлы жағдайға келтіруі тиісті. Осыған орай жарамсыз жерлерді қайта қалпына келтіру проблемасына тау-кен өнеркәсібінде көңіл бөлінбейтіне назар аударуға тура келеді.

Бұзылған жерлерді рекультивациялау – маркшейдерлік қамтамасыз етумен тығыз байанысты және ол бұзылған жерлердің өнімділігі мен халық шаруашылығына жарамдылығын қайтадан қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстар.

Бұзылған жерлерді рекультивациялаудың техникалық кезеңінде төмендегідей жұмыстар жасалынады:

- 1) бұзылған жерлердің бетін дайындау;
- 2) топырақтың құнарлы қабатын қазып алу, тасымалдау және қоймалау;
- 3) тау-кен жыныстарын үйінділерге сұрыптап қалыптастыру;
- 4) үйінділер және карьер ернеулері беткейлерін кесіп еңістетуге немесе террасалау;
- 5) рекультивацияланатын жерлер бетін тегістеу;

6) рекультивацияланатын учаскелердің жоғарғы қабатын құрайтын тау-кен жыныстарының химиялық және физикалық қасиеттерін жақсартуға бағытталған мелиоративтік кешенді шараларды жүргізу;

7) жол, гидротехникалық және мелиоративтік құрылыстарды салу;

8) рекультивацияланатын үйінді беттеріне топырақтың қабатын төгу.

Рекультивацияның техникалық кезеңін орындау кезінде топырақтың құнарлы қабатын рекультивацияланатын жерлерді әзірлеп болғанша, оларды уақытша қоймаларда сақтауға арнайы талаптар қойылады. Мысалы, құнарлы топырақты жыраларда және беткейлерде үймелеуге болмайды, өйткені олар жауын шашын кезінде және жер беті суларымен жуылып кетуі мүмкін, сондай-ақ оларды қайта тиеу кезінде қолайлы жағдайлар тумайды.

Құнарлы топырақтың өсімдіктің өсуіне жарамды физикалық-механикалық қасиеттерін сақтау мақсаттарымен, олардың уақытша қоймалардың биіктігін 5 м-ден асырмау қажет. Биіктігі артық болса, топырақтағы микробиологиялық процестер сөнеді де, ол тығыздалады және оның қасиеттері төмендейді. Құнарлы топырақтың уақытша қоймаларының беттеріне су және жел эрозияларынан сақтау мақсатымен біржылдық немесе көпжылдық шөптер егеді.

Кен орнын ашық әдіспен қазған кездегі бұзылған жерлерді рекультивациялауды уақытылы жүргізу тау-кен жыныстарының рекультивациялауға жарамдылығына сәйкес оларды үйіндіде сұрыптап қалыптастырып үймелеуге байланысты болады (3 – сурет).

а

ә



Сурет 3 - Рекультивациялаудың техникалық кезеңіндегі жұмыстар:

а- топырақтың құнарлы қабатын қазып алу; ә- алаңын тегістеу

Қазіргі кезде бұзылған жерлерді рекультивациялау, техникалық және биологиялық кезеңдерден тұрады. Техникалық рекультивациялау кезеңі бұзылған жерді алдағы уақытта халық шаруашылығында өз мақсатында пайдалануға әзірлеуді көздейді. Оған жерді тегістеу, үйінді беткейін еңістетуге, топырақтың құнарлы қабатын жинап алып, рекультивацияланатын жерге тасымалдап төгу жұмыстары жатады.

Ал биологиялық рекультивациялау кезеңі техникалық рекультивациялаудан кейін жүзеге асырылатын және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру шараларын қамтиды. Рекультивацияның техникалық кезеңінің соңғы жұмыстарына үйіндінің рекультивацияланатын учаскелеріне құнарлы топырақты төгу болып табылады. Осыған байланысты үйіндінің рекультивацияланатын беті толық тегістелуі тиісті. Тегістеу жұмыстарын жүргізу алдында үйінді беті түсіріліп, қырқалар мен шұңқырларға тасымалданып төгіледі. Рекультивацияланатын үйінді бетін тегістеудің тиімді варианты тау жыныстарын тасымалдаудың экономикалық үлгісін шешу негізінде жасалған тегістеу құжатын қолданғанда болады.

Тегістеу жұмыстарын жүргізбей рекультивацияға жарамды жер бедерін жасау мүмкін емес, сондықтан тегістеу кезінде маркшейдерлік қадағалауды уақытылы жүргізген жөн.

Тегістеу жұмыстары біткеннен кейін, үйінді шөгуді тоқтаған соң үйінді бетіне құнарлы топырақ төгіледі. Үйінді бетінің көлбеулік бағыты нивелирдің немесе теодолиттің көмегімен беріледі. Тегістеу жұмыстары біткеннен кейін, үйінді шөгуді тоқтаған соң үйінді бетіне құнарлы топырақ төгіледі. Үйінді бетіне төгілетін құнарлы топырақтың қалыңдығы рекультивацияның таңдалған бағытына қарай 0,1-0,5 м болады.

Бұзылған жерді рекультивациялаудың ең тиімді бағытын таңдау, жергілікті жердің табиғаты, ауа райы, жер бедері және топырақ жамылғысының ерекшеліктеріне негізделі жүргізіледі де, осындай жақсы нәтижеге қол жеткізу төмендегі бағыттар ішінен қолайлысын таңдау мен шешіледі:

- ауылшаруашылық – бұзылған жерлерде ауыл шаруашылығында пайдаланылатын алқаптарды дайындау (4, а –сурет);

- орман шаруашылық – арнайы және өндірістік мақсаттарда ағаш отырғызу(4, ә- сурет);



Сурет 4 - Рекультивациялаудың биологиялық кезеңіндегі жұмыстар: а -арнайы өсімдіктер егу; ә-ауыл шаруашылығында пайдаланатын алқаптар даярлау

- балық шаруашылық – балық өсіруге жарамды су қоймаларын жасау (5-сурет) ;

- рекреациялық – бұзылған жерлерде түрлі демалыс орындарын салу;

- табиғат қорғау және санитарлық – эстетикалық бұзылған жерлер, үйінділер және қалдық қоймалар беттерін биологиялық немесе техникалық қорғау;

- құрылыс – бұзылған жерлерді өндірістік және тұрғын үй тұрмыстық құрылыстарды салу бағытында дайындау.



Рекультивацияға дейінгі

Рекультивациядан кейінгі

Сурет 5 - Рекультивациялау нәтижесі

Жоғарыда аталған бағыттардың тиімдісін таңдау бұзылған жерді одан әрі пайдалану, бірнеше факторлардың әсері негізінде анықталады, солардың ішінен жердің құндылығын, жерді пайдаланушының мүддесін, ауданның даму болашағын ескеру қажет, ең маңыздысы, өсімдік өсуге жарамдылық деңгейін көрсететін, құнарлы топырақтың сапасы және пайдаланылуы болып саналады.

**Қорытынды.** Сөйтіп, пайдалы қазбаларды ашық әдіспен игеру кезіндегі тозған жерлерді дер кезінде қалпына келтіру үшін, әрбір кәсіпорында рекультивация жұмыстарының құрамын анықтау және оларды орындау барысында материалдық ресурстарды жұмылдырудың, жоспарлаудың, үйлестіру мен басшылық етудің методологиясын қолдану арқасында рекультивациялау тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік туады және зор жетістіктерге жетуге болады.

Әдебиет

1. Нұрпейісова М.Б. Жер қойнауын игерудің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі (монография) - Алматы: КазҰТЗУ, 2016.- 436 б.
2. Нұрпейісова М.Б. Маркшейдерлік іс (оқулық).-Алматы: Дәуір», 2015.-400б.
3. Нұрпейісова М.Б., Рысбеков К.Б. Маркшейдерлік және геодезиялық аспаптар (оқулық). –Астана: Фолиант, 2013.- 258 б.

**Б. Саканов**

#### **Маркшейдерское обеспечение рекультивационных работ на карьере Саяк**

**Аннотация.** В статье представлены сведения о географическом положении, геолого - географическом положении и горных работах Саякского медного месторождения. Обращено внимание на роль саякского рудного поля в развитии территории Центрального Казахстана. Приведены сведения о рекультивационном обеспечении рекультивационных работ, рекультивационных работ, рекультивационных работ, рекультивационных работ на карьерах.

**Ключевые слова:** месторождение, геология, горные работы, нарушенные земли, рекультивация, маркшейдерские работы.

**B. Sakanov**

#### **Mine surveying for remediation works at Sayak open pit**

**Abstract.** The article presents information about the geographical location, geological - geographical location and mining of the Sayak copper deposit. Attention is drawn to the role of the Sayak ore field in the development of the territory of Central Kazakhstan. Information about the reclamation support of reclamation works, reclamation works, reclamation works, reclamation works in open pits is given.

**Keywords:** deposit, geology, mining, disturbed lands, recultivation, mine surveying.

ӘОЖ 622.271

**М. Сатанов**

*Ғылыми жетекшісі – Сарыбаев Н.О. лектор  
Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан  
[Satanov.mamyr@mail.ru](mailto:Satanov.mamyr@mail.ru)*

### **СОКОЛОВ –САРЫБАЙ КАРЬЕРЛЕРІ БЕТКЕЙЛЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ**

**Аннотация.** Кен игерудегі ашық тәсілдің даму үрдісінде карьерлердің тереңдігінің, көлемінің және өндірістік қуатының артуына байланысты, карьерлер беткелейлерінің орнықтылығын қамтамасыз ету міндеті маңызды мәселеге ие болады. Осыған байланысты, карьер беткелейлері деформацияларын маркшейдерлік мониторинг жүргізіп қадағалап отыру қажеттігі туындайды. Мақалада Соколов, Сарыбай карьерлеріндегі аспаптық бақылаулардың әдістері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** темір кен орны, геология, тау-кен жұмыстары, карьер беткелейлері, орнықтылық, деформациялар, маркшейдерлік бақылаулар, бақылаудың түрлері.

Кіріспе. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есіміне ие болып отырған Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенті болғанымыз, қазақ халқымыздың ұлы перзенті Сәтбаевтың туған күнінде өткізлетін дәстүрлі конференцияға және де жер қойнауын Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп, қажымай-талмай зерттеген ғалым Ақжан Машановтың туғанына биыл 115 жылдығына арналған іс-шараларға қатынасқанымыз біздер үшін зор қуаныш деп білеміз. А.Машанов жер қойнауын, Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп, қажымай-талмай зерттеген ғалым. Оның мамандығы тау-кен инженері-геолог болғанымен, ғылыми жұмысы маркшейдер мамандығына жақын болды және ол ұзақ жыл уақыт ҚазПТИ дың (қазіргі ҚазҰТЗУ) «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасын басқарды.

Жұмыстың негізгі мазмұны. Қазақстанның темір рудалары бойынша қоры негізінде Қостанай облысында шоғарланған. Олар «Соколов–Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» қоғамы (бұдан әрі – "ССКӨБ" АҚ қарасты Соколовс, Сарыбай, Кашар және Қоржынкөл кенорындары. Юдан басқа Орталық Қазақстана Кентөбе және Қаражал темір рудаларының қоры бар.

«ССКӨБ" АҚ - Қазақстан мен ТМД елдерінің темір кендерін өндіру, қайта өңдеу және байыту саласындағы жетекші кәсіпорны. «ССКӨБ» АҚ негізгі өнімі - неофлюсованные железорудные окатыши және железорудный концентрат. Әлемдік стандарттарға сәйкес келетін домна өндірісі үшін

бұл жоғары сапалы шикізат өнімі Қазақстан Республикасына (Қарағанды МК), Ресейге (Магнитогорск МК), сондай-ақ Қытайға жеткізеді.

Соколов кен орны Қостанай қаласынан 40 км оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Карьердегі тау-кен жұмыстары 1959 жылы басталған, 1965 жылдан бастап өндірістік қуаты 9,5 млн.т. жеткен. 2010 жылғы мәлімет бойынша Соколов карьерінің ұзындығы 3400 м, ені 2000 м, тереңдігі 520м құрайды (1-сурет).



Сурет 1 - Соколов карьеріндегі тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы

Кен орнындағы 9 км созылып жатқан, ені 100 метрден 600метрге дейінгі аралықтағы негізгі рудалық зонаның тереңдігі 1600 м.

Сарыбай кен орны Қостанай облысындағы Рудный қаласынан 10 км жерде орналасқан. Карьердің өлшемдері ұзындығы (оңтүстіктен солтүстікке қарай)-1300м, ені (шығыстан батысқа қарай) -2400м, тереңдігі 560 м (2-сурет).




Сурет 2 - Сарыбай карьеріндегі тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы

«ССГПО» АҚ-ның Сарбай және Соколовский темір рудаларының кен орындарын қоршаған ортаға, ең алдымен тау жыныстарының стресс-деформация күйіне әсер ету масштабы тұрғысынан игеруі ауыр апаттарды тудыруы мүмкін ірі техногендік әсер санатына жатады. үйінділердегі үлкен көшкіндер, карьерлердегі жергілікті және ауқымды құлдырау, кеніштердегі жер қыртысының теңгерімсіздігінен туындаған техногендік жер сілкіністеріне дейінгі жыныстардың жарылуы сияқты апатты құбылыстар.

Жобада қабылданған карьер кертпештері параметрлерінің технологиялық шешімдерінің дұрыстығы, бірыңғайлы кешенді жүйеге кіретін маркшейдерлік аспаптық бақылаулар арқылы тексеріліп жүзеге асырылады.

Сөйтіп, мониторингтің басты мақсаты – пайдалы қазбалар кенорындарын ашық әдіспен игеруде, жарықшақты жартасты, жартылай жартасты, сазды және құмдақты–сазды тау жыныстары массивінен түзілген карьер кертпештері мен беткейлерінің орнықтылығын сенімді қамтамасыз ету(3-сурет).



Сурет 3 - Карьер беткейлерінің орнықтылығын маркшейдерлік қамтамасыз ету

Бүгінде қолданыстағы техникалық аспаптардың біршама кемшіліктері бар. Біріншіден, олар тау жыныстары массивінде жүріп жатқан нақтылы геомеханикалық процестерді дәл бейлеп көрсете алмайды, сондықтан да дәстүрлі аспаптық бақылауларға негізделген болжаулық бағаларды сенімді деу жеткіліксіз. Екіншіден, оларды жүргізу өте көп еңбек сіңіруді қажет ететіндіктен, жер бетінің деформациялануы туралы деректерді қажетті мезгілде алуға мүмкіндік болмайды. Осы айтылған кемшіліктерді электрондық тахеометрлерді қолдану арқылы жоюға болады. Соколов және Сарбай карьерлер беткейлеріндегі тау жыныстарының жай-күйін қадағалау Leica Geosystems (Швейцария) фирмасының TCA 120 роботталған электронды тахеометрі арқылы жүзеге асырылады. Себебі электронды тахеометрі пайдалану барлық өлшеу процестерін автоматтандырады және шағылдырғыш призмаларды қолдануд жойылады (сурет. 4,а).

Карьер қиябеттерінің опырыла құлауларын, жарықшақтылығын (4,ә-сурет) және деформациялануын жылжуын лазерлік сканермен жүзеге асырған өте қолайлы.

Лазерлік сканирлеудің мақсаты карьер қиябеттерінде пайда бола бастаған жылжымалар мен отырылуларды дер кезінде табу және күні бұрын ескерту, сонымен қатар адамдардың өміріне қауіпті және кәсіпорнына экономикалық зиян келтіретін деформацияларға қарсы шараларды жасауға мүмкіндік туғызу. Тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуде «Leica Geosystems» (Швейцария) фирмасының HDS4400 тау-кен сканерін қолдану 4,б-суретте келтірілген. Бақылау нәтижелерін өңдеу арнайы I – Site Studio бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады



Сурет 4 - а-тахеометрмен бақылау; ә) беткей деформациясы; б)лазерлік сканерлеу

Маркшейдерлік бақылауларда жерсеріктік жүйелерді қолдану. Ғылым мен техниканың соңғы 10-15 жыл ішінде қарқынды дамуы геодезия мен маркшейдерияға координаталарды анықтаудың жер серіктік жүйесі атты жаңа әдісін дүниеге әкелді. Жер серіктері арқылы алынған координаталарды геодезистер кез келген уақытта пайдаланып, тұрған жерінің орнын анықтай алады.

Сөйтіп, 20 ғасырдың соңында дүниеге келген ғылым мен техниканың маңызды жетістіктерінің бірі - Ғаламдық позициялау жүйесі (GPS). Ғаламдық позиционирлеу жүйесін геомеханикалық мониторингта қолданудың бірден бірден бір бағыты карьерлерде маркшейдерлік тірек торларын құру және карьер беткейлері таужыныстарының жай-күйін мониторингтауда қолдану (5-сурет).



Сурет 5 - а) карьердегі GPS құрылымдары; ә) карьердегі GPS бақылаулар

Қазіргі таңда GPS-мониторинг қызметі отандық ірі тау-кен өндірісі кәсіпорындарында табысты қолданыс табауда және геодинамикалық полигондарда және кеніштер аймағында геомеханикалық мониторинг жүргізу үшін жаңа технологияларды енгізу, қазіргі заманауи геодезиялық аспаптармен және бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, "ССГПО" АҚ - Қазақстан мен ТМД елдерінің пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу саласындағы жетекші кәсіпорны. Ол технология саласында өте дамыған және Қазақстандағы ең үздік кәсіпорындардың бірі. Мұнда пайдалы қазбаларды өндіру, оларды тасымалдау және маркашайдер жұмыстарында озық технологиялар қолданылады.

#### Әдебиет

2. Жер қойнауын игердің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі (монография) - Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. - 430 б.
2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. Оқулық. - Алматы: ЖООҚ «Дәуір», 2000. - 124 бет.
3. Нурпейсова М.Б., Кыргызбаева Г.М. Маркшейдерский мониторинг прибортовых массивов. Монография. - Алматы: КазНТУ, 2014. - 280 с.

#### М. Сатанов

##### Маркшейдерское обеспечение устойчивости бортов Соколовско-сарбайского карьеров

**Аннотация.** В процессе развития открытого подхода к освоению руды, в связи с увеличением глубины, объемов и производственных мощностей карьеров, важной проблемой становится задача обеспечения устойчивости откосов карьеров. В связи с этим возникает необходимость проведения маркшейдерского мониторинга и мониторинга деформаций откосов карьера. В статье рассмотрены методы инструментальных наблюдений на Соколовском, Сарбайском карьерах.

**Ключевые слова:** железорудное месторождение, геология, горные работы, карьерные откосы, устойчивость, деформации, маркшейдерские наблюдения, виды наблюдений.

#### M. Satanov

##### Surveyor support for the stability of the sides of the Sokolov-Sarbay sky quarries

**Abstract.** In the process of developing an open approach to the development of ore, due to the increase in the depth, volume and production capacity of quarries, the problem of ensuring the stability of the slopes of quarries becomes an important problem. In this regard, there is a need to conduct survey monitoring and monitoring of deformations of the slopes of the quarry. The article considers the methods of instrumental observations at the Sokolovsky and Sarbay quarries.

**Keywords:** iron ore deposit, geology, mining operations, quarry slopes, stability, deformations, surveying observations, types of observations.

ӘОЖ 622.271.3

#### А. Тайжанов

*Ғылыми жетекші – Сарыбаев Н.О. лектор  
Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан  
[arman.tajzhan@mail.ru](mailto:arman.tajzhan@mail.ru)*

### ВАСИЛЬКОВ КАРЬЕРІ БЕТКЕЙЛЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БАҚЫЛАУ

**Аннотация.** Қазақстан әлемдік деңгейдегі минералды-шикізат базасына ие. Оның ішінде қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын игерудің ашық әдісіне ерекше орын берілген. Мұндағы карьер

қиябеттерінің орнықтылығын қамтамасыз ету өте күрделі мәселе. Осыған орай, пайдалы кен қазбаларын игеру кезінде карьер бекейлерінің орнықтылығын басқару, оны түзіп тұрған тау жыныстарының геологиялық құрылымының әрқилылығына және кен қазу тереңдігіне қарай өзгеретіндіктеріне және т.б. жағдайларға байланысты маркшейдерлік аспаптық бақылаулар жүргізіледі. Осындай аспаптық бақылаулардың ішінде карьер беткейлерінің орнықтылығын автоматты түрде бақылау өзекті мәселе болып есептеледі.

**Түйін сөздер:** алтын кен орны, геология, тау-кен жұмыстары, карьер беткейлері, орнықтылық, деформациялар, маркшейдерлік бақылаулар, бақылаудың түрлері.


Халқымыздың ұлы перзенті, заманымыздың заңғар ғалымы Қ.И.Сәтбаевтың туған күніне орай 12 сәуірде өткізілетін жас ғалымдардың дәстүрлі Халықаралық конференциясына қатысу Satbayev University студенттері- біздер үшін қуанышты сәт. Сонымен қатар, «Сәтбаев оқулары -2021» аясында, аты әлемге мәшкүр Ақжан Машановтың туғанына биыл 115 жылдығына арналған «Әл Машани көзқарасындағы жер қойнауының үйлесімдігі» атты секцияға өз үлесімізді қосу парыз деп білеміз.

Бүгінде алтыннан басқаның барлығы бос қиял. Валютаның дүниежүзілік бағасы төмендеп, финанстық кризистер туындап жатқанда, адамдар жасыл қағаз-долларды еске алады, ал алтын кез-келген жағдайда бағасын жоғалтпайды. Қазақстанның асыл металдармен байлығында шек жоқ, оны тек қана Солтүстік Қазақстанда ашылған 41 кен орнынан байқауға болады. Солардың бірі бүгінгі «Altyntau Kokshetau» ЖШҚ қарасты Васильков алтын кен орны.

Оның негізгі акттері Қазақстанда орналасқан, әлемнің ең ірі және тез өсіп келе жатқан алтын өндірісшілерінің бірі. Компания өндіріс, «Good Delivery Rules» London Bullion Market Association (LBMA) сәйкес алтын кенін шығарудан тазартылған алтын құймасын шығаруға дейін толық циклді қамтып отыр

"Altyntau Kokshetau" (бұрынғы Васильков тау-кен байыту комбинаты) — Қазақстанның Ақмола облысында Васильков алтын кен орны негізінде орналасқан ірі алтын өндіру компаниясы(тау-кен байыту фабрикасы) , Қазақстандағы ең ірі алтын кен орны — Васильковское кен орнын игеруде, оның қоры шамамен 360 тоннаны құрайды (басқа деректер бойынша 500 тоннадан астам). Қазақстандық мырыш, қорғасын, мыс, алтын және күміс өндіруші "Қазмырыш" ЖШС 100% еншілес компаниясы болып табылады.

Кендік алқап құрылысының негізгі ерекшелігі интрузивті түрлердің ала-ала болып келуі. Кенорны негізгі рифей түрі Алтыбай интрузивті массивіне қарай тартылады. Геологиялық-құрылымдық планы бойынша Васильков кенорны Донғылағаш тектоникалық жарылымы тіліп жатқан Көкшетау мұльдасы мен Жолдыбай антиклиналі құрылымымен ерекшеленеді(1-сурет).




Сурет 1 - Васильков кен орны ауданының шолу картасы және структуралық сұбасы

Қорлардың соңғы есебі (ҚР № 749-08-К хаттамасы 2008 жылдың 23 қазанында) жүргізілді және ашық жұмыстар үшін балансты фабрикалық рудалардың қорлар бекітілді.

Алынған сынамаларда тау жынысындағы алтынның массасы аз мөлшерде – 0,4 г/т бастап 2,2 - 9 г/т дейін ауытқып отырады. Фазалық сараптаманың бойынша анықталған алғашқы кендерді 90 % -ға, яғни 0.074 мм ірілікке дейін ұсақтаған кезде алтынның негізгі массасы жойылады да, цианирлеу әдісі

арқылы алынады. Блоктық модельдеудегі алтын мөлшері таралуының көлемдік түрі( 2,а –сурет) мен кимадағы сипаттамасы(2,ә –сурет) берілген.



Сурет 2 - Алтынның көлемдік моделі және профиль бойынша таралуы

Васильков кен орнының бірден-бір ерекшелігі – ондағы алтын қорының көлемінде. Табиғат Васильков кенішіне 350 тонн жуық, Менделеев жүйесіндегі 79 нөмірлі элементті қоймалаған. Бұл деген дүниежүзілік үлкен көрсеткіштердің бірі. Мұндағы алтын рудасы 500 метр теңдікке дейін барланған, карьердің ауданы 1210мың. м<sup>2</sup>, ұзындығы 1300 м, ені -1200 м(3-сурет және 1-кесте). Дәл кәзір карьердің терендігі 200 м болса да, әрі қарай бұл алтын кенін жерасты әдіспенен игеру жобаланып отыр.

Бұл карьер алтынға толы терең -жер тостағаны тәрізді. Карьердің үстіңгі жағында көкшенің көк аспанында құстар ұшып жүрсе, төменгі жағында, яғни карьер ішінде самосвалдар алтын құрамды тау жыныстарын тасуда. Егер де Қазқстанда алтынға толған тостаған бар десек, ол мына Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған Васильков карьерінің бейнесі.



Сурет 3- Васильков карьерінің жалпы бейнесі

Кесте 1 - Карьердің негізгі парметрлері

Көрсеткіштері	Өлшем бірлік.	Мөлшері
Жер бетінде алып жатқан ауданы	тыс.м <sup>2</sup>	1 300.0
Карьердің ені (батыстан шығысқа қарай)	м	1210.0
Карьердің ұзындығы (солтүстіктен оңтүстікке)	м	1290.0
Карьердің терендігі- Н	м	350.0
Кеннің қалыңдығы – m	м	250
Кеннің созылымды қ ұзындығы- L	м	950
Кемер биіктігі -h	м	30
Кемер беткейінің бұрышы- α	градус	60
Пайдалы қазындының тығыздығы- γ	т/м <sup>3</sup>	2,7

Карьер беткей кемерлері қиябеттерінің орнықтылығын қамтамасыз ету және қадағалап отыру маңызды мәселе. Бұл мәселені шешу - карьер қиябеттері жағдау массивтерінің жай-күйіне маркшейдерлік бақылаулар жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Карьер беткейлерінің деформацияларын маркшейдерлік бақылаулар көптеген әдістері және оларға тән аспаптары бар,

нивелірлеу, тахеометриялық, лазерлік сканерлеу, жерсеріктік(GPS), автоматты түрде, интерферометриялық сияқты әдістері бар.

Солардың ішінде карьер беткейлері тау жынысарының жылжуы жайлы деректерді GeoMoS жүйесі автоматты түрде алу Васильков карьерінде жүзеге асырылған.

GeoMoS жүйесі сенсорларды толығымен автоматты режимде алыста тұрып-ақ басқарады және өңдей алады. Бұл жүйе барлық өлшеулерді өте жоғары жылдамдықпен жүргізе алады және адам факторымен байланысты қателіктерді жойып отырады. Оператор тек қана бақылауларға қажет аспаптарды лайықты жерге орналастырады, бірыңғай жүйеге қосады және алынған мәліметтерге сапалы түрде талау жасайды. Васильков карьеріндегі автоматты бақылау жүйесі тәулік бойы кемер таужыныстарының деформациясын бақылап отырады(4-сурет).




Сурет 4 - Карьердің жалпы көрінісі және GeoMoS жүйесінің күресі

Автоматтандырылған жүйенің әсерлі жұмыс істеуі үшін, бағдарламалық кешендерден басқа, бірнеше техникалық жағдайлар орындалуы тиісті:

- аспапты орнатылатын арнайы күрке (өлшеулер жүргізілетін пункт) орнын таңдау және орнату;
- аспап орнатылатын тұғырлықтың (бағананың) конструкциясы;
- бақыланатын және қадағалау нүктелерін дұрыс жерлерге орнату.

Өлшеу күркесі аспапты қоршаған орта әсерінен қорғау және дәлдігін жоғарлату үшін қолданылады (5,а-сурет). Аспаптық бағана (5,ә-сурет) металдан немесе бетоннан жасалады. Оның биіктігі 2,2 ден 2,5 метр аралығында, 1,0 метр тереңдікке бетондалып бекітілген. Бағананың үстіңгі жағында аспапты бекітетін винт және призмалық шағылдырғышы бар горизонталь алаңша орнатылады.



Сурет 5 - Васильков карьеріндегі автоматтандырылған GeoMoS жүйесі  
а - тұрақты станцияның күркесі; ә - күркенің ішкі көрінісі

Деректерді автоматты түрде алу үшін арнайы бағдарламалық кешен пайдаланылады. Ол Microsoft басшылығымен жұмыс істейтін: Windows 95/98, Windows 2000 операциялық жүйедегі CREDO бағдарламасы, өйткені бұл кәзіргі кездегі ең қолайлы, заманауи графиктік интерфейс бар операциялық жүйе. Бұл жүйе Қазақстанда 2010 жылдан бастап тек «Алтынтау-Көкшетау» АҚ қарасты Васильков карьерінде ғана егізіліп өз нәтижесін беруде.

Геология және тау-кен салаларында тұрған өзекті мәселелерге кен орындарын игерудің жаңа тәсілдерін, әдістері мен технологияларын әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Сондықтан да, минералдық ресурстарды басқару жүйесін дамытудың барлық кезеңдерінің қажетті құрамдас бөлігі жүргізілетін жұмыстардың дәлдігін және жер қойнауын пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін инновациялық геодезиялық сүйемелдеу болуға тиіс.

## Әдебиет

3. Жер қойнауын игердің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі(монография)- Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016.-430 б.
2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. Оқулық.- Алматы: ЖООҚ «Дәуір», 2000.-124бет.
3. Нурпейсова М.Б., Кыргызбаева Г.М. Маркшейдерский мониторинг прибортовых массивов. Монография. -Алматы: КазНТУ,2014.-280с.

**А. Тайжанов**

**Наблюдение за устойчивостью бортов Всильковского карьера в автоматическом режиме**

**Аннотация.** Казахстан обладает минерально-сырьевой базой мирового масштаба, где место отводится открытому способу разработки месторождений твердых полезных ископаемых. При открытой разработке обеспечение устойчивости бортов карьера является сложной проблемой. В связи с этим управление устойчивостью карьеров при разработке полезных ископаемых, изменение геологического строения горных пород, составляющих его, и глубины отработки и т.д. В зависимости от обстоятельств проводятся изыскательские инструментальные проверки. Среди таких инструментальных средств контроля актуальной является автоматический мониторинг устойчивости откосов карьера.

**Ключевые слова:** месторождение золота, геология, разработка месторождений, откосы карьеров, устойчивость, деформации, геодезические методы контроля, виды контроля.

**A. Taizhanov**

**Monitoring the stability of the walls of the Vasilkovsky open pit in automatic mode**

**Abstract.** Kazakhstan possesses a mineral-raw-material base of the world scale. This is the future of its economy and prosperity, almost the only indicator of the diversification of production, the departure from the commodity orientation to the high-tech industry. Therefore, ensuring the stability of the sides of the quarry is a complex problem. In this regard, the management of the stability of open pits in the development of minerals, changes in the geological structure of the rocks that make up it, and the depth of mining, etc. Exploratory instrumental checks are carried out depending on the circumstances. Among such control tools, automatic monitoring of the stability of open pit slopes is relevant.

**Keywords:** gold deposit, geology, mining, quarry slopes, stability, deformation, geodetic control methods, types of control.

УДК 622

**К. Такиева**

*Научный руководитель - Айтказинова Ш.К. ассоц.профессор  
Satbaev University, г.Алматы, Республика Казахстан,  
[kamillatakieva4@gmail.com](mailto:kamillatakieva4@gmail.com)*

## ИЗУЧЕНИЕ ГОРНО-ГЕОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ МЕСТОРОЖДЕНИЯ АКЖАЛ

**Аннотация.** В статье рассматриваются общие краткие сведения о цинковом месторождении Акжал, его роли в развитии горнодобывающей промышленности. Представлены геологические, структурные и тектонические особенности месторождения, существующее положение карьера и рудника. Несмотря на то, что месторождение «Акжал» относится к разряду неизученных по процессу сдвижения горных пород, приведены угловые параметры сдвижения, принятых при проектировании подземного рудника

**Ключевые слова:** месторождение, Акжал, проект, руды, Центральный карьер. Восточный карьер, подземные выработки.

12 апреля - день казахской науки! Сегодня в день рождения нашего великого соотечественника, мы отмечаем большой вклад Каныша Сатпаева в развитии науки, производства и нашего КазГМИ-КазПТИ-КазНТУ-КазНИТУ! С законной гордостью отмечаем величайшую заслугу К.Сатпаева в создании прогнозной металлогенческой карты полезных ископаемых Центрального Казахстана. Работая по этой карте, геологи до сих пор продолжают открывать богатства недр нашей республики. Одним из многочисленных месторождений Центрального Казахстана является тема моего доклада-цинковое месторождение Акжал.

Административное месторождение «Акжал» и одноименный рудничный поселок расположены в Шетском районе Карагандинской области в 240 км к юго-востоку от областного центра. Ближайшие

железнодорожные станции находятся соответственно в 80 км юго-западнее (Мойынты) и в 110 км северо-западнее (Акадыр).

В 12 км восточнее проходит автотрасса Алматы - Астана (рис.1). Ближайшим горнопромышленным центром является г. Балкаш, расположенный в 130 км к юго-востоку.

Акжалское месторождение было открыто в 1880 году, добыча руды началась в 1935 г. Полномасштабная добыча началась с разработки месторождения открытым способом и с пуском в 1951 году обогатительной фабрики на 600 тыс. тонн руды в год.

В 1959 году выпущен технический проект карьера рудника институтом «Среднеазиатским Гипроцветмет», на основании которого велись горные работы открытым способом.




Рисунок 1 - Обзорная карта района

Месторождение Акжал разрабатывалось раздельно одноименными карьерами: карьеры Западный и Центральный, которые в начале 70-х годов соединены горными работами в один карьер – Центральный и Восточный карьер заложен в 1981 году по проекту института СПКТБ Казминцветмета на глубину 165м.

Начиная с 1997 года правом на проведение добычи свинцово-цинковых руд месторождения Акжал владеет управляющая швейцарская фирма «Nova Trading & commerce AG». Добычу и переработку руды ведет СП ТОО «Nova-Цинк», а с 2006г. - ТОО «Nova-Цинк» (смена собственника управляющей фирмы). ТОО «ПИЦ по горным работам» РГП «НЦ КПМС РК» 2002-2010 г. (г.Алматы) разработан проект Реконструкции Центрального карьера до отметки 315 м на базе переоцененных запасов месторождения Акжал до 2021 года. ТОО «Nova-Цинк» отрабатывает месторождение открытым способом разработки (промплощадка №1). С 2016 года предприятие перешло на комбинированный способ отработки открыто-подземным. В 2020 г. отработка месторождения открытым способом заканчивается. Промплощадка №2 – перевалочная база является вспомогательным участком рудника Акжал, необходима для производства отгрузки продукции потребителю и доставки моварно-материальных ценностей.

Месторождение прослеживается на 5,5 км, рудные тела в центральной части месторождения имели выход на дневную поверхность, залегание рудных тел на глубину до 600м, ширина рудной зоны до 350м, падение в Центральной части крутое, на Восточном участке – пологое (до 20-30°). Мощность рудных тел весьма изменчива, характеризуется наличием отдельных пережимов, раздувов и разветвлений[1].

По минеральному и химическому составу руды практически идентичны. Руды комплексные, основные компоненты: цинк и свинец; попутные – серебро и кадмий. Повсеместно руды содержат также барит, но содержание его низкое, не позволяющее рассматривать барит в качестве еще одного попутного компонента, имеющего промышленное значение.

Рудная зона характеризуется сложным внутренним строением, распределение цинка неравномерное и весьма неравномерное, а свинца – весьма и крайне неравномерное, встречаются пластообразные и седловидные рудные тела и залежи прожилково-вкрапленных руд, рудные тела не выдержаны по падению и простиранию, имеют пережимы и раздувы, разветвляются и соединяются вновь. Рудоносная и вмещающая толщии представлены скальными породами: массивными, изредка скарнированными и ороговикованными, известняками, алевролитами, порфиритами, известковистыми песчаниками (рис.2).




Рисунок 2 - Геологическая карта района месторождения Акжал

Помимо пликативных нарушений наблюдается большое количество дизъюнктивных, сформировавшихся в дорудное, внутрирудное и пострудное время; они отличаются своими размерами, амплитудами смещений и интенсивностью, сопровождающей их трещиноватостью и рассланцеванием пород. В настоящее время неглубоко залегающие руды Центрального участка отрабатываются одноименным карьером с завершением работ (Рис. 3).



Рисунок 3 - Состояние горных работ на карьере «Центральный»

Подкарьерные запасы месторождения «Акжал» в соответствии с горнотехническими условиями разработки, принятой схемы вскрытия, порядка отработки запасов и рекомендациями заказчика предусматривается отрабатывать системами подэтажного принудительного обрушения с боковым и торцевым выпуском руды при устойчивых и среднеустойчивых рудах и вмещающих породах со средней мощностью до 20 м и выше средней[2,3].

Месторождение «Акжал» относится к разряду неизученных по процессу сдвижения горного массива. Средний угол падения рудных тел для Восточного участка ( $\alpha=19^\circ$ ), для Центрального участка ( $\alpha=85^\circ$ ). Коэффициент крепости по шкале М.М. Протоdjаконова составляет: для руд  $f=6$ , для пород  $f < 8$ .

Границы зон влияния подземных разработок определены согласно разделу III «Временных правил охраны сооружений и природных объектов...».

Числовые значения нормативных угловых параметров сдвижения составляют:

- для Центрального участка
- а) по висячему боку  $\beta - 65^\circ$ ;
- б) по лежащему боку  $\gamma - 65^\circ$ ;
- в) по простиранию  $\delta - 70^\circ$ ;
- для Восточного участка
- а) по висячему боку  $\beta - 70^\circ$ ;
- б) по лежащему боку  $\gamma - 70^\circ$ ;
- в) по простиранию  $\delta - 70^\circ$ .

В 2011 году КГЦМ разработал технико-экономическое обоснование вскрытия и отработки подземным способом.. Техническое задание на проектирование «Проекта промышленной разработки запасов месторождения «Акжал» подземным способом выдано институту «Казгипроцветмет»[4]. Согласно проекту 2013 года, отработка Центрального участка месторождения предусматривалась с выделением пускового комплекса: штольнями, механизирован-ным восстающим № 1 и автотранспортным уклоном. В карьере «Центральный» расположены порталы штолен 465 м и 425 м (рис.3).



Рисунок 3 - Портал штольни

Планом горных работ предусматриваются системы поэтажного обрушения с применением дизельного самоходного оборудования.

Определены основные технико-технологические показатели, соответствующие передовым достижениям отечественных и зарубежных предприятий и предусмотрены профилактические мероприятия по созданию безопасных условий труда подземных рабочих и промышленной санитарии.

Размещение проектируемых поверхностных объектов выполнено на основе технологических решений, вне границы зоны опасных деформаций (предполагаемая зона сдвижения от горных работ), с учетом существующих застройки, транспортных коммуникаций и селитебной территории. Решения по генеральному плану выполнены с соблюдением требований Технического регламента, требований СН РК 3.01-03-2011, СП РК 3.01-1-3-2012, СН РК 3.03-22-2013, СП РК 3.03-122-2013.

#### Литература

1. Байбатша А.Б Модели месторождения благородных металлов. Монография/ Байбатша А.Б.- Алматы, КазНТУ.2014г.
2. Поречин А. А., Красиков В. Н., Дергачев Е. В. и др. «Отчёт о результатах геологоразведочных работ за 2007–2008 гг. в пределах Восточного участка свинцово-цинкового месторождения Акжал с подсчётом запасов по состоянию на 01.10.2008 г.» – ТОО КПК «Геолсервис», Алматы, 2008.
3. Красиков В.Н., Поречин А.А., Дергачев Е.В. и др. «Отчет о результатах доразведки глубоких горизонтов Центрального участка свинцово-цинкового месторождения Акжал с пересчетом запасов по состоянию на 01.01.2009». – Алматы: ТОО КПК «Геолсервис», 2010. - 74 с.
4. Проект помышленной разработки запасов месторождения Акжал подземным способом. - Усть-Каменогорск, Казгипроцветмет, 2013, т.2.

**К. Тәкиева**

#### **Акжал кенорнының кен-геологиялық жағдайын зерделеу**

**Андағпа.** Мақалада мырышты Акжал кенорнының жалпы жағдайы және оның тау-кен өнеркәсібі дамуындағы ролі жайлы жайлы қысқаша мәлімет берілген. Кен орнының геологиясы, құрылым, тектоникалық ерекшеліктері, карьер мен кеніштің қазіргі жағдайы туралы мәлімет келтірілген. Акжал кен орны жылжу процесі зерттелмеген кен орындрының қатарына жатса да, жер асты кенішін жобалағанда қабылданған жылудың бұрыштық параметрлері берілген.

**Түйін сөздер:** кен орны, Акжал, жоба, руда, Орталық карьер, Шығыс карьер, жерасты қазбалары.

**K. Takieva**

#### **Study of mining and geological conditions of the Akzhal deposit**

**Abstract.** The article discusses general brief information about the Akzhal zinc deposit, its role in the development of the mining industry. The geological, structural and tectonic features of the deposit, the existing position of the open pit and mine are presented. Despite the fact that the Akzhal deposit belongs to the category of rocks that have not been studied by the process of displacement of rocks, the angular parameters of displacement are given, which were adopted in the design of an underground mine.

**Keywords:** deposit, Akzhal, project, ores, Central open pit. Eastern quarry, underground work.

**М.А. Таңірбергенова**

*Ғылыми жетекшісі - - Г.М. Қыргызбаева т.ғ.к., доцент*  
*Satbayev University, Алматы қ., Қазақстан*  
[madina.tanirbergenova.98@mail.ru](mailto:madina.tanirbergenova.98@mail.ru)

## **ТАУ-КЕН ҚАЗБАЛАРЫНА ЖАҚЫН КОНТУРЛЫҚ МАССИВ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ**

***Аңдатпа.** Тау жыныстарының бұзылуы жағдайында олардағы дамып келе жатқан кернеулердің әсерінен жарықшақтар пайда болады. Жарықшақтардың өсуімен беріктік пен деформация сипаттамалары төмендейді. Жарықшақтардың болуы тау жыныстарының контурлық массивінің бұзылуына әкеледі. Тау-кен қазбаларының тұрақтылығын, кеніштің қауіпсіз және тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін техникалық және технологиялық шешімдерді негіздеу үшін тау-кен қазбаларына жақын контурлық массив деформациясының пайда болу заңдылықтарын анықтау қажет. Бұл мақалада осындай заңдылықтарды анықтау үшін «Ақжал» кен орнында жүргізілген жұмыстар баяндалатын болады.*

***Түйін сөздер:** Ақжал, деформация, бақылау реперлері, горизонт, тау-кен қазбалары, карьер.*

Қазіргі таңдағы тау-кен өндірісінің даму кезеңінде Қазақстан Республикасында пайдалы қазба кен орындарын игеру ашық және жерасты әдістерімен қарқынды жүргізілуде. Сондықтан пайдалы қазба кен орындарын игеру барысында қауіпсіз және тиімді игеру жұмыстарына ерекше назар аудару қажет.

Бүгінде тау-кен өндіру өндірісінің ауқымы терең зерттеуді және жер қыртысының тепе-теңдігінің бұзылуына байланысты тау-кен массивінде пайда болған геомеханикалық процесстерді үнемі аспаптық бақылауды (мониторингті) қажет етеді.

Бұл мәселе кен орнын игерудің барлық кезеңінде өзекті және қазіргі кезде кен игеру аралас әдіспен жүргізіліп жатқан «Ақжал» кен орнында да қатысты. [1, 2]

Тау жыныстары мен жер бетінің жылжуын зерделеудің көпжылдық тәжірибесі осы процеске массивтің механикалық қасиеттері, әсіресе жарықшақты тектоникасы елеулі ықпалын тигізетіндігін айқындады. Сондықтан қазіргі кезде массивтің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу тау жыныстарының жылжуы саласындағы жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі пункті болып келеді. [3, 4]

Жер асты тау-кен қазбаларын зерттеу кезінде 01.07-04.07.2020 ж. тау-кен қазбаларының контурға жақын массив жыныстарының ығысуына аспаптық бақылау жүргізу кезінде тау-кен қысымының жарықшақтары түріндегі көріністері және тау-кен массасы кесектерінің құлауы анықталмады. Тек орталық учаскенің 465 м горизонтындағы және шығыс учаскенің 505 м горизонтындағы кен қазбалардың шатыры бойынша көлемі 0,1\*0,2\*0,1м ден 0,4\*0,7\*0,15м дейін тау жыныстары кесектерінің қырындылары және қабыршақтануы бар.

Ақжал кенішінің жерасты тау-кен қазбаларының тау-кен жыныстары массивінің жай-күйіне қалыптасқан геомеханикалық жағдайды талдау мақсатында, кеніштің тау-кен қазбаларына жақын контурлық массив деформациясының заңдылықтарын анықтау үшін жоғары дәлдікті аспаптық бақылаулар жүргізу қажет болып табылады.

Ол үшін екі кезеңде келесі жұмыстар жүргізілді:


I кезең (2020 жылғы шілде):

- Шығыс учаскенің 505 м горизонтындағы көлік қуақызында саны 15 дана реперлік станцияларды тахеометрлік түсіру; (Сурет 1)


- 465 м горизонтындағы көлік қуақызында бір-бірінен 30-35 м қашықтықта 27 дана мөлшерінде реперлік бақылау станцияларын салу, содан кейін оларды түсіру. (Сурет 2)

II кезең (2020 жылғы қазан):

- орталық учаскенің 465 м горизонтындағы және Шығыс учаскенің 505 м горизонтындағы көліктік қуақызында реперлік станцияларды тахеометриялық түсіру.




Сурет 1 - 505 м горизонттағы көлік куақазында реперлердің орналасуы



Сурет 2 - 465 м горизонттағы көлік куақазында реперлердің орналасуы

Жер асты тау-кен қазбаларында мүмкін болатын деформация шамасын өлшей отырып, реперлік бақылау станцияларын салу және мерзімді түсіру арқылы тау-кен қазбаларының контурға жақын массиві жыныстарының ығысуын аспаптық бақылауларды талдау, бұл жағдайда келесі факторлар әсер ететін салыстырмалы шама екенін көрсетеді:

- жер асты суларының маусымдық ауытқуы;
- физикалық факторға байланысты репердің бастапқы орналасуына қатысты ығысуы (жүру кезінде тау-кен жабдығымен реперге тию нәтижесінде репер өсінің иілуі).



Сурет 3 - 465 м горизонттағы реперлердің вертикаль деформациясының графигі

Жалпы алғанда, "Ақжал" кен орнының тау-кен массивінің табиғи кернеулі жағдайын бағалай отырып, шілде және қазан айлары аралығында аса қатты деформациялар анықталмады. Минималды деформация -1мм болса, максималды деформация шамасы -5мм-ді құрады. (Сурет 3) Осыған байланысты шатырдың мінез-құлқында тұрақты өзгерістер байқалмайды.

545 горизонтты өңдеу бойынша жүргізілген жер асты тау-кен жұмыстарының нәтижесінде тау жыныстарының қалыңдығында бос кеңістіктер пайда болды. Дегенмен соған қарамастан тау-кен жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Тау-кен қазбаларының шатырындағы жыныстар жер бетіндегі үйінділердің ауырлық күші әсерінен тау-кен қысымын қозғалысқа келтіреді. Нәтижесінде ол барлық кен денесі мен жер бетінің жылжуына себепші болып, жер бетіндегі үйінді маңында Центральный және Восточный карьерлерінің ортасында опырылудың пайда болуына әкеп соқтырды. (Сурет 4)



а) Қазба шатырындағы



б) Қазба бүйіріндегі

Сурет 4 - Қазбадағы опырылулар

**Кіріспе.** Қазақтың қасиетті топырағы ХХ-ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Ақжан Машановтың тұлғалары биік шыңға ұқсайды. Бірі Баянауылдан, екіншісі Қарқаралыдан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлғалар. Сәтбаев атындағы университеттің студенті бола тұра, жылда өткізілетін дәстүрлі «Сәтбаев оқуларына» және А.Машановтың туғанының 115 жылдығы аталып өтілетін осы конференцияға қатысу біздер үшін үлкен мәртебе деп білеміз. Конференция барысында біріншіден, ғалымдарымыздың өмір жолдарымен танысу, еңбектерін зерделеу, екіншіден осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар болу біздердің ойымыздың өрісті, келешектегі еңбегіміздің жемісті болатынына сеніміміз зор.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** "Ақжал" түсті металдар кен орны Қарағанды облысындағы Шет ауданында орналасқан. "Nova-мырыш" ЖШС 1997 жылы Ақжал кен орнының қорғасын-мырыш кендерін әзірлеу және байыту үшін (Қарағанды облысы, Қазақстан) құрылды.

2006 жылдың тамыз айынан бастап "Nova-Цинк" ЖШС компаниясының 100% - ы "Челябі мырыш зауытына" (ЧЦЗ) тиесілі.

ЧЦЗ-Ресейдегі ең ірі металл мырыш өндірушісі, оның үлесіне осы металдың ресейлік өндірісінің 64%-ға жуығы тиесілі. "Nova-Цинк" ЖШС еншілес кәсіпорнынан (Қазақстан Республикасы, Ақжал қорғасын-мырыш кен орнының операторы) басқа, ЧЦЗ Еуропада Металлургия өндірісі бар, ол The Brock Metal Company Limited қысыммен құю үшін жетекші

британдық мырыш және алюминий қорытпаларын өндіруші болып табылады. «Nova-Цинк» ЖШС екі «Орталық» және «Шығыс» карьерлінен тұрады (1-сурет).


Кен орны ауданы Жоңғар-Балқаш геосинклинальды облысының үш ірі құрылымдарының түйіскен жерінде орналасқан. Солтүстік бөлігінде Жаман-Сарысу синклинийінің оңтүстік канаты, оңтүстік бөлігінде Ақтау – Мойынты антиклинорийі, орталық бөлігінде Ақжал - Ақсоран синклинийі орналасқан. Ауданның күрделі тектоникалық құрылымы бірнеше кезеңде қалыптасты. Рудалық зонаның ішкі құрылымы өте күрделі, онда қойнауқатты және қайқыбелді рудалық денелермен ерекшеленеді. Олардың құлама және созылым бойынша тұтастығы жоқ, бір-бірімен ажырап, қайта қосылып жатады.



1 –сурет: географиялық орны және «Орталық» карьеріндегі тау-кен жұмыстарының жағдайы

Ақжал қорғасын-мырыш кен орны да өзіне тән тектоникалық жарылымдарымен ерекшеленді. Тектоникалық жарылымдар әсерінен кен орнындағы тау жыныстары көптеген жарықшақтар арқылы бөлшектеніп, жеке-жеке құрылымдық блоктарға айналады(2,а-сурет). Қазіргі уақытта тау – кен жұмыстары ашық тәсілмен - Орталық карьерімен және жер асты тәсілмен-Ақжал кенішімен жүргізілуде, карьердің тереңдігі 280-300 м жеткен.


Жер астына портал арқылы кіреді (2,ә-сурет).



2-сурет. а- Ақжал кен орнының тектоникалық картасы; ә- жер астына кіру порталы

Ақжал карьері жағдайындағы тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз етуде оларды жүргізуге дәлдігі жоғары және көп уақыт алмайтын осы күнгі аспаптарды қолдану қарастырылып отыр. Өйткені тау-кен жұмыстарын жүргізудің дәлдігіне өте қатал талаптар қойылады. Бұл, өз кезегінде, осы күнгі аспаптарды қолданудың, маркшейдерлік түсірістердің әдістемесін жасауды талап етеді. Демек, бұл пайдалы қорды игеруде тау-кен жұмыстарын жоғары дәрежеде маркшейдерлік қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық маңызды мәселеге арналғандығының айқын дәлелі.

Сондықтан да, заманауи маркшейдерлік аспаптар мен бағдарламалық өнімдерді өндіріске енгізу арқылы маркшейдерлік түсірістердің дәлдіктерін көтеруді қамтамасыз ету және оларды жүргізудің қауіпсіздігін жоғарылату үшін осы күнгі аспаптарды қолданудың әдістемесін жетілдіруді ұсынып отырмыз. Бұл әдістеме өз кезегінде жерсеріктік навигациялық жүйелері (GPS), электронды аспаптарды қолдануға негізделген. Ұсынылып отырған тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз ету әдістемесінің блок-схемасы 3-суретте елтірілген.



3-сурет. Тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз етудегі заманауи аспаптар

Қазіргі заманауи аспаптарды қолдану қарапайым аспаптарға қарағанда жұмысты қысқа мерзімде, жоғары дәлдікпен орындауды қамтамасыз етеді. Қарапайым оптикалық аспаптарды

колданғанда уақыт көп жұмсалынады және де лазерлік сканерлерді пайдалану, жерасты қазбаларындағы маркшейдерлік және үңгілеу жұмыстарын жүргізген кезде бірсыпыра артықшылыққа ие болып отыр.

Заманауи аспаптардың ішіндегі GPS- құрылымдары қол жетімсіз, қиын да алыс орналасқан аймақтарда, мемлекеттік геодезиялық тораптарды және үлкен карьерлерде тірек жүйелерін жиілетуде маркшейдерлік-геодезиялық жұмыстарды атқара алудың жалғыз ғана оңтайлы әдісі болып табылады. Ал, Ақжал карьеріндегі күнделікті маркшейдерлік жұмыстарда электронды тахеометр пайдаланған өте қолайлы

*Электронды тахеометр* – карьерлерде горизонталь бұрышты, горизонталь ара қашықтықты және өзара биіктікті өлшеуге арналған топографиялық электрондық – оптикалық аспап. Электронды тахеометр құрылымында кодтық теодолит пен шағын жарық қашықтық өлшеуіш біріктірілген. Көздеу нысанасы ретінде шағын габаритті призмалық шағылдырғышы бар арнайы қада қолданылады. Өлшеу процесі автоматтандырылған. Ара қашықтықты, горизонталь және вертикаль бағыттарды өлшеу нәтижелері, электрондық цифрлы таблода көрініп, бір мезгілде ақпаратты жинағышта тіркелуі мүмкін.

Тіркеудің мәні – далалық өлшеу аспабының мамандандырылған электрондық есептеу машинасымен қосылуында. Ол дала өлшеулерінің мәліметтері бойынша, автоматты түрде жергілікті жердің түсіру жоспарын сызады. Электронды тахеометр арқылы өзара биіктікті анықтаудың, көлбеу қашықтықты горизонталь жазықтыққа келтірудің автоматты түрде атқарылуы, сондай-ақ жарықтың ауада таралуын жылдамдығы үшін түзетудің автоматты түрде есепке алынуы мүмкін. Тахеометр жинағына шағылдырғыштар, штативтер, батарея, зарядтау құрылғысы, аспапты жөндеу және күту жабдықтары кіреді. Оның түнде жұмыс істеуге арналған жабдығы бар. Ол цифрлық таблоға берілетін жедел ақпарат пен және жадтағы жинағышқа шығарылуына мүмкіндік бар.

Қазіргі таңда заманауи электронды тахеометрлердің қолдану саласына, дәлдігіне және орындалатын функциясына байланысты үш топқа бөлуге болады, олар:

- жәй электронды тахеометр;
- орташа класты электронды тахеометрлер;
- Leica TS15P электронды тахеометрі (4,а-сурет);
- робоотталған электронды тахеометрлер.

Сонымен қатар, Ақжал карьері беткейлерінің орнықтылығын лазерлік сканермен бақылап отыру қолға алынған (4.ә-сурет) және нивелирлеу жұмыстарында цифрланған нивелир қолданылуда (4, б-сурет).



4-сурет. Ақжал карьерінде қолданыстағы заманауи маркшейдерлі аспаптар

**Қорытынды.** Қазіргі заманауи аспаптар техникалық және конструкциялық сипатамаларымен ерекшеленеді және оның дәлдігі мен өлшеу қашықтығы ереше рөл

атқарады. Мысалы, көптеген далалық жұмыстарда жай механикалық тахеометрлер қолданылады. Ал кейбір күрделі жағайларда, мәселен мұнай құбырлары магистральдарын жүргізу кезінде жарық шағылыстыратын құрылғыны автоматты түрде іздеп табатын роботтандырылған тахеометрлер қолданған өте тиімді.

#### **Әдебиет**

2. Электронные тахеометры. Обзорная информация, М., ЦНИГА и К. 2000. 41с.
2. Нұрпейісова М.Б. Марпкшейдерлік іс (оқулық).-Алматы: «Дәуір», 2016.- 240 б.
3. . Нұрпейісова М.Б., Рысбеков Қ.Б. Геодезиялық және маркшейдерлік аспаптар (оқулық). Астана: Фолиант, 2013.- 192 б.

**Базархан М., Шампикова А.**

#### **Применение современных приборов при маркшейдерских работах карьера Акжал**

**Аннотация.** Изложена геология месторождения Акжал при ТОО «Nova-Цинк» и современное состояние открытых горных работ. Кроме того, основное внимание уделяется проведению маркшейдерских работ на карьере с применением современных инструментов, наряду с обычными маркшейдерскими техническими аппаратами. Среди современных Астапов предусмотрено использование электронных тахеометров, лазерного сканера и цифровых нивелиров фирмы Leica Geosystems.

**Ключевые слова:** Карьер Акжал, горные работы, маркшейдерское обеспечение, современные приборы, электронные, лазерные приборы.

**Bazarkhan M., Shampikova A.**

#### **The use of modern devices for mine surveying career Akzhal**

**Annotation.** The geology of the Akzhal deposit at Nova-Zinc LLP and the current state of open-pit mining operations are described. In addition, the main attention is paid to conducting survey work in the quarry with the use of modern tools, along with conventional surveying technical devices. Among the modern Astaps, the use of electronic total stations, a laser scanner and digital levels from Leica Geosystems is provided.

**Key words:** Akzhal quarry, mining operations, surveying support, modern devices, electronic, laser devices.

ӘОЖ 622.832

**А.Т. Имангалиев**, докторант,

*Ғылыми жетекшісі – З.О. Дүкенбаева, т.ғ.д., профессор*  
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті*  
*Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан*  
[imangaliyev\\_historian@mail.ru](mailto:imangaliyev_historian@mail.ru)

#### **ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ: ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ**

*Өткен күнде белгі бар, ізденушісі болса,  
Келер күнге Тәңірі жар, тілеушісі болса.  
(Халық даналығы) [1]*

**Түйіндеме.** Мақалада геолог-ғалым Қаныш Сәтбаев және Қазақстан мен Орта Азияда әл-Фараби мұраларының тұңғыш зерттеушісі Ақжан әл-Машани тұлғаларының рухани байланысы туралы мәлімет.

**Түйінді сөздер:** тарих, тұлға, әл-Фараби, геолог, фарабитанушы, Ақжан әл-Машани, Қаныш Сәтбаев.

Тарих – ғасырларды, сан мыңдаған жылдарды қамтитын, тереңге батқан замана ағымы. Ал, замана дәуірін туғызушы және қайта түлетуші әр адамзат баласының өмір-тіршілігін және оның кезеңделуін әр дәуірде өмір сүрген озық ойлы тұлғалар шоғырын, ғалымдар мен ақын-жазушылардың рухани шырақтарын айтады. Осы ретте, «тарихты тұлғалар жасайды» деген қағидаға сүйене отыра, тарихты тудыратын да, жаңартатын да тұлға. Сол себептен де тұлғаның тарихта алатын орны орасан. Аталған мәселе аясында, белгілі тұлғатанушы-ғалым Манаш Қозыбаев «Тұлғалар тұғыры» атты еңбегінде: «Тарихта тұлғаны ақ алмастай замана шыңдайды, ақ алмас, Мұхтар Омарханұлы атап көрсеткендей, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дария еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады» дей келе [2, 4 б.], тұлғаның тарихта алатын орнын айқындап көрсетіп, заманның ащысы мен тұщысына шыдап, қиыны мен қуанышын халықпен бірге өтеп, халықты артына ерте білген, ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғалар шоғыры дүниеге келді. Әсіресе, ХХ ғасырда ерлік пен елдіктің үлгісін көрсетіп, білім мен ғылымды дамытқан Әлихан Бөкейхан, Мұхамеджан Тынышпаев, Тұрар Рысқұлов, Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхтар Әуезов секілді және т.б. тұлғалар – қазақ тарихының өшпес қайнар көзі.

Осы орайда, ХХ ғасырдағы ғылым халы мен тұлғалары туралы академик Герой Жолтаевтың естелігін келесідей ұсынамыз: «Иә, ХХ ғасырдың кереметі көп. Осының бәрі таң қалып, тамсанғаннан адамзаттың басы айналып тұрғандай сезіледі кейде маған. Сондай дейміз-ау, бұл құдіретті жасап жатқан кім және не? Иә, ол – ғалым мен ғылым құдіреті. Абай ақын айтпай ма «Алланың бір аты – ғылым!» деп. Сол Алланың бұйрығымен болар ғалымдықтың жүгін көтеріп, ғылымның жолын қуып, артында өз сөзі мен ісін қалдырған құрметті азаматтар біздің халқымызда аз емес. Шоқ жұлдыздар – Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Шапық Шөкин, Ермұқан Бекмаханов, Ебіней Бөкетов..... [3, 126 б.]. Баршамызға белгілі бұл тұлғалардың халық үшін атқарған қоғамдық қызметтері мен ғылым жолындағы игі істері өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Жоғарыда аталған тарихи тұлғалардың ішінде белгілі геолог-ғалым, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев және тұңғыш фарабитанушы-ғалым, Қазақ ССР Ғылым Академиясының құрылтайшысы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың Отандық және әлемдік тарихта алар орындары ерекше.

Ең алдымен, Орта Азия мен Қазақстанға Әбу Нәсір әл-Фараби есімін және мұраларын алғаш танытқан фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ғылымға келу барысын тоқталып өтетін болсақ, 1943 жылы «Торғай кенді алқабының құрылымы» тақырыбына кандидаттық диссертацияны, 1946 жылы зерттеп жүрген тақырып аясында докторлық диссертацияны жоғары деңгейде қорғап, жаңадан шаңырақ көтерген ҚазССР Ғылым Академиясының «Жер ғылымы» бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, Ғылым Ордасының құрылтайшысы атанып Ақжан Машани есімі осылайша тарихқа енді [4, 10 б.]. Академияда Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Шахмардан Есенов секілді ғалымдармен етене жұмыс жасады.

Әсіресе, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Қаныш Сәтбаевпен ғылыми байланысы туралы Ақжан әл-Машани «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында жарық көрген «Қанышпен болған сапар» атты ғылыми мақаласында былайша өзектейді: «Бір айта кететін нәрсе, Қаныш менің геология саласында қазақша еңбек жазғандарымды ұнататын еді, соған көп көмек көрсетті. «Жер сыры» атты кітапқа алғы сөз шығартудан бастап, Академия баспасынан менің бірнеше кітабым, бірнеше аудармалар, термин сөздіктерім шықты. Солардың бәріне ол кісі тікелей жәрдем беріп отыратын еді» [5, 20 б.]. Мәселен, Ақжан әл-Машанидың қаламынан

туындаған «Жер құрылысы» атты томдық еңбегінде геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың «Сөз басы» ретінде жарық көрген мақаласында: «Машанов А. жолдас өзінің кітабында көпке түсінікті жер үстінде тіршілік өркендеуі тарихынан, физикалық геологиядан негізді мәліметтер береді. Сонымен қатар, Қазақстанның – Алтай, Сарыарқа, Қаратау, Орал-Ембі сияқты үлкен өңірді алаптарының геологиялық құрылғысындағы негізгі өзгешеліктерін береді. Осы айтылған өте маңызды мәліметтердің бәрі де жалпы алғанда теориялық берік негізге сүйеніп жазылған. Кітаптың әдемі әдебиеттік, геологиялық оқиғалар мен кейбір терминдердің негізін түсіндірудегі автордың шеберлікпен кең түрде қазақ тілін пайдалануы, сөйлем құруы, Машанов А. жолдас еңбегінің геология мәселесіне жазылған жеңіл кітаптардың орысша тілде шығып жүргендерінен де ерекше артықшылығы болып табылады» деп Ақжан әл-Машанидың аталмыш еңбегіне өз бағасын берген болатын [6, 7 б.].

Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың қаламынан жер ғылымы аясында бірнеше ғылыми мұралар қатары дүниеге келді. Атап айтатын болсақ, Қаныш Сәтбаевтың тапсырмасы бойынша Ақжан әл-Машани 1944 жылы қазақ халқының бас ақыны Абайдың 100 жылдық мерейтойына арнап «Абай шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері» атты баяндамасы [7, 11 б.], «Таулар қалай пайда болды?» (1939 ж.), «Қазақстандағы көне кен қазбалары» (1942 ж.), «Жердегі тіршіліктің пайда болуы және дамуы» (1948 ж.), «Жер сыры» (1948 ж.), «Жер құрылысы» (1949 ж.), «Жер сілкінуі» (1949 ж.) [7, 5 б.]. Сондай-ақ, ғалым Ақжан әл-Машанидың «Механика массив горных пород» (1961), «Основы горной механики» (1972), «О закономерностях развития систем трещин в горных породах» («Берг академии» ГДР, №8) еңбектері бар [8, 13 б.].

Сондай-ақ, Ақжан әл-Машанидің жер ғылымы бойынша атқарған жұмыстары орасан. Осыған дәлел ретінде Сәтбаев университетінің қабырға-сында «Тарихи мұралар орталығы»-да тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың Ақбастау және Құсмұрын алтын кен орындары зерттеуі туралы келесідей құжатты көруімізге болады:


*Сәтбаев университетінің «Тарихи мұралар орталығы» қорынан алынды [9]*

Ғылым Академиясының қабырғасында жүріп, Ақжан әл-Машани тек қана теориялық қана емес, практикалық түрдегі зерттеу жұмыстарын жүргізгенін көруімізге болады.

Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың табиғат, жер ғылымдары арқылы адам мен ғалам арасындағы үндестік тауып, өмір шындығына жетуді мақсат тұтты. Бұл туралы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты томдық еңбекте Ұлы дала елінің дара тұлғасы Абайдың «Өмірдің өзі шындық» атты тұжырымды: «Оның терең мағынасын қысқа түрде топшылайтын болсақ – ол бүкіл табиғат дүниесі, ол біздің өмірге келген ұямыз-мекеніміз. Екінші жағынан ол сол табиғат дүниесінің бір мүшесі, сол табиғатты тани білетін ерекше

саналы мүшесі адамзат. Екеуінің арасында сәйкестік, жарастық жәрдем, таластық майдан көрікті көрініс, мейірімді махаббат, саналы парасат бар. Өмірдің шындығы сол» деп атап көрсетеді [10, 23 б.].

Адам мен табиғат, кіші ғалам мен үлкен ғалам арасындағы үндестікке жетуде Абай мен Әл-Фараби мұраларымен қатар, Қаныш Имантайұлының ықпалы орасан болды десек артық айтқандық емес.



Себебі, ғалым Ақжан әл-Машани табиғат, жер ғылымы мен таңбалы тастар арқылы дүниенің шындығын түсінуді мақсат етті.

Әіресе, Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты томдық еңбегінде қағаз бетіне түскен тарихтан шындық іздеу қиынға соғады, керісінше шындық көзі тек таңбалы тастарда және «тас» - көне тарихтың бір белгісі ретінде атап көрсетеді [11, 28 б.]. Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың Қазақ КСР ҒА-да ғалымдар мектебінен өтуі – геология және өзге ғылым салалары бойынша тың жаңалықтарды ашуына сеп болды. («Фараби габратты ғалым» еңбегінен алынды.) [12, 230 б.]

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Ақжан әл-Машанидың ашқан ірі жаңалықтардың бірі Фараби есімі мен мұрасын Ұлы дала еліне қайта қауыштыруы еді. Ал, бұл игі мұраны зерттегі Қаныш Сәтбаевтың өзі де қолдау көрсетеді. Бұл турады профессор, фарабитанушы-машанитанушы Дүкенбаева Задаш Оразғалиқызының «Әл-Машани – XX ғасырдың әл-Фарабиі» мақаласынан танысып көруімізге болады:

### ПРЕЗИДЕНТУ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

АКАДЕМИКУ К. И. САТПАЕВУ



Солдан оңға қарай: Ө. Османов, Р. Мұхамеджанова, Ө. Марғұлан,  
К. Сәтпаев, Н. Сауранбаев, А. Машанов

Как вам известно, величайший ученый Аль-Фараби средневековья (870-950), знаменитым комментатором Аристотеля, Платона и других ученых (первых учителей) Античного мира. Поэтому ему было присвоено почетное имя «Второго учителя». Также знаменитые ученые, как Аль-Беруни, Авиценна и другие его (Аль-Фараби) считают своим учителем, наставником. Трудов Аль-Фараби насчитывается свыше 100 названий по различным отраслям науки и искусства: по математике, астрономии, химии, географии – геологии, философии, медицине, музыке и т.д.

Однако, к сожалению мы не могли

найти в СССР ни одной подлинной работы.

После длительных поисков на днях нам удалось получить по межбиблиотечному абонементу три книги из Лейдена (Голландия). Две из них собственные труды Аль-Фараби на арабском языке:

- 1) «Рисала Фисус аль Хаким» («Жемчужина науки»);
- 2) «Рисала... аль-Мадин... аль-Фабилла» («Образец города»);

Обе эти книги сопровождаются предисловиями проф. Диетереци на немецком языке; общий объем двух книг 250 страниц (1890-1895 г.).

Третья книга проф. Брунеля на немецком языке: «Государственное управление по аль-Фараби» около 200 страниц (1904 г.).

Все эти книги имеют исключительно большую ценность. Поэтому мы их фотографируем и снимаем микрофильмы. Необходимо перевести их на казахский и русский языки. Просим Вас дать указание о финансировании данной работы через библиотеку.

Член.корр. АН Каз ССР (Машанов А.Ж.)  
Директор ЦНБ АН Каз. ССР (Ахмедова Н.Б.)

Бұл тарихи құжатта: «Согласен. Реализовать 15.XI 1960 г.» подпись Сатпаева К.И. [13, 13 б.]

Нәтижесінде, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шахмардан Есенов, Дінмұхамед Қонаев секілді ғалым-қайраткерлердің қолдауының арқасында тұңғыш фарабитанушы Ақжан әл-Машани Фараби мұрасы бойынша тың зерттеулерді дүниеге әкелді.

Қорытындылай келе, Қаныш Сәтбаев және Ақжан әл-Машани ғылымда реннесанстық тұрғыда жаңалықтар ашқан ғалымдар. Ғылым қайраткерлерінің қаламдарынан туындаған мұраларды тереңірек зерттеп-зерделеу және насихаттау өскелең ұрпақ еншісінде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сәки Қ. Қыпшақ мәмлүктер. – Астана: Фолиант, 2006. – 464 бет.
2. М. Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 540 б.
3. Оразалықызы Г. Шахмардан Есенов: Алматы: «Қазақстан», 2012. – 376 б.
4. А.Машани. Ақжан Машани ғибраты. . – Алматы: «Алатау» баспасы. 2007 – 266 б.
5. А.Ж. Машанов. Қанышпен болған сапар. Зерде. – 1999. - №2. – 19-20 б.
6. А. әл-Машани. Жер сыры. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2006, 288 бет.
7. Машанаов А. Әл-Фараби және Абай – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 бет.
8. Машани А. Әл-Фараби көпірі. Мақалалар. «Әл-Фараби» романы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005, 352 бет.
9. Сәтбаев университетінің «Тарихи мұралар орталығы» қорынан алынды.
10. Машани А. Әл-Фараби және Абай. Т.2. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005, 296 бет.
11. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. 15-том. Өгізханның қолтаңбасы. – 432 бет.
12. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы-ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш. Абдраман. – Алматы, 2006. – 397 бет.
13. З.О. Дүкенбаева. Әл-Машани- XX ғасырдың Әл-Фарабиі. // Қазақстан мұрағаттары. – Астана. 1 (29) / 2014.

**А.Т. Иманғалиев**

#### **Исторические личности: Каныш Сатпаев и Аакжан аль-Машани**

**Аннотация.** В статье рассказывается о духовной связи личности ученого-геолога Каныша Сатпаева и первого исследователя наследия Аль-Фараби в Казахстане и Средней Азии Аакжана Аль-Машани.

**Ключевые слова.** История, личность, аль-Фараби, геолог, фарабиевед, Аакжан аль-Машани, Каныш Сатпаев.

**A.T.Imangaliev**

#### **Historical figures: Kanysh Satpayev and Aakzhan al-Mashani**

**Annotation.** The article tells about the spiritual connection of the personality of geologist Kanysh Satpayev and the first researcher of the Al-Farabi heritage in Kazakhstan and Central Asia, Akzhan Al-Mashani.

**Key words.** history, personality, al-Farabi, geologist, farabiologist, Akzhan al-Mashani, Kanysh Satpayev.

УДК 556.3

**Ж.А.Аканова, Э.М.Кульдеева**

*Научный руководитель – доктор PhD, лектор кафедры «Геология нефти и газа»*

*Э.М. Кульдеева Satbayev University, Казахстан, г.Алматы*

*[zhansaya-akanova@mail.ru](mailto:zhansaya-akanova@mail.ru)*

## **ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ИНЖЕНЕРНО-ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ ДЛЯ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ В СЛОЖНЫХ ПРИРОДНЫХ УСЛОВИЯХ**

***Аннотация.** При строительстве новых сооружений и реконструкции действующих, часто возникает необходимость определить в каких условиях находится грунт для предотвращения в последующем деформирования зданий и гидротехнических сооружений. В связи с этим необходимо проведение инженерно-геологических изысканий. В статье рассматриваются особенности проведения инженерно-геологические изыскания в сложных природных условиях. Изыскания должны дать материалы для составления расчетных схем, прогноза инженерно-геологических процессов, а также данные для составления проекта строительных работ. Главным методом изысканий является детальная инженерно-геологическая разведка.*

***Ключевые слова:** инженерно-геологические изыскания, опытно-фильтрационные исследования, сейсморазведка, гидротехнические сооружения .*

Горные и буровые выработки располагают на местах строительства плотин, водосбросов, зданий ГЭС, шлюзов, подводящих, отводящих и деривационных каналов, противофильтрационных завес, дренажа, дамб и др. Выработки размещают по расчетным сечениям, по осям и контурам сооружения. Глубина выработок определяется сферой взаимодействия. По сравнению с изысканиями для проекта большее значение приобретает проходка шурфов, штолен, выработок нестандартного сечения для проведения опытных (опытно-строительных) работ, скважин большого диаметра. На местах размещения фундаментов ответственных сооружений проводят опытные нагрузки на штампы (на сваи), опытные сдвиги целиков, обрушения (выпираания, раздавливание) призм. На площадке размещения сооружения проводят до пяти испытаний.

В процессе инженерно-геологического опробования по расчетным сечениям каждой зоны сферы взаимодействия сооружения получают данные для уточнения положения границ инженерно-геологических элементов и установления показателей их свойств, которые используются в расчетах процессов. Объем опробования должен быть достаточным для проведения статистических расчетов (оценка законов распределения, проверка статистической однородности геологических тел по показателям, используемым в расчетах, оценка средних значений и мер их рассеяния). Значения показателей свойств грунтов, используемых при расчетах оснований, получают в лабораторных условиях в ходе модельных испытаний. Условия и режим их проведения должны отвечать основным этапам развития и функционирования сферы взаимодействия (например, периодам нагрузки пород основания, начала уплотнения пород основания под нагрузкой от сооружения, относительной консолидации грунтов основания, наполнения водохранилища до НПУ).

Геофизические работы выполняют с целью уточнения отдельных вопросов, связанных с прогнозом инженерно-геологических и гидрогеологических процессов. Опытнo-фильтрaционные работы проводят с целью получения информации, необходимой для уточнения проектных решений в отношении: плотности и глубины противofильтративных завес, водоотлива из строительных котлованов, тоннелей, глубинного водопонижения, расчета дренажей. Гидрогеологические работы продолжают изучение режима подземных вод, начатое при изысканиях для проекта. Для этого расширяют сеть наблюдательных скважин, располагаемых по расчетным сечениям, внутри контуров зон изменения гидродинамического режима подземных вод. В скважинах проводят также опытнo-фильтрaционные исследования.

Изыскание для обоснования РД обычно включает моделирование гидрогеологических и инженерно-геологических процессов. Для моделирования напряженного состояния пород, вскрытых выемками и находящихся под нагрузкой от сооружения, применяют поляризационно-оптический метод, метод эквивалентных материалов и др. Поле напряжений в естественных склонах и откосах выемок получают также методом конечных элементов. Для получения моделей полей геологических параметров используют методы ортогональных полиномов, сплайн-интерполяции, МАКФ, самоорганизации. Модели реализуют на ЭВМ. Для гидрогеологического моделирования применяют различные математические методы. Моделирование процессов выполняют по специальной программе.

На стадии РД ответственных сооружений проводят опытнo-строительные работы: строительство опытнo-котлованов, участков противofильтративных завес, опытнoе водопонижение, строительство опытнo-участков трасс деривации, частей земляных сооружений (отработка технологии намыва или отсыпки грунтов). В ходе этих работ ведутся инженерно-геологические наблюдения по контрольной сети (реперы, пьезометры, датчики порового давления и другие устройства). Цель наблюдений — проверка эффективности строительных работ и получение данных для уточнения инженерно-геологических прогнозов.

При планировании, проектировании, строительстве и эксплуатации гидротехнических сооружений в сложных природных условиях существенно усложняется и методика инженерно-геологических изысканий.

В районах распространения многолетнемерзлых пород особенности инженерно-геологических изысканий обусловлены изменением теплового режима на большой территории; необходимостью выявления форм залегания, границ, мощности многолетнемерзлых пород и изучения характера состава, строения, температурного режима, криогенной текстуры, физико-механических и теплофизических свойств пород и их изменения при оттаивании. В дополнение к обычным исследованиям проводят геокриологическую съемку, в ходе которой выявляют закономерности распространения мерзлых и талых пород и их свойства, связь с ландшафтными индикаторами, геокриологические процессы (термокарст, солифлюкцию, бугры пучения и др.).

В состав инженерно-геокриологических изысканий включают геофизические работы: термометрию (определение мощности и температурного режима мерзлых пород); электроразведку (определение глубины сезонного промерзания — протаивания, выделение участков с различной льдистостью). В процессе изысканий проводят наблюдения за режимом температуры на специально оборудованных стационарных площадках (этап IIа). Ведут лабораторные исследования мерзлых пород (определение теплопроводности, теплоемкости, льдистости, суммарной весовой влажности, осадков при оттаивании, прочностных свойств грунтов в мерзлом и талом состоянии). Ряд перечисленных показателей определяют и полевыми методами (теплопроводность, теплоемкость, осадка при оттаивании). Для оценки проницаемости используют метод нагнетания воздуха.

В районах развития карста методика инженерно-геологических исследований подчинена рабочей гипотезе о карстовом процессе (возраст, распространение, условия, причины, скорость развития, стадия). Задачами изыскания следует считать: выявление связи процесса с геологическим строением, составом и свойствами пород, с геоморфологическими условиями, с трещиноватостью (в том числе с трещинами разгрузки и бортового отпора) и тектонической нарушенностью; выявление гидродинамических и гидрохимических закономерностей, определяющих режим, скорость и интенсивность карстового процесса.

На этапе I изысканий (для обоснования схемы) в процессе инженерно-геологической съемки и геофизических работ должны быть изучены общие закономерности, которым подчинено развитие карстового процесса в долине реки. При изысканиях для обоснования проекта (этап IIa) оценивают проявления процесса и его интенсивность. По данным изысканий составляют схему развития процесса. На основе схемы решают вопрос об уходе от области развития карстового процесса или о размещении сооружений в пределах этой области. В случае последнего решения при изысканиях на этапах IIб и III ведут специальные исследования с целью:

- 1) оценки пространственной структуры проявлений карста;
- 2) определения водопроницаемости закарстованных пород в горизонтальном и вертикальном направлениях (метод трехзонных кустовых откачек из скважин большого диаметра);
- 3) оценки степени закольматированности пород в пределах русловой части долины и на ее склонах;
- 4) определения суффозионной устойчивости рыхлого заполнителя пустот и трещин методом нагнетания в одиночные скважины с последовательным увеличением напора или методом опробования двух скважин (нагнетание в одну скважину и откачка из другой с отбором проб воды и анализом условий и времени появления заполнителя);
- 5) определения прочности и сжимаемости закарстованных пород полевыми методами (штампы, прессиометрия).

В районах со сложной тектоникой инженерно-геологические изыскания опираются на гипотезу о структурно-тектоническом строении и истории тектонического развития района размещения гидроузла. Гипотеза включает схему тектонического строения, которую непрерывно уточняют и детализируют в процессе изысканий. Их основная задача состоит в: выявлении тектонического строения территории; установлении пространственной изменчивости и анизотропности свойств пород, связанных с элементами тектоники (сбросами, надвигами, складками, трещиноватостью); реконструкции процессов формирования пространственной изменчивости свойств пород и их трещиноватости, обусловленной наложением на процессы прогрессивного литогенеза тектонических процессов и процессов регрессивной фазы (разгрузки и выветривания). «Равнодействующая» этих процессов определяет сохранность пород в бортах и дне долины и их свойства.

Для решения перечисленных задач в состав инженерно-геологической съемки включают сейсморазведку, разведку ультразвуковым методом, структурно-петрологические исследования, горные и буровые работы (штольни, шахты, канавы, расщечки, скважины большого диаметра). В процессе съемки большое внимание уделяют изучению трещиноватости пород.

В результате исследования должны быть получены модели полей трещиноватости, круговые диаграммы и другие отчетные материалы, количественно характеризующие пространственную изменчивость трещиноватости, системы трещин и их генетические типы.

Для выявления сейсмической устойчивости территории в состав работ нередко включают сейсмическое районирование общего типа, сейсмическое микрорайонирование, наблюдения за

современными тектоническими движениями по разломам. Показатели свойств, в особенности прочности и сжимаемости, получают полевыми методами (нагрузки на штамп, сдвиги штампов, сдвиги бетонных массивов и блоков пород, определение характеристик упругого отпора в выработках, прессиометрия). Данные полевых определений (коллективные свойства) используют для корректировки результатов лабораторных работ. Большое внимание уделяется опытно-фильтрационным исследованиям трещиноватых пород, зон трещиноватости и тектонического дробления.

### **Литература**

1. СТО РусГидро 01.01.133-2015 Гидроэнергетическое строительство. Москва 2015 г.
2. ТОО «Казгидро» Гидрогеологические и инженерно-геологические изыскания для левобережного примыкания плотины Бестюбинского водохранилища, Алматы 2017 г.

**Ж.А.Аканова, Э.М.Кульдеева**

**Күрделі табиғи жағдайда гидравликалық құрылыстар үшін инженерлік-геологиялық зерттеулерді өткізу ерекшеліктері**

**Аннотация.** Жаңа құрылыстар салу және бұрынғыларын қалпына келтіру кезінде ғимараттар мен гидротехникалық құрылыстардың кейінгі деформациясын болдырмау үшін көбінесе топырақтың орналасу жағдайларын анықтау қажет болады. Осыған байланысты инженерлік-геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет. Мақалада күрделі табиғи жағдайларда геотехникалық түсірістер жүргізу ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеулер жобалау схемаларын құруға, инженерлік-геологиялық процестерді болжауға арналған материалдармен, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының жобасын жасауға арналған мәліметтермен қамтамасыз етілуі керек. Негізгі зерттеу әдісі - егжей-тегжейлі инженерлік-геологиялық барлау болып табылады.

**Түйін сөздер:** инженерлік-геологиялық іздеулер, эксперименттік сүзу жұмыстары, сейсмикалық барлау, гидротехникалық құрылыстар.

**Zh.A.Akanova, E.M.Kuldeeva**

**Features of conducting engineering and geological surveys for hydraulic structures in hard natural conditions**

**Abstract.** During the construction of new structures and the reconstruction of existing ones, it often becomes necessary to determine the conditions in which the soil is located in order to prevent subsequent deformation of buildings and hydraulic structures. In this regard, it is necessary to conduct engineering and geological surveys. The article discusses the features of carrying out engineering-geological surveys in difficult natural conditions. The research should provide materials for drawing up design schemes, forecasting engineering-geological processes, as well as data for drawing up a project of construction work. The main survey method is detailed engineering and geological exploration.

**Keywords:** engineering and geological surveys, experimental filtration studies, seismic exploration, hydraulic structures.

УДК 55-556

**Е. А. Асетова**

*Ғылыми жетекші – Завалей Вячеслав Алексеевич, профессор, геология және минералогия ғылымдарының кандидаты  
Сәтбаев Университеті, Алматы, Қазақстан  
[assetova.99@gmail.com](mailto:assetova.99@gmail.com)*

## **ПОКРОВСКИЙ КЕНОРНЫНЫҢ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУ**

**Андатпа.** Алматы облысының Іле ауданында орналасқан Покровский жер асты сулары кен орнының гидрогеологиялық шарттары мен ерекшеліктері көрсетілген. Геологиялық тұрғыдан облыс аумағына төрттік және плиоцендік шөгінділердің қалың қабаты тән.

Жүргізілген жұмыстың мақсаты - осы кен орны үшін жер асты суларының пайдалану қорларын қайта бағалау, сондай-ақ оларды болашақта тұрмыстық және ауыз сумен

*қамтамасыз ету үшін пайдалану мақсатында жерасты суларының бұрын бекітілген пайдалану қорларын растау қажеттілігі.*

**Түйін сөздер:** *Покровский кенорны, жер асты сулары, гидрогеологиялық жағдайлар, сапаны бағалау, қорларды есептеу.*

Әкімшілік жағынан жұмыс аймағы Алматы облысының Іле ауданының құрамына кіреді. Өтеген батыр ауылы – облыстың ірі өндірістік және мәдени орталығы болып есептеледі. Кенттің халқы 20 мыңға жуық адамды құрайды.

Покровский кенорнының жер асты сулары Алматы мемлекеттік электр станциясын, Энергетический, Покровка, Дмитриевка, Байсерке және де басқа елді мекендер мен өндірістік кәсіпорындарды сумен жабдықтауға арнаған.

Үлкен тау аралық ойпатта орналасқан бұл аймақ біздің еліміздің оңтүстік-шығысындағы тау аралық ойпаттарға тән жер үсті құрылымның барлық ерекшеліктерімен сипатталады. Оңтүстікте Іле Алатауының жотасы солтүстік сілемдерімен аудан шекарасына шығады. Жекелеген тау жоталарының шындары өткір, күрт өрнектелген, айқын пішіндерге ие және қар мен ұсақ шайырлы мұздықтармен жабылған. Абсолюттік белгілері 4000-5000 м-ге дейін жетеді. Беткейлері тік, өзендердің терең шатқалдарымен сипатталған. Салыстырмалы артық мөлшері 500-700 м және одан да көп.

Покровский жер асты суларының кенорны кең Іле тауаралық депрессияның орталық бөлігінде орналасқан және геологиялық-құрылымдық жағынан төрттік дәуірдің қалың қабатында және Іле синклинийінің шегінде шоғырланған палеозой шөгінділерінің максималды шөгу аймағы болып табылатын Алматы ойпатының солтүстік бөлігіндегі плиоцен шөгінділерінің жоғарғы бөлігінде орналасқан.

Кен орнының геологиялық құрылымына палеозойдан бастап қазіргі заманға дейінгі түзілімдер кіреді. Кен орны аланындағы палеозой жыныстары 8-Т ұңғымасымен 2080 м тереңдікте ашылады, геофизикалық зерттеулер деректері бойынша 1200 м-ден 2500 м-ге дейін және одан да көп тереңдікте жатыр. Қатпарлы іргетасының беткі жағы біркелкі тегіс емес, ол әртүрлі ауытқулар мен көптеген көтерілулермен қиындатылған. Олардың пайда болуы соңғы тектоникалық қозғалыстарға байланысты.

Қатты іргетастың жыныстарында литологиялық құрылымының ерекшеліктеріне сәйкес екі бөлікке бөлуге болатын жұмсақ әрі борпылдақ шөгінділерінің қалың, қуатты қабаты жатыр: палеоген мен неоген түзілімдерінен ұсынылған төменгі құмтасты-топырақты қабат; жоғарғысы төрттік дәуірінің шөгінділерінен, негізінен, аллювиалды-пролювиалдық генезисінен құралған басым сынықты қабат.

Гидрогеологиялық аудандастыру бойынша Покровский жер асты суларының кен орны орталық бөлігінде орналасқан артезиан бассейндерінің Іле жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Іле ойпатының қалыптасу ерекшеліктері жер асты суларының едәуір қорын жинақтау үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қарастырылып отырған жер асты суларының кенорны орта төрттік, төменгі төрттік және плиоцендік шөгінділермен шектелген.

Покровский жер асты суларының кенорны – бұл қысымды және де қысымсыз жер асты суларын дамытумен және зерттеумен, тау жыныстарының сүзілу қасиеттерінің өзгеруімен және жоспар мен қимадағы жер асты суларының сапасымен, сыну аймағының және су алғыштардың болуымен, сондай-ақ жер асты суларының ластану ошақтарының болуымен сипатталатын күрделі гидродинамикалық жүйе.

Жер асты суларының негізгі қорлары барлық қоректендіру көздерінің 60%-ға жуығын құрайтын шығару конустарының ауданына аумақтық сәйкес келетін сіңіру аймағы деп аталатын

жер үсті ағынының сүзілуі есебінен қалыптасады. Покровский кенорнының қалыптасуы Алматы және Талғар жер асты сулары кен орындарының қорек көзі жағдайымен тығыз байланысты.

1990-1993 жылдары аралығында Алматы гидрогеологиялық экспедициясы жүргізген егжей-тегжейлі барлау процесінде Покровский кенорнының жер асты суларының қорына түбегейлі қайта бағалау жұмыстары жүргізілген болатын [1].

Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің 28.09.1993 ж. №4 пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі орталық комиссиясына сәйкес «А» санаты бойынша пайдалану қорлары тәулігіне 690 мың м<sup>3</sup> құрады, ал «В» санаты – тәулігіне 640 мың м<sup>3</sup> құраса, «С1» санаты тәулігіне 420 мың м<sup>3</sup> құрайды.

Геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларының күрделілігі бойынша Покровский жер асты суларының кенорны II топқа жатады.

Покровский жер асты сулары кенорнын пайдаланудың 30 жылдық кезеңінде гидростатикалық қысым 50-300 м аралықтағы барлық пайдаланатын сулы горизонттарда, сондай-ақ төменгі горизонттарда да төмендеді, мұны тәжірибелік жұмыстарды жүргізу процесінде өлшеулер көрсеткен (1 кесте).

Кесте 1 – Режимді бақылау нәтижелері

№№ ұңғыма	Тереңдік, м	Сүзгіні орнату аралығы, м бастап және дейін	1960-1962 жылдар кезеңіндегі деңгей	1990-1992 жылдар кезеңіндегі деңгей	Деңгейдің өзгеруі, м
305	8	7, 3-8,0	2,80	2,55	+0,25
499	30	19,5-24	2,30 (1971г.)	1,75	+0,55
500	60	45-50	0,72 (1971г.)	+0,98	+1,7
254	178	166,4-177,8	+32,6	6,8	39,4
260	212	169-190	+39,3	10,8	50,1
203	239	239-240	+46,0	9,6	55,6
6255	350	232-332	+54,0	+7,6	46,4
6256	500	359-481	+73,0	+ 14,8	58,2
6257	700	528-684	+ 105,0	+21,55	83,5

Пайдаланылған сулы горизонттардағы кестеден көріп отырғанымыздай, жұмыс басталғаннан бері деңгейлер 39,4-55,6 м-ге төмендеді, төменгі горизонттардағы төмендеудің есептелген мәндері 46,4-83,5 м-ге төмендеген.

Сонымен қатар жер асты суларының деңгейі көтерілгені де бақыланып отыр – 1,7 м-ге дейін (ұңғыма 500).

Күнделікті бақылаулардың мәліметтері бойынша 0-130 м аралығында пайдаланылмаған сулы қабаттарды шығарған ұңғымалардағы қысымның төмендеуі де байқалады. Су алу шамасы тұрақтанғанына қарамастан, 1981-1988 жылдары жер асты сулары деңгейінің одан әрі төмендеуі орын алды, бұл шығару конустарындағы қысымды суларды қоректендіру саласында су алу «Қарасу» өзендері ағынының көлеміне жақын болғандығымен түсіндіріледі. Осы кезеңде тау бөктеріндегі конустардың қысымсыз сулы горизонттарда және қысымды сулы горизонттарда бірыңғай депрессияның пайда болуына әкелді.


МАЭС (ЖЭО-3) су тартуының және басқа да идаралық ұңғымалардың әрекетінен басқа, Покровка кен орнының арынды суларының төмендеу шамасына Алматы және Талғар сияқты ірі су тартулардағы көп жылдық су іріктеуі үлкен әсер етті.

1970-1991 жылдар кезеңінде Покровский жер асты сулары кенорнындағы қысымның едәуір төмендеуі қимадағы гидродинамикалық аймақтың түбегейлі қайта құрылуына әкелді.

1993-2000 жылдар аралығында Покровский кенорнынан жер асты суларын жиынтық іріктеу біртіндеп азаяды және 2000 жылға (шамамен) – 240-245 л/с құрайды.

2000-2005 жылдар кезеңі 255-287 л/с шегінде су алуды тұрақтандырумен сипатталса, 2006-2007 жылдар су алуды тәулігіне 14 512 м<sup>3</sup> дейін қысқартумен сипатталады.

2008-2014 жылдар кезеңінде тәулігіне 18 260-21 690 м<sup>3</sup> шегінде су алудың тұрақтануы байқалады, бұл Покровский кенорнының бекітілген қорларының 13%-нан аспайды (1 сурет).



Сурет 1 – Покровский жер асты сулары кенорнының пайдалану қорларын пайдалану үлесі

Кен орны пайдаланылғанға дейін жер асты сулары қозғалысының солтүстік-батыс бағыты басымырақ болды. Пайдалану процесінде оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бағыттарда, барынша су алу нүктелеріне жер асты суларының тартылуына байланысты жер асты сулары ағынының бағдарлануының өзгеруі және оның деформациясы болғаны анық көрінеді.

Осылайша, кен орнындағы ең көп су іріктеуге 1992 жылы қол жеткізілді және тәулігіне 56 250 м<sup>3</sup> құрады. Пайдаланылатын горизонттардағы жер асты суларының деңгейі 39,4-55,6 м-ге төмендеді.

Қазіргі уақытта Алматы, Талғар және Покровка кен орындары өнімділігінің қысқаруына байланысты ауданда деңгейлік бетті қалпына келтіру үрдісі байқалады.

Кен орнының жер асты суларының сапасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №209 бұйрығымен су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді деп бекітілген болатын. Алайда жер асты суларының ластануының үлкен аудандары байқалды (0-25 м аралықта) және жергілікті – төмен қысымды сулар (25-130 м аралықта) [2, 3].

Жер асты суларының сапасына, сондай-ақ бұрын осында орналасқан Өтеген Батыр кенті мен "Жетісу" аяқ киім фабрикасының қолданыстағы сүзу алаңдарының әсері тигізілген болатын.

Жүргізілген гидрогеологиялық зерттеулер негізінде Покровский кенорнының жер асты суларының пайдаланылатын қорларын гидродинамикалық әдісімен қайта бағалау жүргізілетін болады.

**Әдебиет**

1. Джазылбеков Н.А. Покровское месторождение подземных вод в предгорной равнине Зайлииского Алатау (отчет о результатах детальной разведки подземных вод с целью переоценки эксплуатационных запасов Покровского месторождения для водоснабжения Алма-Атинской ГРЭС и пгт. Энергетический по состоянию на 01.10.1992 г.). 1993 г. – с 353.

2. Информационный отчет о результатах мониторинга подземных вод на участке водозабора ТЭЦ-3 АО «АлЭС» Покровского месторождения в Илийском районе Алматинской области за 2014 г. Сотников Е.В., Ибраимов В.М. – Алматы, 2014. – с. 146.

3. Информационный отчет о результатах мониторинга подземных вод на участке водозабора ТЭЦ-3 АО «АлЭС» Покровского месторождения в Илийском районе Алматинской области за 2016 г. Сотников Е.В., Ибраимов В.М. – Алматы, 2014. – с. 94.

**Y. A. Assetova, V. A. Zavaley**

#### **Study of hydrogeological conditions of the deposit Pokrovskiy**

**Abstract.** The hydrogeological conditions and features of the Pokrovskiy groundwater deposit located in the Ili district of the Almaty region are presented. Geologically, the territory of the region is characterized by a thick stratum of Quaternary and Pliocene deposits.

The purpose of the work carried out is to re-evaluate the operational reserves of groundwater for this field, as well as the need to confirm the previously approved operational reserves of groundwater in order to use them in the future for domestic and drinking water supply.

**Keywords:** Pokrovskiy deposit, underground waters, hydrogeological conditions, quality control, reserves calculation.

**Е. А. Асетова, В. А. Завалей**

#### **Изучение гидрогеологических условий Покровского месторождения**

**Аннотация.** Представлены гидрогеологические условия и особенности Покровского месторождения подземных вод, расположенного в Илийском районе Алматинской области. Территория района в геолого-структурном отношении характеризуется мощной толщей четвертичных и плиоценовых отложений.

Целью проведенных работ является переоценка эксплуатационных запасов подземных вод по данному месторождению, а также необходимость подтверждения утвержденных ранее эксплуатационных запасов подземных вод с целью их использования в дальнейшем для хозяйственно-питьевого водоснабжения.

**Ключевые слова:** Покровское месторождение, подземные воды, гидрогеологические условия, оценка качества, подсчет запасов.

УДК 556.3

**Әлменов А.А, Садыкова А.К.**

*Научный руководитель- Кулдеева Эддыра Макпалбаевна*

*PhD, лектор кафедры геологии нефти и газа*

*Институт геологии и нефтегазового дела им. К. Турысова, г. Алматы*

[azamat.0362@inbox.ru](mailto:azamat.0362@inbox.ru)

### **ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ПОИСКОВО- РАЗВЕДОЧНЫХ РАБОТ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (АКЖАЙКСКИЙ РАЙОН – БИТИК, ЗЕЛЕНОВСКИЙ РАЙОН – ЩАПОВО, ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОН – КАЛМАКШАБЫН)**

**Аннотация.** Проведение работ по переоценке ресурсов подземных вод Серебряковского месторождения с целью обеспечения водой Зеленовского района Западно – Казахстанской области.

**Ключевые слова:** месторождение Серебряковское, эксплуатационные скважины, изменчивый режим, Серебряковское, аллювиальные отложения.

Серебряковское месторождение в административном отношении расположено в Зеленовском районе Западно-Казахстанской области, на правом берегу долины реки Урал между населенными пунктами Щапово и Большой Чаган, в 30 км к юго-западу от г. Уральск. Каменный водозабор построен по проекту во «Союзводпроект» в 1978-1982 г.г. (первая очередь) и 1990-1996 г.г. (вторая очередь, и на настоящий момент состоит из 10 основных и 4 резервных эксплуатационных скважин, глубиной 25-33 м, оборудованных фильтровыми колоннами диаметром 273-324 мм. Тип фильтров: каркасно-стержневая и целевая перфорация, с гравийной обсыпкой. В скважинах установлены центробежные погружные насосы ЭЦВ 8-40-60, 120 и ЭЦВ 10-63-65. Производительность Водозабора характеризуется изменчивым режимом, как в многолетнем ряду, так и в разрезе года. В 1983-1993 годы среднегодовой водоотбор был максимальным и составлял в среднем 14 тыс.м<sup>3</sup>/сутки, на период 2000-2005 г.г. соответствует величине порядка 3,5 тыс.м<sup>3</sup>/сутки и в настоящее время не превышает 1,5 тыс.м<sup>3</sup>/сутки.

При среднегодовом водоотборе порядка 14 тыс.м<sup>3</sup>/сутки, понижение уровня в эксплуатационных скважинах достигло в межень 8-15 м, при максимальном его значении в южной части водозабора.

В целом, фактические и проектные (на основании результатов разведки 1973-74 г.г.) эксплуатационные параметры водозабора характеризуются как достаточно адекватные, что позволяет констатировать об обоснованности величины линейного модуля эксплуатационных составляющих порядка 85 л/с. км.

Продуктивный горизонт, мощностью на участке водозабора от 16 м до 24 м, приурочен к аллювиальным отложениям средне-верхнечетвертичного возраста, представленным песками и песчано-гравийно-галечниковыми образованиями.

#### **Средне-верхнечетвертичные аллювиальные отложения (аQII-III)**

Аллювиальные отложения слагают первую, вторую, третью надпойменные террасы долин рек Урал и Деркул и залегают несогласно на акагыльских и более древних отложениях. Средне-верхнечетвертичные осадки представлены гравийно-галечником и песчано-гравийными отложениями, состоят кварцевых полевошпатовых зерен различной окатанности, мощностью от 4 до 32 м, в верхней части разреза которых залегают разнозернистые пески желтовато-серого цвета.

В кровле песчаных и песчано-гравийных отложений залегают глины и суглинки от светло-коричневого до серого цвета, мощностью от 5 до 25 м, которые в центральной части долины рек иногда отсутствуют. Общая мощность средне-верхнечетвертичных отложений достигает 35 м.

Гидрогеологические и гидрохимические условия Серебряковского месторождения и участка Каменского водозабора правомерно отнесены к 1 группе сложности.

#### **Основные результаты разведочных работ**

Целевым заданием Уральской ГЭ было проведение детальной разведки с целью оценки эксплуатационных запасов подземных пригодных для хозяйственно-питьевого водоснабжения, по категориям А-В в количестве 35 тыс.м<sup>3</sup> в сутки (405 дм<sup>3</sup>/с) (30). Местоположение участка детальной разведки правобережье долины

р Урал, между пос Серебряково и Большой Чаган - было выбрано по результатам поисково-разведочных работ для водоснабжения районного центра пос. Переметное. выполненных в 1970-1971 гг. (25).


Объектом разведки был водоносный горизонт средне-верхнечетвертичных отложений, слагающих первую надпойменную террасу и повсеместно развитых под поймой. Водоносными породами являются разнозернистые пески с гравием и галькой, мощность которых на участке детальной разведки изменяется от 16 до 23.5 м, составляя в среднем 19.2 м

5. Rakishev, B.R., Orynbay, A.A., Auezova, A.M., Kuttybaev, A.E. Grain size composition of broken rocks under different conditions of blasting. Mining Informational and Analytical Bulletin, 2019 (8), pp. 83-94. DOI: 10.25018/0236-1493-2019-08-0-83-94.

**А.Б.Қыдырбай, Е. Бекболат., А.Е.Куттыбаев.  
Оптимизация буровзрывных работ на карьере «АРАЛТОБЕ»**

**Аннотация.** В статье рассмотрено повышение эффективности взрыва на основе модернизированных технологий взрывных работ на основе автоматизированного проектирования параметров расположения зарядов на уступах карьера «Аралтобе» и автоматическое прогнозирование гранулометрических составов масс взрывоопасных пород.

**Ключевые слова:** буровзрывные работы, качество дробления, скважина, заряд, наклонные скважины, ширина разрыхления.

**А.В. Kydyrbai., E. Bekbolat., A.E.Kuttybayev.  
Optimization of drilling and blasting operations at the «ARALTOBE» quarry.**

**Abstract.** The article considers the improvement of the explosion efficiency based on the upgraded technologies of blasting operations based on the computer-aided design of the parameters of the location of charges on the ledges of the «Araltobe» quarry and the automatic prediction of the granulometric compositions of explosive rock masses.

**Keywords:** drilling operations, crushing quality, borehole, charge, inclined Wells, dredging width.

УДК 622.242.2

**А.Б. Шоныбас**

*Научный руководитель – С.В. Турсбеков, доктор технических наук, профессор  
Satbayev University, Республика Казахстан, г. Алматы  
[shonybassov@mail.ru](mailto:shonybassov@mail.ru)*

**ВНЕДРЕНИЕ ВЫСОКОПРОИЗВОДИТЕЛЬНЫХ САМОХОДНЫХ МАШИН ДЛЯ  
ПОВЫШЕНИЯ ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ ПРИ ДОБЫЧИ ХРОМОВЫХ РУД НА  
ПРИМЕРЕ ДОНСКОГО ГОРНО-ОБОГАТИТЕЛЬНОГО КОМБИНАТА**

**Аннотация.** Республика Казахстан по подтвержденным запасам хромовой руды в мире занимает второе место. Данная статья рассматривает внедрение высокопроизводительных самоходных машин для повышения производительности при добыче хромовых руд на примере Донского горно-обогатительного комбината

**Ключевые слова:** хромовая руда, добыча, высокопроизводительные самоходные машины, месторождение, горно-обогатительного комбинат, горнодобывающее предприятие.

Месторождения хромовых руд, разрабатываемые и рассматриваемые в данной статье, расположены в Хромтауском районе Актюбинской области в непосредственной близости от г. Хромтау.

Задачами горного предприятия являются максимальное и комплексное извлечение полезного ископаемого из недр земли, также обеспечение рабочего персонала безопасными условиями труда.

Для выполнения задач горному предприятию необходимо внедрять принципиально новое высокопроизводительное оборудование и прогрессивную технологию, что позволит повысить производительность предприятия и улучшить условия труда при добыче полезных ископаемых из недр.

Донской ГОК является одним из крупных и передовых горнодобывающих предприятий Казахстана. Разработка рудника Донского ГОКа осуществляется самообрушением по очистному пространству с донным выпуском руды. Отбитая хромовая руда под действием силы тяжести опускается по очистному пространству к выпускным выработкам, где с помощью скреперной лебедки отбитую хромовую руду загружают в вагонетки и транспортируют до круговых опрокидывателей вагонеток. По вертикальным восстающим руда подается на дробление.

Дробленную руду грузят через дозаторы в скипы, которая доставляет руду по шахтному стволу на поверхность.

Как и у большинства горно-обогатительных комбинатов у Донского ГОКа имеется ряд проблем требующих современных решений. Одной из таких проблем является увеличение глубины разработки за счет чего и увеличивается расстояние транспортирования что влечет за собой дополнительные затраты и снижение производительности предприятия. Для решения данной проблемы в статье предлагается рассмотреть вариант внедрения высокопроизводительных самоходных машин для повышения производительности, также их внедрение будет сопутствовать созданию высокопроизводительного современного рудника.

Модернизация уже существующих обрабатываемых блоков будет нецелесообразна. Так как возникнет ряд проблем, связанный с увеличением сечения подготовительных и откаточных выработок, затраты на возведении новой крепи, демонтаж железнодорожных путей, остановка разработки блока которая влечет за собой экономические убытки.




Рисунок 1 - Горизонты подсечки и основания блока на руднике Премьер

1 - буровая выработка; 2 - формирование подсечки; 3 - формирование траншеи; 4 - погрузочный орт-заезд; 5 - транспортный орт; 6 - транспортный штрек; 7 - доставочный штрек

При разработке нового блока предлагается самообучающаяся система разработки с донным выпуском руды и с использованием на доставке мощных ПДМ. Подсечка руды будет осуществляться зубчатая, на примере рудника Премьер (компании De Beers, ЮАР). Откатка руды по доставочным выработкам будет осуществляться ПДМ (погрузочно-доставочная машина), за счет чего размеры сечения выработки будут превышать стандартных используемых сечении на Донском ГОКе. Крепление пунктов выпуска руды, то есть погрузочный орт-заезд будет осуществляться комбинированным видом крепления: анкерная, металлическая арочная и фибробетонная затяжка. Допуск к пункту выпуска руды будет двухсторонний. Существует возможность двух вариантов доставки руды с пункта выпуска руды на дробилку:

1. ПДМ осуществляет разгрузку непосредственно на центральную дробилку.

2. ПДМ осуществляет разгрузку на ближайший восстающий, через которого руда под гравитационной силой доставляется до вагонеток, оттуда вагонетки с откидными днищами доставляют руду на склад, где дозатор отправляет руду на дробление в дробилку.




Рисунок 2 - Крепление погрузочного орт-заезда

Данная комбинация крепления необходима по причине проведения на данных объектах взрывных работ по вторичному дроблению ликвидации завесания.

В ходе 4-й промышленной революции технологии нужно понимать, что когда-то в свое время эффективные оборудования, машины и технологии уже на сегодняшний день не являются актуальными и не обеспечивают необходимую производительность. Так как требование рынка меняется в зависимости от динамичного прогресса в технологии.

Существуют широкий диапазон горной техники, в зависимости от горно-геологических условия использования. При подземном способе добыче имеется возможность использования самоходного оборудования с такими типами ходовой части как: пневмоколесный, колесно-рельсовый, по типу привода: электрический, пневматический, дизельный, по приводу рабочих агрегатов : пневматический, электрический, гидравлический, электро-гидравлический. Кроме того, в последнее время на подземных рудниках все более широкое применение находят машины модульного комплектования, обеспечивающие многофункциональность при выполнении рабочих операций и быстрый их ремонт.

Предлагается использование ПДМ с электрическим приводом на колесном ходу. Электрический ПДМ дает возможность работать без больших затрат на дизельное топливо, вентиляцию и обеспечит высокую производительность. На Донском ГОКе уже применяется железнодорожная откатка, то есть система вентиляции шахт не предусматривает высокую степень загазованности. При внедрении дизельного погрузчика значительно увеличатся затраты на вентиляцию.

Scooptram ST7 Battery — высоконадежная ПДМ с грузоподъемностью 6,8 тонн, спроектированная для большой производительности, высокая грузоподъемность, проверенная силовая передача и регулирование тягового усилия, ускоряющего загрузку. При этом обеспечивается большая производительность. «Epiroc». К дополнению к погрузчику есть возможность приобретения стационарного пункта для замены питательных аккумуляторов ПДМ от компании «Epiroc», что позволит работать оборудованию практически бесперебойно.

Внедрение высокопроизводительных самоходных машин решат вопрос производительности и безопасности. Ведь промышленная деятельность ставит высокий акцент на безопасности своих сотрудников и так же всегда рассматривают возможность повышения производительности. Данные самоходные высокопроизводительные машины обеспечат своих операторов всеми удобствами и высокими новыми технологиями что облегчат работу и повысят производительность.

#### Литература

1. <https://www.epiroc.com>

2. <https://mining-media.ru/ru>
3. <https://www.erg.kz/ru>
4. <https://mining-media.ru>

**A.B. Shonybas, S.V. Tursbekov**

**Introduction of high-performance self-propelled machines to increase productivity in the production of chrome ores on the example of the Donskoy Ore Mining and Processing Plant**

**Abstract.** The Republic of Kazakhstan ranks second in the world in terms of confirmed reserves of chromium ore. This article examines the introduction of high-performance self-propelled machines to increase productivity in the production of chrome ores on the example of the Donskoy Ore Mining and Processing Plant.

**Keywords:** chrome ore, mining, high-performance self-propelled machines, deposit, mining and processing plant, mining enterprise.

**А.Б. Шоныбас, С.В. Турсбеков**

**Дөң тау-кен байыту комбинаты тәжіребесіне сай хром кендерін алу кезіндегі өнімділікті арттыру үшін жоғары өнімді өздігінен жүретін машиналарды енгізу**

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасы хром кенінің расталған қорлары бойынша әлемде екінші орын алады. Бұл мақалада Дөң тау-кен байыту комбинаты мысалында (тәжірибесіне сай) хром кендерін алу кезінде өнімділікті арттыру үшін жоғары өнімді өздігінен жүретін машиналардың енгізілуі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** хром рудасы, тау-кен өндірісі, өздігінен жүретін жоғары өнімді машиналар, кен орны, тау-кен байыту комбинаты, тау-кен өндіру кәсіпорны.

ӘОЖ 622.271

**А.Жапарова**

*Ғылыми жетекшісі – А.Е.Құттыбаев, техн.ғылым.кандидаты,*

*Тау-кен ісі кафедрасының ассоц. профессоры, Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*  
[aidanazhaparova8@gmail.com](mailto:aidanazhaparova8@gmail.com)


**ҚОҢЫРАТ КАРЬЕРІНДЕ ОР ЖОЛДАРДЫ САЛУДАҒЫ  
МАРКШЕЙДЕРЛІК ЖҰМЫСТАР**

**Аңдатпа.** Мақала «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Қоңырат кен орнының тарихы, геологиясы және ашық тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы баяндалған. Сонымен қатар, карьерге кіру ор жолдардын салудағы маркшейдерлік жұмыстарды жүргізуге және қолданылатын заманауи аспаптар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Қоңырат кен орны, карьері, тау-кен жұмыстары, ор жолдар, маркшейдерлік қамтамасыз ету, заманауи аспаптар.

**Кіріспе.** Халқымыздың ұлы перзенті, заманымыздың заңғар ғалымы Қ.И.Сәтбаевтың ұланғайыр мол мұрасының ішінде ауызға алғаш ілінетін еңбектерінің бірі - «Орталық Қазақстанның болжамдық металлогениялық картасы». Металлогенияның практикалық геологияда алатын орны да еренкше. Өйткені «қандай кенді қай жерден іздеудің тиімді» деген маңызды мәселеге бағыт-бағдар сілтейтін бірден-бір геологиялық ғылымның саласы – осы металлогения. Орталық Қазақстанның мыс кен орындары, оның ішінде Жезқазған өңірінің Қоңырат, Бозшакөл, Саяқ, Шатыркөл, Орлов, Сарыоба сияқты мысы – Сәтбаевтың игілікті ісі дер едік. Бүгінгі 12 сәуір күні «Сәтбаев оқулары-2021» ге, оның аясында Қаныш Имантайұлының үзенгілес замандасы, аты әлемге әйгілі тау-кен инженері-геолог Ақжан Машановтың туғанына 115 жыл толуына орай ұйымдастырылып отырған шараға қатысқанымыз біздер- *Satbayev University* студенттері үшін зор мәртебе деп білеміз.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** «Қоңырат» мыс кен орны Қараоғанды облысы Балқаш қаласынан солтүсікке қарай 17 шақырым жерде орналасқан. Сексен жылдан астам тарихы бар Балқаш қаласының салынуына себепкер болған – осы жер қойнауы мыс қорын бөктеріп жатқан Қоңырат екендігін көп адам біле бермейді.. Уақыт озған сайын дүние өзгеріп, алып құрылыстар бой көтеруінің бастауында Қазақстан түсті металлургиясының қайнар көзі Қоңырат кен орнының тұрағанын, және Балқаш қаласы Қоңыраттан басталатындығын естен шығармау керек деп білеміз (1-сурет).



1-сурет. Қоңырат кен орнының географиялық орны

Қоңыраттың геологиялық-экономикалық тұжырымдамасын 1928 жылы инженер-геолог М.Русаков жасаған және сол жылдан бастап барлау жұмысын жүргізу барысында Қоңырат өзінің қоры сол кездегі мыс кен орындарынан асып түсетіндігін дәлелдеді.

Қазмойын бұрғылау мұнаралары 1929 жылы барлау жұмыстарын бастады. Осы үш жылдық барлау жұмыстарына екі жарым миллионға жуық қаржы жұмсалды. Сонымен, іс оң нәтиже беріп шыққан қыруар қаржыны кеніш ақтады. Көп кешікпей Қоңырат кен орнын игеру қолға алынды және «Прибалхашстрой» басқармасы 1931 жылы қазан айында құрылды. 1938 жылдың 24 қараша айында алғашқы мыс алынды және барлық жаһан назары Балқашқа ауды. Балқаш мысының тұңғыш құймасы Мәскеудің «Революция» мұражайына қойылды. Осылайша, Қоңырат кен орнын игерудің арқасында Қазақстанның түсті және бағалы металдар өндірісі аса көрнекті өнеркәсіпке айналды.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың еңбек жолы осы Қоңыратпен тығыз байланысты. Ол 1936 жылы Мәскеудегі түсті металдар институтын аяқтағаннан соң Қоңырат кенішіне жұмысқа келіп, қатардағы балташыдан бастап кен басқармасының бастығына дейінгі жолдан өткендігі тарих бетінде жазылған. Мұндай тарихты біреу білсе, біреу білмейді.


«Қазақмыс» корпорациясы Балқаш кен-байыту фабрикасында өңдеу үшін қаржы бөліп, 2008 жылы тоқтап қалған Қоңырат кенішіндегі тау-кен жұмыстарын қайдадан жандандырды. Кен орны шамамен 9 жыл бойы пайдаланылатын болады деп жобалауда. Карьердегі тау-кен жұмыстары карьердің шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде жүргізілуде. Бүгінде «Қоңырат» карьерінің тереңдігі 420 м, кетпештерінің биіктігі 15-30м аралығында. Карьер беткейлері құама бұрыштары жоғарғы горизонттарда 50°, ал төменде -60-65° тең (2-сурет). Рудалы тау жыныстарын уатып қопару бұрғылап-жару жұмыстары (БЖЖ) арқылы жүзеге

асырылады, тау-кен массасы карьерлік автокөліктерге тиеліп, теміржол арқылы Балхаш байыту фабрикасына тасымалданады.



2-сурет. Қоңырат карьерінің бір жақ көрінісі

*Ор жолдарды салудағы маркшейдерлік жұмыстар.* Карьер құрылысын салу арнаулы мекемелер жасаған жобалар негізінде жүргізіледі. Техникалық жоба жасар алдында (3-сурет), карьер салынатын жер және тау-кен жұмыстары жүретін жерлердің орынын бөлу, анықтау құжаттарын жасайды. Жобаға кіретін құжаттар: қазба-байлық орынының геологиялық есебі, кен орынының есебі және геологиялық сызба құжаттары; топогеодезиялық есеп, сызба жұмыстарының есебі, мұнда ір масштабты пландар, тірек және түсірім торларының жүйесі, координаталар каталогы кіреді. Маркшейдер жобаны жан-жақты қарап, оның топографиялық және графикалық құжаттарымен танысып, қабылдап алады.



3-сурет. Карьер ор жолдарының жобасы


Карьерге түсу ор жолын жер бетінде белгілеу, карьерді салуды бастамастан бұрын іске асады. Ол жұмыстарды орындау үшін маркшейдер мынандай жоба құжаттарын пайдаланады:

1. Ор жолды салатын жердің 1:1000 масштабтағы планы. Бұл планда салатын ор жолдың барлық жобалық шамалары көрсетіледі: оржолдың етегі мен жиегі, осі, бұрылу бұрышы, бұрылу радиусы, тірек нүктелерінің координаталары мен бастапқы қабырғаның дирекциондық бұрышы;

2. Ор жолдардың 2D және 3D сызбалары (қималары) жасалынады (4-сурет). Қимада жер бетінің профилі және оржол табанының жобалық еңкіштігі, биіктіктері қоса көрсетіледі;

3. Ор жолдың көлденең қимасы, жер бедерінің профилі, кемерінің, табанының орналасулары және биіктік шамалары мен кемерінің құлау бұрышы беріледі.

4. Жарылыс қазбалары орналасқан пландар.



4-сурет. Ор жолдардың 2D және 3D сызбалары

Оржолдар жүргізілетін тау-кен жыныстарының сыныптамасына, жер беті бедеріне, сонымен қатар қолданылатын механикалық жабдықтар түрлеріне байланысты қазып алудың әртүрлі әдістері бар және қазудың қандай әдісі қолданса да маркшейдерлер жер бетіндегі ор жолдың осін және жоғарғы жиегін көрсетеді, оған горизонталь және вертикаль жазықтықтарда бағыт беріп ор жолдың дұрыс жүргізілуін қадағалайды.

Ор жолдарды жүргізу үшін жобаға сәкес бағыт беріледі және барлық өлшеу жұмыстары маркшейдерлік заманауи аспаптар арқылы жүзеге асырылады (5-сурет).



5-сурет. Ор жолдарға бағыт беруде электронды тахеометр және цифрлы нивелир қолдану

Қия беттерден ор жол қазып, ондағы тау-кен жыныстарын құлама беткейлерге тасымалдау немесе көлік түрлеріне тиеу жағдайын маркшейдерлік қамтамасыз етудің басты мақсаты ол ор жол осінің берілген еңкіштігін сақтап отыру болып табылады. Ол үшін ор жол басталатын жердің жобалық координаталарын пайдалана отырып маркшейдерлік пункттерден теодолиттермен өлшелер жүргізу негізінде ор жол басталатын жерден оның осіне бағыт бере беріп және осы бағыт бойынша әр 50-100 метр сайын уақытша қазықшалармен белгілеп отырады.

Әрі қарай ор жол табанының берілген көлбеулігі және жобадағы биіктіктер арқылы, оның тау бекейімен қиылысу сызығының нольдік нүктелерін анықтап, жер бетінде оларды пикеттерімен бекітіп отырады. Осыдан соң ор жолдың осіне көлденең қималарды құрып, оның жоғарғы жиектерін қадалайды және оларды да жер бетінде 1 пикеттермен белгілейді.

Ор жол жазық жер бетінде қазылып және қопарылып аттырылған тау-кен жыныстарын көліктерге тиеуде ор жол осін жобадан жергілікті жерге шығарып, оның бойына әр 50 метр сайын ағаш қазықтар қағып көрсетіп отыру да маркшейдерлердің жұмыстар. Ор жол 20-30 метр өткен сайы оның көлбеулігін нивелир арқылы беріп, реперлері бекітіледі.

Жарылыс жұмыстарынан соң маркшейдер ор жолды және қопарылып аттырылған тау-кен жыныстарын тахеометриялық әдіспен түсірімдеп, қазып алынған тау-кен жыныстары

көлемдерін және аумақтарын есептеп отырады. Содан кейін ор жолды тау-кен жыныстарынан тазалау үшін экскавациялау жұмысына кіріседі.

**Қорытынды.** Қарьерлердегі ор жолдарды жүргізу – маркшейдерге жүктелген өте жауапты жұмыс. Оны орындауда теодолит, нивелир, тахеометр сияқты аспаптар қолданылады және жоғарыда айтылғанай ор жолдардың 2D ,3D пландары жасалынады.

#### **Әдебиет**

4. Жер қойнауын игердің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі(монография)- Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016.-430 б.

2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. Оқулық.- Алматы: ЖООҚ «Дәуір», 2000.-124бет.

3. Нурпеисова М.Б., Кыргызбаева Г.М. Маркшейдерский мониторинг прибортовых массивов. Монография. -Алматы: КазНТУ,2014.-280с.

**А.Жапарова, А.Е.Куттыбаев**

#### **Маркшейдерские работы на строительстве траншей Коныратского карьера**

**Аннотация.** В статье рассказывается об истории, геологии и современном состоянии открытых горных работ Коныратского месторождения корпорации "Каззахмыс". Кроме того, предусмотрен вход в карьер для проведения маркшейдерских работ на строительстве траншей и современных приборов.

**Ключевые слова:** Коныратское месторождение, карьер,горные выработки, траншеи, маркшейдерское обеспечение, современные приборы.

**A. Zhaparova, A.E.Kuttybayev**

#### **Surveying work on the construction of trench roads of the Konyratsky quarry**

**Abstract.** The article describes the history, geology and current state of open-pit mining operations of the Konyratskoye field of the Kazakhmys Corporation. In addition, there is an entrance to the quarry for surveying work on the construction of trenches and modern devices.

**Keywords:** Konyratskoye field, quarry, mine workings, trenches, surveying support, modern devices.

УДК 622.2

**А. Д. Искакова, 1-курс магистранты**

*Ғылыми жетекшісі – Д.Т. Ивадилинова, аға оқушысы, PhD докторы  
Қарағанды Техникалық Университеті, Қазақстан, Қарағанды қаласы  
[ai-dana05@mail.ru](mailto:ai-dana05@mail.ru)*

## **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ӨНДІРУ САЛАСЫН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**Аңдатпа:** Тау-кен өнеркәсібі Қазақстан экономикасының басты салаларының бірі болып табылады. Оның айрықша ерекшелігі өндірілетін пайдалы қазбалардың алуан түрлілігі және соның салдарынан кен орындарын барлау және пайдалану саласында, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану процестерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында тікелей жұмыс істейтін кәсіпорындардың үлкен саны болып табылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстанның қазба ресурстарының маңызды ерекшелігі, олар көбінесе жер бетіне жақын орналасады, сондықтан арзан ашық тәсілмен (карьерлерде) әзірленеді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда олар кешенді пайдалану үшін ыңғайлы орналасқан. Мысалы, Орталық Қазақстанда түсті және қара металл кендері, кокстелетін тас көмір, әктас және отқа төзімді саздар бір-біріне жақын орналасқан. Пайдалы қазбалардың бұл комбинациясы мұнда түсті және қара металлургияны және олармен байланысты химия өнеркәсібі мен машина жасауды дамытуға өте қолайлы. Алғаш рет тек ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)

аумағында ғана емес, сонымен қатар тау-кен өнеркәсібінде кен орындарын ашық тәсілмен игеруді жүзеге асыру кезінде кен жұмыстарынан 100% көлемінде карьер тереңдігіне 300 метрге дейін үзілмелі-толассыз көлік кешенін пайдалана отырып, игерудің циклдық-ағынды жүйесі «Көктасжал» кен орнында қолданылады.

**Түйін сөздер:** тау-кен өнеркәсібі, үзілмелі-толассыз технология, мыс кені, тау-кен массасы, УТТ артықшылығы, УТТ кемшілігі.

Көктасжал перспективалы алаңы Қазақстан Республикасы Қарағанды облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және Қарқаралы ауданы Теректі ауылдық округінің аумағында Қарағанды қаласынан 250 км және Егіндібұлақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 47 км қашықтықта орналасқан. Ауданы – 175 км<sup>2</sup> [1].

Кен орны аймағында рудалық кен орындары мен мыс кендері, алтын мен полиметалл кендері, қымбат бағалы және қара металдар, сондай-ақ құрылыс материалдары бар. Мыс пен алтын басты рөлді атқарады.

Көктасжал кен орнынан басқа, алтынмен байланысты компонент болып табылатын кен орындарынан басқа үш кенді (Көктасжал Северо-Западный, Көктасжал Оңтүстік-шығыс I, Керегетас) және 10 минералдану пункті жобаланған жұмыстардың аумағында белгілі, мұнда бұл металдарды зерттеудің қол жеткен сатысында қарастыруға болады. Көктасжалдың солтүстік-батыс аймағының пайда болуы солтүстік-батысқа қарай 550 метр қашықтықта орналасқан Көктасжал кен орны сияқты метасоматит аймағында орналасқан. Рудалардың пайда болуындағы алтын мөлшері 8,6 г/т-ге дейін, ал Көктасжал кен орнында рудада 1,0-1,2 г/т шамасы өте сирек кездеседі [1].

Карьерде үзілмелі-толассыз технологиялық схемасымен өңдеу қарастырылған. Бұрғылау "Boart Longyear" канадалық фирмасының бұрғылау снарядтарын қолданумен Nanjin типті корей станоктарымен жүргізіледі. Бастапқы ұсақтау ұңғымалық зарядтау әдісімен жүргізіледі (жаппай жарылыс әдісі арқылы).

Жұмыс алаңдарын жоспарлауда, карьердегі уақытша және тұрақты автожолдарды жөндеуде, карьерде зумпф салу кезінде Bell-2 ед маркалы САТ – 980Н, 2 а/с шөміш тиегіштері, шөміш сыйымдылығы 2 м Hitachi экскаваторы пайдаланылады, ал жыныс үйіндісін жоспарлауда Т-25 бульдозері қолданылады. Тау-кен массасын тиеу үшін сыйымдылығы 21 м<sup>3</sup> шөмішті Hitachi EX-3700 экскаваторы қолданылады [2].

Алғаш рет тек ТМД аумағында ғана емес, сонымен қатар кен өнеркәсібінде кен орындарын ашық тәсілмен игеруді жүзеге асыру кезінде кен жұмыстарынан 100% көлемінде карьер тереңдігіне 300 метрге дейін үзілмелі-толассыз көлік кешенін пайдалана отырып, игерудің циклдық-ағынды жүйесі «Көктасжал» кен орнында қолданылды. Жалпы, УТТ (үзілмелі-толассыз технология) енгізудің басты міндеті "Көктасжал" кен орнын тиімді игеру болып табылады.

Үзілмелі толассыз-технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Үзілмелі толассыз-технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері

УТТ артықшылықтары	УТТ кемшіліктері
Тау-кен массасының бір тоннасын өндірудің өзіндік құнының төмендігі	Жүйенің бастапқы құны, әдетте, жүк тасымалдау жүйесіне қарағанда жоғары, өйткені өндірісті бастау үшін толық конвейер мен ұнтақтағыш сатып алынады, ал жүк көлігі паркін өндірісті ұйымдастыру үшін кезең-кезеңімен сатып алуға болады
Энергия тиімділігі - материалдарды тасымалдаудың басқа түрлеріне қарағанда тиімдірек.	
Дизель отынына жұмсалатын шығындармен	

салыстырғанда электр энергиясына жұмсалатын шығындар (\$/кВтсағ) дизель отыны бағасының 25% - ынан кем (\$/литр)	
ҮТТ автоматтандыруға оңай	Тау-кен өндірісі толығымен конвейерлердің болуына байланысты. Бұл қол жетімділік 95% - дан асады, бірақ бір таспаны тоқтату бүкіл өндірісті тоқтата алады
Ауа-райына минималды тәуелділік	
Экономикалық өзгерістерге тез бейімделу қабілеті	
Техникалық қызмет көрсету шығындарын азайту	Ұсатқышты жылжыту және конвейерді ұзарту қымбатқа түседі және тау-кен жұмыстарын 2-3 күн ішінде тоқтатуды қажет етеді
Негізгі экологиялық артықшылықтар:	Конвейерге тиеу алдында материалды минус 250 мм өлшеміне дейін ұсақтау керек
Қоршаған ортаны ластау көздерінің болмауы (жанар май, май, пайдаланылған газдар)	
Жағылған отынмен салыстырғанда электр жетегі бар моторлар	Қажет болмаса да, тасымалдау үшін қажет жыныстарды ұсақтау (қатты жыныс)
Тасымалдау барысында шаңның пайда болуын болдырмау	
Жылжымалы жабдықтың болмауына байланысты өндіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу үшін жағдайлар жасалады	Аз икемді тау-кен схемасы

Әдетте, ҮТТ артықшылықтарын жеткіліксіз пайдаланудың мынадай негізгі себептерін атап көрсетеді:

1. Геотехниканың әлемдік даму деңгейінен қалыс қалу және соның салдарынан тиімді отандық жабдықтардың, ең бастысы, ҮТТ мобильді ұсақтау және ұсақтау-қайта тиеу кешендерінің, сондай-ақ тау массасын конвейерлік тік-көлбеу көтеру құралдарының болмауы.

2. Карьердің жұмыс істемейтін жағдауын ұлғайту немесе карьердің ішінде ұсақтау-қайта тиеу пункттерін орналастыру үшін кентіректерді қалдыру бойынша аршу жұмыстарының үлкен қосымша көлемін орындау қажеттілігі, бұл кен массасының конвейерлік көлігімен схемаларды қолданудың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

3. Негізгі тау-кен көлік жабдықтарын таңдау және үйлестіру бойынша ұтымсыз шешімдер [3].

ҮТТ кешені жұмысын атқаратын негізгі буындар. ҮТТ кешені жұмысының негізгі ерекшелігі екі буын жұмысында өзара келісу болып табылады:

1. Үзілмелі буын – экскаваторлық – автомобиль-теміржол кешені;
2. Толассыз буын-ұсақтау-конвейерлік кешен.

Карьерде әлсіз тұрақты жағдау болған кезде, алдыңғы тік траншея жүргізу және барлық бағыттарда тау-кен жұмыстарын дамыту үшін үлкен жұмыс көлемін орындау үшін құрастырылған көліктің осы схемасы Карьер алаңынан тыс орналасқан көлбеу жер асты оқпанында таспалы конвейерді орналастыру кезінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай схема айтарлықтай күрделі шығындарды және карьерді салу мен қайта жаңартудың үлкен мерзімін талап етеді. Сондықтан, кен массасын конвейермен тасымалдау үшін жару жұмыстарының қазіргі жағдайы кезінде оны ұсақтау және елеу жолымен алдын ала дайындау қажет . Ол жайлы алдыңғы тарауда атап өттім.

Қуатты карьерлер үшін негізгі міндеттердің бірі-ашық тау-кен жұмыстарын қарқындалу, негізгі технологиялық жабдықтың ұтымды үйлесімділігін негіздеу болып табылады. ҮТТ кешендерін пайдаланудың ұзақ тәжірибесі негізгі технологиялық жабдықтың техникалық жай-күйі жобалық параметрлерді және жұмысқа қабілеттілікті жоғалтумен айтарлықтай өзгерістерге ұшырайтынын көрсетеді, бұл ақыр соңында авариялық жағдайлардың пайда болу қаупінің арта түсуіне әкеледі.

ҮТТ қолданудың перспективалары карьерлердің төменгі горизонттарынан тау-кен массасын тасымалдау кезінде шығындарды азайтудың және тиісінше, пайдалы қазбалардың өзіндік құнын төмендетудің негізгі бағыты болып табылады. Сондай-ақ үзілмелі-толассыз технологияны қолдану барысында бірқатар экологиялық артықшылықтарға ие.

### **Әдебиет**

1. Проект промышленной разработки месторождения Коктасжал. Том 1 книга 1.- Караганда, 2014.
2. «Алтай Полиметаллы» жобасының «Механика» жобалық құжаттамасы / Қазақстан / Көктасжал разрезі (TAKRAF GmbH).
3. Ю.А. Бахтурин, Г.Д. Кармаев, В.А. Берсенева. Вопросы применения циклично-поточной технологии на карьерах.

**А. Д. Искакова, Д.Т. Ивадилина**

#### **Перспективы развития горнодобывающей отрасли Центрального Казахстана**

**Аннотация.** Горнодобывающая промышленность является одной из ключевых отраслей экономики Казахстана. Его отличительной особенностью является разнообразие добываемых полезных ископаемых и, как следствие, большое количество предприятий, непосредственно работающих в области разведки и эксплуатации месторождений, а также в области материально-технического обеспечения процессов недропользования. С экономической точки зрения важной особенностью ископаемых ресурсов Казахстана является то, что они часто располагаются близко к поверхности земли и поэтому разрабатываются дешевым открытым способом (в карьерах). Кроме того, в некоторых случаях они удобно расположены для комплексного использования. Например, в Центральном Казахстане руды цветных и черных металлов, коксующийся каменный уголь, известняк и огнеупорные глины расположены близко друг к другу. Эта комбинация минералов идеально подходит для развития цветной и черной металлургии и связанной с ними химической промышленности и машиностроения. Впервые циклично-поточная система разработки не только на территории СНГ, но и в горнодобывающей промышленности при осуществлении разработки месторождений открытым способом применяется на месторождении «Коктасжал» с использованием прерывисто-сквозного транспортного комплекса на глубину карьера до 300 метров в объеме 100% от горных работ.

**Ключевые слова:** горнодобывающая промышленность, циклично-поточная технология, медная руда, горная масса, преимущество ЦПТ, недостаток ЦПТ.

**A. D. Iskakova, D.T. Ivadilina**

#### **Prospects for the development of the mining industry in Central Kazakhstan**

**Abstract.** The mining industry is one of the key sectors of the economy of Kazakhstan. Its distinctive feature is the variety of extracted minerals and, as a result, a large number of enterprises directly working in the field of exploration and exploitation of deposits, as well as in the field of material and technical support of subsurface use processes. From an economic point of view, an important feature of Kazakhstan's fossil resources is that they are often located close to the surface of the earth and are therefore developed in a cheap open-pit way (in quarries). In addition, in some cases, they are conveniently located for complex use. For example, in Central Kazakhstan, non-ferrous and ferrous metal ores, coking coal, limestone and refractory clays are located close to each other. This combination of minerals is ideal for the development of non-ferrous and ferrous metallurgy and the related chemical industry and mechanical engineering. For the first time, the cyclic-flow development system is used not only in the CIS (Commonwealth of Independent States), but also in the mining industry in the implementation of open-pit mining at the Koktaszhal field using an intermittent through transport complex to a depth of 300 meters in the volume of 100% of mining operations.

**Keywords:** mining industry, cyclic-flow technology, copper ore, rock mass, advantage of cyclic-flow technology, disadvantage of cyclic-flow technology.

УДК 622.235.53

**А. Махаббат**

*Ғылыми жетекшісі – А. Б. Бегалинов, техника ғылымдарының докторы, профессор  
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.*

## КЕНОРНЫҢ ЖЕЛДЕТУДІҢ АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНА ЖАРЫЛЫС САПАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада «Ақжал» кенорнының қазба өту және пайдалы қазбаларды игеру барысындағы бұрғылау-аттыру технологиясын ескере отырып, жарылыс сапасын арттыру мақсатында оңтайлы параметрлерін негіздеу. Басты міндеттемелерге «Ақжал» кенорнын игеру үшін осы кенорнының тау-кен геологиялық және тау-кен техникалық шарттарына талдаулар жасау, әртүрлі шарттардағы жерасты қазбаларын және тазалап қазу жұмыстарына арналған қазбаларды өтудегі бұрғылау-жару жұмыстарының оңтайлы параметрлерін таңдау, сонымен қатар, қабылданған жарылғыш заттар материалдарының түрлерін ескере отырып, ұсынылған бұрғылау-жару жұмыстарының технологияларын технико-экономикалық жағынан негіздеу.*

***Түйін сөздер:** бұрғылау-аттыру, жарылғыш зат, ЖЗ меншікті шығыны, аэродинамикалық кедергі, гранулометрия*


«Ақжал полиметалды кенорны» Ақжал - Ақсоран түйісу зоналарының шығыс бөлігінде орналасқан, фамен төменгі турненің корбанатты-терригендік шөгінділерінің ендігі бойынша созылған, майдаланған жерлерімен қатар орналасқан. Кентас даласын құрайтын таужыныстар интрузия, гранит, порфиритті диорит және диабазды парфириттерімен бөлінген.

Кентас жер өндіріс құрал - жабдықтарымен, жер бетіндегі ұзындығы 4400 м - ге дейін бақыланған, ал төменгі бөлігіне қарай 550 м тереңдікке дейін зерттелген. Кентастың қалыңдығы 40 - 50 м - ге дейін өзгереді, және қиылыстарда 60 - 70 м-ге дейін барады. Орташа есеппен алғанда 15 - 20 м. Кен орнының кенасты жері шартты түрде - Батыс, Орталық және Шығыс үшалаңдарға бөлінген.

Таужыныстарының классификациясы бойынша Ақжал кенорны инженерлік-геологиялық игеру шарттарының күрделілігіне сәйкес орташа күрделілік санатына жатады.

Массивтің табиғи бөлшектерінің гранулометриялық құрамын анықтау бойынша бұрын жүргізілген зерттеу жұмыстарының деректеріне талдау жасау арқылы, Ақжал кенорындағы таужынысыңтарының түрлері массивтің табиғи бөлшектерінің кейбір түріне сәйкес келетіндігі анықталынды. Бірдей бекемдігі бар таужыныстар әртүрлі табиғи бөлшектердің гранулометриялық құрамына ие. Сондай-ақ, бекемдігі жоғары таужыныстары бекемдігі төмен таужыныстарына қарағанда блоктың мөлшері төмен болуы мүмкін. Мұның бәрі жарықшақтықтың қопару объектісі ретінде бағалауда бұзудың күрделі рөлін айқын көрсетеді.

Тәжірибелік жұмыстар мен сондай-ақ бірқатар тау-кен кәсіпорындарының анықтауларынан кейін габаритті кен көлемін ЖЗ-тың ұсақтауға нақты шығынына тәуелділігінің сапалық сипатын анықтады. Бұл тәуелділік 1-суретте көрсетілгендей орташа бекемділік және орташа жарықшақты кендердің пайда болу шарттары арқылы негізделген. Графикте массивті ұсақталыну сапасы гиперболалық тәуелділікпен сипатталынған.



1-сурет. Габаритті таужынысының шығуының ЖЗ меншікті шығынына тәуелділік графигі

ЖЗ-тың меншікті шығынының айтарлықтай көп емес өзгерісі арқылы қатты күйреген және жарықшақты таужыныстарында габариттердің шығу көлемін анықтауға болады. Жарықшақты массивте ЖЗ-тың тұрақты және нақты меншікті шығыныны кезіндегі аттыру параметрлерінің өзгеруі массивтің ұсақталу сапасына айтарлықтай әсер етпейді (2-сурет).

Жарылыстың соққы толқыны мен газдар зарядтан бос кеңістікке таралып, энергияның бір бөлігін жоғалтады, олардың жолында экрандаушы беттер болып табылатын қопарушы кедергілер кездеседі. Зарядтан бос кеңістікке және зарядтар арасындағы қашықтық неғұрлым көп болса және жарықшақтар жиі орналасса, соққы толқынының қозғалыс жолында экрандаушы беттердің саны соғұрлым көп болады және жарылыс энергиясының аз бөлігі қопару мен гетерогенділік орындарында сіңуіне байланысты бос кеңістікке кетеді. Осыған байланысты, массивтің жекелеген бөліктері арасындағы әлсіз байланыс және экрандаушы беттердің көп болуы салдарынан тектоникалық бұзылулардың тығыз желісімен бұзылған кендерде соққы толқыны зарядтан бос бетке өткен кезде жарылыс энергиясының жоғалуы аз бұзылған массивке қарағанда едәуір көп. ЖЗ энергиясы негізінен жарықшақтардың кеңеюіне және кен мен таужынысының осы жарықшақтары бойынша бұзылуына жұмсалады, ал жарылыс әсерінің нәтижелері қандай да бір шамада сусымалы ортадағы жарылыстың әсеріне ұқсас болады. Бұл жағдайда бөліктердің мөлшері табиғи бұзылулардың даму жиілігімен анықталады. Сондықтан, қопарылған кендерде зарядтардан бос кеңістікке дейінгі қашықтықтың өзгеруі және минималды қажеттіліктен асып кететін ЖЗ шығыны ұсақтау сапасына аз әсер етеді.



2-сурет. Габаритті кен шығынының ЖЗ меншікті шығынына тәуелділік графигі

Таужынысының габаритті түрде шығуын бірдей деңгейде сақтау үшін зарядтан бос кеңістікке дейінгі қашықтықты көбейтіп, сонымен бірге энергия шығынының көлем бірлігін

арттыру керек, яғни таужынысын ұсақтауға арналған ЖЗ нақты шығынын арттыру керек және оны қандай да бір дәрежеде тұрақты түрде қалдырмау керек.

Жүргізілген талдау барысында ЖЗ-тың меншікті шығынының өзгеруімен қопарылған таужыныстары мен кендерде габариттің шығу мөлшерін төмендетуге болады. Таужынысының қопарылуы және ЖЗ-тың тұрақты нақты шығыны кезінде бұзу параметрлерінің өзгеруі, таужынысының ұсақталу сапасына айтарлықтай әсер етпейтіні анықталынды.

Тау-кен қазбаларының кедір-бұдырлығы, қозғалатын ауаның жылдамдығына тікелей әсер ететіні анықталынды. Осының нәтижесінде тау-кен қазбаларының аэродинамикалық кедергілері артатыны белгілі. Талдау нәтижесінде «Ақжал» кенорнының жұмыс істеп тұрған тау-кен қазбалары сапасыз бұрғылау-жару жұмыстарының нәтижесінде орташа кедір-бұдырлығы 0,2 м болатындығы анықталынды. Бұл ауытқу желдетудің тиімді режиміне кері әсер етеді және қазбаға керекті таза ауаға қажеттілікті едәуір арттырады.

### Әдебиет

1. Бегалинов А.Б. Жазық және көлбеу жерасты қазбалары құрылысының технологиясы. Оқу құралы. –Алматы: Қазақ энциклопед., 2008. – 417 б.
2. Сердалиев Е.Т. Қопару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі. Оқу құралы. – Астана: ҚР білім ж-е ғылым мин-гі, 2015. – 160 б.
3. Сердалиев Е.Т. Таужыныстарын бұрғылап-аттырып қопару. Оқулық. –Алматы: ҚР ЖООҚ, 2011. – 360 б.
4. Жәркенов М.І., Сердалиев Е.Т. Таужыныстар массивінің физикомеханикалық қасиеттері және кернеулі жағдайы. Әдістемелік нұсқау. –Алматы: ҚазҰТУ, 2003. – 25 б.
5. A. B. Begalinov, E. T. Serdaliev, E. E. Iskakov & D. B. Amanzholov Shock blasting of ore stockpiles by low-density explosive charges  
<https://link.springer.com/article/10.1134/S1062739149060129>

### A. Makhabbat

#### **Influence of the explosion quality on the aerodynamic characteristics of the field ventilation**

**Abstract.** The article provides a justification for the optimal parameters of the development of the «Akzhal» field in order to improve the quality of explosions, taking into account the drilling technology during the sinking and development of minerals. The main obligations include the analysis of the mining-geological and mining-technical conditions for the development of the Akzhal field, the selection of the optimal parameters of drilling and blasting operations during the excavation of underground workings and workings for cleaning operations in various conditions, as well as the feasibility study of the proposed drilling and blasting technologies, taking into account the accepted types of explosive materials.

**Keywords:** drilling and blasting, explosive, specific explosive consumption, aerodynamic drag, granulometry

### A. Махаббат

#### **Влияние качества взрыва на аэродинамические характеристики вентиляции месторождения**

**Аннотация.** В статье приведено обоснование оптимальных параметров разработки месторождения «Акжал» с целью повышения качества взрывов с учетом технологии бурения при проходке и разработке полезных ископаемых. К основным обязательствам относятся анализ горно-геологических и горно-технических условий разработки месторождения «Акжал», выбор оптимальных параметров буровзрывных работ при проходке подземных выработок и выработок для очистных работ в различных условиях, а также технико-экономическое обоснование предложенных технологий буровзрывных работ с учетом принятых видов взрывчатых материалов.

**Ключевые слова:** буровзрывное, взрывчатое вещество, удельный расход ВВ, аэродинамическое сопротивление, гранулометрия

**А.М. Табылганов, Б.К. Бектур, А.Г. Сулайманова**

*Научный руководитель – Е.Т. Сердалиев, кандидат технических наук, ассоц.-профессор.*

*Satbayev University*

[bekturbek@bk.ru](mailto:bekturbek@bk.ru)

## **ОБОСНОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА КОНТУРНОГО ВЗРЫВАНИЯ В УСЛОВИЯХ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «АКБАКАЙ»**

***Аннотация.** Применение контурного взрывания при проходке горизонтальных горных выработок, приведет к повышению устойчивости законтурного массива, что позволит безопасному ведению горных работ, достичь нужного экономического эффекта и оптимизировать производственные затраты, уменьшение горно-подготовительных и горно-нарезных работ, увеличение скорости проходки за счет высокоточной реализации расчета параметров паспорта буровзрывных работ.*

***Ключевые слова:** законтурный массив, численный анализ, коэффициент запаса прочности, схема заряжания шпуров, взрыв, опытный взрыв, контурное взрывание.*

**Введение.** При проведении горизонтальных горных выработок взрывные работы разделяют на два вида – обычное и контурное взрывание. При использовании обычного метода взрывания, фактические контуры выработок, в основном не соответствуют проектным, с чрезмерным нарушением законтурного массива, которая влияет на безопасное ведение горных работ в призабойном пространстве. Трещины, появившиеся за счет динамического разрушения массива, источник образования вредных газов. Несоответствие размеров раздробленных пород, увеличивает объем горно-подготовительных и горно-нарезных работ, к большому перерасходу материалов крепи.

Контурное взрывание, это способ производства взрывных работ, при котором достигается максимальное приближение фактического профиля выработок и выемок к проектному при соблюдении сохранности окружающего массива горных пород.

Преимущества контурного взрывания: а) уменьшается объем «переборов» породы за проектным контуром; б) повышается устойчивость откосов уступов, выемок и горных выработок, что позволяет снизить затраты на их поддержание и ремонт в процессе эксплуатации; в) уменьшается расход материалов при возведении крепи, а в достаточно устойчивых породах удаётся применить более экономичную набрызгбетонную крепь.

Недостатки контурного взрывания: некоторое повышение объема буровых работ и необходимость более строгого контроля за расположением и направлением шпуров в процессе бурения.

***Цель работы:** Повышение устойчивости законтурного массива - за счет оптимизации параметров БВР при проходке подземных горных выработок.*

**Материалы, методы и результаты исследования.** Обоснования эффективности применения контурного взрывания производилась на основе численного анализа путем определения зон возможных обрушении законтурного массива после техногенного воздействия. Для этого применялась программное обеспечение RS2, который определяет коэффициент запаса прочности пород методам конечных элементов.

Для перехода с прочностных свойств образца на массив, применялась программное обеспечение RocData. Физико-механические свойства пород обработаны как и без учета контурного взрывания так и с учетом контурного взрывания. В таблицах 1 приведены

обработанные физико-механические свойства пород, которые в свою очередь являются исходными данными для компьютерного моделирования в программе RS2.

Таблица 1 – Физико-механические свойства пород

№ домена	<i>без учета контурного взрывания</i>					
	Исходные данные для Phase2					
	Результаты расчета в программе RocLab					
	Прочность на растяжение в массиве $\sigma_p$ , МПа	Модуль упругости массива E, МПа	Угол внутреннего трения $\phi$ , град	Сцепление C, МПа	Коэф. Пуассона $\mu$	Объемная масса $\gamma$ , т/м <sup>3</sup>
<b>I</b>	0,351	5758,3	44,2	1,53	0,31	2,71
<b>II</b>	0,381	5758,3	44,8	1,61	0,3	2,7
<b>III</b>	0,254	5758,3	41,8	1,27	0,3	2,7
№ домена	<i>с учетом контурного взрывания</i>					
	Прочность на растяжение в массиве $\sigma_p$ , МПа	Модуль упругости массива E, МПа	Угол внутреннего трения $\phi$ , град	Сцепление C, МПа	Коэф. Пуассона $\mu$	Объемная масса $\gamma$ , т/м <sup>3</sup>
<b>I</b>	0,671	17231,1	50,9	2,5	0,31	2,71
<b>II</b>	0,729	17231,1	51,5	2,65	0,3	2,7
<b>III</b>	0,486	17231,1	48,9	2,02	0,3	2,7




Рисунок 1 – Результаты численного анализа без учета контурного взрывания

По критериям программы все зоны с коэффициентами запаса прочности менее 1,2 относятся к неустойчивым.





Рисунок 2 – Результаты численного анализа с учетом контурного взрывания

*Выводы по результатам численного анализа.* По результатам численного анализа следует предполагать, что в горно-геологических условиях месторождения «Акбакай» применение

контурного взрывания целесообразно с точки зрения безопасности, за счет уменьшения возможных зон обрушения.

*Разработка схемы зарядание контурных шпуров.* На рисунке – 3 представлен Схема зарядания и расположение контурных шпуров и по паспорту БВР.

При проведении опытных взрывов расположения шпуров, их количества и глубина остались прежними. Изменилась схема зарядание контурных шпуров (показаны синим цветом).



а) Схема зарядание контурных шпуров для проведения опытных взрывов

б) расположение контурных шпуров

Рисунок 3 – Схема зарядания и расположение контурных шпуров и по паспорту БВР

Результаты опытного взрыва показаны на рисунке 4.




Рисунок 4 – Поперечные сечение выработки 11 запад ж.Бескемпир РАМП 1, до и после опытных взрывов

Контурное взрывание обеспечивает следующие преимущества по сравнению с общепринятым способом ведения буровзрывных работ: повышается устойчивость законтурных пород, что положительно влияет на **безопасное ведение горных работ**, особенно в призабайном пространстве; сокращается объем погрузке излишней породы, что дает экономию по погрузочно-транспортным работам; снижаются расходы по креплению; За счет уменьшения влияния силы взрыва на законтурный массив создается сравнительно гладкая поверхность боков и кровли выработок, что обеспечивает максимальное приближение к проектным контурам.

**Примечание:** Контурное взрывание требует высокоточную реализацию параметров, указанных в паспортах буровзрывных работ, т. е. надо точно размечать шпуры, а при бурении строго выдерживать углы наклона шпуров к поверхности забоя выработки.

Обоснование экономической эффективности для паспорта БВР с сечением 12м<sup>2</sup> при ведении горно-подготовительных и горно-нарезных работах показано в таблице – 2.

Таблица 2 – Расход ВВ при текущем паспорте БВР и паспорте БВР с конурным взрыванием

Наименование	Ед. изм.	Цена, тг	Расход ВВ при текущем паспорте БВР		Расход ВВ при паспорте БВР с контурным взрыванием	
			Расход на 1 цикл	Цена за 1 цикл	Расход на 1 цикл	Цена за 1 цикл
Аммонит 6ЖВ	кг	640	16,2	10368	13,8	8832
ДШ	шт	130	5	650	37	4810
Игданит	кг	145	106,9	15500,5	68	9860
Аммиачная селитра марка "А"	кг	75	0	0	42	3150
Искра	шт	550	39	21450	39	21450
ЭД	шт	402	1	402	1	402
Диз.топливо	л	178	6,4	1142	4,1	726,24
<b>Итого</b>				<b>49512,192</b>		<b>49230,24</b>

\*Сумма разницы расхода ВВ за 1 цикл при текущем паспорте БВР и паспорте БВР с контурным взрыванием составило 282 тг.

**Заключение.** Обоснована целесообразность применения контурного взрывания в условиях месторождения «Акбакай». По проведенным опытно-промышленным испытаниям, разработана схема зарядание контурных шпуров в целях уменьшения бризантности взрывчатого вещества, которая повысила устойчивость законтурных пород и обеспечила проектным контуром выработки. Оптимизированы промышленные затраты и достигнута необходимая экономическая эффективность применения контурного взрывания.

### Литература

1. Бротанек И. Контурное взрывание в горном деле и строительстве / И.Бротанек, Й.Вода. - М.: Недра, 1983. - 144 с.
2. Барон Л.И. Контурное взрывание при проходке выработок / Л.И. Барон, А.В. Ключников. - Л.: Наука, 1967. - 204 с.
3. Флягин А.С., Жариков С.Н. Контурное взрывание при разработке месторождений полезных ископаемых. Сетевое периодическое научное издание. Проблемы недропользования, №3, 2016 г. стр.70-73.
4. Оверченко М.Н., Луныков А.Г., Веселов И.А., Мозер С.П., Козырев С.А., Сакерин А.С. Снижение законтурного разрушения массива при проходке горных выработок с использованием эмульсионных взрывчатых веществ. Журнал "Горная Промышленность" №5 (129) 2016, стр.56-64.
5. Забуга В.С., Лукьянов В.Г.. Роль контурного взрывания в процессе проведения горизонтальных горных выработок. Вестник Российской академии естественных наук. Западно-Сибирское отделение. Учредители: Сибирский государственный индустриальный университет (Новокузнецк). №15, 2013. Стр.53-55. ISSN:2311-9519.
6. Парамонов Г.П., Артемов В.А., Ковалевский В.Н., Виноградов Ю.И.. Специальные взрывные технологии в геологии, горном деле, нефте- и газодобывающей отраслях: Учебное пособие / Санкт-Петербургский государственный горный институт (технический университет) /СПб, 2004. 74 с. ISBN 5-94211-232-0

Табылганов Арман Маратович – магистрант 2 года обучения, специальности 7М07203-Горная инженерия.

Бектур Бакытбек Каныбекулы – лектор кафедрасы «Горное дело».

Сулайманова Асель Гаппаркызы - магистрант 1 года обучения, специальности 7М07203-Горная инженерия.

**А.М. Табылғанов, Б.Қ. Бектұр, Ә.Ғ. Сулайманова**

**«Ақбақай» кен орны жағдайында контурлық аттыру әдісін қолдануды негіздеу**

**Аннотация.** Жазық тау-кен қазбаларын өту кезіндегі контурлық атыруды қолдану тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізуге, қажетті экономикалық тиімділікке қол жеткізуге және өндірістік шығындарды оңтайландыруға, тау-кен дайындық және тау-кен кесу жұмыстарын азайтуға, бұрғылап-аттыру жұмыстары паспортының параметрлерін жоғары дәлдікпен есептеу есебінен қазбыны өту жылдамдығын арттыруға мүмкіндік беріп, массив контурының орнықтылығының артуына алып келеді.

**Түйін сөздер:** контурлық массив, сандық талдау, шпурларды зарядтау схемасы, аттыру, тәжірибелік аттыру, контурлық аттыру.

**A. Tabylganov, B. Bektur, A. Sulaimanova**

**Substantiation of the use of contour blasting method in the conditions of the «Akbaikai» field**

**Abstract.** The use of contour blasting during the drilling of horizontal mine workings will lead to an increase in the stability of the contour array, which will allow safe mining operations, achieve the desired economic effect and optimize production costs, reduce mining-preparatory and mining-rifling operations, increase the speed of penetration due to the high-precision implementation of the calculation of the parameters of the passport of drilling and blasting operations.

**Keywords:** contour array, numerical analysis, safety factor, hole loading scheme, explosion, experimental explosion, contour blasting.

ӘОЖ 622.271

**А.С. Оразхан**

*Ғылыми жетекші – Д.А.Галиев, доктор PhD Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.*  
[ms.akosya@inbox.ru](mailto:ms.akosya@inbox.ru)

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТТЫҢ САПАСЫН БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста жақында кең таралған Индустрия 4.0 терминологиясы келтірілген. Тау-кен өндірісі үшін цифрлық ақпаратпен жұмыс істеу әдістерін кеңінен пайдалану негізінде жаңа технологиялардың пайда болуы және қолданыстағыларын жетілдіру оның өзіне тән белгісі болып табылады. Сонымен қатар, жұмыста минералды шикізаттың сапасын басқару әдістері, атап айтқанда кен сапасына байланысты минералды шикізатты кенді дайындау әдістері, кенді өндірудің барлық технологиялық процестері біріктірілген.


Зерттеу барысында екінобайлық қия құламалы конвейерлі таспа қарастырылған. Зерттеу барысында конвейерлі таспаның жылжу жылдамдығы 3,15м/с тең болып қабылданған және конвейердің орнату бұрышы 60°, жүкті көтеру биіктігі 100м-ден 600м-ге дейін, аршықтың жылдық өнімділігі 5млн-нан 30млн.т аралығында қабылданған.

Кен массасын көтеру биіктігі 100м-ден жоғары болғанда күрделі үлесті шығындар 12-37% аралығында төмендейді және тұтынымдық шығындар 7-24,5% аралығында төмендейді. Зерттеулердің нәтижесі бойынша қияқұламалы конвейерлі көтергілердің орнату бұрышы 25-30° астам болса, олардың тиімділігі жоғарылайды..

Зерттеліп жатқан тау-кен техникалық жағдайларда қияқұламалы конвейерлі көтергілерді қолдануы күрделі шығындарды 0,7-3,5 млн. долл. азайтуға, ал тұтынымдық шығындардың мөлшерін 120-350\$ мың. төмендетуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде Югославияның Майданпек аршығында қолданыстағы күрт құлама конвейер қондырғысын келтіруге болады. Конвейерлі қондырғы «Continental Conveyor & Ik Whipment» (АҚШ) фирмасында, жабылғы таспадан және әдеттегідей таспадан құрылған, орнату еңісі 35,5°. Тасымалданатын кесектер ірілігі 250мм-ге дейін, таспаның ені 2000мм, жылжу жылдамдығы 2,67 м/сек. Кен массасын 100м. тереңдіктен тасымалдағанда өнімділігі 4000т/сағ. тең, жабылғы таспаның жетек қуаты 450квт, тасымал таспаның жетек қуаты 2×450квт.

Үзілмелі-толассыз технология өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарынан бастап көршілес мемлекеттерде, оның ішінде Ресейдің Оленогор және Ковдор тау-кен байыту комбинаттарының аршықтарында, Украинаның Кривой Рог өніріндегі темір өндіретін бес аршықтарында және Өзбекстанның Мурунтау аршығында қолданады, біздің елімізде жоспар бойынша келесі 2-

3 жылда, дүниежүзі бойынша ең алып, кен бойынша жылдық өнімділігі 50млн.т.тең Ақтоғай ашық кеніші толық үзілмелі-толассыз технологиямен өндіру жұмыстарын бастайды.

Қазіргі кезде ТМД-ның тау-кен өндірісінде кен массасының 10%-ы үзілмелі-толассыз технологиямен қазылуда, ал Австралия, Канада және АҚШ мемлекеттерінің аршықтарында бұл көрсеткіш 50%-дан жоғары.

### **Қорытынды**

1. Ашық әдіспен кенді өндірудің әлемдік тәжірибесінде үзілмелі-толассыз технологияның тәсілдері кең таралған.

2. Қазіргі таңда қолдылып жүрген жетек көлік түрлерінен құрастырылған технологиялық шешімдер экономикалық тұрғыда тиімді емес. Қалыптасқан технологияның орнын үзілмелі-толассыз технология айтарлықтай толтыра алады. Мәліметтер бойынша, алыс шетел аршықтарының жылжымалы ұсатқыш қондырғылармен жабдықталынған үзілмелі-толассыз технология кешендерінің жұмысы тиімді және экономикалық пәрменділігі өте жоғары.

3. Қазақстан Республикасының ірі кен орындарын үзілмелі-толассыз технологиямен қазуға толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар, тау-кен кәсіпорындары үшін бұл бірден-бір тиімді шешім болып табылады.

### **Әдебиет**

1. Portable crusher at Sierrita, Arizona, shows substantial cost savings in first year // Mining Magazine. 1985.V.152.N 1. P.95,96.

2. Sassos P. In-pit crushing and conveying systems // Engineering and Mining Journal. 1984. V.185. N 4. P.46-56.

3. Mulay A.G. Dynawall conveying and elevating system // Indian Mining and Engineering Journal. 1986. V.25. N 1. P.35-38

4. Сапаков Е.А. Современная технология открытых горных работ на карьерах. Алматы, 2006, 321с.

5. Котяшев А.А., Павлов А.И., Онуфриева Г.А. Развитие циклично-поточной технологии на открытых горных разработках за рубежом. //Обзорная информация институт. М.: „Черметинформация“. 1989.-57с.

6. Яковлев В.Л. Перспективные решения в области циклично-поточной технологии глубоких карьеров. //М.:Тяжелое машиностроение.2003.– № 3.

**М. Ж. Дарибаев, Б.Н. Алпысбай, А. С. Қуантай, М. Ғ. Сұлтанов**

### **Опыт применения новой техники и технологий на горных предприятиях**

**Аннотация.** В статье рассмотрен опыт работы зарубежных карьеров применяющих циклично-поточную технологию при разработке крепких горных пород и приведен сравнительный анализ различных технологических схем. Изложены современные примеры реализации схем циклично-поточной технологии. Собраны данные по применению крутонаклонных конвейеров в горной промышленности. Приведена информация о наиболее передовых технологиях на дробильно-перегрузочных пунктах карьеров. Сформулированы характерные тенденции в развитии схем циклично-поточной технологии.

**Ключевые слова:** комбинированный вид транспорта, циклично-поточная технология, глубокие карьеры, экономический эффект, внутрикарьерное дробление, автомобильно-конвейерный транспорт, автомобильно-железнодорожный-конвейерный транспорт.

**Daribayev Mukasan Zhenisuly, Alpysbay Beknur Nurbekuly,  
Kuantay Aidana Salimkereeovna, Sultanov Muratbek Gabitovich**

### **Experience in using new equipment and technologies in mining enterprises**

**Abstract.** The article considers the experience of foreign quarries using cyclic-flow technology in the development of strong rocks and comparative analysis of various technological schemes. Presented are modern examples of the realization of circuits of cyclic-flow technology. The data on the use of slope conveyors in the mining industry were collected. The

information on the most advanced technologies at crushing and reloading points of quarries is given. Characteristic trends in the development of cyclic-flow technology are formulated.

**Keywords:** combined mode of transport, cyclical technology, deep careers, economic effect, intracatch crushing, automobile-conveyor transport, automobile-railway-conveyor transport.

ӘОЖ 622.271

**М.Сатанов**

*Ғылыми жетекшісі, Сарыбаев Н.О., лектор, Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*  
*Satanov.mamyr@mail.ru*

## **СОКОЛОВ –САРЫБАЙ ҚАРЬЕРЛЕРІ БЕТКЕЙЛЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ**

**Андапта.** *Кен игерудегі ашық тәсілдің даму үрдісінде қарьерлердің тереңдігінің, көлемінің және өндірістік қуатының артуына байланысты, қарьерлер беткелерінің орнықтылығын қамтамасыз ету міндеті маңызды мәселеге ие болады. Осыған байланысты, қарьер беткелері деформацияларын маркшейдерлік мониторинг жүргізіп қадағалап отыру қажеттігі туындайды. Мақалада Соколов, Сарыбай қарьерлеріндегі аспаптық бақылаулардың әдістері қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *темір кен орны, геология, тау-кен жұмыстары, қарьер беткелері, орнықтылық, деформациялар, маркшейдерлік бақылаулар, бақылаудың түрлері.*

**Кіріспе.** Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есіміне ие болып отырған Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенті болғанымыз, қазақ халқымыздың ұлы перзенті Сәтбаевтың туған күнінде өткізлетін дәстүрлі конференцияға және де жер қойнауын Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп, қажымай-талмай зерттеген ғалым Ақжан Машановтың туғанына биыл 115 жылдығына арналған іс-шараларға қатынасқанымыз біздер үшін зор қуаныш деп білеміз. А.Машанов жер қойнауын, Қ.И.Сәтбаевпен бірге жүріп, қажымай-талмай зерттеген ғалым. Оның мамандығы тау-кен инженері-геолог болғанымен, ғылыми жұмысы маркшейдер мамандығына жақын болды және ол ұзақ жыл уақыт ҚазПТИ дың (қазіргі ҚазҰТЗУ) «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасын басқарды.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** Қазақстанның темір рудалары бойынша қоры негізінде Қостанай облысында шоғарланған. Олар «Соколов–Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» қоғамы (бұдан әрі – "ССКӨБ" АҚ қарасты Соколов, Сарыбай, Кашар және Қоржынкөл кенорындары. Юұдан басқа Орталық Қазақстана Кентөбе және Қаражал темір рудаларының қоры бар.

«ССКӨБ" АҚ - Қазақстан мен ТМД елдерінің темір кендерін өндіру, қайта өңдеу және байыту саласындағы жетекші кәсіпорны. «ССКӨБ» АҚ негізгі өнімі - неофлюсованные железорудные окатыши және железорудный концентрат. Әлемдік стандарттарға сәйкес келетін домна өндірісі үшін бұл жоғары сапалы шикізат өнімі Қазақстан Республикасына (Қарағанды МК), Ресейге (Магнитогорск МК), сондай-ақ Қытайға жеткізеді.

*Соколов кен орны* Қостанай қаласынан 40 км оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Қарьердегі тау-кен жұмыстары 1959 жылы басталған, 1965 жылдан бастап өндірістік қуаты 9,5 млн.т. жеткен. 2010 жылғы мәлімет бойынша Соколов қарьерінің ұзындығы 3400 м, ені 2000 м, тереңдігі 520м құрайды (1-сурет



Сурет 1- Соколов карьеріндегі тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы  
Кен орнындағы 9 км созылып жатқан, ені 100 метрден 600 метрге дейінгі аралықтағы негізгі рудалық зонаның тереңдігі 1600 м.

*Сарыбай кен орны* Қостанай облысындағы Рудный қаласынан 10 км жерде орналасқан. Карьердің өлшемдері ұзындығы (оңтүстіктен солтүстікке қарай)-1300м, ені (шығыстан батысқа қарай) -2400м, тереңдігі 560 м (2-сурет).




Сурет 2 - Сарыбай карьеріндегі тау-кен жұмыстарының қазіргі жағдайы

«ССГПО» АҚ-ның Сарбай және Соколовский темір рудаларының кен орындарын қоршаған ортаға, ең алдымен тау жыныстарының стресс-деформация күйіне әсер ету масштабы тұрғысынан игеруі ауыр апаттарды тудыруы мүмкін ірі техногендік әсер санатына жатады. үйінділердегі үлкен көшкіндер, карьерлердегі жергілікті және ауқымды құлдырау, кеніштердегі жер қыртысының теңгерімсіздігінен туындаған техногендік жер сілкіністеріне дейінгі жыныстардың жарылуы сияқты апатты құбылыстар.

Жобада қабылданған карьер кертпештері параметрлерінің технологиялық шешімдерінің дұрыстығы, бірыңғайлы кешенді жүйеге кіретін маркшейдерлік аспаптық бақылаулар арқылы тексеріліп жүзеге асырылады.

Сөйтіп, мониторингтің басты мақсаты – пайдалы қазбалар кенорындарын ашық әдіспен игеруде, жарықшақты жартасты, жартылай жартасты, сазды және құмдақты–сазды тау жыныстары массивінен түзілген карьер кертпештері мен беткейлерінің орнықтылығын сенімді қамтамасыз ету(3-сурет).



Сурет 3 - Карьер беткейлерінің орнықтылығын маркшейдерлік қамтамасыз ету

Бүгінде қолданыстағы техникалық аспаптардың біршама кемшіліктері бар. Біріншіден, олар тау жыныстары массивінде жүріп жатқан нақтылы геомеханикалық процестерді дәл бейлеп көрсете алмайды, сондықтан да дәстүрлі аспаптық бақылауларға негізделген болжаулық бағаларды сенімді деу жеткіліксіз. Екіншіден, оларды жүргізу өте көп еңбек сіңіруді қажет ететіндіктен, жер бетінің деформациялануы туралы деректерді қажетті мезгілде алуға мүмкіндік болмайды. Осы айтылған кемшіліктерді электрондық тахеометрлерді қолдану арқылы жоюға болады. Соколов және Сарбай карьерлер беткейлеріндегі тау жыныстарының жай-күйін қадағалау Leica Geosystems (Швейцария) фирмасының TCA 120 роботталған электронды тахеометрі арқылы жүзеге асырылады. Себебі электронды тахеометрі пайдалану барлық өлшеу процестерін автоматтандырады және шағылдырғыш призмаларды қолдануд жойылады (сурет. 4,а).


Карьер қиябеттерінің опырыла құлауларын, жарықшақтылығын (4,ә-сурет) және деформациялануын жылжуын лазерлік сканермен жүзеге асырған өте қолайлы. Лазерлік сканирлеудің мақсаты карьер қиябеттерінде пайда бола бастаған жылжымалар мен отырылуларды дер кезінде табу және күні бұрын ескерту, сонымен қатар адамдардың өміріне қауіпті және кәсіпорнына экономикалық зиян келтіретін деформацияларға қарсы шараларды жасауға мүмкіндік туғызу. Тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуде «Leica Geosystems» (Швейцария) фирмасының HDS4400 тау-кен сканерін қолдану 4,б-суретте келтірілген. Бақылау нәтижелерін өңдеу арнайы I – Site Studio бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады



Сурет 4 - а) тахеометрмен бақылау; ә) беткей деформациясы; б) лазерлік сканирлеу

*Маркшейдерлік бақылауларда жерсеріктік жүйелерді қолдану.* Ғылым мен техниканың соңғы 10-15 жыл ішінде қарқынды дамуы геодезия мен маркшейдерияға координаталарды анықтаудың жер серіктік жүйесі атты жаңа әдісін дүниеге әкелді. Жер серіктері арқылы алынған координаталарды геодезистер кез келген уақытта пайдаланып, тұрған жерінің орнын анықтай алады.

Сөйтіп, 20 ғасырдың соңында дүниеге келген ғылым мен техниканың маңызды жетістіктерінің бірі - Ғаламдық позициялау жүйесі (GPS). Ғаламдық позиционирлеу жүйесін геомеханикалық мониторингта қолданудың бірден бірден бір бағыты карьерлерде маркшейдерлік тірек торларын құру және карьер беткейлері таужыныстарының жай-күйін мониторингтауда қолдану (5-сурет).



Сурет 5 - а) карьердегі GPS құрылымдары; б) карьердегі GPS бақылаулар

Қазіргі таңда GPS-мониторинг қызметі отандық ірі тау-кен өндірісі кәсіпорындарында табысты қолданыс табуда және геодинамикалық полигондарда және кеніштер аймағында геомеханикалық мониторинг жүргізу үшін жаңа технологияларды енгізу, қазіргі заманауи геодезиялық аспаптармен және бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, "ССГПО" АҚ - Қазақстан мен ТМД елдерінің пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу саласындағы жетекші кәсіпорны. Ол технология саласында өте дамыған және Қазақстандағы ең үздік кәсіпорындардың бірі. Мұнда пайдалы қазбаларды өндіру, оларды тасымалдау және маркшейдер жұмыстарында озық технологиялар қолданылады.

#### **Әдебиет**

1. Жер қойнауын игердің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігі (монография) - Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. - 430 б.
2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. Оқулық. - Алматы: ЖООҚ «Дәуір», 2000. - 124 бет.
3. Нурпеисова М.Б., Кыргызбаева Г.М. Маркшейдерский мониторинг прибортовых массивов. Монография. - Алматы: КазНТУ, 2014. - 280 с.

#### **Сатанов М.**

##### **Маркшейдерское обеспечение устойчивости бортов Соколовско-сарбайского карьеров**

**Аннотация.** В процессе развития открытого подхода к освоению руды, в связи с увеличением глубины, объемов и производственных мощностей карьеров, важной проблемой становится задача обеспечения устойчивости откосов карьеров. В связи с этим возникает необходимость проведения маркшейдерского мониторинга и мониторинга деформаций откосов карьера. В статье рассмотрены методы инструментальных наблюдений на Соколовском, Сарбайском карьерах.

**Ключевые слова:** железорудное месторождение, геология, горные работы, карьерные откосы, устойчивость, деформации, маркшейдерские наблюдения, виды наблюдений.

Satanov M.

### Surveyor support for the stability of the sides of the Sokolov-Sarbay sky quarries

**Abstract.** In the process of developing an open approach to the development of ore, due to the increase in the depth, volume and production capacity of quarries, the problem of ensuring the stability of the slopes of quarries becomes an important problem. In this regard, there is a need to conduct survey monitoring and monitoring of deformations of the slopes of the quarry. The article considers the methods of instrumental observations at the Sokolovsky and Sarbay quarries.

**Keywords:** iron ore deposit, geology, mining operations, quarry slopes, stability, deformations, surveying observations, types of observations.

УДК 622.2

**Н.Б. Хайруллаев, Е.Х. Абен**

*Satbayev University, Казахстан, г. Алматы*

[khayrullaev.n@gmail.com](mailto:khayrullaev.n@gmail.com)

## ИССЛЕДОВАНИЕ МЕХАНИЧЕСКОЙ АКТИВАЦИИ РАСТВОРА ПРИ ПСВ УРАНА

**Аннотация.** В статье рассмотрена проблема кольматации при ПСВ урана и для снижения частоты кольматации предложена технология активации выщелачивающего раствора. Проведенными лабораторными работами доказана эффективность активации раствора по сравнению с базовой технологией на 12-15% в зависимости от концентрации серной кислоты.

Технология активации отличается низкими капитальными вложениями, возможностью интеграции в существующую инфраструктуру, экологической безопасностью.

**Ключевые слова:** Подземное скважинное выщелачивание (ПСВ), кольматация, активация, активатор, уран.

Единственным и эффективным методом добычи урана в Казахстане является его подземное скважинное выщелачивание (ПСВ). Основное требование, предъявляемое к технологическим скважинам при ПСВ-длительное время эксплуатации при сохранении их производительности. Одной из основных причин уменьшения дебита скважин является кольматация фильтров и прифильтровых зон водоносного пласта.

Существуют множество способов интенсификации процесса подземного выщелачивания [1,2,3].

Все эти способы в исследуемых пределах приводят к сокращению времени выщелачивания и увеличению среднего содержания урана в растворах. Однако практическое осуществление этих способов воздействия связано с огромными материальными и трудовыми затратами.

Для повышения извлечения полезных компонентов, перевода кольматантов в жидкую фазу и расхода реагентов предлагается технология, основанная на использовании процесса кавитации для активации раствора [4,5].

Сущность технологии заключается в том, что перед подачей выщелачивающего раствора в рудную массу её активируют с помощью кавитации. В результате механического воздействия (кавитации) на сплошные среды изменяется её структура и температура, что сопровождается разрывом связей между атомами и разрушением кристаллической решетки.

Гидродинамическая активация возникает в тех участках потока, где давление понижается до некоторого критического значения. Присутствующие в жидкости пузырьки газа, двигаясь с потоком жидкости и попадая в область давления меньше критического, приобретает способность к неограниченному росту. После перехода в зону пониженного давления рост

прекращается, и пузырьки начинают уменьшаться. Сокращение пузырька происходит с большой скоростью и сопровождается звуковым импульсом. При захлопывании содержащаяся в пузырьке парогазовая смесь, адиабатически сжимается до давления 30 атм и нагревается до температур порядка нескольких тысяч градусов. Весь процесс захлопывания пузырьков происходит в течение нескольких миллисекунд. Давление внутри пузырьков и в растворе достигает сотен МПа, а температура нескольких тысяч градусов, что вызывает распад молекул раствора и образование радикалов с высокой химической активностью.

При проведении лабораторных работ, для активации раствора был использован проточный активатор, а для производственных испытаний можно изготовить генератор.

Для проверки технологии были проведены лабораторные работы с концентрацией кислоты 8-15 г/л, степень активности изменяли 3, 5, 10 и 20 минут. Проведенные лабораторные работы показали, что перевод твердых взвесей (кольматантов) в жидкую фазу повышается на 12-15% по сравнению с базовой технологией.

Конкурентные преимущества по отношению к существующим на рынке: низкая норма капитальных вложений; интеграция в существующую инфраструктуру; технология экологически абсолютно безопасна; локальная система может работать в автоматическом режиме.

#### **Литература**

1. Кошколда К.Н., Пименов М.К., Атакулов Т. и др. Пути интенсификации подземного выщелачивания. – М.: Энергоатомиздат, 1988. – 224 с.
2. M. Catchpole, W. Robins, Future global energy demand. AusIMM Bulletin, 2015.
3. Юсупов Х.А., Джакупов Д.А. Исследование применения бифторид аммония для химической обработки скважин. Горный журнал, М., 2017
4. Кнэпп Р., Дейли Дж., Хэммит Ф. Кавитация. М.: Мир, 1974. 678 с.
5. Innovative Application of Mechanical Activation for Rare Earth Elements Recovering: Process Optimization and Mechanism Exploration. QuanyinTan, Chao Deng & Jinhui Li. Scientific Reports volume6, Article number: 19961 (2016). <https://www.nature.com/articles/srep19961>

**Н.Б. Хайруллаев, Е.Х. Абен**

**Уранды жерасты ұңғымаларымен сілтілеу кезінде ерітіндіні механикалық белсендіруін зерттеу.**

**Андатпа.** Зертхана жағдайында құрамындағы қышқылдығы 10г/л ерітіндіні 3, 5, 10 және 20 минут ағынды белсендіруден өткізу арқылы кольматанттарды сұйық күйге ауысуын арттырдық.

**Түйін сөздер:** Жерасты ұңғымалармен сілтілеу (ЖҰС), кольматация, белсендіру, белсендіргіш, уран.

**N.B. Khairullayev, E.Kh. Aben**

**Investigation of the mechanical activation of the solution at ubl uranium.**

**Abstract.** Activating a solution with an acid concentration of 10g/l for 3, 5, 10 and 20 minutes increased the recovery of a useful component.

**Keywords:** Underground borehole leaching, productive solution, colmatation, activation, activator.

УДК 622.1.528

**Н.Мақсұтов**

*Ғылыми жетекшісі - А.Е. Құттыбаев., техн.ғылым.кандидаты, Тау-кен ісі кафедрасының ассоц. Профессоры Satbayev University, Алматы қаласы, Қазақстан*  
[mre19007@gmail.com](mailto:mre19007@gmail.com)

**ҚАРАЖЫРА КЕН ОРНЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫН МАРКШЕЙДЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Андапта.** Мақалада Қаражыра кенорнының географиялық орны, геологиялық-тектоникалық жағдайы және 40 жыл бойы ядролық сынақ жүргізілген Семей полигонының аумағында жүргізіліп жатқан тау-кен жұмыстары жайлы мәлімет келтірілген. Қаражыра кен орнының Шығыс Қазақстан облысының дамуындағы алар орнына көңіл аударылған. Карьердегі тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз етуде атқарылатын маркшейдерлік жұмыстар мен онда қолданылатын заманауи аспаптар туралы мәлімет берілген.

**Түйін сөздер:** кенорны, геология, тау жыныстары, тау-кен жұмыстары, маркшейдерлік түсірістер, маркшейдерлік аспаптар.

**Кіріспе.** Қазақ халқының ұлы ғұлама ғалымдары Қ.И.Сәтбаев пен А.Ж.Машанов қажымай-талмай жер қойнауын зерттеген жандар. Жылда сәуірдің 12жұлдызында сөтетін дәстүрлі Халықаралық Сәтбаев оқуларылары, біріншіден Қаныш Имантайұлының туған күні, екіншіден Қазақстандағы ғылым күніне арналған. Биылғы жылы осы атаулы конференция аясында ҚазПТИ (қазіргі ҚазҰТЗУ) дың «Маркшейдерия» кафедрасын 30 жыл басқарған және әл-Фараби мұраларын зерттеуден әлемге әйгілі болған Ақжан әл-Машанидің туғанының 115 жылдығы атап өтілуде. Осындай атаулы ғалымдардың өмір жолдарына арналған конференцияға қатынасу, еңбектерін насихаттау, осы саладағы ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар болу біз үшін зор мақтаныш.

**Жұмыстың негізгі мазмұны.** Қаражыра көмір кен орны — Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Семей қаласынан оңтүстік-батыс жаққа қарай 110 км жерде, Семей полигонының «Балапан» сынақ алаңында орналасқан (1-сурет). Ғалымдар: Қаражыра көмірінің жылуы кезінде қалалар мен ауылдарда Семей полигонындай плутоний, америкий, тритий, стронций, цезий таралуы әбден мүмкін. Кейбір зерттеушілер Сынақ порлигоны жабылса да, аймақтың тұрғындары арасын қатерлі ісік аурулары санының, тамақ, өкпе және асқазан қатерлі ісігінің күрт өсуі осы Қаражыра кен орнымен байланысты деп мәлімдейді.

Десекте, «Қаражыра» карьері - бұл қазақстандық көмір өндіретін кәсіпорын. «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігінің 2015 жылғы қорытындысы бойынша ол Қазақстанның ең ірі компаниялары тізімінде 167-орынды иеленген.



Сурет 1 - Қаражыра кен орнының орналасу картасы

Көмір қалыңдығы 300 м юраның қабаттарымен қоршалған, ауданы 10x15 км, солтүстік-батыстан оңтүстік-оңтүстікке қарай созылған жазық синклиналь түзеді. Өнеркәсіптік көмір өндірудің төменгі горизонты төменгі юра кезеңіне жатады, қалыңдығы 85-90 м және бес көмір қабатын қамтиды. Жоғарғы горизонт ортаңғы юра, қалыңдығы 55–80 м және үш көмір қабатын қамтиды. Горизонттардың арасындағы қашықтық 35-40 м құрайды. Шөгінділердің ортасындағы көмір қабаттары едәуір қалың, ал шеттерінде олар ұсақталып, жұқарады. Көмір қабаттарының қалыңдығы 1-3 және 5-13 м, кейде 17-33 м құрайды. Көмір қабаттарының тереңдігі 3-тен 265 м-ге дейін. Балапан алаңынан 9 шақырым жерде орналасқан кен орнының ауданы 21,4 км<sup>2</sup> құрайды. Көмірдің қоры 1,3 миллиард тоннаны құрайды. Көмір маркасы D. Метаморфталған дәрежесі бойынша қоңыр көмірмен тас көмірдің аралығында; күлділігі 13 – 18%, аз күкірті (0,49%). Жанғыш массасының жылуды бөлгіштігі 7,6 мың ккал/кг, ал гумин қышқылдарының шығымдары 1 – 4,7 %, сонымен қатар шайыр мөлшері 5,9 – 12,55% шамасында. Кен орнындағы көмірдің күлділігі аз, қызу беруі жоғары энергетикалық және тұрмыстық отынның болумен қатар, шайыры шығымының біршама жоғары болғанына байланысты химия-технологиялық шикізат ретінде пайдалануға болады. Кенорында көмірдің 600 метр тереңдікке дейінгі бағаланған қоры 1,56 млрд. тонна, олардың басым бөлігін ашық тәсілмен қазып алу қолайлы.

Кен орны Шығыс Қазақстан облысының Жаңа-Семей ауданында Семей қаласынан 135 км оңтүстік-батыста орналасқан. Қаражыра кен орнының тауарлық көмір қоры 1 миллиард 231 миллион тоннаны құрайды. 2016 жылдың 10 маусымынан бастап «Қаражыра LTD» ЖШС «Қаражыра» АҚ болып қайта құрылды. «Қаражыра» АҚ өнімдері Қазақстан Республикасында ғана емес, көрші облыстарда да үлкен сұранысқа ие. Сапалы көмір, межелі жерге тез жеткізу, өзара түсіністік пен сыйластық - көмір шахтасының серіктестермен жұмысының негізгі қағидаттары.(2-сурет)



Сурет 2 - Қаражыра кен орнынан көмір жеткізу

Біздің тұрақты серіктестер - көмірді тұтынушылар: «Семей цемент зауыты» ЖШС, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Бұқтырма цемент компаниясы» АҚ, «Өскемен ЖЭО» АҚ «Согринская ЖЭО» ЖШС және басқа да ірі жылу көздері мен өндірістік кәсіпорындар. Коммуналдық сектордың бюджеттік ұйымдары мен жеке тұтынушылары.

«Қаражыра» көмір кеноры жағдайында тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз етуді толықтай зерделей келе отырып оларды жүргізуге дәлдігі өте жоғары және көп уақытты алмайтын қазіргі күнгі аспаптарды қолданудың әдістемесін жасау қарастырылды. Себебі тау-кен жұмыстарын жүргізу дәлдігіне өте жоғары қатал талаптардың қойылуы. Ол, өз кезегінде,

қазіргі күнгі аспаптарды қолдану барысында, маркшейдерлік түсірістердің жаңа әдістемелерін жасауды талап етеді. Демек, ол ғылыми жұмыстардың пайдалы қорларды игеру барысындағы тау-кен жұмыстарын жоғары дәрежеде маркшейдерлік қамтамасыздандыратын ғылыми-техникалық маңызды мәселеге арналғандығының айқын дәлелі.

*Электронды тахеометр* дегеніміз ол карьерлерде горизонталь бұрыштарды, горизонталь ара қашықтықтарды және өзара биіктіктерді өлшеулерге арналған топографиялық электрондық–оптикалық аспап. Электронды тахеометр құрылымы бойынша кодтық теодолитпен шағын жарық қашықтық өлшеуіш біріктірілген. Көздеудің нысанасы ретінде шағын габаритті призмалық шағылдырғышы бар арнайы қада қолданылады. Мұнда өлшеу процесі автоматтандырылған. Ара қашықтықтарды, горизонталь және вертикаль бағыттарды өлшеудің нәтижелері, электрондық цифрлы таблода көрініп, бір мезгіл ішінде ақпаратты жинағышта тіркелуі мүмкін.

Қазіргі таңда заманауи электронды тахеометрлерді қолдану *саласына, дәлдігіне және орындалатын функциясына* байланысты оларды үш топқа бөлуге болады:

- жәй электронды тахеометр;
- орташа классты электронды тахеометрлер;
- роботталған тахеометрлер.

*Жәй электронды тахеометр* – бұл аспап дәстүрлі геодезиялық өлшеулерді (арақашықтық, биікайырым) орындауға арналған аспап. Ол деректерді ішкі немесе қосымша жадыға жазады. Мұндай аспаптардың бұрыштық қателігі шамамен 5"-6", ал арақашықтықтікі 3-5мм шамасында болады.



*Екінші типті электронды тахеометрлерге* орташа классты аспаптар жатады (Leica, Nikon, Trimble). Олар карьердегі геодезиялық тораптарды дамыту, жобадан жергілікті жерге көшіру өлшеулері, тура және кері геодезиялық қиылыстыру есептерін шешуде қолданылады, бұрыштық дәлдігі 1"-тан 5"-аралығында.

*Тахеометрлердің үшінші типіне* роботталған тахеометрлерді жатқызуға болады..

Тахеометриялық түсірістеоді орындауға ең қолайлысы болып Leica TS15P электронды тахеометрі (3-сурет) саналады, аталған тахеометрдің таңдалуы төменде көрсетілген техникалық көрсеткіштерге ие.

Сурет 3 - Leica TS15P электронды тахеометрі

Leica TS15P тахеометрінің түсіру және бөлу жұмыстары роботталған режимді түрде орындауға негізделген. Жұмысты орындауға арналып орнатылған радиосы бар Leica Viva CS далалық контроллерды қолдана отырып тахеометрді қашықтықтан басқарады. Контроллер шағылыстырғышпен таяқшада орналастырылады. Тахеометр осының бағытына бұрылып отырады және соның нәтижесінде барлық жұмыстарды жалғыз адам жүргізе алады.

Түсірудің пландық-биіктік негіздері, түсірудің екі түріде үшін, толықтырылып пландық-биіктік торлары негізінде трилатерация және геометриялық нивелирлеу әдістерімен құрастырылады.

Қаражыра карьерінде қолданбаса да, қазіргі заманға сай, маркшейдерлік-геордезиялық аспаптарды жылдан-жылға жаңартып жасап келе жатқан американдық Trimble және жапондық Nikon, Topcon фирмаларының электронды тахеометрлерін атап өтуге болады.

Американдық Trimble электронды тахеометрі лазерлі көрсеткішпен қамтамасыз етілген. Сәулесіз қашықтық өлшеуіштер жұмысты жеңілдетіп, қарапайым қашықтық өлшеуіштің көмегімен

түсіру мүмкіндігі болмаған жағдайларды, күрделі нысандарды түсіруге көмек береді. Сонымен қатар, 3600 сериясының «High-End Total Station» Trimble 3603 / 3605 тахеометрлері төменгі температурада пайдалануға мүмкіншілік береді (-35°C-тан +50°C- дейін).

Жапонияның TOPCON корпорациясы - бүкіл элемге танымал оптикалық-электронды аспаптарды жасаушы фирма. Кептеген жылдар бойы TOPCON корпорациясы аспаптар саласына айрықша жаңалықтар енгізді, қазіргі таңда барлық элемде жоғарғы сапалы геодезиялық аспаптардың стандартына ие болып отыр.

Жапондық Nikon ДТМ 333/352 – NPL 602/652 серияларының тахеометрлері тахеометр геодезиялық және инженерлік жұмыстарды атқаруға лайықталып жасалған, салмағы жеңіл, сенімді, ыңғайлы және естеу қабілеті мен жұмыс өнімділігі жоғары. Nikon электронды тахеометрлері екі жағынан да толық функциялы әріптік сандық батырмалармен қамтамасыз етілген (4,ә-сурет).



Сурет 4 - а) Trimble фирмасының 3600 тахеометрлері

сериялы

ә) Nikon фирмасының тахеометрлері

**Қорытынды.** Қазіргі заманғы электронды тахеометрлер тек техникалық және конструкциялық сипатамаларымен ғана, ол әр түрлі салада қолданылуымен ерекшеленеді. Сондықтан тахеометрлерді арнайы бір тапсырманы шешуге байланысты талдауға болады.

Бұл кезде оның дәлдігі мен өлшеу қашықтығы ереше роль атқарады. Мысалы, көптеген далалық жұмыстарда жай механикалық тахеометрлер қолданылады. Ал кейбір күрделі жағдайларда, мәселен мұнай құбырлары магистральдарын жүргізу кезінде жарық шағылыстыратын құрылғыны автоматты түрде іздеп табатын роботтандырылған тахеометрлер қолданған өте тиімді.

#### Әдебиет

1. Электронные тахеометры. Обзорная информация, М., ЦНИГА и К. 2000. 41с.
2. Нұрпейісова М.Б. Маркшейдерлік іс (оқулық).-Алматы: «Дәуір», 2016.- 240 б.
3. Нұрпейісова М.Б. Ғарыштық геодезия (оқулық).-Алматы: «Дәуір», 2012.- 240 б.
4. Нұрпейісова М.Б., Рысбеков Қ.Б. Геодезиялық және маркшейдерлік аспаптар (оқулық). Астана: Фолиант, 2013.- 192 б.

Р. Максұтов, А.Е. Қуттыбаев

#### Маркшейдерское обеспечение горных работ на месторождении Каражыра

**Аннотация.** В статье представлена информация о географическом положении, геологическом и тектоническом положении месторождения Каражыра и о горных работах на территории Семипалатинского полигона, где ядерные испытания проводятся уже 40 лет. Обращено внимание на роль месторождения Каражыра в развитии Восточно-Казахстанской области. Приведена информация о маркшейдерских работах, выполненных при обследовании горных работ в карьере, и используемом в них современном оборудовании.

**Ключевые слова:** месторождение, геология, горные породы, горные работы, маркшейдерские изыскания, маркшейдерские инструменты.

**R. Maksutov, A.E.Kuttybayev**

**Mine surveying support of mining operations at the Karazhyra deposit**

**Abstract.** The article provides information on the geographical location, geological and tectonic position of the Karazhyra field and on mining operations on the territory of the Semipalatinsk test site, where nuclear tests have been carried out for 40 years. Attention is drawn to the role of the Karazhyra field in the development of the East Kazakhstan region. The information on mine surveying performed during the survey of mining operations in the quarry and the modern equipment used in them is given.

**Keywords:** deposit, geology, rocks, mining, mine surveying, mine surveying tools.

УДК 622.281.424

**Тоқсанбай Нұржан Сұлтанханұлы – магистрант 1-курс,**

*«Тау-кен ісі» кафедрасы Satbayev University., Қазақстан, Алматы қаласы*

*Ғылыми жетекші - Алменов Талғат Мақұлбекұлы, техника ғылымдарының кандидаты,*

*«Тау-кен ісі» кафедрасы Satbayev University., Қазақстан, Алматы қаласы*

*[Nur---99.2011@mail.ru](mailto:Nur---99.2011@mail.ru)*

**ШАЛҚИЯ КЕН ОРНЫНЫҢ ШАРТТАРЫНДА ТАУ-КЕН ҚАЗБАЛАРЫН ӨТУ  
ЖӘНЕ БЕКІТУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН НЕГІЗДЕУ**

***Аңдатпа.** Мақалада Шалқия кен орнының күрделі және дайындық тау-кен қазбаларын бекіту әдістерін жетілдіру жолдары қарастырылған. Шалқия кенішінің тау-кен қазбаларына комбинациялық бекітпелерді қолданудың мүмкіндіктері зерттелген. Сондай-ақ, Шалқия кен орнының тау-геологиялық шарттарына байланысты бүрікпебетон қоспаларының тиімді болатын құрамдарын анықтау жолдары қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** құранды бекітпелер, бетон, бүрікпебетон, анкер, бетон құрамы, тау-кен қазбалары.*

Тау-кен өндірісі кешенінің тұрақты дамуы үшін қазіргі уақытта ғана емес, болашақта да қоғам талап ететін инновациялық іс әрекеттер мен қызметтерді дамытуға алып келетін тау-кен ғылымдары саласындағы іргелі ғылыми зерттеулерді орындау ерекше өзектілікке ие. Осыған байланысты тау-кен техникалық қазбаларын бекітудің оңтайлы жолдарын қарастыру арқылы кен орындарын игерудің толықтығы мен кешенділігін, ресурс үнемдеуді, қазбаларда жұмыс жасауды ыңғайлы және қауіпсіздікті амтамасыз ететін технологияларды дамытумен байланысты болуға тиіс. Бүгінгі таңда ешбір жерасты қазбасын бекітпелемейінше жұмыс алға жүрмейді.

Қазбаларды бекітпелеу технологиясы дегеніміз - жерасты қазбаларының бүкіл пайдалану мерзімінде тұрақты тұруын қамтамасыз етуге арналған инженерлік құрылымды жасаудың әдістері мен операциялардың жиынтығы [1].

Біздің еліміз минералды - шикізат қорына бай елдердің қатарына жатады. Солардың ішіндегі қорғасын қоры дүниежүзі бойынша жалпы қорлардың 22%-ын, ал мырыш қоры бойынша жалпы қордың 15,2%-ын құрайды және жоғарыда аталған қорғасын мен мырыш қоры бойынша әлемде бірінші орынды алып отыр.

Қазіргі уақытта қорғасын мен мырыш өндіретін ең ірі деген 30-ға жуық кен орындары жұмыс жасауда. Солардың қатарында "Шалқия Цинк ЛТД" ЖШС кен орны да белсене атсалысуда. Шалқия кен орнындағы мырыштың жалпы қоры бойынша Қазақстан

Республикасының барлық қорларының 30%-дан астамын құрайды және мырыштың ықтимал қорлары бойынша әлемде 5-ші кен орны болып табылады [2].


Қазақстан Республикасы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы қорғасынды - мырышты «Шалқия» кенорны, Қаратау жотасының оңтүстік -батыс етегінде орналасқан. Географиялық координаттары бойынша 44°01 С. Е. және 67°25 р. д.

Кеніштің стратиграфиялық қатынасы бойынша екі қабатты құрылымға ие. Бос қопсымалы (сазды-топырақты) және палеозойлық жартасты (скальный) кешенді таужыныстары. Шалқия мырыш кен орнының геологиялық құрылымы орта палеозойлық терригенмен, жоғарғы қабаты ордовик қатпарына жатады. Кеніш аймағындағы жер асты қатпарлары оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай жылжу себебінен құрылған. Синклинальды қатпарлар бірнеше тектоникалық блокты бұзылымдармен бөлінген.

Кен орнында шығарылатын тау жыныстары пайдалы қазындыларға да әрі құрылыс материалдарына да бай.

Кеніш аумағындағы таужыныстары сілемдері орнықтылық дәрежесі бойынша төрт түрлі бөлімдерге бөлінген:

- өте орнықты- кенорны көлемінің 70 % алып жатқан азжарықшақты әктастармен доломиттер, сығылуға беріктік шегі 160 МПа жоғары;
- орнықты-беріктігі 130-160 МПа-ға дейін және көміртекті-кремнилі азжарықшақты доломиттерден тұрады кенорны көлемінің 12 % құрайды;
- орташа орнықты- кенорны көлемінің 6-7 % құрайды. Біресті сығылуға беріктік шегі 100-130 МПа аралығында. Таужыныстары жұқа қабатты әктастар мен доломиттер;



Сурет 1 - Шалқия кенішінің географиялық картасы

- орнықсыз - беріктігі 100 МПа-ға дейін. Таужыныстары жарықшақты жұқа қабатты әктастар мен көміртекті-кремнилі доломиттерден тұрады. Бүгінгі күнге дейін барланған кен денесінің созылымы ұзындығы ось бойынша 5000 м, ені бойынша солтүстік – батысында 1200 м және оңтүстік –шығысында 400 м. Кеніштің Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс аудандарының қорлары өнеркәсіптік кондиция бойынша есептеліп, Мемлекеттік қорларды

есептеу комитетінің №313-04-К және №452-05-К хаттамаларына сәйкес келесі параметрлермен бекітілген:

- шартты үлгідегі мырыш борттық мөлшері (бортовое содержание)-3,0 %;
- кәдімгі мырыш ішіндегі басқа да қоспаларлы ескеру үшін аудару коэффициенттері мырышта - 1,0; қорғасында- 0,5. Кен денелерінің ең төменгі қалыңдығы – 3,0 м, ең жоғарғы қалыңдығы 9м шамасында.

Шалқия кен орнын ашу мақсатында «Клеттік» және «Скиптік» оқпандар арқылы -200м белгіге дейін өтілген және +40 горизонтқа дейін «Шығару (Выдачная)» шахта оқпанымен және де +100 горизонтқа дейін созылып жатқан автотранспорттық көлбеумен ашылған.«Скиптік» және «Клеттік» оқпандар -347-345 белгіге дейін 7-7,5 м диаметрмен армировкасыз жүргізілген. 6° көлбеулікпен +100 горизонтқа дейін созылған Автокөліктік еңіс қазбасы адамдар мен материалдарды тасымалдауға арналып салынған [2].

Зерттеу келесі факторлардың әсерін бағалайды: жыныстардың беріктігі мен сапасы, игеру тереңдігі, қазбалардың қимасы және қоршаған массивтегі кернеулердің жай-күйі, жарықшақтардың саны мен жай-күйі, оның ішінде олардың өзгеру дәрежесі.

Отандық және шетелдік зерттеулерге сәйкес, тау-кен қазбаларының тұрақтылығын арттыру үшін, бекітудің аралас әдістерімен қамтамасыз ету, кеңінен таралуда. Авторлардың пікірінше, бұл факт металл торлармен нығайту және анкер бекітпелерімен бүрікпе бетон бекітпесінің беріктігінің жоғарылауымен, бекіту процесін механикаландыру және монолитті бетон және металл арка тәрізді бекітпелердің ауыр түрлерін қолданумен салыстырғанда шығындардың мейлінше аз болатындығымен және циклдық өнімділіктің едәуір артуымен байланысты болғанын көрсетіп отыр.

Комбинациялық бекітпенің бірден бір негізгі бөлшектерінің бірі болат анкерлі бекітпелер.

Болат-полимерлі анкер тығыздағыш сақинасы бар дөңгелек болат өзектен тұрады. Қазба контурының жанында орналасқан анкердің соңында гайкаға арналған жіп және тірек шайбасы бар.

Ұшы тез қататын силикат ампуласының көмегімен теспелерге бекітіледі. Анкерді қатайту кезінде жыныс массивінің берілген температурасында 15-20 минуттан аспайтын етіп таңдалады.

Анкерді орнатқан кезде ампуланы анкер өзегімен жібереді, ампула мен пробирканы қатайтқышпен ұсақтайды және анкерді айналдырып, қоспаны араластырады. Болат полимерлі анкер жоғары жүктеме қабілетіне ие және полимербетонның ұтымды құрамымен сырттан түсетін жүктемені тез қабылдайды. Болат стержень шпурға силикат ампуласымен бекітіледі, және соңында жоғары беріктігі бар қосылыс жасайды. Әрі осы ретте силикат қоймалжың көптеген қабырғадағы жарықшақтарға ену арқылы қазбаның беріктігін арттыра түседі. Анкерлер бекітілген уақытша бекіту паспортына сәйкес тікбұрышты тор бойынша қатарға орнатылады, онда зәкірлердің түрі мен ұзындығы, олардың арасындағы қашықтық және өзектердің тартылу дәрежесі көрсетілуі міндетті.

Зерттеу сынақтардан кейін анкер материалдарды қолданудың экономикалық және технологиялық тиімділігін бағалау үшін Шалқия кеніші жағдайында IV тұрақтылық категориясы бар жыныстарда 14,7 м<sup>2</sup> қимасы бар қазбаны қазу мысалында материалдық және еңбек шығындары есептелінген болатын.

Темір-бетон штангаларының конструкцияларында металл арматураны қолданумен салыстырғанда анкерлік материалдарға көшу 1 ө.м. бекіту құнын 17%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Комбинациялық бекітпенің келесі бір негізгі құрылымының бірі болып бүрікпебетон қоспасы болып табылады. Аталған бекітпелердің қолданылу аясы өте кең болғандықтан, олардың құрылымдарын терең зерттеп, кемшілік тұстарын мейлінше азайтып, дайындау және

қолдану технологияларын жетілдіру тау-кен және жерасты құрылыстары қарқынды дамыған Қазақстан елі үшін техника-технологиялық және экономика-экологиялық тұрғыдан маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тау-кен қазбаларын бекітудің әлемдік тәжірибесінде бекітпенің ауыр түрлерінен бас тарту және аралас бекітпелерге көшу үрдісі байқалатындығына байланысты, аталған кемшіліктерді болдырмау үшін әртүрлі қоспаларды енгізу арқылы бүрікпе бетон бекітпесін жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізілуде.

Жерасты ғимараттарын өтуде көп жағдайда тау қысымының қарқынының жылдам өсуі және су келімінің жоғарылауы сияқты жағымсыз сипаттамалар қазбаны өту процесстеріне кері әсерлерін тигізіп жатады. Осындай шарттарда қазбаны өтуде қолданылатын бетон және бүрікпобетон бекітпелерінің жылдам қатып қалуын, таужынысымен жылдам ұстасуын және су келіміне тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, бетон мен темірбетон конструкцияларын орнату жұмыстары кезінде де бетонды қалыптан шығару уақытын жылдамдату қажет екендігі белгілі. Ол үшін жылдамқататын арнайы цементтерді, тығыздалуды қамтамасыз ететін сулыцементті қатынасы аз қатты қосындыларды (металл ұнтақтарды, доменді шлактарды, арнайы капронды және болат сымды талшықтарды) және арнайы химиялық үдеткіш қоспаларды пайдалануға болады.

### **Әдебиет**

1. Алменов Т.М. «Жерасты қазбаларын бүрікпобетонмен бекітпелеудің технологияларын жетілдіру» Диссертация, Алматы, ҚазҰТУ, 2009ж. –149б.
2. Шалкия Цинк кен орнының жобасы.

**Н.С.Токсанбай., Т.М.Алменов**

#### **Обоснование рациональных параметров проходки и крепления горных выработок в условиях месторождения Шалкия.**

**Аннотация.** В статье рассмотрены пути совершенствования методов крепления капитальных и подготовительных горных выработок месторождения Шалкия. Изучены возможности применения комбинированных крепей к горным выработкам рудника Шалкия. А также, в зависимости от горно-геологических условий месторождения Шалкия, определены рациональные составы набрызгбетонных смесей.

**Ключевые слова:** комбинированные крепи, бетон, набрызгбетон, анкер, состав бетона, горные выработки.

**N.S.Toksanbay., T.M.Almenov**

#### **Justification of rational parameters for conducting and fixing mine workings in the conditions of the Shalkiya Deposit.**

**Abstract.** The article presents the types of concrete fasteners used to secure underground buildings and mine workings of the Shalkiya field, engaged in lead-zinc mining, with an effective and safe passage. As a result of comprehensive research and testing, which will be reflected in the article, new effective compositions of concrete mixtures have been developed, depending on the conditions of underground workings and structures at the Shalkiya field.

**Keywords:** combined concrete fasteners, anchor fasteners, concrete fasteners.

УДК 622.221.3

**О.В. Грязнова**

*Научный руководитель – Х.А. Юсупов, профессор, д.т.н. Satbayev University, Казахстан, г. Алматы,  
oksanavg@bk.ru*

## УЧЕТ ШИХТОВКИ РУДЫ ПРИ ОБОСНОВАНИИ ГРАНИЦЫ ОТКРЫТО-ПОДЗЕМНОГО СПОСОБА ДОБЫЧИ

*Аннотация.* Разработан метод учета разубоживания руды с более бедной массой для получения усредненного содержания на этапе определения оптимальных границ перехода от открытой добычи к подземной.

*Ключевые слова:* границы карьера, оптимизация, шихтовка, разубоживание, каркасная модель, фосфорит, железо, проектирование карьера.

За последние десятилетия промышленность претерпела значительные изменения. Научно-технический прогресс не обошел и сферу недропользования. Активная интеграция инновационных многофункциональных информационных систем коснулась как секторы, связанные непосредственно с добычей и переработкой полезных ископаемых, так и секторы, связанные с проектированием и моделированием. Условия рыночной экономики предъявляют все больше требований к проектированию горных работ, обоснованию технико-экономических показателей. [1]

Важнейшей задачей в проектировании открытых и комбинированных горных работ является расчет оптимальной границы карьера. Данные расчеты в настоящее время автоматизированы. Наиболее распространенные программные обеспечения, имеющие функцию определения оптимальных оболочек карьера - Micromine, Surpac, Whittle (Рисунок 1). Алгоритмы расчета в представленных программных обеспечениях аналогичны и состоят из следующих основных этапов:

- построение каркасной модели руды и цифровой топографической поверхности;
- разработка блочной модели;
- оптимизация карьера на основании алгоритма Лерча-Гроссмана или алгоритма плавающего конуса. [2]

Наиболее распространен алгоритм Лерча-Гроссмана. Он основан на теории графов, где для каждого блока модели рудного тела рассчитываются экономические показатели, а затем подбирается комбинация блоков с максимальным значением прибыли. Этот метод учитывает предварительное удаление вскрышных материалов, покрывающих анализируемый блок руды. [3].

Автоматизированный способ определения границ карьера имеет ряд преимуществ – он позволяет в короткий срок определить оптимальную оболочку карьера, проанализировать ее и выдать ряд так называемых «вложенных» оболочек, учитывающих возможные изменения цен на сырьевом рынке. Помимо этого, предоставляется возможность анализировать сразу несколько типов руды с разными полезными компонентами. Учитывая, что работа производится с трехмерными моделями, более точно учитывается рельеф поверхности и морфология рудного тела. Важным преимуществом является учет неравномерного распределения содержания в рудном теле. В отличие от «ручных», в автоматизированном способе определения границ каждый блок имеет свою «ценность», которая зависит от содержания полезного компонента именно в данном блоке. Это очень актуально для проектирования месторождений ценных руд.




Рисунок 1 - Построение оптимальной оболочки карьера фосфоритового месторождения в ПО Micromine

Тем не менее и в автоматизированном методе есть свои недочеты. В данной работе было проанализировано месторождение железосодержащих руд Бескемпир, расположенное в Мангистауской области. На железорудном месторождении Бескемпир горные работы ранее не проводились. Среднее содержание железа в руде по всему месторождению составляет 44.06%. Но на реализацию поставляется руда с содержанием железа 45%. Следовательно, изначально контуры карьера определялись исходя из условия, что за руду считаются только блоки, содержание железа в которых не менее 45%. При этом в оптимальных контурах объем руды составил 9 251 тыс.т. при среднем содержании 48,49%. В связи с этим руда на поверхности подвергается смешиванию с более бедной массой для доведения до требуемого качества. Этот процесс позволяет увеличить конечный объем руды, а учитывая то, что содержание в примешиваемой массе лишь немного недотягивает до требуемого, происходит значительное увеличение ее объема. Это значит, что на этапе определения оптимальных контуров значительно недооценивается общая рентабельность. Так, снижая изначально требования к блокам, относящимся к «руде» до содержания  $Fe \geq 33,8\%$  мы имеем запасы руды 16 996,5 тыс.т при среднем содержании 45,0%. На рисунке 2 зеленым показаны руды с содержанием Fe менее 33,8%, синим – руды, пригодные для разубоживания с содержанием Fe от 33,8 до 45%, красным – более 45%.




Рисунок 2 - Распределение руды месторождения Бескемпир по содержанию в ней железа

Таким образом, на этапе определения оптимальных границ количество руды, которая принимается к анализу увеличивается на 83,7%. А это значит, что оптимальный контур карьера может быть значительно увеличен.

Следует учитывать, что каждое месторождение все же имеет свои особенности и требует индивидуального подхода.

*Выводы:*

1) В связи с тем, что определение оптимальных границ открытой разработки является одной из наиболее важных задач при проектировании, необходимо учитывать весь объем запасов, поставляемых на реализацию;

2) Разработан динамический метод определения объема руды с учетом последующего разубоживания до среднего содержания на этапе определения оптимальных границ карьеров;

3) Практическое значение работы заключается в повышении точности технико-экономического обоснования способа отработки месторождений с рудами, подвергающимися усреднению содержания после извлечения на поверхность.

### **Литература**

1. Бесимбаев Н.Г. Оптимизация этапов развития карьера [Текст]: Бесимбаев Н.Г., Нагибин А.А. / электронный журнал «Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Геология. Нефтегазовое и горное дело». – 2013.- №8.

2. Программы для оптимизации карьера: сравнительный анализ [Текст]: электронный научно-информационный журнал «Маркшейдерское дело». – 2012.- №4.

3. Определение оптимальных контуров открытой отработки и подсчет извлекаемых запасов из недр в соответствии с JORC [Текст]: доклад к обучению оптимизации в ПО Micromine, ООО «Мирамайн»; Никандров А.Н., Никитина М.Д., Рощин А.А. – М., 2019. – с. 3-11.

**O.V. Gryaznova, Kh.A. Yusupov**

#### **Accounting for ore depletion at the stage of justifying the boundary of the transition from open-pit to underground mining**

**Abstract.** A dynamic method of accounting for the dilution of ore with a poorer mass is developed to obtain an average content at the stage of determining the optimal boundaries of the transition from open-pit to underground mining.

Thanks to this method, an increase in the volume of ore sold is taken into account on the example of the Beskempir iron ore deposit.

**Keywords:** career boundaries, optimization, charging process, dilution, wireframe, phosphorite, ferrum, design career

**О.В. Грязнова, Х.А. Юсупов**

#### **Ашық тау-кен казбаларынан жерасты әдісіне өту шекарасын негіздеу кезеңіндегі кендердің сарқылуын есепке алу**

**Аңдатпа.** Ашық тау-кен казбаларының жерасты әдісіне өту кезіндегі құнарсызданған кедей кеннің орташа сұрыпты болуын ескеретін динамикалық әдіс жасалды.

Осы әдістің арқасында, Бескемпір темір кен орны мысалында сатылатын кен көлемінің ұлғаюы жасалынды.

**Түйін сөздер:** карьердің шекаралары, оңтайландыру, сұйылту, сым рамасының моделі, фосфорит, темір, карьер дизайны

УДК 622.062

**О.В. Михайлова**

*Научный руководитель - С.Л. Кузьмин, заведующий кафедрой Металлургии и горного дела,  
кандидат технических наук*

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ КОНТУРНОГО ВЗРЫВАНИЯ В САРБАЙСКОМ КАРЬЕРЕ

**Аннотация.** В статье рассматривается совершенствование технологии постановки уступов в конечное положение с помощью контурного взрывания. По мере приближения горных работ к конечным контурам все более остро ставится вопрос рассмотрения вариантов снижения затрат предварительного щелеобразования. В настоящее время в карьере для заряжания скважин для создания отрезной щели применяются взрывчатые вещества местного производства - граммонит Э или граммонит ЭМ, а также гранулол. Предлагается их заменить эмульсионными взрывчатыми веществами. На основании определенного расхода рассчитан экономический эффект от применения эмульсионных взрывчатых веществ на Сарбайском карьере.

**Ключевые слова:** Технология горных работ, уступ, контур карьера, угол погашения, устойчивость, взрывчатые вещества.

Метал беттері бірнеше илемдеу өтулерденің деформациясына берік болу және жұмсару процесстері айтарлықтай әсері бар. Бұл жағдайда екі процесс бір мезгілде жүреді. Осы процесстерге қарасты бес суб-процесстер кіреді: беріктік жоғарлау, динамика жағынан қалпына келу, динамикалық рекристаллизация, статика жағынан қалпына келу және статикалық рекристаллизация.



Сурет 2 – Дәстүрлі және басқарумен жүргізілетін илемдеу арасындағы айырмашылық сұлбасы [2]



Сурет 3 - Дәстүрлі және басқарылатын илемдеу кезінде аустенит пен ферриттің микроқұрылымдық өзгеруі [3].

Негізінде аз легірленген болаттарды илемдеу аустениттік аймағына апарып қыздырудан бастайды. Одан кейін алғашқы илемдеу барысында әр өтуден кейін беріктік жоғарлау толықтай жұмсарумен бірге жүреді. Осы үрдіс рекристаллизация немесе қалпына келу нәтижесінде болады. Беріктіктің өсуі деформацияның төменгі аустенитті температураларында айтарлықтай әсерін тигізеді.

Соңғы илемдеу өтуінен кейін ТМӨ-де суыту процесі жүру керек. Нәтижесінде керекті микроқұрылымға қол жеткізуге болады. Деформациядан өткет метал беттері суытудың бірнеше түрлерін қолдануға болады: суыту сұйықтығымен және ауада суыту. Дегенмен де жылдам суыту ТМӨ негізгі мақсаты болып табылады. Нәтижесінде дәндердің ұсақталуы және өнімділігін жоғарлайды. Бұл процессті басқарылумен жүргізілетін суыту циклы деп айтамыз. Соңғы илемдеу өтуінен кейін, 730°C – 830°C температуралық аралықта жылдам суыту сұйықтығымен суытамыз, аяғында ауада суытамыз (4-сурет).

Термомеханикалық илемдеудің артықшылығы қарапайым илемдеумен салыстырғанда төмен илемдеу температурасы, басқарумен жүретін микроқұрылымның қалыптасуы және

илемдеуге кететін шығындардың төмендеуі болып табылады.



Сурет 4 – Жылдам суытудың сұлбасы [4-5]

Нәтижесінде илемдеу болаттарының айтарлықтай ұсақ дәнді микроқұрылымының пайда болуына және металсығымдылықтың төмендеуіне әкеледі. Сондықтан термомеханикалық өңдеу процесі еліміздің болат өндіру зауыттарына актуалды әдісі ретінде қарастыруға болады.

#### Әдебиеттер

1. Бернштейн М.Л. и др. Термомеханическая обработка стали. М.: Металлургия 1983., 480с.
2. Кәкімов Ұ.Қ., Алтынбек Р. Болаттарды термомеханикалық өңдеу процесстеріне шолу. Вестник науки КазАТУ №3(86) с.72-77. 2015.
3. Y. Wang Ultra-fined grained steels, Metallurgical industry press, Beijing, 2003.
4. K. Sampath An understanding of HSLA-65 plate steels, JMEPEG 15 (2006), pp. 32-40.
5. Bakalloglu Effect of processing parameters on the microstructure and properties of an Nb microalloyed steel, Materials Letters 56 (2002), pp. 200–209.

**С.Е. Абдусайтов, У.К. Какимов, А.А. Каипова**

#### **Исследование низколегированных сталей высокой прочности при термомеханической обработке**

**Резюме.** Статья посвящена обзору одной из передовых и перспективных технологий обработки стали – термомеханической обработки. Приведены теоретические основы процесса и литературный обзор исследований, проведенных различными международными учеными. Процесс получения необходимой структуры стали и, соответственно, ее механических характеристик является основной идеей этого процесса. Теплый термомеханический метод обработки устраняет хрупкость стали, улучшает сочетание прочности и гибкости. При этом полученные ультратонкие ферритовые зерна придают стали необходимые свойства. Такие низколегированные высокопрочные стали применяются в основном нефтегазотранспортных трубах. В статье показан технологический режим формирования конструкции и термомеханической обработки. В заключении приведены последние исследования в данной области обработки сталей и предложена идея повышения прочности стали.

**Ключевые слова:** деформация, термомеханическая обработка, микроструктура, низко легированная сталь, прокатка, трансформация.

**S.E. Abdusaitov, U.K. Kakimov, A.A. Kipova**

#### **Investigation of low-alloy steels of high strength during thermomechanical processing**

**Summary.** The article is devoted to an overview of one of the most advanced and promising steel processing technologies - thermomechanical processing. The theoretical foundations of the process and a literature review of research carried out by various international scientists are presented. The process of obtaining the required steel structure and, accordingly, its mechanical characteristics is the main idea of this process. Warm thermomechanical processing eliminates the brittleness of the steel, improving the combination of strength and flexibility. At the same time, the obtained ultrafine ferrite grains impart the necessary properties to the steel. These low-alloy, high-strength steels are mainly used for oil and gas transmission pipes. The article shows the technological mode of structure

formation and thermomechanical processing. In conclusion, the latest research in this area of steel processing is presented and the idea of increasing the strength of steel is proposed.

**Keywords:** deformation, thermomechanical processing, microstructure, low alloy steel, rolling, transformation.

УДК 621.315.617.5

**А.Р. Акимжанова, Б.С. Бейсенов**

*Научный руководитель – Б.С. Бейсенов, к.т.н., ассоциированный профессор*

*Satbayev University, Қазақстан, г. Алматы*

*[anel\\_akimzhanova@mail.ru](mailto:anel_akimzhanova@mail.ru)*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ МЕХАНИЧЕСКИХ ПАРАМЕТРОВ ЛИТЕЙНЫХ СИЛИКОНОВ**

**Аннотация:** В данной статье приведен анализ информации по литейным силиконам. Даны характеристики видов выбранных силиконов для испытания на твердость, растяжение и разрыв, также указаны данные по испытанию и рекомендации в выборе силикона для малых и больших изделий. Цель работы состоит в лабораторном определении физических свойств материалов, используемых при изготовлении формовочных матриц для литья из полимерного бетона. Работа проводится для анализа и сравнения физических свойств литейных силиконов.

**Ключевые слова:** литейный силикон, двухкомпонентный компаунд, испытания на твердость, испытания на растяжение

В последнее время технология тиражирования изделий методом литья в силиконовые формы приобретает все большую популярность. При необходимости получения малой серии отливок часто нерентабельно изготавливать металлическую пресс-форму. Поэтому опытные образцы изделий, которые в серийном производстве изготавливаются из термопластов, часто получают путем литья полиуретановых смол в силиконовые формы. Силиконовые формы позволяют изготовить детали и модели любой сложности и габаритов без создания стандартной дорогостоящей оснастки. Благодаря использованию широкой гаммы материалов отливаемые копии могут быть эластичными, жесткими, стеклоподобными, термостойкими, прозрачными, различных цветов. Мастер-модель для изготовления формы создается по технологии быстрого прототипирования. Благодаря гладким поверхностям и точности изготовления мастер-моделей конечные отливки обладают высоким качеством. Производительность и качество изделий, полученных литьем в силиконовые формы, зависит от выбора исходных материалов, конфигурации отливки, конструктивных особенностей литниково-питающей системы и технологических параметров литья.

Литейный силикон – полимерный материал, который используется для изготовления форм и мастер-моделей. Большинство продуктов данной категории представляют собой 2-х или 3-х компонентные силиконовые компаунды, в состав которых входит основное вещество (база) и катализаторы (агенты). Последние добавляются в смесь непосредственно перед нанесением на заготовку и запускают процесс твердения материала. После окончания периода отверждения форма снимается с образца и может использоваться для производства аналогичных изделий. Для эффективного применения таких составов они должны обладать, с одной стороны, достаточной пластичностью, чтобы в точности повторить форму образца, а с другой – высокой твердостью и прочностью после застывания, чтобы обеспечить возможность литья в дальнейшем.

Силиконы применяются для изготовления деталей со сложной конфигурацией и применяются в промышленном и художественном секторах, включая изготовление форм для производства прототипов, мебели, скульптур, архитектурных элементов, для создания свечей и гипсовых статуэток, игрушек, мыла, скульптур различных форм и т.д.

Силиконы, применяемые для изготовления литевых форм, являются уникальными материалами, прочными и устойчивыми к высокой влажности и перепадам температуры. Существует удивительное многообразие силиконов для форм различного назначения. Очень большой разброс видов силикона по прочности, по твердости, при выборе которых мы должны учитывать габариты, материал изделия, то есть для каждого случая мы должны выбрать подходящий силикон. Например, если для больших моделей выбрать мягкий силикон, то форма увеличится, то есть раздавит силикон, и форма не будет точной.

Для определения наилучших свойств для использования литевых силиконов были взяты разные виды литевых силиконов, которые были отлиты в одинаковую форму для дальнейших испытаний.

В качестве объектов мы приняли 5 видов силикона:

1. Силагерм 5045
2. Силагерм 6070П
3. Пентэласт 710
4. SilcoTin 40
5. PolyFlex 80




Силагерм 5045 – двухкомпонентный заливочный полиуретановый компаунд холодного отверждения для изготовления различных изделий: формы для заливки гипса, бетона (только с применением разделительных смазок), различных смол с температурой отверждения не выше +110<sup>0</sup>С. Предназначен для: изготовления эластичных форм при производстве искусственного камня, тротуарной плитки, различных архитектурных и художественных изделий из гипса, бетона (с применением разделительного состава - эмульсол, солидол и т.п.), изготовления изделий технического назначения.

Полиуретановый компаунд Силагерм 6070П холодного отверждения – предназначен для изготовления эластичных износостойких изделий и покрытий, работающих в условиях воздействия агрессивных сред; природного газа, воды, кислоты, щелочи, растворителей. Материал имеет высокую абразивную стойкость, хорошо гасит вибрацию, имеет прекрасную адгезию к различным поверхностям. Предназначена для изготовления износостойких изделий и покрытий, работающих в условиях воздействия агрессивных сред; природного газа, воды, кислоты, щелочи, растворителей. Температурный режим работы изделий из ПУ от минус 60 до плюс 110 °С.

Компаунд «ПЕНТЭЛАСТ-710» предназначен для изготовления гибких литевых форм, используемых для многократного тиражирования копий изделий сложной конфигурации. Литевые формы из «ПЕНТЭЛАСТА-710» могут эксплуатироваться длительное время при температурах не выше 200<sup>0</sup>С. Использование форм при температурах выше 200<sup>0</sup>С через определенное время приводит к потере эластичности. Нагрев выше 250<sup>0</sup>С не рекомендуется. «ПЕНТЭЛАСТ-710» представляет собой вязкую текучую композицию белого цвета. Поставляется в виде основы в комплекте с катализатором. Отверждение компаунда «ПЕНТЭЛАСТ-710» происходит при комнатной температуре до резиноподобного состояния в течение 24 часов.

Силиконовый компаунд на основе олова SilcoTin - жидкий силикон и отвердитель на основе олова, с разной вязкостью и твердостью по Шору А (10,15,20,25,30,40), отверждается при комнатной температуре, соотношение компонентов 100:2. Обладает исключительной текучестью, удобством и простотой использования, легкой расформовкой. Хорошая растяжимость, эластичность, прочность на раздир, незначительная усадка. Высокая тиражируемость и долговечность эксплуатации. Состав: диметикон (Dimethicone)-50% и белая сажа (White carbon black) -50 %. Применяется для создания эластичных форм.

PolyFlex 80 – двухкомпонентная полиуретановая система итальянского производства комнатного отверждения низкой вязкости, применяется для создания форм и штампов для литья бетона, гипса, пенополиуретана и полиуретановых пластиков, воска, мыла и других заливочных материалов. Полиуретан серии PolyFlex можно использовать для изготовления резинотехнических изделий различного назначения.



а - Силагерм 5045, б - Силагерм 6070П, в - Пентэласт 710, г - SilcoTin 40, д - PolyFlex 80  
Рисунок 1 - Отлитые в одинаковую форму силиконы

Впервую очередь подготовили силиконы для испытания. Для этого в одинаковую форму отлили силиконы соблюдая точную инструкцию и технику безопасности (рис.1). После отверждения «силиконовых листов» вырезали из них нужную форму для испытания на разрыв в форме двусторонней лопаты. А для определения твердости по Шору использовали оставшуюся часть листа.



а)



б)

а) пресс гидравлический; б) пример растяжения образца №2.

Рисунок 2 – Испытание на растяжение



Рисунок 3 – Испытание на твердость по Шору

Таблица 1 – Результаты испытаний различных марок литейных силиконов

Наименование	Твердость, IRHD	Удлинение, см	Усадка, %	Цвет
Силагерм 5045	49	разрыв	≥0,1%	коричневый
Силагерм 6070П	52	30	≥0,1%	бежевый
Пентэласт 710	30	28	1-1,5%	белый
SilcoTin 40	32	30	≤0,3%	бирюзовый
PolyFlex 80	56	30	≥0,1%	темно зеленый

Рекомендуем для литья малых форм, где прочность не играет большую роль, использовать силиконы под номером 3 и 4 (Пентэласт 710, SilcoTin 40), а для крупных изделий мы должны использовать силиконы под номером 1, 2, 5 (Силагерм 5045, Силагерм 6070П, PolyFlex 80) у которых высокая твердость. Потому что, мягкие силиконы дадут увеличение параметров.

## Литература

1. Адаскин, А.М. Материаловедение и технология металлических, неметаллических и композиционных материалов: Учебное пособие / А.М. Адаскин, А.Н. Красновский. - М.: Форум, 2011. - 144 с
2. Основы конструирования отливок. Параметры точности и припуски на механическую обработку: Учеб.пособие. – Пенза: Изд-во Пенз. гос. ун-та, 2004.– 164 с.

**А.Р. Акимжанова, Б.С. Бейсенов**

### **Қю силикондарының механикалық параметрлерін зерттеу**

**Андатпа.** Бұл мақалада силикон қю туралы ақпаратты талдау берілген. Қаттылықты, созылуды және үзілуді сынау үшін таңдалған силикондар түрлерінің сипаттамалары келтірілген, сонымен қатар шағын және үлкен өнімдерге арналған силиконды таңдаудағы сынақ деректері мен ұсыныстар көрсетілген. Жұмыстың мақсаты полимерлі бетоннан қю үшін қалыптау матрицаларын өндіруде қолданылатын материалдардың физикалық қасиеттерін зертханалық анықтау болып табылады. Жұмыс қю силикондарының физикалық қасиеттерін талдау және салыстыру үшін жүргізіледі.

**Түйінді сөздер:** қю силиконы, екі компонентті компаунд, қаттылық сынақтары, созылу сынақтары

**A.R. Akimzhanova, B.S. Beysenov**

### **Investigation of the mechanical parameters of foundry silicones**

**Annotation.** This article provides an analysis of information on foundry silicones. The characteristics of the types of selected silicones for testing for hardness, tension and tear are given, as well as test data and recommendations for choosing silicone for small and large products. The aim of the work is to determine in a laboratory the physical properties of materials used in the manufacture of molding matrices for casting polymer concrete. The work is carried out to analyze and compare the physical properties of foundry silicones.

**Keywords:** foundry silicone, two-component compound, hardness tests, tensile tests

ӘОЖ 621-82

**Ж.А.Амангелді**

*Ғылыми жетекші- Бортебаев Сайын Абильханович, т.ғ.к, асс.профессор.*

*Satbayev University, Қазақстан, Алматы*

[zhansaya.amangeldi@inbox.ru](mailto:zhansaya.amangeldi@inbox.ru)

## **ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ҮРДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

**Аңдапта.** Мақалада технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу процесін жетілдіру, шығындарды азайту, жабдықтың дайындық коэффициентін және оның жұмыс көрсеткіштерін барынша арттыру бойынша ұсыныстар айтылды. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу кез-келген өндірістік процестің ажырамас бөлігі болып табылады. Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезінде жіберілген қателер ескерілді және оларды жою тәсілдері келтірілді.

**Түйінді сөздер:** жөндеу шығындары, тоқтату, сенімділік, CMMS/EAMS жүйелері, диагностика, өнімділік.

Осыдан жиырма немесе одан да көп жыл бұрын, толық циклді металлургиялық кәсіпорындарда жөндеушілер жұмысы ең үлкен техникалық дағдыларды, білімді және арнайы дайындықты қажет етсе де ең аз жалақысы бар қызметкерлердің қатарына кірді. Бақытымызға орай, бұл туралы пікір өзгерді. Қазіргі заманғы кәсіпорындарда техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚКЖЖ) өндіріс процесінің негізгі элементі ретінде танылды және оның маңыздылығы айқын.

Кез-келген басқа процесс сияқты, техникалық қызмет көрсету және жөндеу функциясы

үнемі жетілдіріліп отыруы керек. Мақсаттар айқын: техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындарын азайту, жабдықтың дайындық коэффициентін және оның жұмыс көрсеткіштерін барынша арттыру. Шығындар уақыт шығынын (адам-сағат) және материалдық ресурстарды барынша азайту жолымен қысқартылады. Шығындар көбінесе қанағаттанарлықсыз жоспарлаудың, жұмысты жүргізудің жаңа тұжырымдамаларын қарастырудан бас тартудың немесе бөлшектерге назар аудармаудың салдары болып табылады. Жабдықтың дайындық коэффициентін және оның жұмыс көрсеткіштерін арттыру әдетте реинжинирингті (технологиялық қайта құруды) талап етеді. Бұл міндетті түрде жаңа жабдық немесе үлкен шығындарды білдірмейді, яғни кішігірім, қымбат емес өзгерістер негізінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады, оларды толығымен өз бетімен жасауға болады. Әдетте, кәсіпорындар 80-20 (Парето принципі) принципіне сүйене отырып жұмыс істейді: техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығындарының 80% - ы жабдықтың 20% - ына қызмет көрсетуге жұмсалады. Проблемалық жабдықты анықтау және оған ерекше назар аударылуы керек.

Жоғары сапалы техникалық қызмет көрсетудің жиі назардан тыс қалатын артықшылығы - бұл материалдық емес: ол бизнеске деген жақсы көзқарастың өзгеруі, соның нәтижесінде өнімділіктің жоғарылауы. Техникалық жағдайы нашар жабдықта жұмыс істеу сияқты ештеңе жұмыс рухын тез бұзбайды. Сонымен қатар, қанағаттанарлықсыз күйдегі жабдық көбінесе қауіпті болып табылады. Жақсы күйдегі жабдық қызметкерлердің оң көңіл-күйіне ықпал етеді, олар жоғары сапалы жұмыстардың үлкен көлемін орындайды.

Төменде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығындарын азайту және жұмыс уақытын көбейту үшін маңызды деп санайтын ұсыныстар берілген. ТҚКЖЖ жақсартулардың көпшілігі тікелей цехта орындалатынын түсіну қажет. Кәсіпорынның техникалық қызмет көрсетуі мен активтерін басқарудың компьютерлік жүйесі, диагностикалық қызмет көрсетудің жоғары технологиялық құралдары маңызды факторлар болып табылады, бірақ егер жөндеу жоспарланбаса және тиісті түрде жүргізілмесе, олар айтарлықтай әсер етпейді. Әлемдік деңгейдегі CMMS/EAMS жүйелері мен әлемдік деңгейдегі жөндеу қызметкерлері арасында таңдау кезінде жөндеу қызметкерлерін таңдау орынды болады. Тұрақты прогреске қаржылық әсер ету дәрежесі бойынша басым проблемаларды көрсету және оларды бірінен соң бірін жою арқылы қол жеткізілетін болады. Бөлшектерге назар аудару өте маңызды. Басынан бастап белгілі бір жолмен жұмыс істеу керек, ол тек белгіленген процедураны жақсы етпейді. Егер біреу бір нәрсе туралы жаңа идеяға ие болса, оны мұқият қарастырыңыз. Егер сіз әрқашан істегеніңізді жасасаңыз, сіз әрқашан алған нәтижені аласыз.

**Техникалық қызмет көрсету шығындарын азайту және жұмыс уақытын ұлғайту бойынша ұсыныстар**

### **1. Жоспарлы тоқтату**

Тоқтату жөндеу жоспарына тек тоқтатуды қажет ететін жөндеулерді қосу керек. Егер жұмыс істеп тұрған жабдықта орындалатын жұмыстар болса, оларды ірі тоқтатулар жоспарына қоспаңыз. Бұл негізгі тоқтатудың құнын және техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығындарының деңгейін қысқартады. Барлық жұмыстар үшін, әсіресе негізгі жұмыстар үшін балама нұсқаларды қарастырған жөн. Жылдам әдіс бар ма? Арзан әдіс? Бұл бір жыл күте ала ма? Бұл жақын арада техникалық қызмет көрсету шығындарын азайту үшін жетілдірілуі мүмкін бе? Мұқият жоспарлаңыз, тіпті кішкентай бөлшектер үшін де. Алдын ала дайындық жұмыстың тиімділігінің төмен болуына жол бермейді. Үлкен жұмыс жағдайында проблемаларды болжаңыз және жұмысқа дайын балама жоспарлар жасаңыз. Тоқтату басталғанға дейін негізгі (күрделі) жөндеу шеңберін нақты анықтаңыз. Жұмыс тапсырыстарын өзгерту сияқты ақша мен уақыт шығындарын ештеңе арттырмайды. Белгіленген тәртіп пен тапсырмаларды орындау мерзімдерін (сыни жол) ұстаныңыз. Негізгі (күрделі) жөндеуге қатысатын әрбір қызметкер не істеу керектігін және оның рөлі қандай екенін нақты түсінетініне көз жеткізіңіз. Бұл мердігерлерге де, зауыт қызметкерлеріне де

қатысты.

Осы қағидаларды қолдану келесі нәтижелерге әкеледі:

- шығындарды алдын-ала бағалау және шығындарды басқаруды жақсарту;
- жабдықтың сенімділігін арттыру;
- негізгі тоқтау жұмыстарының аз саны және оларды басқаруды жақсарту;
- компоненттерді қажетсіз ауыстырудың болмауы;
- мердігерлердің адам-сағаты аз;
- қайта өңдеуді қысқарту;
- техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындарын азайту

## **2. Мердігерлер**

Мердігерге (келісім-шарттың жазбаша түрінде) оның болашақ жұмыстарының көлемін нақты анықтаңыз. Жұмыстың орындалуын бақылайтын және мердігер мен кәсіпорын қызметкерлері арасындағы үйлестіруді жүзеге асыратын кәсіпорыннан жауапты қызметкерді тағайындаңыз. Жұмыс өндірісіне өзгертілген барлық тапсырыстарды (нарядтарды) жұмыс басталғанға дейін кәсіпорын басшылығы бекітуі тиіс.

## **3. Диагностикалық / профилактикалық техникалық қызмет көрсету**

Уақытпен байланыстырылған тексерулер мүмкіндігінше диагностикалық әдістермен ауыстырылуы керек:

- тербелістерді талдау,
- қозғалтқыш диагностикасы (статикалық және динамикалық),
- термография,
- майды талдау,
- басқа.

PdM (predictive maintenance) диагностикалық техникалық қызмет көрсету бағдарламасы РМ (preventive maintenance) профилактикалық техникалық қызмет көрсету бағдарламасының мақсаттарын көрсету үшін пайдаланылуы тиіс. Уақытқа байланысты (күнтізбелік) профилактикалық қызмет көрсету — майлау мен көзбен шолуды, диагностикалық қызмет көрсету қолданылмайтын жағдайларды қоспағанда, пайдаланылмауы тиіс.

Жабдықтың жағдайы туралы сенімді ақпарат келесі артықшылықтарды береді:

- алдағы проблемалар туралы уақытылы ескерту жөндеу жұмыстарын жоспарлауға көбірек уақыт береді, жоспарлаушылар белгілеген уақытта жабдықты пайдаланудан шығаруға мүмкіндік береді;

- мәселелер ертерек анықталатындықтан, қосалқы бөлшектерді сатып алуға көп уақыт кетеді, сондықтан қосалқы бөлшектердің көлемін біртіндеп азайтуға болады;

- күтпеген сәтсіздіктер әрдайым үстеме жұмыстардың болуын білдіреді, сондықтан диагностикалық техникалық қызмет көрсетудің оңтайлы бағдарламасы жабдықтың тоқтаусыз жұмыс уақытын көбейте отырып, еңбек шығындарын азайтады.

Критикалық жабдықты ауысымда бір рет визуалды тексерістен өткізу керек. Бұл тексерулер құжатталуы тиіс. Аз сыналатын жабдық оның өндіріске бас тартуының әсеріне байланысты бір күннен бір аптаға дейінгі шекте көзбен шолып тексерілуі тиіс. Бұл тексерулер диагностикалық қызмет көрсету бағдарламасының өзі сияқты маңызды.

## **5. CMMS (ТҚКЖЖ компьютерлік басқару жүйесі)**

Материалдардың ерекшеліктерін толығырақ толтырыңыз.

Бұл деректер орындалған жұмыстар тарихында сақталуы керек;

- жөндеудің себебі және техникалық жағдайы қалай анықталды;
- жұмысты орындауға жауапты қызметкердің аты.

ТҚКЖЖ бойынша барлық жұмыстар үшін жұмысты қауіпсіз орындаудың қадамдық процедураларын әзірлеңіз және оларды CMMS жүйесінде сақтаңыз. CMMS жүйесін жыл сайын немесе жарты жылда бір рет жұмыс тапсырмасының істен шығуын талдау бөліміне енгізілген деректерді қолдана отырып, жабдықтың сенімділігін арттыру үшін пайдаланыңыз.

Муфталардың, мойынтіректердің, редукторлардың бұзылу жиілігінің тұрақты төмендеуі, майлаудың болмауынан сынулар және т. б. болуы тиіс.

#### **6. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу (жалпы алғанда)**

Ішкі ТЖҚ мөлшерлемелері бекітілмеген. Қайта өңдеуді бақылауға болады. Жөндеу персоналының мультикрафтингі (эмбебаптандыру) кәсіпорынға персоналдың табиғи азаюы арқылы техникалық қызмет көрсету персоналының санын біртіндеп азайтуға немесе еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруға және мердігерлерді пайдалануды біртіндеп азайтуға мүмкіндік береді.

Жөндеу персоналын жалпы техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша да, белгілі бір жабдық бойынша да оқыту бағдарламаларын жасаңыз. Оқуға ақша ысырап болмайды. Мердігерлердің қызметтерін пайдалануды азайтыңыз. Егер кәсіпорын қызметкерлері бос болса және белгілі бір жұмысты орындай алса, оны қолданыңыз. Қажет болса, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, өнімділікті үнемі жақсарту үшін жабдықты жетілдіріңіз, жаңартыңыз. Қосалқы бөлшектердің көлемін мүмкін болатын ең төменгі деңгейге дейін төмендетіңіз. CMMS жүйелерін шығындарды, аяқталмаған жұмыстарды, қосалқы бөлшектердің қорларын бақылау үшін, сондай-ақ аппараттық және жөндеу тарихын сақтау үшін пайдаланыңыз.

Қауіпсіздік техникасына, жұмыстың сапасына назар аударыңыз. Қорларды азайтыңыз. Үлкен тоқтатуларды тиімді пайдаланыңыз. Егер жұмыс өндірісті тоқтатпай орындалуы мүмкін болса, онда тоқтауды жоспарламаңыз. Мүмкіндігінше мұқият жоспарлаңыз. Мердігерлердің қызметтерін мұқият пайдаланыңыз және қажет болған жағдайда ғана. Мердігерлер барлық мәселелерді шеше алмайды. Жөндеу қызметкерлері мен желілік шеберлерді оқыту бағдарламаларын жасаңыз. Қызметкерлерді адалдықпен жұмыс істеуге талпындырыңыз.

#### **Әдебиеттер**

1. <http://koptelov.info/publikatsii/sovershenstvovanie-tehnicheskogo-obslyzhivaniya-i-remonta-oborudovaniya/>
2. Система технического обслуживания и ремонта техники. Термины и определения. ГОСТ 18322-78.
3. <http://tekhnosfera.com/sovershenstvovanie-sistemy-tehnicheskogo-obslyzhivaniya-i-remonta-tes>
4. Григорович В.Г., Юдин С.В., Козлова Н.О., Шильдин В.В1 Информационные методы в управлении качеством. М.: Стандарты и качество, 2001. - 208 с.

**Ж. А. Амангельды., С. А. Бортебаев**

#### **Совершенствование процессов технического обслуживания и ремонта технологического оборудования**

**Аннотация.** В статье прозвучали предложения по совершенствованию процесса технического обслуживания и ремонта технологического оборудования, снижению затрат, максимизации коэффициента готовности оборудования и показателей его работы. Техническое обслуживание и ремонт являются неотъемлемой частью любого производственного процесса. При осуществлении технического обслуживания учтены допущенные ошибки и приведены способы их устранения.

**Ключевые слова:** затраты на ремонт, остановка, надежность, системы CMMS/EAMS, диагностика, производительность.

**Zh. A. Amangeldy., S. A. Bortebaev**

#### **Improving the processes of maintenance and repair of technological equipment**

**Annotation.** In the article, proposals were made to improve the process of maintenance and repair of technological equipment, reduce costs, maximize the availability factor of equipment and its performance indicators. Maintenance and repair are an integral part of any production process. When performing maintenance, the mistakes made are taken into account and the ways to eliminate them are given.

**Keywords:** repair costs, shutdown, reliability, CMMS/EAMS systems, diagnostics, performance.

**Ұ.М. Ануарбек, Қ.А. Лайық**

*Ғылыми жетекші – Б.Ә. Мырзахметов, Технологиялық машиналар және жабдықтар кафедрасының профессоры, т.ғ.к.*

Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.

[layik\\_kkk@mail.ru](mailto:layik_kkk@mail.ru)

## **ҰСАҚТАП-УАТУ ЖАБДЫҒЫНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ГИДРОКОМПЕНСАЦИЯ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ**

***Аңдатпа.** Мақалада ұсақтау жабдығының жұмыс жасауға қабілеттілігі мен сенімділігін талдау негізінде, жүктемеге байланысты олардағы жұмыс қысымын бақылау жүйесі бар гидрокомпенсаторлық құрылғыларды қолдана отырып, конустық ұсақтағыштардың сенімділігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар жасалды. Бұл өз кезегінде ұсақтағыштардың осы түрінің жетектерінің шамадан тыс жүктелуіне және оның тоқтап қалуына немесе істен шығуына жол бермейді. Гидравликалық жүйеге шамалы құрылымдық өзгерістер енгізе отырып жасалынатын бұл модернизацияны, кәсіпорынның механикалық-жөндеу қызметінің күшімен де жүзеге асыруға болады.*

***Түйін сөздер:** ұсақтау жабдығы, конус басы, тостағанша, эксцентрик, гидравликалық жүйе.*

Конустық ұсақтау-уату жабдықтарының сенімділігінің сақталуы, қазіргі таңда мысты алу процесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі. Кез-келген жабдықтың тоқтаусыз, сенімді жұмыс жасауы оған күнделікті жасалынатын техникалық қызмет сапасына, әрі пайдалануына тәуелді.

Техникалық қызметтің сапасыздығына байланысты, жабдықтың бұзылуы салдарынан оның жаңғыртылған түрін алу экономикалық жағынан тиімсіз. Менің зерттеуім диагностиканың оперативті тәсілін қолданып және жабдықтың әрі қарай сенімділігін арттыру үшін көмектеседі.


Конусты ұсақтағыштарда материал қысу және үйкеу тәсілдерімен ұсақталады. Ұсақталатын материал сыртқы қозғалмайтын және ішкі айналатын конустардың аралығында болады. Ішкі айналатын конус сыртқы конусқа эксцентрикалы болып орналасады. Конус ұсақтағыш, ішкі бөлшектеу конусы, конус қаптамасы, бөлшектеу конусының көмекші құрылғылары және жетек элементтерінен құралады.

Материал ұсақтағышқа жоғарғы жағынан бастарымен бірге айналатын және коректендіруді ұсақтау қуысына бөлетін коректендіргіш арқылы беріледі. Материал тостағандар мен конус басының арасындағы саңылауға түседі, конус басы тостағанның қаптамасына жақын орналасқан саңылауда қысылып сынады. Материал конус басының бұрылуына қарай ұсақталады. Бұл процесс бөлшектелген материал саңылаудың төменгі бөлігіне жетпей және қалаған өлшемге ие болғанға дейін қайталады (1-сурет). Содан кейін материал саңылаудан науаға және содан кейін конвейерге түседі. [1]

Ұсақтағыштың шығу бөлігіндегі өнімнің мөлшері ұсақтағыштың қаптамасы арасындағы саңылауды реттеу арқылы бақыланады. Саңылауды қаптаманың қызмет мезгілімен реттеу қажет, өйткені ол қаптаманың тозу шамасына қарай ұлғаяды. Тостаған көтерілуіне қатысты конусты ашады, ал төмендеуі тостағанға қатысты конусты жабады. Ішкі жағында бұрандалы реттеу сақинасы негізгі рамаға отырады. Сыртқы жағындағы бұрандасы бар тостаған саңылаудың өлшемін өзгерту үшін реттеу сақинасының ішінде бұрауға болады. Реттеу гидравликалық қозғалтқышпен жасалады, оны оператор қолмен іске асырады.

Конустық ұсақтағыштарды пайдалану барысында көп қиындықтар, шарлар, ұсақтағыш жабдықтың ішінде қалып қалған болттар немесе темір қалдықтары тостағанша мен конус

басының арасына тұрып қалу әсерінен пайда болады. Бұл өз кезегінде конус қаптамасын зақымдап, ағымдағы жұмыс процесіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.




Сурет 1 – Конустық ұсақтау-уату жабдығы

1- Тостағанша қаптамасы; 2- Қысқыш сақина; 3- Реттеуіш сақина; 4- Тазарту домкратының цилиндрі; 5- Негізгі рама; 6- Қарсы салмақ; 7- Аралық білік; 8- Негізгі білік; 9-Тіреуіш подшипник және төлке; 10- Қоршау; 11- Қаптама (қабы); 12- Шар басы; 13- Кері жүрісті шектегіштің муфтасы; 14- Муфта.

Төменде конустық ұсақтағыштың ұсату камерасы арқылы ұсақталмайтын материалдың қозғалысының көрнекі траекториялары алынды және тиісті тұжырымдар жасалды. [2]

Конусты ұсақтағыштан 5 мм өлшемді заттың өтуі, бұл операция параллель аймақтың өлшемінен кем емес заттың өтуін тексеру үшін жасалған. Есептеу нәтижесінде алынған ұсақталмайтын заттың траекториясы 2-суретте көрсетілген, онда өлшемдері параллель аймақтағы құрыш арасындағы қашықтықтан аз немесе оған тең зат ұсақтау камерасында кептеліп қалмайтындығы көрінеді.



Сурет 2 – Көлемі 5 мм заттың қозғалыс траекториясы

Сурет 3 – Көлемі 10 мм заттың қозғалыс траекториясы

3-суретте толық емес  $d_{\text{ндп}} = 10$  мм болатын ұсақталмайтын материалдың траекториясы көрсетілген және зат параллель аймаққа кіре берісте бір рет қысылып, параллель аймақтың төменгі бөлігінде бекітілуі мүмкін.

Суретте көрсетілгендей ұсақталмайтын материал көлеміне байланысты сәйкесінше конус қаптамасының қалыңдығы жұқаратындығы, бұл өз кезегінде оның жарамсыз болып қалуына алып келеді. Осы мәселені шешу үшін оперативті диагностика әдісі көмегімен тозудың, істен шығудың алдын ала аламыз.

Тостаған және реттеу сақинасының түйіні негізгі рамада қысым түсіру клапандарымен жабдықталған бірнеше гидравликалық поршендермен ұсталады. Егер кездейсоқ түскен материал конус пен тостағанның арасында жабылса, гидравликалық май поршеннен май жинағышқа қайта шығарылады. Сол уақытта, бұл тостаған мен конус арасындағы саңылауды үлкейту үшін жеткілікті жоғары көтерілуге мүмкіндік беріп, материалдың пайда болған саңылау арқылы өтуіне көмектеседі. Алайда метал қалдығы осы процес жүзеге асқанға дейін конус қаптамасын зақымдап үлгереді. Осыған байланысты біз гидро цилиндрге сигнал беруші азотты акумулятор қысымын өзгерту арқылы конус қаптамасын бұзылудан қорғауды ұсынамыз. Олар сондай-ақ реттеу сақинасын көтеру немесе көлбеу кезінде сақинаны бастапқы қалыпқа қайтару үшін бағыттаушы ретінде қызмет етеді. [3]

Кездейсоқ қатып қалған болат өткеннен кейін және ұсақтау күшін қалпына келтіргеннен кейін гидравликалық қысым реттеу сақинасын өз орнына тұруға мәжбүрлейді. Содан кейін ұсақтаушы бұрынғыдай жұмыс істейді. Егер ұсақтағышта ұсақтауға келмейтін материалдың үлкен бөлігін алып тастаса және ұсақтағыштың қозғалтқышын ажыратып тастаса, онда қатып қалған материалды жою үшін жоғарыда сипатталған қуысты босату және тазартудың гидравликалық механизмі қолданылады. Гидравликалық домкраттар тостағанды қатқан материал құлап кеткенге дейін немесе тостағанды бұғаттауға және қатқан затты қауіпсіз алып тастауға болатын нүктеге дейін жоғары көтереді. [4]

Бірақ бұл ұзақ мерзімді қызмет ететін ұсақтау-уату жабдықтары үшін барлық жағынан тиімді деп айта алмаймыз. Тұрып қалған материал тостағанша көтерілгенге дейін конус басының қаптамасын зақымдап үлгереді. Бұл өз кезегінде конустық ұсақтау жабдығының басқа да жұмыс органдарның жұмыс жасауына әсер етіп, бұзылуына алып келуі мүмкін. (4-сурет)



Сурет 4 – Зақымдалған қаптама. Металл шарлардың әсерінен қаптамадағы көптеген майысулар. (Ақтоғай 2021)

Ұсақтағыш ірі ұсақталмайтын материалдың түсуі салдарынан тоқтаған кезде электр энергиясының ажыратылуы немесе қоректенуі бойынша шамадан тыс жүктеме салдарынан ұсақтау камерасы ұсақтау материалымен үйіледі. Ұсақтау камерасын үйіндіден немесе ұсақталмайтын материалдан тазарту үшін: ұсақтау тостағанының сығу гидроцилиндрлерінен қысымды алу; ұсақтау тостағанын берілген шамаға көтеру; ұсақтау камерасын түсіргеннен кейін ұсақтау тостағанын гидродомкраттардың шток қуысына қысым беру есебінен жұмыс жағдайына түсіру қажет; өзекшелік қуыстарда жұмыс қысымы тостағанды қысу гидроцилиндрлерін жасау арқылы тостағанның қысу күшін қалпына келтіру керек.



Сурет 5 – Жабдықтың гидравликалық майлау жүйесі (Ақтоғай 2021)



Сурет – 6. Гидравликалық аккумулятор (Ақтоғай 2021)

Бұл мәселені шешу үшін 16 гидравликалық цилиндрге қосымша 4 гидро аккумулятор қойылады (6 сурет). Осы гидро аккумуляторлардағы азоттың қысымын өзгерту арқылы конустық тостағанға және ұсақтайтын конуска жүктемені реттеу бағдарламасы жасалды. Қысымның өзгерісін гидро жүйедегі сенсорлы датчиктер арқылы бақылаймыз(5-сурет). Бағдарлама өз кезегінде, жабдық қаптамасына зақым келтіретін материалды осыған дейінге қарағанда жылдамырақ сезіп, оның қаптамаға терең із қалдыруына жол бермейді. [5]

#### **Тұжырымдар:**

Модельдеу және эксперименттік зерттеулер негізінде конустық ұсатқыштардың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған техникалық шешімдер негіз болып табылады, бұл сынбайтын зат түскен кезде жұмыс процесінің тоқтап қалуын болдырмайды.

Жабдықты кенеттен келген ұсақталмайтын материалдан қорғаудың арнайы гидро пневматикалық жүйесінің параметрлерін негіздеу, бұл ұсақтау камерасына түскен кезде қалыңдығы жабық жағындағы түсіру саңылауының енінен үлкен, бірақ ашық жағындағы түсіру саңылауының енінен аз, оны ұсатқышты тоқтатпай өткізуге мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Конусные дробилки / PSP Engineering. <http://www.pspeng.com/ru/cone-crushers/>
2. Ревнивцев В. И., Зарогатский Л. П., Рудин А. Д., Шуляков А. Д. Повышение эффективности работы конусных дробилок // Горный журнал. 1984. №12. <https://mining-media.ru/ru/article/newtech>
3. Савинова Н. В. Алгоритм прочностного расчета корпусных деталей конусных дробилок // Компьютерные технологии в горном деле: Тез. докл. III науч.-практ. конф. - Екатеринбург: УГГГА, 1998.- С. 55-56. <http://www.dslib.net/gornye-mashiny/issledovanie-naprjazhenno-deformirovannogo-sostojaniya-staniny-konusnoj-drobilki-i.html>
4. Масленников В. А., Носырев Э. М. Исследование производительности дробилки КМДТ-2200 // Горный журнал, 1970, №12. с. 48-49. <https://kzref.org/mashinostroenie-metallurgiya-eoj-621-91-02.html>
5. Калянов А. Е., Лагунова Ю. А. Математическое моделирование элементов гидравлической схемы системы прижатия конусной дробилки. // Горное оборудование и электромеханика. 2014. № 2. [https://lib.esstu.ru/cgi-bin/irbis64r\\_12](https://lib.esstu.ru/cgi-bin/irbis64r_12).

**У.М. Ануарбек, К.А. Лайык**

**Повышение надежности конусных дробилок применением гидрокомпенсирующих устройств со следящей системой**

**Аннотация.** В статье на основании анализа работоспособности и надежности дробильного оборудования, разработаны практические рекомендации по повышению надежности конусных дробилок с применением гидрокомпенсирующих устройств со следящей системой за рабочим давлением в них в зависимости от нагрузки. Это позволит предотвратить перегрузку приводов такого типа дробилок и вызванные им остановки или отказы. Такую модернизацию с введением таких незначительных конструктивных изменений в гидросистему может произвести механическая обслуживающая группа завода.

**Ключевые слова:** дробильное оборудование, конусная головка, чаша, эксцентрик, гидравлическая система.

**U.M. Anuarbek, K.A. Laiyk**

**Improving reliability of cone crushers using hydrocompensating devices with monitoring system**

**Abstract.** The article provides practical recommendations for improving the reliability of cone crushers using hydraulic compensating devices with working pressure monitoring systems depending of the load, developed on the basis of an analysis of the performance and reliability of crushing equipment. This will prevent overloading of drives of this type of crusher and the resulting shutdowns or failures. Such modernization with the introduction of such minor structural changes in the hydraulic system is possible to make by mechanical maintenance team of the plant.

**Keywords:** crushing equipment, cone head, bowl, eccentric, hydraulic system.

УДК 622.002

**О.Ә. Ахметжан, Г. М. Омар**

*Ғылыми жетекші – Б.А. Мырзахметов, Технологиялық машиналар және жабдықтар кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты.*

*Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.*

*Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты*

*E-mail: [omar.zz97@mail.ru](mailto:omar.zz97@mail.ru)*

**ФЛОТАЦИЯЛЫҚ МАШИНАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕГІ БАЙПАСТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ НЕГІЗГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**

**Аннотация:** Қазіргі уақытта мыс-кен орындарын игеру мақсатында Флотациялық машиналарды қолдану көлемі айтарлықтай өсуде. Соның негізі болып, Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Қазақстан-Қытай шекарасынан шамамен 250 км жерде орналасқан ашық типтегі ірі Ақтоғай кеніші болып табылады.


Жалпы ұжымдық флотацияның мақсаты ұсақтау, яғни телімінен түсетін ұсақталған кеннен мыс пен молибденді бөліп шығару. Молибденді флотациялау процесі екі жеке концентратты шығару үшін ұжымдық флотация шеңберінде алынған мыс және молибден концентраттарын бөлуді қамтиды. Мыс концентраты 25% және одан да көп болуы тиіс, ал молибден концентраты 20% және одан да көп концентрациясы болуы шарт. Флотациялық ұсақталудың технологиялық параметрлері, ұсақтау процесінің пайдалану сипаттамаларына елеулі әсер етеді. Мақалада Байпастық жүйені қолдану арқылы, белгілі бір флотамашинаға техникалық қызмет іс-шаралары қажет болған кезде, ағымдағы барлық флотамашиналарындың тоқтауының алдын алу мәселесі қарастырылады. Бұл Ақтоғай мыс-кен байыту кеніші үшін үлкен мәселе ретінде көрініс тапқан сонымен қатар ол флотация процесінің жалпы операциялық шығындарын (ОРЕХ) арттыруы мүмкін. Тиісінше, сифон негізіндегі жаңа айналма жүйе ұсынылады.

**Түйін сөздер:** флотамашина, флотациялық тізбек, Байпастық жүйе және оның негізгі артықшылықтары.

Көбікті флотация белгілі бір минералдарды немесе материалдарды бір-бірінен бөлу үшін пайдаланылатын бірнеше өңдеу процестерінің көрінісі болып табылады. Негізгі мақсаты бастапқы минералдардан нақты минералдарды бөлу және байыту болып табылатын "Іріктеуші" процесс. Яғни бұл - белгілі бір минералдың концентратын алу үшін, көптеген тау-кен кәсіпорындарында қолданылатын байыту әдісі. Өндірілетін концентрат неғұрлым бай құрамды болуы, кейінгі өңдеу жұмыстары үшін де соғұрлым экономикалық тиімді. Көбікті флотация әдісі әр түрлі минералдардың бөлшектер бетіндегі физикалық және химиялық қасиеттерінің айырмашылықтарына негізделеді.[1]

Флотациялық процесс флотациялық тізбектер немесе флотамашиналар тобында іске асырылады. Тізбектер мен машиналар пішіні мен конфигурациясы бойынша ерекшеленсе де, олар бөлшектерді бөлу үшін қолданылатын көбікті флотацияның принциптері бойынша жұмыс істейді. Тікелей флотация процесінде бағалы минерал қойыртпақтың бетіне шығады. Кері флотация процесінде жағымсыз материал бетіне шығып кетеді (және байыту қалдықтары ретінде жойылады), ал бағалы минерал тізбек құмына немесе машинаға қайта айдалады.

Көбікті флотация үдерістерінің көпшілігінде бағалы минералдың қажетіне қарай бір кезеңге шоғырлануына қол жеткізу қиын және сирек болады. Әдетте материал бірінші кезекте бастапқы бөлуді (негізгі флотация) талап етеді, одан кейін қайта өңдеудің қажетсінеді. Бұл көбік концентраты негізгі флотация кезеңінен кейін, әдетте, минералдың концентрациясын арттыру мақсатында, бос тау жынысынан бағалы минералды одан әрі бөлу үшін, флотацияның тағы бір циклі (тізбекті флотация ретінде белгілі) өтетінін білдіреді. Сондықтан негізгі флотация кезеңі бастапқы бөлу үшін пайдаланылады, ал тізбекті флотация бағалы минералдың концентрациясын арттыру үшін қолданылады.[2]




Сурет 1 - Тура флотация мен флотамашинаның жалпы жұмыс принципі

1-ауа көпіршіктері; 2- импеллер және диффузор; 3-қойыртпақ; 4- минералды ауа көпіршіктері; 5-минералды көбік немесе көбікті концентрат; 6-ауа

Мыс пен молибден бір флотамашинада толығымен алынуы мүмкін емес, сондықтан флотамашиналар "сыйымдылықтар" немесе "тізбектер" деп аталатын бірнеше қатарға орнатылады. Бір тізбекте немесе желіде он флотамашинаға дейін орнатылуы мүмкін, яғни бұл пайдалану барысындағы өнеркәсіптегі өнімнің көлеміне тікелей байланысты.

Бұл мақалада негізгі қарастырылатын мәселе Флотациялық машиналардың сенімділігін арттыру, яғни осы уақытқа дейін біздің Ақтоғай мыс-кен өндіру кешеніндегі басты мәселе, негізгі желідегі флотациялық машиналардың жоспарлы жөндеу кезіндегі кезектілікті талап етуі [3].

Мысалы, бір флотамашинаны жөндеу барсыныда екінші машинадағы кен ағыны жөндеу жұмыстары аяғына жеткенше ағымдағы машинада Дартсты қақпақтардың көмегімен біраз уақыт ұсталынып тұрады. Ал бұл кәсіпорынның ең асыл қазынасы, яғни уақыттан ұтылуға жол ашатынын және оның кез-келген кәсіпорын үшін өте тиімсіздігін ескерсек, онда өнімділікті арттыру мақсатында біз жаңа “Байпас желісіне” көшуді алға қойып отырмыз. Жалпақ тілде Байпас желісі – бұл флотациялық жүйедегі өнімнің қозғалысының айналма желісі. Байпасты жүйенің ең маңызды көрінісі, жоспарлы күрделі жөндеу кезінде немесе негізгі желінің апаты кезінде оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге арналуы.[4]



Сурет 2 - Сифондық ұяшықты айналып өтуге балама талдау.

Байпас жүйесінің негізгі артықшылықтары:


1. Машинаның тоқтаусыз жұмыс істеу кезіндегі ажырату уақытын қысқарту. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде бос уақыттың едәуір азаюы.

2. Автоматтандырылған деңгейдегі бақылау.

3. Жоғарғы ұяшыққа орнатылған Multi-sense® автономды деңгей сенсорының көмегімен клапанның күйін бақылау үшін, айналмалы сызықтағы қысқыш клапанға сигнал береді.


4. Модульдік дизайн жүйенің басқа барлық ұяшықтарды айналып өтіп, флотациялық жағалау бойымен жоғары немесе төмен жылжуына мүмкіндік береді.

Жалпы жүйенің жұмыс істеу принципін түсіну үшін, бірінші техникалық қызмет көрсету жоспарын талдаймыз



Сурет 3 – Модульді таңдау. Суретте негізгі желідегі насан ретінде таңдалған 103-ші флотамашина

Екіншіден, 3-ші суретте көрсетілгендей кәсіпорынның өнімділігін арттыру мақсатында, тек нысан ретінде таңдалған машинаны тоқтату арқылы, жоспарлы түрде техникалық қызмет көрсете аламыз.



Сурет 4 - Негізгі ұсынылып отырған техникалық қызмет көрсету жоспары. Байпасты тасымалдау желісі арқылы өнімді бір флотамашинадан екінші флотамашинаға тізбектілікпен тасымалдау

### **Қорытынды:**

Жалпы бұл техникалық қызмет көрсету жоспары жеке флотамашиналардағы өнімнің күрделі жөндеу жұмыстары кезінде, байпастық желінің көмегімен құбыраралық айналыстың тоқтамауын қамтамасыз етуде жаңа бағыт ретінде қарастырылып отыр. Байпасты желі бос уақытты азайтудың қарапайым құралы болып табылады. Флотация сұлбасын аздап өзгерту арқылы біз жыл бойына мындаған сағаттық қажетсіз үзілістерді жоя аламыз. Тізбектің осы бөлігінде өндірістің жоғары деңгейін ұстап тұру қабілеті біздің зауытта жасай алатын ең ауқымды экономикалық қадамдардың бірі болып табылатындығына сенімдіміз. Айналымалы жүйе-бұл қарапайым операция, ол әдеттегі дәлелденген негіз бойынша жұмыс істейді. Мыс флотациясы үшін негізгі мәселе жөндеу жұмыстарының ауырлығына байланысты техникалық қызмет көрсетуге уақыттың жетіспеуі және оның өндірістік тізбекте орналасуына байланысты кеш оқшаулау болып табылады. Техникалық қызмет көрсетудің болмауы ысырапты түрде қалпына келтіру жұмыстарын өткізуге әкеледі және компоненттердің тозуын күшейтеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Технический регламент по производству флотационного хлористого калия на ФОФ БКПРУ- 2
2. К.А. Разумов «Проектирование обогатительных фабрик», М.; Недра, 1970
3. Донченко А.С., Донченко В.А. «Справочник механика рудо-обогатительной фабрики» М.; Недра, 1975
4. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: [https://flsmidth-prod-cdn.azureedge.net/-/media/brochures/brochures\\_products/flotation/flsmidth-flotation-bypass.pdf?rev=7b0ae948-1583-4219-8636-63a23279bdbd](https://flsmidth-prod-cdn.azureedge.net/-/media/brochures/brochures_products/flotation/flsmidth-flotation-bypass.pdf?rev=7b0ae948-1583-4219-8636-63a23279bdbd)

**О.А.Ахметжан, Г.М. Омар**

### **Основные преимущества байпасной системы при эксплуатации и плановом техническом обслуживании флотационных машин.**

**Аннотация:** В настоящее время значительно возрос объем применения флотационных машин для извлечения меди. Целью коллективной флотации является изначальное извлечение меди и молибдена из измельченной руды, поступающей с участка дробления. Процесс флотации молибдена включает разделение медного и молибденового концентратов, полученных в рамках коллективной флотации, чтобы произвести два отдельных концентрата. Медный концентрат должен иметь концентрацию меди в 25 % и более, в то время как молибденовый концентрат должен иметь концентрацию в 20 % и более.

Целью статьи является создание байпасной системы, которая может легко эксплуатироваться для обеспечения непрерывной работы одной или нескольких флотационных ячеек, в то же время как техническое обслуживание выполняется по меньшей мере на одной флотационной ячейке. Также создание байпасной системы, работающей по принципу сифонов, с тем чтобы адекватно регулировать уровень флотационных ячеек без зависимости от эксплуатационной надежности шламовых насосов. Байпасная система может содержать трубопровод простираясь от первого резервуара флотационной ячейки до третьего резервуара флотационной

ячейки. Трубопровод может обходить второй резервуар флотационной ячейки, расположенный между первым резервуаром флотационной ячейки и третьим резервуаром флотационной ячейки.

**Ключевые слова:** флотамашина, байпасная система, преимущества байпасной линии.

**O.A.Akhmetzhan, G.M Omar**

### **The main advantages of the bypass system in the operation and routine maintenance of flotation machines.**

**Resume:** Currently, the use of flotation machines for copper extraction has increased significantly. The purpose of collective flotation is the initial extraction of copper and molybdenum from the crushed ore coming from the crushing site. The molybdenum flotation process involves separating copper and molybdenum concentrates obtained as part of a collective flotation to produce two separate concentrates. The copper concentrate must have a copper concentration of 25 % or more, while the molybdenum concentrate must have a concentration of 20% or more.

The aim of the article is to create a bypass system that can be easily operated to ensure the continuous operation of one or more flotation cells, while maintenance is performed on at least one flotation cell. Also, the creation of a bypass system operating on the principle of siphons, in order to adequately regulate the level of flotation cells without depending on the operational reliability of slurry pumps. The bypass system may contain a pipeline extending from the first tank of the flotation cell to the third tank of the flotation cell. The pipeline can bypass the second tank of the flotation cell located between the first tank of the flotation cell and the third tank of the flotation cell.

**Keywords:** flotation machine, bypass system, advantages of the bypass line.

УДК 622.245

**М.Е.Базаров, С.А. Заурбеков, Д.Махамбеталиев**

*Satbayev University, Казахстан, г.Алматы*

[bazarov.m@kaztruckmotors.kz](mailto:bazarov.m@kaztruckmotors.kz)

